

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 39 (574) «18/19»: [001:331.102.312

Қолжазба құқығында

БАЙДАВЛЕТОВА МАДИНА ДОСБЕРГЕНОВНА

**«XIX ғ. II жартысы – XX ғ. алғашқы онжылдықтарындағы
Қазақстандағы этноәлеуметтік және этномәдени мәселелердің қазақ
зиялылары еңбектерінде зерттелуі»**

6D020300 – Тарих

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері
тарих ғылымдарының докторы,
профессор Омарбеков Т.О.,

тарих ғылымдарының докторы,
профессор Уяма Т.
(Жапония, Хоккайдо университеті)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2011

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 ХІХ Ғ. ІІ ЖАРТЫСЫ – ХХ Ғ. АЛҒАШҚЫ ОНЖЫЛДЫҚТАРЫНДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАР	
1.1 Қазақ қоғамының ру-тайпалық құрылымының зерттелуі.....	16
1.2 Қазақ ру-тайпаларының орналасуы: тарихнамалық талдау.....	27
2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЗИЯЛЫЛАР ЕҢБЕКТЕРІНДЕ	
2.1 Денсаулық сақтау мәселелеріне ұлт зиялыларының көзқарастары.....	48
2.2 Қазақ зиялыларының әйел теңдігі мәселесін зерттеуі.....	62
3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ	
3.1 Қазақ әдебиет кештері зиялылар еңбектерінде.....	76
3.2 Қазақстандағы білім беру ісінің зиялылар еңбектерінде зерттелуі.....	86
ҚОРЫТЫНДЫ.....	113
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	116

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс ХІХ ғ. екінші жартысы – ХХ ғ. алғашқы онжылдықтарындағы Қазақстандағы этноәлеуметтік және этномәдени мәселелердің қазақ зиялылары еңбектерінде зерттелуін жан-жақты талдауға арналған. Осыған сәйкес қазақ ру-тайпаларының құрылымы, олардың ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. алғашқы онжылдықтарындағы орналасуы мен ондағы өзгерістер, қазақ халқының әлеуметтік және мәдени мәселелеріне ұлт зиялыларының көзқарастары қарастырылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан тәуелсіздігін алуына байланысты тарихымыздың күрделі мәселелері қазақ тарихшыларының жаңаша көзқарастары тұрғысынан зерттеле бастаған болатын. Әсіресе, биылғы жылы тәуелсіздігімізге 20 жыл толуына байланысты Қазақстан тарихының ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. алғашқы онжылдықтарындағы этноәлеуметтік және этномәдени мәселелерін ұлтының азаттығы, еркіндігі жолында жан аямай күрескен қазақ зиялыларының еңбектері негізінде қарастыру аса маңызды. Себебі, халқының өсіп-өркендеуі, тәуелсіздік алу жолында белсене атсалысып, көп еңбек сіңірген, осы жолда өздері құрбан болған ұлт зиялылары екені белгілі. Сондықтан да патшалық отаршылдық пен кеңес үкіметінің аумалы-төкпелі заманында өмір сүріп, сол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік және мәдени мәселелерін өз еңбектерінде көтере білген ұлт зиялыларының көзқарастарын салыстыра талдау бүгінгі күн талабынан туындап отырған тақырыптардың бірі.

Зиялылар – қоғамды дамытушы негізгі күш болғандықтан, олардың еңбектері мен шығармаларында сол қоғамның әлеуметтік және мәдени мәселелері міндетті түрде қарастырылып, оны шешудің жолдары да көзделеді. Қазақ елінің көптеген жылдары бойы отарлаудың құрсауында болып, одан кейін кеңестік биліктің тар шырмауында қалуы, халықтың дамуына көп жағдайда кері әсерін тигізген болатын. Сондай жағымсыз әсерлердің бірі – қазақ зиялыларының шығармаларының жарық көруіне тиым салынып, еңбектері қолданыстан шығарылып тасталса, тағы біріне – ұлттық элитаның әртүрлі саяси қуғын-сүргіндерге ұшырауы жатады. Сондықтан да кезінде «халық жауы» ретінде жазықсыз қуғындалған зиялылардың уақыт өте келе ақталғанына қарамастан, тәуелсіздік алған кезге дейін олардың қоғамдық қызметіне, әдеби және ғылыми мұраларына теріс баға беріліп, толыққанды зерттелмей келді. Халқымыз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін тарихшылардың, әдебиетшілердің және философтардың қажырлы еңбектерінің арқасында зиялылардың көптеген шығармалары жарық көріп, жекелеген тұлғалардың өмірі мен қызметі, көзқарастары зерттеле бастаған болатын. Дегенмен осы уақытқа дейін қазақ зиялыларының қызметтеріне баға беріліп, зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқанымен, олардың әлі де жарық көрмей жатқан еңбектері жетерлік. Сонымен бірге зиялы қауым өкілдерінің жекелеген пікірлері мен көзқарастарының кешенді түрде арнайы зерттеудің өте аз болуы, біздің тақырыбымыздың өзекті екендігін дәлелдей түседі.

Қазақстан тарихының күрделі және маңызды тақырыптарының біріне – XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы этноәлеуметтік және этномәдени мәселелер жатады. Себебі, «отар елдің тарихын отарлаушы елдің өкілі» жазады демекші, Қазақстан тәуелсіздігін алған уақытқа дейін тарихымыздың басым бөлігін орыс және шет ел саяхатшылары мен зерттеушілері жазса, кеңес үкіметі тұсында өз ұлтымыздан шыққан ғалымдар біраз зерттеген болатын. Дегенмен кеңес билігі кезеңі таптық принципті басшылыққа алғандықтан, көп жағдайда зерттеушілер біржақтылыққа салынып, тарихымыздың көп тұстары бұрмалауларға ұшыраған болатын. Ал, қазіргі уақытта қазақ зиялыларының еңбектері, пікірлері мен ұстанымдары тәуелсіз көзқарастар тұрғысынан зерттеліп жатқанымен, кешенді түрде қарастырылған зерттеулер жоқтың қасы десе болады.

XIX ғ. II – XX ғ. алғашқы онжылдықтарындағы Қазақстандағы күрделі мәселелердің қатарына – қазақтардың ру-тайпалық құрылымы, олардың орналасу ерекшеліктері, сондай-ақ, денсаулық сақтау, әйел теңдігі, халыққа білім беру ісі және әдебиет кештері жатады. Бұл – қарастырып отырған кезеңіміздің аса маңызды және күрделі тақырыптарының бірі болып саналады. Себебі, елдің өркендеуі үшін қоғамдағы әлеуметтік және мәдени мәселелер шешімін тауып, ұлттық мәдениетті дамытуды жолға қою керек. дегенмен бұл кезеңде оған ешқандай мүмкіндік берілмеді десек те болады. Әрине, отар, бағынышты елдің дамуы артта қалатындықтан, осы мәселелер бойынша қазақ зиялылары өз мақалаларында, ғылыми еңбектерінде пікірлерін, негізгі тұжырымдарын жариялап, халықтың әлеуметтік мәселелерін көтеріп, мәдениетін дамытуға көп үлес қосып отырған болатын. Сондықтан да әрбір халықтың негізгі дамытушы факторы болып табылатын алдыңғы қатарлы, көзі ашық зиялы қауым өкілдерінің және олардың көзқарастарының қоғамда алатын орны зор.

Кез-келген елдің тарихы өз тілінде жазылған, өз ұлтының зиялылары қалдырған асыл мұралары негізінде зерттелуі басты шарттардың бірі болып табылатыны белгілі. Сондықтан да халқын оқу-білімге үйретіп, елінің тәуелсіздігі жолында бүкіл ғұмырын арнаған қазақ зиялыларының еңбектерінің XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. алғашқы онжылдықтарындағы тарихымызды зерттеуде алатын маңызы зор. Себебі, өздері өмір сүрген кезеңдегі елінің әлеуметтік және мәдени мәселелерін көтере біліп, оны шешудің жолдарын қарастырған зиялылардың еңбектері біздің қарастырып отырған мәселеміздің аса құнды деректері болып табылады. Осы деректерді салыстыра талдау арқылы біз, Қазақстандағы этноәлеуметтік және этномәдени мәселелерді жан-жақты зерттей отырып, оларды жаңа қырынан тануға мүмкіндік аламыз. Ал, біздің қарастырып отырған мәселеміз кешенді түрде арнайы зерттелмеген, тарихнамадағы тың тақырып болып табылуы, зерттеуіміздің өзекті екендігін дәлелдей түседі.

Диссертациялық зерттеудің нысаны XIX ғ. II жартысы мен XX ғ. алғашқы онжылдықтарындағы қазақ халқының мәдени және әлеуметтік мәселелері болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің пәні қазақ халқының әлеуметтік және мәдени мәселелерін жан-жақты зерттеп, өз пікірлері мен ұсыныстарын білдірген ұлт зиялыларының көзқарастары болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің негізгі мақсаты – XIX ғ. II жартысы – XX ғ. алғашқы онжылдықтарындағы қазақ халқының ру-тайпалық құрылымына, олардың орналасуына, әлеуметтік және мәдени мәселелеріне ұлт зиялыларының көзқарастарын кешенді және жүйелі түрде зерттеу болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттер** қойылды:

- Қазақ қоғамының ру-тайпалық құрылымына ұлт зиялыларының көзқарастарын анықтау;

- Қазақ ру-тайпаларының XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. алғашқы онжылдықтарындағы орналасу ерекшеліктеріне байланысты зиялылардың пікірлеріне талдау жасау;

- Қазақстандағы денсаулық сақтау мәселелеріне байланысты ұлт зиялыларының көзқарастарын зерделеу;

- Зиялылардың қазақ әйелдерінің теңдігі мәселесіне байланысты көзқарастарын талдап жазу;

- Қазақ әдебиет кештерін зиялылар еңбектері негізінде жан-жақты зерттеу;

- Қазақстандағы білім беру ісінің зиялылар шығармаларында зерттелу деңгейін ашып көрсету.

Диссертацияның **хронологиялық шеңбері** XIX ғ. екінші жартысынан XX ғ. 30-шы жылына дейінгі аралықты қамтиды. Себебі, қазақ зиялыларының еңбектері XIX ғ. екінші жартысынан жарық көре бастаса, XX ғ. 30-шы жылына дейін сол уақыттың әлеуметтік және мәдени мәселелерін қарастырған көптеген зерттеу еңбектері, мақалалары шығады. Ұлт зиялыларының шығармалары кітап, жинақ, ғылыми және ғылыми-көпшілік мақала түрінде «Қазақ», «Айқап», «Сарыарқа», «Қазақ тілі» және т.б. мерзімді басылым беттерінде жарияланған болатын. Ал, зерттеуіміздің хронологиялық шеңберін XX ғ. 30-шы жылына дейін қамту себебі, зерттеуіміздің тақырыбы XX ғ. алғашқы онжылдықтары деп аталуы және зиялылардың зерттеу еңбектерінің маңызды және басым бөлігінің осы уақытқа дейін көптеп жарық көруі жатады. XX ғ. 30-шы жылынан бастап зиялылардың әртүрлі саяси қуғын-сүргінге, қудалауларға ұшырауы, олардың шығармашылық жұмыспен айналысуына көптеген кедергілер келтіріп, кері әсерін тигізген.

Зерттеудің деректік негізі. Диссертациялық жұмысты жазуға негіз болған деректерді бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады.

Алғашқы топқа – әрине, қазақ зиялыларының кітап, жинақ түрінде жарыққа шыққан еңбектерін жатқызамыз.

Деректердің екінші тобын – қазақ зиялыларының еңбектері басылып тұрған «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті», XX ғ. басында жарық көре бастаған «Айқап» журналы», «Қазақ», «Сарыарқа» және т.б. мерзімді басылым материалдары құрайды. Сонымен қатар XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы Түркістан өлкесінің тарихын, мәдениетін,

элеуметтік өміріне байланысты мақалалар мен этнографиялық материалдар жарияланған «Туркестанский сборник» жинағы құрайды.

Ал деректердің үшінші тобы – Қазақстан республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағатының материалдары болып табылады. Ал енді біз, осы аталған деректер тобына арнайы тоқталып өтейік.

Алғашқы деректер тобына, яғни қазақ зиялыларының еңбектеріне Ш. Уәлихановтың «Шығармалар жинағын» жатқызамыз. Онда қазақ ру-тайпаларының құрылымы, орналасуы, сонымен қатар XIX ғ. екінші жартысындағы рухани және материалдық мәдениетке байланысты құнды мәліметтер берілген [1]. Ал, Ы. Алтынсариннің шығармаларынан Қазақстандағы білім беру ісіне қатысты және алғаш ашылған мектептер туралы білеміз [2]. А. Құнанбаевтың [3], Ш. Құдайбердіұлының [4], М.Ж. Көпейұлының [5], О. Әлжановтың [6] еңбектерінде XIX ғ. екінші жартысынан – XX ғ. басындағы Қазақстандағы элеуметтік және мәдени мәселелер кеңінен қамтылған.

XIX ғ. екінші жартысындағы зиялылардың көзқарастарын талдауда «Зар-заман» ақындарының шығармаларына тоқталмай өту мүмкін емес. Олардың ішінде Д. Бабатайұлының [7], Ә. Кердерінің [8], Н. Орманбетұлының [9] өлеңдерінен хандық заманды аңсағанымен, жаңа өмірдің талаптарына сай қазақ балаларына білім беріп, оларды оқытуды насихаттаған ойларын оқимыз. Ал, М.-С. Бабажановтың «Этнографиялық мақалаларынан» қазақ тұрмысынан, шаруашылығынан, әсіресе молдалардың оқыту тәртібі жайынан қызықты, әрі құнды мәліметтер алуға болады [10].

XX ғ. басындағы қазақ халқының саяси өміріне елеулі үлесін қосқан, «Алаш» партиясының жетекшісі Ә. Бөкейханның шығармаларында сол кездегі қоғамның өзекті мәселелеріне талдау жасалған [11]. А. Байтұрсыновтың шығармаларында қазақтың тұрмысын жан-жақты сипаттап қана қоймай, оның кемшіліктері мен артта қалу себептерін ашуға тырысып, әсіресе, қазақты оқыту, тіл білімі және әліпби мәселелерін терең зерттеген [12].

1911-1915 жж. аралығында жарық көрген «Айқап» журналының бас редакторы болған М. Сералиннің мерзімді басылымдардағы еңбектерімен қатар, «Топжарған» атты шығармалар жинағынан әйел теңдігін жырлаған, қазақтарды оқуға, өнер үйренуге шақырған пікірлерін оқи аламыз [13]. М. Дулатовтың шума ауруына байланысты жазылған еңбегі сол кездегі қазақ қоғамы мұқтаж болған еңбектердің бірінен саналады. Себебі, шума ауруы XX ғ. басында Қазақстанда көп таралып тұрған қауіпті аурулардың бірі болатын. М. Дулатов қазақ халқының осы ауруға байланысты құнды мәліметтер берумен қатар, одан сақтану жолдарын да көрсетеді [14]. М. Жұмабаевтың [15], С. Торайғыровтың [16] шығармалар жинағынан білім алу, қазақ балаларын оқытуға байланысты және түрлі элеуметтік мәселелерді көтерген пікірлерімен таныс боламыз. Сонымен бірге Б. Майлин (1894-1939) қазақ қоғамындағы әртүрлі элеуметтік мәселелерді өзінің шығармаларында жан-жақты көтере білген [17].

XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы Қазақстандағы аса мұқтаж мамандықтардың біріне – дәрігер мамандығы жататын. Оның басты себебіне,

Қазақстандағы халық сауатының төмен деңгейде болуымен қатар, бұл сала бойынша арнайы мамандар дайындайтын училище мен жоғары оқу орындарының жоқтығы жатады. Ал, сол кездегі қазақтар білім алатын негізгі орталық – Ресейдегі оқу орындары болса, онда дәрігерлер мен фельдшерлер өте аз шығарылып, олар халықтың сұранысын өтей алмайтын еді. Сондай аса қажетті мамандықтың бірі – дәрігерлікті меңгерген қазақ зиялыларының бірі – Х. Досмұхамедов болып табылады. Ол жұқпалы аурулардан сақтану мен онымен күресу жолдарын көрсетіп «Қазақ» газетіне мақалалар жариялап, арнайы кітапшалар шығара отырып, жұқпалы аурулардың кең жайылып кетпеуіне белсенді атсалысқан дәрігерлеріміздің бірі [18].

Қазақтың зиялы қауым өкілдері – Ж. Аймауытовтың [19], С. Дөнентаевтың [20], Ғ. Қараштың [21], Қ. Кемеңгерұлының [22], Х. Болғанбайдың [23], О. Жандосовтың [24], Н. Нұрмақовтың [25], Ж. Сәдуақасовтың [26], Т. Шонанұлының [27] және т.б. еңбектері диссертациялық зерттеуімізде кеңінен пайдаланылды, оларды белгілі бір мәселелерге байланысты көзқарастары талданды.

XX ғ. басында қоғамдық-саяси мәселелерге белсенді атсалысып, өмірінің соңғы уақыттарын шетелде өткізген қазақтың біртуар азаматтарының бірі – М. Шоқайдың шығармаларының екі томдық жинағы [28], «Түркістанның қилы тағдыры» [29] еңбегі пайдаланылып, «Отрывки из воспоминаний о 1917 г.» мемуарының тарихшы-ғалым С.М. Исхаковтың құрастыруымен жарық көрген орыс тіліндегі түпнұсқасы да қолданылды [30].

XX ғ. басында өмір сүрген, өзінің саналы да қысқа ғұмырында тарихта өшпес ізін қалдырған қазақтың ақын қыздарының бірі – Шолпан Иманбаеваның шығармаларынан сол заманның әлеуметтік мәселелеріне, соның ішінде әйел теңдігіне байланысты ойларымен таныса аламыз [31].

XX ғ. басындағы қоғамның мәдени өміріне белсене араласқан қазақ әйелдеріне тоқталар болсақ, олардың қатарына қазақтан шыққан тұңғыш журналист, алғашқы әдебиет кештерін жұбайы Н. Құлжановпен бірлесе отырып ұйымдастырушылардың бірі – Н. Құлжанова еді. Ол ана мен бала тәрбиесіне арнайы еңбек жазып, қазақ әйелдерінің теңдігі мәселесін мерзімді басылымдарда жиі-жиі көтеріп, осы тақырыпта өзінің пікірлерін білдіріп, оны шешудің жолдарын да көрсетіп отырған [32].

Қазақтың алғашқы дәрігер қыздары – А. Досжанова, Г. Асфендиярова сияқты өз ісінің білгір мамандары, сонымен бірге кеңес үкіметінің жұмыстарына белсене қатысқан А. Оразбаева, Н. Арықова сынды қайраткерлер әйелдерге теңдік күнінің туғанын насихаттап, қалың мал алу мен жас қыздарды ерте жастан малға сатуға қарсылығын білдіреді. Қыздарды оқытса, білім берсе ғана теңдікке қолы жететіндігін мерзімді басылым беттерінде жариялап отырған [33].

Сонымен қатар қатар қазақ зиялыларының көзқарастарын нақтылай түсу мақсатында Л. Мейердің [34] және Ә. Диваевтың [35] еңбектерін қазақ тарихы мен мәдениетін зерттеудегі маңызды деректердің бірі ретінде пайдаландық.

Деректердің екінші тобын мерзімді басылымдар мен жинақ материалдары құрайды. Оларға «Туркестанский сборник» [36], «Түркістан уалаятының

газеті» [37], «Дала уалаятының газеті» [38], «Памятная книжка и адрес календарь Уральской области на 1897 г.» [39], Материалы по киргизскому землепользованию» [40-41], «Айқап» журналы (1911-1915) [42] мен «Қазақ» газетінің (1913-1918) [43] кирилл әрпіне түсірілген нұсқаларымен қатар түпнұсқасы да пайдаланылды.

Сондай-ақ, жұмысты жазу барысында орыс тіліндегі басылымдар – «Жизнь национальностей» [44], «Новый восток» [45] газеттеріне жарияланған қазақ зиялыларының мақалалары қолданылды.

Деректердің үшінші тобына мұрағат материалдары жатады. Біз, зерттеу еңбегімізді жазу барысында Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты 796 қорының 1-тізімдемесінің 1 ісі «Переписка о личном составе, списки и ведомости служащих, и переписка по борьбе с эпидемией с 14 января 1917 г. по 1918 г.» [46], 796-қордың 1-тізімдемесінің 4-ші ісі «Врачебно-санитарная организация Внутренней Киргизской орды. Статистические сведения о ходе эпидемических заболеваемости. С 1 марта 1917 г. по 30 декабря 1917 г.» [47] мәліметтерін кеңінен пайдаландық. Онда Ішкі Орданың денсаулық сақтау ісінің мәселелері, онда таралған жұқпалы аурулар туралы құнды мәліметтер бар. Ішкі Орданың қазақтары арасында көп таралатын жұқпалы аурулар, дәрігерлер мен фельдшерлердің саны, ауруханалар жайында нақты материалдар сақталған. Бұл мұрағат қорынан алынған мәліметтер медициналық мекемелерді жабдықтауға кететін қаражат пен оның қызметкерлеріне төленетін жалақы көлемінен хабардар етеді.

Сонымен қатар 25-қордың 1-тізімдемесі 498-ісінің «Тургайского Областного правления перваго отделения. Описание сведений подразделения на роды жительствоющих на территории Тургайской области киргизов, с указанием их летних и зимних кочевий. 9 мая 1894 г. – 23 июля 1894 г.» [48] атты материалдары кеңінен қолданылды. Мұнда Торғай облысында қоныстанған қазақ ру-тайпаларының саны мен негізгі қоныстары жан-жақты сипатталады. Сондай-ақ бұл материалдарда болыс билеушілерінің мәліметтері де жан-жақты қамтылған.

Диссертациялық жұмыстың зерттелу деңгейі. Жұмыстың зерттелу деңгейіне тоқталар болсақ, осы тақырып бойынша жазылған еңбектерді бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады. Алғашқы кезеңнің еңбектерін – ХІХ ғ. екінші жартысы мен 1917 ж. дейінгі жарық көрген зерттеулер құрайды. Екінші кезеңге – таптық тұрғыны негізге алған кеңестік дәуірде, яғни 1917 жылдан 1991 жылға дейін жазылған еңбектер жатады. Ал үшінші кезеңге – 1991 жылдан, қазіргі уақытқа дейін жарық көрген отандық және шет елдік зерттеулер кіреді.

Диссертациялық жұмысымыздың тақырыбына байланысты алғашқы зерттеу еңбектерін қазақ зиялыларының өз еңбектері құрайды. Бұл еңбектерде біздің қарастырып отырған кезеңіміздегі Қазақстандағы әлеуметтік және мәдени мәселелер кеңінен қарастырылған болатын. А. Байтұрсыновтың «Тіл тағылымынан» атты еңбегінен оқу-ағарту мәселелеріне байланысты құнды мәліметтер аламыз [49].

Сонымен қатар кеңестік жүйе тұсында бірқатар қазақ зиялыларының еңбектері жарық көрген. 1925 ж. Ташкент қаласында жарық көрген М. Тынышпаевтың «Материалы к истории киргиз-казахского народа» атты еңбегі қазақтың этникалық тарихын ғылыми тұғыдан алғаш рет жүйелеп жазылған еңбек ретінде маңызы зор [50]. Ал, Ұ. Құлымбетұлының [51], Т. Р. Рысқұловтың [52], Н. Төрешұловтың [53], С. Садуақасұлының [54], Ж. Шаниннің, М. Әуезовтың және Қ. Сәтпаевтың шығармалары да аса құнды зерттеулер қатарын құрайды [55]. Аталған зиялылардың еңбектерінде ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. басындағы әлеуметтік және мәдени мәселелер көтеріліп, оны шешудің жолдары да көрсетіліп отырған болатын.

Қазақ жерін зерттеу үшін құрылған экспедиция нәтижесінде белгілі филолог, этнограф және археолог Ә. Марғұлан найман тайпасын, олардың шығу тегін, рулық құрылымын зерттесе [56], С.И. Руденко Солтүстік-Шығыс Қазақстанның қазақтарының тұрмысы туралы көптеген құнды материалдар береді.

Қазақстанның медицинасы туралы зерттеу еңбектеріне тоқталсақ, Г.А. Митерев өз еңбегінде 1913-1941 жылдар аралығындағы Қазақстан медицинасының дамуы деңгейін салыстыра қарастырған [57].

Қазақ этнографиясының зерттелу тарихы туралы күрделі монография жазған Э.А. Масановтың еңбегін де атап өту керек. Онда алғашқы қазақ этнографтары, олардың қызметі және т.б. мәселелер зерттелген болатын [58].

ХХ ғ. этникалық тарихымызды зерттеудегі маңызды еңбектердің қатарына В. Востров пен М.С. Мұқановтың еңбектерін атап өту керек. Онда үш жүзді құрайтын қазақ ру-тайпаларының құрамы мен орналасуы туралы жан-жақты зерттеліп, ру-тайпалардың уездер мен болыстарда орналасуын қарастырады [59].

Алғаш қазақ дәрігерінің бірі – Мұхамеджан Қарабаевтың өмірі мен қызметін мұрағат материалдары негізінде зерттеуші М. Сисекеновтың еңбегі болып табылады. Онда зерттеуші дәрігер мамандығының қиындығына қарамастан өмірінің соңына дейін халқының денсаулығын сақтауға белсене атсалысқан М. Қарабаевтың қызметінің Қазақстан медицинасының тарихында ойып орын алатындығын жазады [60].

Қазақтың мәдениеті салаларының бірі – театр тарихына байланысты «Қазақ театрының тарихы» атты 2 томдық зерттеудің алғашқы томында қазақ театрының қалыптасу кезеңін зерттей отырып, алғашқы қазақ әдебиет кештерінің қалыптасуына зор әсер еткен Қазақстанда құрылған татар труппалары деп жазады [61]. Жалпы, бұл еңбек алғашқы әдебиет кештері мен қазақ театрын, оның негізін қалаушы алғашқы әртістері мен қойылымдарын ғылыми түрде зерттеген еңбек ретінде маңызы зор болып келеді.

Қазақстан тарихында өзіндік ізін қалдырған белгілі тарихшы ғалымдар Д.И. Дулатованың [62] және Н.Е. Бекмаханованың [63] еңбектерінің де зерттеуімізге тигізер үлесі мол.

Сонымен бірге Ж.О. Артықбаевтың «Этносоциальная структура казахов северного и центрального Казахстана во второй половине ХІХ века» атты тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған

авторефераты пайдаланылды. Онда зерттеуші XIX ғ. екінші жартысындағы қазақтардың құрылымдық ерекшеліктері мен қоғамдық байланыстарын, Орта жүздің рулық-тайпалық құрамын, олардың орналасу ерекшеліктері мен ондағы өзгерістердің себебін талдап жазады [64].

Сондай-ақ, қылышынан қан тамған кеңес өкіметі тұсында қазақ ру-тайпаларының құрамын жан-жақты талдап жазған Х. Арғынбаевтың, В. Востровтың және М. Мұқановтың «Қазақ шежіресі хақында» атты еңбегінің этникалық тарихымызды зерттеуде алатын орны зор [65].

1991 ж. Қазақстан тәуелсіздігін алуына байланысты тарихымызды зерттеуде жаңа ұстанымдар негізінде «ақтаңдақ» мәселелерді зерттеуге байланысты көптеген ғылыми зерттеу еңбектері жарық көре бастауы, қазақ зиялыларының шығармалары баспаға шығып, олардың өмірі мен қызметінің арнайы зерттеле бастауы тарихымыздағы маңызды шаралардың бірі болып табылады.

М. Дулатовтың «Шығармалар жинағына» жазған алғысөзінде Ж. Ысмағұлов: «Дүниелік оқуға, ағарту ісін дамытуға шақырғанда, ақын қалың көпшілікті үркітіп алмайын дегендей діни оқуды қатар атайды. Ақиреттік пайда үшін мұсылманша оқып, дінді танысаң, орысша оқып, орыс тілін үйреніп, өмірлік қажеттеріңе қол жеткізіп, сонда жеріңді, малыңды сақтайсың, басқалардан қорлық көрмейсің, - деп ақынның пікірін білдіреді [66].

«Қазақ интеллигенциясы мен мәдениеті туралы» еңбекте Х. Әбжанов пен Ә. Әлпейісов: «Сонымен, жинақтай айтсақ, қазақ интеллигенциясының тарихы бай да ауқымды. Ол өз халқымен бір мезгілде қалыптасып, қоғам алға тартқан міндеттерді абыроймен атқара білді», - деп, интеллигенцияның қалыптаса бастаған мерзімін анықтай отырып, оның қоғамдағы рөлін айқындайды [67].

Ү. Субханбердинаның «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті», «Қазақ» газеттерін төте жазудан кириллицаға түсірген, сонымен қатар «Алаш», «Сарыарқа», газеттерінің библиографиялық көрсеткіштері XIX ғ. соңы – XX ғ. басындағы Қазақстан тарихымен айналысушы жас ғалымдарға тигізер көмегі көп [68]. Себебі, «Дала уалаятының газеті», «Қазақ» және т.б. мерзімді басылымдар араб әрпімен жазылғандықтан және Қазақстан кітапханаларында бұл аталған журнал мен газеттердің сандарының толық болмауы, бір жерде жинақталмауы зерттеушінің жұмысына бірқатар қиындықтар тудыратыны сөзсіз.

Алаш қозғалысы тарихын зерттеушілердің бірі Д.А. Аманжолованың еңбектерін де айтып өту керек [69]. Ал, тарихшы К. Нұрпейісов «Алаш» партиясының негізгі бағыттарын талдай отырып, ондағы қазақ зиялыларының рөліне талдау жасаса [70], белгілі тарихшы М. Қойгелдиев Алаш қозғалысын, ондағы қазақ зиялыларының саяси ұстанымдарын мұрағат құжаттары негізінде жан-жақты ғылыми негізде талдайды [71]. XX ғ. өзекті мәселелерін тереңдете зерттеген белгілі тарихшы ғалым Т. Омарбеков XX ғ. 20-30-шы жылдарының «ақтаңдақ» беттерін зерттеп, тәуелсіз Қазақстан ғылымының дамуына өзінің елеулі еңбегін сіңірген [72].

Х. Маданов қазақ мәдениетінің қалыптасу кезеңдерін арнайы қарастырса [73], тарихшы ғалым Қ.М. Атабаев қазақ баспасөзінің пайда болуы, дамуы және деректік ерекшеліктерін зерттеп, баспасөзге деректанулық талдау жасаудың тәсілдерін ұсынған [74].

Сонымен қатар Б.А. Кенжетаев қазақ интеллигенциясының қалыптасуын зерттей отырып, Қазанда оқыған қазақ студенттерінің де тізімдерін берген. Біз ол еңбектен қазақ студенттерінің шығу-тегі мен оқыған мамандықтары туралы жан-жақты мәліметтер ала отырып, олардың басым бөлігінің заң мамандығында оқығандықтарын, ал медицина саласын меңгергендерінің санының саусақпен санарлықтай болғанын көреміз [75].

М. Құл-Мұхаммед алғашқы құқық магистрі Ж. Ақбаевтың өмірі мен қызметін зерттей отырып, оның саяси-құқықтық көзқарастарымен қатар, қазақ халқының шығу тегіне арналған еңбегін арнайы талдап жазады [76].

Сондай-ақ, әйел теңдігіне байланысты арнайы зерттеу жүргізбесе де, Н. Арықованың өмірі мен қызметін қарастырған З. Сағыбаеваның мақаласын да атап өткіміз келіп отыр [77].

С.О. Смағұлованың «Ұлттық интеллигенция және XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы аграрлық мәселе» атты тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясында қазақ зиялыларының аграрлық мәселеге көзқарастарын талдай келе: «Қазақ халқы патша үкіметінің бұғауында болып келді. Ол халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуын тежеумен қатар, оның рухани өсуіне де кедергі жасады. Бұл жағдайлар халыққа білім беру саласында айқын аңғарылды», - деп жазады [78].

Г. Жүгенбаеваның зерттеу еңбегі «Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірі мен қызметіне (1879-1938)» арналған. Зерттеуші онда М. Тынышбаевтың өмір жолын зерттей келе, оның тарихи көзқарастарын да сипаттап, оның зерттеулері, Ресей тарихшыларының Қазақстан туралы зерттеулерімен салыстырғанда өзіндік жаңалығымен, соны ойларымен ерекшеленетіндігін жазады [79].

Р.О. Балгозинаның өз еңбегінде әйелдердің теңдік мәселесін зерттей келіп, оның мерзімді басылым беттерінде жан-жақты көрсетілгендігін, мұның өзі халықтың көңіл-күйінің эволюциясын және қазақ қоғамының социалды прогреске қарай жылжуын көрсететіндігін жазады [80].

Тарихшы ғалым Г.С. Сұлтанғалиеваның еңбегінде Батыс Қазақстандағы этномәдени байланыстар жүйесін, соның ішінде қазақ зиялыларының ноғай, татар және т.б. зиялылармен қарым-қатынасын, оның қоғамға тигізген әсерін жан-жақты қарастырады [81].

1917-1941 жж. аралығындағы қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихын жазған З.О. Дүкенбаеваның зерттеуі де маңызды еңбектер қатарын құрайды [82].

Т.О. Омарбеков пен Ш.Т. Омарбековтың «Қазақстан тарихы мен тарихнамасына ұлттық көзқарас» атты зерттеу еңбегінде қуғындалған қазақ зиялыларының тарихи көзқарастарын кешенді түрде алғаш зерттеген маңызды зерттеулердің бірі. Себебі, бұл зерттеуде алғаш рет қазақ зиялыларының қазақ

тарихына байланысты көзқарастары, соның ішінде «алаш» атауы, қоғамды саяси мәселелерді кеңінен қамтып, жан-жақты талдаған еңбек [83].

Д.А. Сафоновтың еңбегінен Орынбор өлкесінің тарихына қатысты құнды мәліметтер алуға болады. Онда ресейлік автор Орынбор өлкесінің, оның ішінде қазақ тарихына қатысты деректерді жүйеге келтірген [84]. Ал, З.Т. Садвокасованың еңбегінде патшалық Ресейдің Қазақстанға білім мен дін мәселесі бойынша жүргізген қитұрқы саясатын әшкерелей отырып, оның тигізген зардаптарын мұрағат мәліметтері негізінде кеңінен талданған [85].

Тарихи мәселелерді маман тарихшылар ғана емес, филология, заң ғылымдарының зерттеушілері де жан-жақты қарастырады. Филолог мамандар қазақ зиялыларының мұраларының әдеби және тіл мәселелерін зерттесе, заңгерлер – қоғамдық-саяси және құқықтық мәселелерді қарастырады. Соның бірі және бірегейі, заңгер С. Өзбекұлы болып табылады. С. Өзбекұлы мен А. Исмаилов Ғұмар Қарашевтің қоғамдық-саяси және құқықтық көзқарастарын талдауы да біздің зерттеуімізді жазуға өзіндік үлесін қосты [86].

Сондай-ақ филология ғылымдарының докторы, профессор қазақ зиялыларының қызметі, ұстанымдары туралы және XX ғ. басында қолжазба күйінде жарық көрген «Садақты» зерттеген ғалым Т. Кәкішевті де атап өтпеске болмас. Ғалымның «Қазақ зиялылары» атты еңбегінде олардың ұстанымдары, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерге көзқарастары біраз қамтылған [87].

Сонымен бірге XIX ғасыр мен XX ғ. басындағы солтүстік-батыс Қазақстанның ұлттық интеллигенциясының қалыптасуындағы Оңтүстік Орал оқу орындарының рөлін Г. М. Койшигарина жан-жақты қарастырады [88]. Автор Оңтүстік Орал оқу орындарының қазақ зиялыларының қалыптасуы мен дамуына тигізген оң әсерін көрсетеді.

А.Қ. Шорманованың диссертациялық еңбегінде Қазақстандағы оқу-ағарту және білім беру ісін мерзімді басылым көздері, соның ішінде «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің негізінде зерттелген [89].

Зерттеуші Н.Д. Нұртазинаның зерттеуінде XIX-XX ғғ. Түркістан халықтарының рухани-мәдени мәселелері кеңінен талданады [90]. Ж.С. Есеналинаның зерттеу еңбегінде Батыс Қазақстан және Еділ-Орал өңірі ғылыми қоғамдарының қызметтері жан-жақты зерттеліп, ондағы қазақ зиялыларының қызметі ашып көрсетілген [91].

Н.А. Тасилова «Қырғыздардың жер пайдалану материалдары» бойынша диссертациялық еңбек жазып, онда қазақ ру-тайпаларының құрылымы мен орналасуын арнайы талдайды [92].

Қазақ зиялыларының рухани-мәдени мәселелерге байланысты көзқарастарын кешенді түрде зерттеген А.М. Азмұханова, олардың дін, жәдидшілдік, салт-дәстүр мен әдебиет және т.б. тақырыптарға байланысты көзқарастарын анықтайды [93].

Д.Аманжолованың «Форматирование советскости» атты еңбегі 1920-1930 жж. Кеңес үкіметінің аз ұлттарға қатысты жүргізген саясатына арналған [94].

Шет елдік зерттеу еңбектеріне тоқталар болсақ, біздің тақырыбымызға байланысты жазылған еңбектер аз десе болады. Түрік ғалымы Ә. Қараның «Мұстафа Шоқай. Өмірі. Күресі. Шығармашылығы» атты еңбегінен аталған

қазақ зиялысының өмірі мен шығармашылығының ашылмаған қырларын тереңірек біле түсеміз. Онда автор әсіресе, М. Шоқайдың эмиграциядағы кезеңін, қызметін шетелдік деректер негізінде жан-жақты талдап жазған болатын [95].

Қазақ зиялыларын, олардың көзқарастарын зерттеуші жапондық тарихшы Т. Уяманы ерекше атап өтпекпіз. Оның қазақ, орыс сотына және шарифатқа қазақ зиялыларының көзқарастарын талдаған мақаласы жұмыстың тақырыбымен байланысты болып табылады [96]. Сонымен бірге жапон ғалымының ХХ ғ. басындағы қазақ тарихына қатысты мақалалары да өте маңызды еңбектер қатарын құрайды [97].

Ал, американдық зерттеуші П. Майклстың Қазақстанның, Ресейдің мұрағат материалдарын пайдалана отырып жазған еңбегінде ХХ ғ. 20-40 жылдары аралығындағы Қазақстандағы денсаулық сақтау мәселелерін жан-жақты талдап жазады [98].

Сонымен тарихнамалық шолуға қорытынды жасар болсақ, кеңестік дәуірде қазақ зиялыларының мұраларын зерттемек түгіл, оларды оқуға, таратуға, тіптен аттарын атауға тыйым салынып, теріс пікірлер айтылса, «жариялылық» кезеңінде саяси-қуғын сүргін құрбандары ақталып, олардың еңбектері жарыққа шыға бастаған болатын. Дегенмен бұл кезең зиялылардың мұраларын кирилл әрпіне түсіріп, олардың өмірі мен қызметінің жаңа қырынан зерттеле бастауымен шектелген болатын.

Тәуелсіздік кезеңінде тарихымыздың «ақтандақ» мәселелері жан-жақты зерттеле бастағанымен, ұлт зиялыларының еңбектері кеңінен жарыққа шығып, негізінен жекелеген тұлғалардың өмірі мен қызметі зерттелген. Ал, зиялылардың көзқарастары жаңадан зерттеліп, жаңадан қолға алынып жатқан мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан да бұл тақырыпқа байланысты жазылған зерттеулер жоқтың қасы десе де болады. Дегенмен де ондай еңбектерге Ш.Т. Омарбековтың «Қуғындалған қазақ зиялыларының тарихи көзқарастары» атты тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы мен А.М. Азмұханованың «Ұлт зиялылары еңбектеріндегі рухани-мәдени құндылықтардың зерттелуі» тақырыбындағы зерттеу жұмыстары жатады. Бұл еңбектер қазақ зиялыларының көзқарастарын арнайы және кешенді түрде талдаған ғылыми еңбектер қатарының алғашқы легін құрайды десек, қателеспеспіз.

Ал, қазақстандық тарихшылар тарапынан ұлт зиялыларының көзқарастарының зерттелу деңгейінің төмендігін байқасақ, шетелдік ғалымдардың – жапон ғалымы Т. Уяманың да осы мәселені зерттейтіндігін көреміз.

Бұл жоғарыда айтылғандардан байқайтынымыз, қазақ зиялыларының әлеуметтік және мәдени мәселелерге байланысты көзқарастары өте аз зерттелген, тың тақырыптардың бірі болып табылады.

Диссертацияның **методологиялық және теориялық негіздері**. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында тарих ғылымның нақтылық, тарихилық, ғылыми объективтілік принциптері басшылыққа алынды. Тарихилық принципі зерттеудің мақсаты мен міндеттерін айқындап, құбылыстардың пайда болу

және даму ерекшеліктерін түсінуге, анықтауға көмектеседі. Ал, объективтілік принципі зерттеу объектісін біртұтас құбылыс ретінде қабылдап, нақты және шынайы тұжырымдар жасауға көмектеседі.

Көтеріп отырған мәселелерге байланысты қазақ зиялыларының еңбектерін жан-жақты қарастырып, көзқарастарын талдауда салыстырмалы-тарихи, өзектілік, жинақтау және жүйелеу секілді әдістер кеңінен қолданылды.

Диссертациялық зерттеудің **ғылыми жаңалықтары**. XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. алғашқы онжылдықтарындағы қазақ зиялыларының этноәлеуметтік және этномәдени мәселелерге көзқарастары алғаш рет арнайы зерттеліп отырғандықтан, зерттеу барысында төмендегідей ғылыми жаңалықтарға қол жеткізілді:

- XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. алғашқы онжылдықтарындағы ұлт зиялылары еңбектеріндегі қазақ ру-тайпаларының тайпалық құрамы алғаш рет кешенді түрде зерттелді;

- Қазақ қоғамының ру-тайпаларының XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. алғашқы онжылдықтарындағы орналасу ерекшеліктері және ондағы өзгерістер ұлт зиялыларының көзқарастары тұрғысынан қарастырылды;

- Қазақстандағы денсаулық сақтау мәселелеріне байланысты қазақ зиялыларының көзқарастары салыстырмалы түрде алғаш рет талданып, сол арқылы қарастырылып отырған кезеңнің денсаулық сақтау ісінің қиыншылықтары мен артта қалу себептері анықталды;

- аталған кезеңнің өзекті мәселелерінің бірі – қазақ әйелінің теңдігі мәселесіндегі зиялылардың негізгі пікірлері айқындалды;

- Қазақ әдебиет кештері зиялылардың еңбектері негізінде алғаш рет кешенді түрде жан-жақты қарастырылып, әдебиет кештерінің кейіннен ұлттық театрға негіз қалағандығы айқындалды;

- Қазақстандағы білім берудің XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. 30-шы жылдарына дейінгі аралықтағы өзекті мәселелері зиялылар көзқарастары тұрғысынан сарапталды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар. XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. алғашқы онжылдықтарындағы Қазақстандағы этноәлеуметтік және этномәдени мәселелер байланысты қазақ зиялыларының көзқарастарын талдау нәтижесінде қорғауға төмендегідей тұжырымдар ұсынылады:

- тарихымыздың аса күрделі кезеңдерінің бірінен саналатын XIX ғ. екінші жартысынан XX ғ. басындағы әлеуметтік және мәдени мәселелерге ұлт зиялыларының көзқарастары кеңестік және тәуелсіз Қазақстан кезеңдерінде жарық көрген зерттеулермен салыстырмалы түрде жан-жақты талданды;

- Ұлы жүзді, Орта жүзді және Кіші жүзді құрайтын қазақ ру-тайпаларының құрылымы туралы ұлт зиялылары дұрыс және шынайы қорытындылар жасаған. Олардың көзқарастары қазіргі кезде жарық көрген ғылыми зерттеу қорытындыларымен сәйкес келеді.

- қазақ ру-тайпаларының XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. алғашқы онжылдықтары аралығындағы орналасу ерекшеліктері қоғамдық саяси өмірге байланысты біршама өзгерістерге ұшырағанымен, негізгі ата қоныстары сақталды;

- Зиялылар еңбектерінде талдау жасау барысында Қазақстандағы әлеуметтік мәселелердің бірі – денсаулық сақтау ісінің ХХ ғ. 30-шы жылына дейін жеткілікті дәрежеде дамымағандығы расталды;

- қазақ әйелінің теңдігі сол кезеңдегі күн тәртібінде тұрған маңызды тақырыптардың бірі екендігі айқындалып, олардың сауатын ашу арқылы толықтай теңдікке қол жеткізетіндігі белгілі болды;

- қазақ мәдениетінің бір саласы – алғашқы әдебиет кештерін өткізудегі қиыншылықтар мен кедергілер нақты көрсетіліп, ондағы қойылымдардың көбеюіне ұлт зиялылары өздері белсене араласа отырып, оны дамытуға күш салды. Қазақ жерінің әртүрлі қалаларында өткізіле бастаған әдебиет кештері кейіннен ұлттық қазақ театрына негіз қаласа, ал онда белсенді өнер көрсеткен қазақ өнерпаздары кейіннен бұл өнер ошағының алғашқы әртістері болды;

- халықты дамытушы, өркендетуші негізгі факторларының бірі болып табылатын Қазақстандағы білім беру ісіндегі қиыншылықтар – мектептер ашу, оқушыларға қаржылай көмек көрсету, мектептердегі оқу тілі мен бағдарламалары зиялылар еңбектері негізінде кеңінен талданып, ХХ ғ. 30-шы жылына дейін де білім саласы жеткілікті дәрежеде дамымады.

Зерттеудің ғылыми және қолданбалық маңызы. Диссертациялық жұмыста қол жеткізілген ғылыми нәтижелер мен жасалған негізгі тұжырымдар ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. алғашқы онжылдықтарындағы Қазақстанның этноәлеуметтік және этномәдени тарихының өзекті мәселелерін қамтитын зерттеу жұмыстарының қатарын толықтырады. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындыларын тарих, әлеуметтану, мәдениеттану мамандықтарында элективті курстар, дәрістер мен семинар сабақтарын өткізу барысында кеңінен пайдалануға болады.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы жұмысты жазуда алға қойылған мақсат пен міндеттерге байланысты анықталды. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 XIX Ғ. II ЖАРТЫСЫ – XX Ғ. АЛҒАШҚЫ ОНЖЫЛДЫҚТАРЫНДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАР

1.1 Қазақ қоғамының ру-тайпалық құрылымының зерттелуі

Қазақ халқының аса бай тарихын білу үшін, алдымен қазақты құраған ру-тайпалардың ежелгі тарихын зерттеу қажет екендігін бүгінгі күн талабы айқын көрсетіп отыр. Қазақ ру-тайпаларының құрамы, жіктелуі туралы мәліметтерді біз XVIII ғасырдан бері қарайғы деректер мен зерттеу еңбектерінен ала аламыз. Қазақ ру-тайпалары туралы алғашқы жазбаша мәліметтер орыс саяхатшылары мен зерттеушілерінің еңбектерінде әртүрлі деңгейде қамтылып жазылса, қазақ ұлтынан шыққан зиялылар да өз еңбектерінде бұл тақырыпқа байланысты мәліметтер қалдырып, зерттеу жұмыстарын жүргізген. Олардың ішінде қазақ тарихына, шежіресіне арнап еңбектер жазған негізгі авторларды атап айтар болсақ, олар: Ш. Уәлиханов (1835-1865), Қ. Халид, Ш. Құдайбердіұлы (1858-1931), Х. Досмұхамедов, Ә. Бөкейхан (1866-1937), М. Тынышпаев, және т.б. Мұнда біз үш жүз қазақтарының этникалық құрамына қатысты мәліметтері бар қазақ зиялыларының еңбектерін қарастырамыз.

Қазақ ру-тайпаларының ежелгі заманнан қазіргі уақытқа дейінгі тарихы, оның ішінде олардың шежірелік тармақталуы, орналасуы және т.б. мәселелер бүгінгі күнгі өзекті тақырыптардың бірі. Сондықтан да біз осы тарауда үш жүзді құрайтын тайпалардың құрамы мен құрылымы, олардың XIX ғ. II жартысы мен XX ғ. алғашқы онжылдықтарындағы қазақ зиялылары еңбектерінде қаншалықты дәрежеде зерттелгендігін тарихнамалық тұрғыдан талдап жазамыз. Сол себепті, біздің алдымызға төмендегідей мәселелер туындайды:

- Ұлы жүз қазақтарының этникалық құрамына қазақ зиялыларының көзқарастарын талдау;
- Орта жүздің тайпалық құрылымын анықтау;
- Кіші жүзге кіретін тайпаларды ұлт зиялылары еңбектері негізінде қарастыру.

Алдымен Ұлы жүзге кіретін тайпаларға тоқталсақ.

Қазақ ру-тайпаларының құрылымы, орналасуы және шежірелік таралымы туралы мәліметтерді біз 1835-1865 жж. өмір сүрген қазақтың біртуар азаматтарының бірі Шоқан Уәлиханов еңбектерінен аламыз. Оның 1985 жылы жарық көрген шығармалар жинағына енген қазақ тарихына қатысты, саяхаттары туралы және т.б. көптеген мәселелер қатарында Ұлы жүзді құрайтын тайпалар жайлы зерттеулері берілген. Мұнда қазақ тайпалары мен рулары үлкендігі мен күштілігіне қарай белгілі бір тәртіппен келтірілген. «Шығармалар жинағының» бірінші томында былай деп жазылған: «Большая сотня или как принято орда, составляется из четырехъ главныхъ основныхъ родовъ: дулат, джалаир, абдан, и суван, все они совокупно, виде нарицательного имени, называются уйсун; название, происшедшее от имени сильного племени уйсунуов, принадлежавших прежде к союзу

вышепоименованных родов этой орды, но впоследствии присоединившихся к джунгарам и уйгурам; собственно же остатки их существуют и ныне и принадлежат в качества отделения к роду дулат и называются сары-уйсун» [1, с. 151]. Сонымен қатар ол Ұлы жүздің тайпаларының орналасуы мен саны туралы жазғанынан біз ұлы жүздің басқа да тайпалары туралы мәліметтер аламыз. Онда былай жазылған: «Заилийский край занят двумя главными родами Большой Орды: албанами и дулатами с частью чапраштов, никогда отсюда не выходивших на правый берег Или» [1, с. 180].

Бұл үзіндіден көріп отырғанымыздай, Ш.Уәлиханов Ұлы жүздің негізгі дулат, жалайыр, албан, суан және дулат тайпасының бір бөлімі сары үйсін тайпаларынан тұрады деп оларды санына байланысты ретімен жазады. Сонымен қатар шапырашты тайпасының қоныстанған аумағын сипаттайды. Біздің бұдан байқайтынымыз, Ш. Уәлиханов дулат, жалайыр, албан, суанды Ұлы жүздің басты тайпалары деп есептеген тәрізді.

Қ. Халид 1911 жылы Қазан қаласының «Өркен» баспаханасынан шыққан «Тауарих хамса» (Бес тарих) атты еңбегінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, этнографиясы туралы құнды мәліметтер жазылған. Оның еңбегінің маңызды жақтарының біріне қазақ шежіресін талдап жазуы жатады. Ол еңбекте: «Ұлы жүзден Үйсін, Кіші жүзден Алшын туады. Үйсін ұлдарының ішінде аршындысы Жалайыр ..., атағанда аталарымен қатарластыра «Үйсін – Жалайыр... деп қосарланып айтылады» [99, 92 б.], -деп жазады.

Қ.Халидтың еңбегінде Ұлы жүздің тайпаларына қарағанда, Орта жүз бен тайпалары, рулары және рулық бөлімдері жақсы қамтылып жазылған. Ал бұл үзіндіден көріп отырғанымыздай, Қ. Халид Ұлы жүздің тек бір ғана Жалайыр тайпасы туралы қысқаша жазып отыр, ал басқа тайпалар қамтылмаған.

Қазақ шежіресіне арнайы еңбек жазған Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» атты 1911 жылы Орынбор қаласында шыққан еңбегінде ауызша айтылып келген қазақ шежіресін жүйелеп, хат бетіне түсіруі болып табылады. Біз оның 1991 жылы Алматыда шыққан нұсқасын пайдаланамыз [4]. Ұлы жүзді құрайтын тайпалар туралы Шәкәрім Құдайбердіұлы былай деп жазады: «Балқаш, яғни Теңіз көліне құятын Қаратал өзенінен Сырдария һәм Шыршық өзеніне шейін қаңлы, дулат нәсілі. Сол дулаттың оң тұс күнбатысына келген көп қаңлы және қаңлының шанышқылы деген табы ұлы жүздің ең көбі дулат болған. Оның ішінде Ботбай, шымыр, сиқым, жаныс, албан, суан. ...Іле өзенінің сол тұс жағында ескі үйсін нәсілінен сары үйсін бар. ... және ұлы жүздің дулаттан соңғы көбі жалайыр болған. Жалайыр бұрынғы уақытта бек көп ел болған және ұлы жүздің шапырашты, ысты дегендері Алматыға қарайды. Сіргелі мен ошақты Сырдарияға жақын. Бұл төртеуі қаңлыдан шыққан және ұлы жүздің ішінде қоңырат бар, ол басында орта жүзде еді, өкпелеп көшіп барған» [4, 133 б.].

Ш. Құдайбердіұлының еңбегін қарастыра келе, біз зерттеушінің Ұлы жүздің тайпаларын толықтай атағандығын, бірақ оларды шатастырып, тайпаларды рулар қатарына қосып жазғандығын көреміз. Сонымен қатар қаңлы тайпасының құрамына шанышқылы, шапырашты, ысты, сіргелі мен ошақтыны кіргізсе, ал ботбай, шымыр, сиқым, жаныс атты төрт рудан тұратын

дулаттың құрамына албан мен суан тайпаларын енгізген. Ұлы жүздің негізгі тайпаларын – дулат, албан, суан, сары үйсін, шапырашты, ысты, ошақты, сіргелі, жалайыр, қаңлы және шанышқылы құрайтындығы белгілі [100, 128 б.]. Әрине, қазақ шежіресіне арнап еңбек жазған қазақ зиялыларының бірі Ш. Құдайбердіұлының еңбегі бізге аса құнды, дегенмен оның кейбір пікірлеріне сын көзбен қарады талап етеді деп ойлаймыз.

Осы жерде біз, Ш. Құдайбердіұлының қоңырат тайпасының ұлы жүз құрамына қосылған деген пікіріне байланысты М. Тынышпаевтың пікірін келтіре кетсек. М. Тынышпаевтың қазақ тарихына арнап жазылған еңбегінде қазақ халқының әртүрлі тарихи кезеңдердегі тарихын көптеген деректер мен зерттеулер негізінде талдай отырып, қоңыраттардың Ұлы жүзге кірмейтіндігі туралы былай деп жазады: «..мнение Гродекова и других, что конраты из Средней Орды перешли в Старшую – неверно: до сих пор конраты состоят в Средней Орде» [50, 149-150 б.].

Біз де М. Тынышпаевтың осы пікірін қолдай отырып, деректер мен зерттеу еңбектері ғана емес, ғасырлар бойы ауызша жеткен шежіре бойынша да қоңыраттардың Орта жүздің тайпасы екендігін айтпақпыз.

XX ғ. басында қазақ жері, рулары мен тайпаларының саны, орналасқан аумағы туралы Ф. Щербина экспедициясына қатысқан қазақ зиялыларының бірі Ә. Бөкейхан еді. Оның еңбегінде қазақ тарихына қатысты мәліметер жазылып, қазақ ру-тайпаларын, оның ішінде Қарқаралы, Павлодар және т.б. уездеріндегі ру-тайпалар туралы жазып, кестесін береді. «Родовые схемы» деген бөлімінің XIV схемасында Ұлы жүздің ішінде Үйсінді, одан Абақ және Тарақ, Абақтан – Дулат, Тарақтан – Жалайыр деп, Жалайыр тайпасының 12 рулық бөлімдерінің атауларын береді [11].

Біз Ә. Бөкейханның еңбегінен Ұлы жүздің Жалайыр және Дулат тайпаларын атап, Жалайыр тайпасының шежірелік таралуы туралы жазғанын көреміз. Яғни, ол тек қана Қарқаралы уезіндегі Ұлы жүздің жалайыр тайпасының таралуын жазған.

М. Тынышпаев өзінің «Материалы к истории киргиз-казахского народа» деген еңбегінде қазақ ру-тайпаларының тарихын ежелгі дәуірден бастап, олардың шежірелік тармақталуын және кестесін де береді. Ұлы жүзді құрайтын тайпаларға байланысты оның еңбегінде былай деп жазылған: «Киргиз-казаки, как известно состоят из трех орд: Старшей (а не большой), Средней и Младшей (а не Малой). Старшую Орду составляют: 1) уйсын (отделения – дулат, адбан, суан, сарыуйсын), к которому пристали чапрашты, ошақты, сты и сргелы; 2) джалаир, 3) канлы, к которому присоединился чаншклы» [50, с. 68].

Бұл үзіндіден байқап отырғанымыз, М. Тынышпаев Ұлы жүздің тайпаларын үйсін, жалайыр және қаңлы деп үлкен үш топқа бөліп, Ұлы жүздің басқа тайпаларын осы үш үлкен бірлестікке қосып жібереді.

Сонымен қатар осы еңбегінде М. Тынышпаев үйсін, жалайыр, қаңлы бірлестіктерінің ежелгі замандардан ХҮІІІ ғ. дейінгі тарихын тарихи зерттеулер негізінде талдап жазады. Бұл мәселе әрине, арнайы зерттеуді қажет ететін тақырып. Біздің негізгі зерттеу объектіміз Ұлы жүздің тайпалық

құрамын анықтау болғандықтан, біз тайпалардың шығу-тегі мәселесін бұл жерде қарастырмаймыз.

М. Тынышпаев тарихтың күрделі мәселелерін терең зерттей отырып, оларға өзіндік пікірлерін білдіріп, ғылыми болжамдар жасап отырады. Осы орайда оның мына бір пікірін қарастырып, үзінді келтіре кетелік: «Рядом с дулу упоминается чубань, в котором узнается другой современный нам род уйсына – суан» [50, с. 70]. Яғни, М. Тынышпаев суандарды дулулар заманында өмір сүргендігін және чубаньдарды суандардың арғы бабалары деп жазады.

«Қазақ ру-тайпаларының тарихы» атты ғылыми жобаның аясында жарық көрген «Дулат» тайпасына арналған еңбекте белгілі ғалым, тарихшы Т. Омарбеков: «...тіптен, бұрынғы дулудағы Шанышты Жаныс, Потиды Ботбай, Чумиді немесе Шігілді Шымыр, Чубаньды Албан, Суан деп атап, кейінгі дулаттағы қазақ шежіресіндегі атаулармен айна қатесіз бір ата ретінде қаз-қалпында қарастыру тарихи шындықты бұрмалауға алып келеді» [100, 56 б.], - деп өз пікірін білдіреді. Біз, осы пікірді қолдай отырып, ол арнайы терең зерттеуді қажет ететін мәселе болғандықтан, біз оған бұл жерде тоқталмаймыз.

Жоғарыда аталған зерттеулерге қоса «Қазақ халқының шығу тегі туралы тақырыптағы баяндама» (1927 ж.) жасаған Ж. Ақбаев (1876-1934): «Қазақтар үш ордадан немесе жүзден тұрады, олар: ұлы жүз, орта жүз, және кіші жүз. Ұлы ордаға енетіндер: 1) үйсіндер – сары үйсін, дулат (албан және суан); шапырашты, ошақты, ысты және сіргелі; 2) жалайыр; 3) қаңлы; 4) шанышқылы [76, 158-159 б.], - деп Ұлы жүзді құрайтын тайпаларды дұрыс атап көрсетсе, Т. Рысқұлов «Казакстан» атты еңбегінде: «Кзаки делятся на три орды: старшую (Улы-Жуз), среднюю (Урта-Жуз) и младшую (Кычи-Жуз). К старшей орде относятся роды: Уйсын (дулат, абдан, суан, сарыуйсун), сюда причисляются также: чапрашты, ошақты, сргели, джалаир, канглы (сюда входят и чаншклы) [52, с. 12], - деп ұлы жүздің қазақтарының этникалық құрамын жазғанымен, ысты тайпасы аталмай қалған.

Сонымен Ұлы жүзді құрайтын тайпалар туралы жазылған ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басындағы қазақ зиялыларының еңбектерін салыстыра келе біз мынадай қорытындылар жасаймыз:

- Ұлы жүз қазақтарының этникалық құрамы туралы қазақ зиялыларының басым бөлігі қазақ тарихын жазу барысында тайпа аттарына, олардың орналасқан аймақтарына қысқаша тоқталып кеткен;

- Ұлы жүздің этникалық құрамы мен тарихын арнайы қарастырып, өз пікірлері мен болжамдарын білдіргендер – Ш. Құдайбердіұлы мен М. Тынышпаев болып табылады;

- Ш. Құдайбердіұлы қазақ шежіресіне алғаш рет арнайы еңбек жазып, Ұлы жүздің, әсіресе Орта жүздің этникалық құрамын нақты талдаған;

- М. Тынышпаев зерттеулер, деректер, ауызша мәліметтер мен өзінің жинаған материалдары негізінде Ұлы жүзді үш үлкен тайпалық бірлестікке бөліп, қазіргі суан тайпасының тарихын ежелгі чубаньдармен байланыстырады.

Жалпы алғанда, қазақ зиялылары ауызша мәліметтермен қатар арнайы ғылыми зерттеу жүргізе отырып, ұлы жүздің этникалық құрамын кейбір өзгешеліктеріне қарамастан, негізінде дұрыс талдап көрсетеді.

Орта жүздің этникалық құрамына қазақ зиялыларының көзқарастарына арнайы тоқталсақ, бұл тақырыпқа арнайы қалам тартқан зиялылар – Ш. Құдайбердіұлының, М. Тынышпаевтың, М.Ж. Көпеевтің, Ә. Бөкейханның еңбектерін атап өткіміз келеді.

Қашқарияға сапар жасап, көптеген зерттеулер жүргізген Ш. Уәлихановтың еңбектері маңызды болып табылады. Ол ортағасырлық деректерді пайдалана отырып, қазақ ру-тайпаларының шежіресін, ежелгі тарихын, жүздерге бөлінуін талдап жазады. Ол былай деп жазады: «Народ казак разделяется на три сотни – юз, которые русские называют ордами и которые по старшинству у них называются Большая, Средняя и Меньшая сотня (Улу юз, Урта юз и Кичи юз).

Среднюю орду составляют основные роды: аргын, кипчак, конрад, найман; второстепенные, присоединившиеся после – такие роды у киргиз называются джетыру – семиродцы: уак и керей» [100, с. 151].

Ш. Уәлиханов орта жүзге кіретін тайпаларды дұрыс атап көрсете отырып, оларды негізгі және қосымша етіп бөліп жазған. Кейіннен қосылған, қосымша тайпаларды жетіру деп оларға уақ пен керейді жатқызған. Ал Кіші жүзге кіретін жетіру тайпалық бірлестігіне табын, тама, жағалбайлы, телеу, керейт, рамадан, кердері тайпалары құрайтыны белгілі. Қазақ ру-тайпаларының тарихын, оның ішінде керей мен керейт тайпаларының шығу-тегін зерттеген тарихшы-ғалым, Т. Омарбековтың пікіріне назар аударсақ, онда: «Ғалымдардың айтылған пікірлерінің негізінде шығаратын қорытындымыз керей де, керейт те бір тайпа. Өкініштісі, сол кезеңдегі әр түрлі тарихи жағдайларға байланысты бөлініп кеткендігі, ал қуантатыны біреуі – Орта жүздің, екіншісі Кіші жүздің құрамына қосылып, қазақты құраған өзге тайпалар қатарында қазақ деген ұлттың іргетасын қалап, мәртебесін өрлетуде өз үлестерін қосқандығы» [101, 113 б.], - деген қорытындыға келеді. Біздің ойымызша, Ш. Уәлиханов жазып отырған керей тайпасы мен Кіші жүзге кіретін керейт тайпасының шығу тегі бір болғандықтан, керей тайпасын жетіру құрамына кіргізген секілді.

Ш. Құдайбердіұлы 1911 жылы Орынбор қаласында шыққан «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» атты еңбегінде орыс ғалымдарының қазақ халқы туралы еңбектерін тиімді пайдалана отырып, оны ел аузынан жинаған мәліметтерімен толықтырады. Ш. Құдайбердіұлы Қыпшақ, Қоңырат, Керей, Найман, Уақ, Тарақты, Арғын тайпаларының ежелгі тарихына, шығу тегіне, шежіресіне жеке-жеке тоқталып, әртүрлі мәліметтер береді [4, 34-46 б.]. Орта жүздің тайпаларын дұрыс атап көрсете отырып, жетінші тайпа ретінде Тарақтыны атап, бірақ оның тарақ таңбалы болып арғыннан бөлінген бір тап екендігін жазады. Ал, қазақ шежіресі бойынша, Тарақты Арғын тайпасына жиен болып табылатыны белгілі.

М. Тынышпаев 1925 жылы Ташкентте шыққан зерттеуінде қазақты құраған әр тайпалар мен рулардың тарихына жеке-жеке тоқталып, олардың

әрқайсысының шежіре-кестесін, ұрандарын анықтап жазады. Ол еңбектен мынадай жолдарды оқимыз: «Киргиз-казаки, как известно, состоят из трех орд: Среднюю Орду составляют: 1) аргын, 2) найман, 3) кыпчак, 4) конрат, 5) уак, 6) керей [50, с. 68]». М. Тынышпаевтың еңбегі осы аталған тайпаларды дұрыс көрсетіп, олардың ежелгі тарихына үніліп, әрбір тайпаның атауының шығуын жер-су атаулармен байланыстырып қарастыруымен және әр тайпаның және рудың рулық кестесін, ұрандарын, таңбасын беруімен де ерекшеленеді.

Ә. Бөкейхан «Родовыя схемы киргизь Каркаралинскаго уезда» атты еңбегінде Орта жүздің, Ұлы жүздің және Кіші жүздің рулары мен тайпаларының шежіре кестесін таратып жазады. Сонымен қатар ол жүзге кірмейтін рулардың да шежіресін береді. Ә. Бөкейханның біз қарастырып отырған Орта жүзге қатысты кестелері өте құнды болып табылады. Онда былай деп жазады: «Орта жүз → Ақжол, Ақжолдан – Қарақожа, Аққожа, Қарақожадан – Тарақты, Арғын, Кыпчак, Уак, Керей, Аққожадан – Найман, Қоңырат» [11].

Бұл үзіндіден байқап отырғанымыздай, Ә. Бөкейхан та негізінен Орта жүздің тайпаларын дұрыс таратқанымен, жеке тайпа ретінде Тарақтыны да атап көрсетеді. Сонымен қатар экспедицияның материалдары негізінде Қарқаралы уезіндегі Орта жүздің тайпаларының қоныстанған ауылдарын да жазып кетеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің (1857-1931) «Қазақ шежіресі» атты еңбегінде Орта жүздің белді тайпаларының бірі Арғын шежіресін кеңінен таратады. Ол «Қазақ шежіресі» атты тараушада қазақ халқында бұрынғы кездерде тайға таңба басқандай анық, қағазға түсірілген шежіренің болмағандығын атап өтіп, жазбаша шежіренің шығуы мен халық арасында таралуын қажылыққа алғашқы барған адамдармен байланыстырған. Қазақ халқының шығу тегін сол шежірелердің негізінде Анас сахабадан бастайды да, қазақ, ноғайға дейін жеткізеді. М.Ж. Көпеевтің шежіресіндегі «Орта жүз тарихы», «Мейрам тарауы», «Бошан», «Сүйіндік», «Қуандықтан алтау туады», «Қуандықтың бір баласы Алтай», «Қаракесек» және тағы басқа тараушаларында Арғын тайпасының, оның құрамындағы жекелеген кейбір рулардың шежіресі өте жақсы тармақталады. М.Ж. Көпеевтің Орта жүздегі Арғынның руларының тармақталуын өзіне дейін жеткізуі, оның мәліметтерінің ғылыми құндылығын көрсетеді [5].

Т. Рысқұлов орта жүздің тайпаларын – қыпшақ, найман, арғын, қоңырат, керей және уақты атап өтсе [50, с. 12], ал Ж. Ақбаев осы тайпаларға қосымша тарақтыны жеке тайпа ретінде жазған [76, 158-159 б.].

Қазақ рулары мен тайпаларына, оның ішінде қыпшақ тайпасының рулық бөлінуіне қатысты өз пікірін білдіген қазақ зиялыларының бірі М. Шоқай болып табылады. Ол «Қазақ рулары хақында» (1931) атты мақаласында З. Валидидің еңбегінде Үш жүздің рулары туралы жазылған пікіріне сын көзбен қарап, ондағы адасушылықтар мен бұрмалаушылықтарды талдап жазады. Онда былай делінген: «Айтайын дегендерім: Заки бектің қазақ рулары жөнінде жазғандарына байланысты. Заки бек бұл салаға келгенде өз пікірін айтар, қазақтардың рулық құрылымы туралы тым аз білетін орыс

зерттеушілері мен этнографтарының ағаттықтары мен қателіктерін қайталаудан сақтанар де ойлауға болатын еді. Орыс этнографтарының осы мәселеге қатысты жазғандарымен біршама таныстығым бар. Сол үшін де өзім байқаған мына бір мәселені батыл айта аламын. Олардың бәрі де – Радлов, Крафт, Аристов және басқалары да – қазақтардың рулық құрылымына келгенде ағаттық жіберген. Ғылымға жат қателіктер өткізген.

Мысалға, Заки бектің орта жүзді руларға, қыпшақтарды арыстарға бөлуін алайын. Заки бек қазақтар арасында қатаң сақталатын рет тәртібін бұзып, орта жүзді былайша таратады: Керей, Найман, Арғын, Қыпшақ, Қоңырат. Дұрысы: Арғын, Қыпшақ, Найман, Қоңырат, Керей.

Осы ретпен атау қазақтар арасында қатаң сақталып келеді. Ерте кезде осы рет тәртіптің бұзылуынан жанжалдарға апарып соққан жәйттер де болған. Кеңес үкіметінің ықпалы әлі де әлсіз болып отырған жерлерде Арғын – аға, Қыпшақ – жаға, Найман – жең, Қоңырат – етек деп атау жалғасып келеді.

Бала кезімде Орта жүздегі жер дауына байланысты мынадай бір өлеңді естігенім әлі есімде.

«Тарақты нокта ағасы Арғын ағаң,
Найман жеңің болғанда, Қыпшақ – жағаң.
Айнала түп етегі жазған Қоңырат,
Сөз сөйле шалқақтамай біліп шамаң» [28, 302-303 б.].

Бұл үзіндіден байқап отырғанымыздай, М. Шоқай қазақ тарихын, оның ішінде рулар мен тайпалардың тарихын жазуда басқа халықтың өкілдерінің еңбектерін аса сақтықпен, саралай, салыстыра отырып пайдалану керектігін айтады. Яғни, қазақ тарихын қазақтың өзінен шыққан азаматтарынан басқалары артық жаза алуы мүмкін емес. Өйткені, кез-келген елдің тарихын жазу үшін, ең алдымен сол елдің тілін, салт-дәстүрін, тарихын, өзіне тән ерекшеліктерін білу керек. М. Шоқай өзі шыққан қыпшақ тайпасының таралуын өзіне дейін таратуы, оның еңбегінің құндылығын арттыра түседі. М. Шоқай Орта жүзге кіретін тайпаларды дұрыс, ретімен атап көрсеткенімен, уақ тайпасын жазбаған болатын.

Жалпы алғанда, қазақ ру-тайпаларының М. Шоқай айтып кеткендей, қоғамда алатын орны мен үлкендігіне байланысты аталу реті болатыны және оның ауызша шежіреде қатаң сақталатыны белгілі. Соған байланысты тарихшы Ж.О. Артықбаевтың мына тұжырымын келтіре кетсек: «На первый взгляд, этническая структура казахов представляется упрощенной моделью родо-племенных отношений. На самом деле она гораздо сложнее. Во-первых, действительно, казахи, как и все кочевые общества, имеют постоянный атрибут общественного организма лежит не просто суммарное число родов и племен, а функциональная иерархическая соподчиненность племен и их подразделений» [64, с. 11], - деп қазақ ру-тайпаларының белгілі бір ретпен аталатындығын көрсетеді.

Орта жүз қазақтарының этникалық құрамын ХІХ ғ. екінші жартысы – ХХ ғ. басындағы қазақ зиялыларының зерттеу еңбектерінің негізінде қарастыра келе төмендегідей қорытындылар жасаймыз:

- Негізінен барлық зерттеушілер Орта жүздің тайпаларын дұрыс атап көрсеткенімен, Ш. Уәлиханов уақ пен керейді Орта жүзге кейіннен қосылған тайпалар десе, ал М. Шоқай уақ тайпасын атамай кеткен;

- Жоғарыда талданған барлық еңбектердің маңызы зор, өйткені, зерттеушілердің басым көпшілігі Орта жүздің әр тайпасынан шығып, шежірені өздеріне дейін таратып жеткізуімен ерекшеленеді;

- Біз қарастырып отырған кезеңдегі қазақ зиялыларының ішінде қазақ тарихын, оның ішінде қазақ тайпаларының шығуын ежелгі дәуірлерден бері қарай зерттеп, қазақтың шежіресін толық жазуға тырысқан, өзіндік ғылыми тұжырымдары мен болжамдарын жасаған Ш. Құдайбердіұлы мен М. Тынышпаев болып табылады;

- Қазақ зиялыларының көпшілігі Орта жүздің құрамын дұрыс көрсеткенімен, тек М. Шоқай ғана олардың белгілі бір тәртіппен берілуін жазып, оның өте маңызы бер екендігін айтады.

Жоғарыда біз, Ұлы жүз бен Орта жүзге кіретін тайпаларды зерттеген зиялыларымыздың көзқарастарын қарастырған болатынбыз. Ал енді Кіші жүздің этникалық құрамын қарастырған зиялыларымыздың пікірлеріне төменде толығырақ тоқталамыз.

Қазақтардың этникалық тарихын талдауды алдымен Ш. Уәлихановтың еңбегінен бастаймыз. Оның «Шығармалар жинағында» Кіші жүзге қатысты былай деп жазады: «Меньшая орда состоит из двух коренных родов: алим-улы, бай-улы и из одного ... – джетыру; алчин собирательное имя всех родов Меньшей орды, так же как уйсунь – Большой» [100, с. 151]. Бұл үзіндіден көріп отырғанымыздай, Кіші жүздің әлімұлы, байұлы және жетірудан тұратындығын жазып, бірақ әлімұлы мен байұлына қандай тайпалар мен рулардың кіретінін анықтап жазбаған, тек жоғарыда жазып кеткеніміздей, Ш. Уәлиханов жетірудың құрамына уақ пен керейді жатқызған болатын.

Кіші жүздің ру-тайпалық құрамына қатысты Ш. Құдайбердіұлы өзінің “Түрік, қырғыз – қазақ һәм хандар шежіресі” атты еңбегінде: «Бұл күнде кіші жүз үш ру: әлімұлы, байұлы, жетіру деген. Әлімұлы алты ру: қарасақал, қара кесек, қытай, төртқара, шөмекей, шекті. Байұлы он екі ру: адай, жаппас, алаша, байбақты, масқар, беріш, таздар, есентемір, черкес, тана, қызылғұрт, шайығлар. Жеті рулар: табын, тама, кердері, керейт, жағалбайлы, тілеу, рамадан», - деп жазады [4, 34 б.].

Бұл жерде Ш. Құдайбердіұлы Әлімұлына кіретін алты руды атап көрсеткенімен, кете руы аталмай қалған, ал оның орнына қытай руын жазған. Мүмкін, Ш. Құдайбердіұлы кете атауын қателесіп, қытай деп жазған болар деп ойлаймыз. Сонымен қатар, Байұлына қатысты мынадай ерекшелігі бар: шеркешті – черкес деп жазса, ысықтың аталмай, оның орнына шайығлар руын атап көрсетеді.

Қазақ рулары мен тайпаларының шығу тегі мен ежелгі тарихын ғылыми негізде қарастырып, рулар мен тайпалардың шежірелік кестесін жүйелі түрде жасаған М. Тынышпаев былай деп жазады: «Младшую Орды составляют: алчын, состоящий из 3 групп: 1) байулы (адай, берш, алтын, джаппас, есентемр, таз, байбақты, тана, масқар, алача, кызылқурт, черкеш и ссык). 2)

Алим-улы (алим, чокей или чомень и кете). 3) Джетыру, т.е. семиродцы (табын, тама, джагалбайлы, телей, кердери, керейт рамадан)» [50, 68-69 б.].

Бұл үзіндіден көріп отырғанымыздай, М. Тынышпаев байұлы тайпаларын атап көрсеткенде, алтынды жеке тайпа ретінде жазады. Жаппас пен алтынға байланысты Х. Досмұхамедов былай деп жазады: «Байұлының ішінде алтын деген деген бір ру бар. Алтын қатынның аты екен. Алтыннан өрбіген тұқым алтын атанса да, жаппасқа кіреді. Алтын, жаппас болып атанады деп қарттар айтысады» [102, 105-106 б.]. Бұл жерден көріп отырғанымыздай, негізінде алтын жаппас тайпасының құрамында айтылып, кейде жеке де аталған. Сонымен қатар бұл екі тайпаның ұрандары да бірдей, яғни, «Баймұрат» аталуы да алтынның жаппасқа кіретінін көрсетсе керек.

М. Тынышпаевтың Әлімұлы туралы айтқан пікіріне келетін болсақ, Әлімұлы – әлім, шөмекей және кетеден тұрады деп жазса, енді бірде әлім-ұлы, шөмекей және кетені қаракесек тобына жатқызады [50, 100 б.]. Ал Жетіру тайпалық бірлестіктерін дұрыс атап көрсеткенімен, телеудің атын телей деп жазыпты.

Шежіренің атадан балаға ауызша беріліп, жетіп отыратыны белгілі. Қазақтарда өзінің руының тарихын, шежіресін жақсы білетін шежіре билер, ақсақалдар болған. Х. Досмұхамедов атақты ақын Мұратты өткенді білген шежіре дей отырып, оның шығармаларын талдап, өз пікірлерін білдіреді. Мұрат ақынның өлеңдеріндегі Кіші жүздің руларының аттарының келетінін жаза келе, олар туралы мынадай мағлұмат береді: «Жетіру мынадай жеті руға бөлінеді: 1) кердері, 2) табын, 3) тама, 4) жағалбайлы, 5) рамадан, 6) керейт, 7) телей.

Байұлы он екі атаға бөлінеді: 1) шеркеш, 2) ысық, 3) тана, 4) байбақты, 5) масқар, 6) қызылқұрт, 7) алаша, 8) адай, 9) беріш, 10) таз, 11) жаппас, 12) есентемір.

Әлім алты ата болады және әлімге шөмен (шөмекей), кете, о жырай деген рулар қосылады. Бұлардың бәрі әліммен бірге қаракесек болып атанады.

Шекті, назар, шүрен, тілеу, қабақ, қарасақал - әлімнен бөлінеді. Кете, о жырай, шөмен әлімнен шықпаса да, әлімге қосылып, жоғарғы рулармен бірге, әлімұлы деп аталады» [102, 105-106 б.].

Х. Досмұхамедұлы Кіші жүздің тайпалары туралы былай деп жазған: «Как известно, все казаки Младшей Орды принадлежат к племени «алчин», которое подразделяется на три крупных поколения: 1. Байулы, 2. Каракесек, состоящий из Алим и Чокей и 3. Жетыру (семиродцы)» [102, 42 б.]. Сонымен қатар Х. Досмұхамедұлының Жалаңтөс батырдың шежіресін жаза отырып, Әлімге қатысты былай деп береді: «Одно из этих родословных записана в 1920 году со слов известного знатока родословных старца Малдимана Шоштаева. По этой родословной Алим – Жаманак, Уланак, Карамашак (1), Айнык, Тегинбулат» [102, 73 б.].

Бұл үзінділерден көріп отырғанымыздай, байұлының он екі рудан тұратынын атап көрсетеді. Жетірудың тайпаларына қатысты да дұрыс мәліметтер берген. Бұл жерде пікірталас тудыратыны Әлімұлы және Қаракесек бірлестігіне кіретін тайпалар. Себебі, Х. Досмұхамедұлы әлім алты атадан

тұрады және оған шөмен, кете, ожырай рулары қосылады деп жазса, енді бірде, әлім мен шөмеке Қаракесек деп аталатын үлкен бөлімге бөлінетіндігін атап көрсетеді және М. Шоштаевтың мәліметі бойынша әлімнің – жаманақ, ұланақ, қарамашақ, айнық, тегінболат деп таралатындығын жазады. Шежіре бойынша, ожырай кете тайпасының бір тармағы болса, назар, шүрен, тілеу, қабақ шекті мен қарасақалдың рулары болып табылады.

Ал, «Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясындағы» Әлімұлының таралуына көз жүгіртсек, онда: «әлімұлына – жаманақ (шекті), қарамашақ (төртқара), айнық (қарасақал), ұланақ (қаракесек), тегінболат (қарасақал), тойқожаны (ақ кете) жатқызады [103, 676 б.].

Бұл жерден байқағанымыздай, әлімұлына кіретін тайпалар ретінде кете, шөмекей атаулары тіпті аталмаған. Х. Досмұхамедұлы Қаракесекті Әлім мен Шөмекеден тұрады деп жазса, бірде Қаракесекке әлім, шөмекей, кетені жатқызады. Біздің ойымызша, Х. Досмұхамедұлының Қаракесектің Әлім мен Шөмекей және Кетеден тұрады жазған пікірі дұрыс секілді.

Оны біз «Қазақ ру-тайпаларының тарихы». Қаракесек (Әлім, Кете, Шөмекей) атты еңбекте белгілі тарихшы Б.Б. Кәрібаевтың мына пікірімен дәлелдеуге болады деп ойлаймыз. Онда: «Екіншіден, тайпалық одақта алты айпа болған және Әлім атаның өз кіндігінен алты ұл тараған. Сол себепті де қалың көпшілік Әлімнің алты ұлы алты тайпаға негіз болған деп түсінген. Ал шындығына келгенде Әлімнің алты ұлынан төрт тайпа: Жаманақтан – Шекті, Қарашаманақтан – Төртқара, Айнықпен Тегінболаттан – Қарасақал, Ұланақтан – Қаракесек шыққан. Тойқожа атты ұлы Ақ кете деген атаумен Кете тайпасының бір бөлігін құраған.

Үшіншіден, Әлімнің ағасы Байсарыдан Кете, інісі – Шөменнен – Шөмекей тайпалары тарап, бұл екі тайпа алдыңғы төрт тайпамен бірге алтау болып Әлім тайпалық одағын немесе тайпалық бірлестігін қалыптастырған» [104, 71 б.], - деген қорытындыға келеді.

Т. Рысқұлов Кіші жүз Алшынға кіретін Байұлы, Әлімұлы және жетіру тайпалық бірлестіктерін атап өтсе [52, с. 12], ал, Ж. Ақбаев өзінің мақаласында: «Кіші ордаға (жүзге) Алшындар кіреді, олар үш топтан тұрады: Байұлы – шеркес, Беріш, Алтын, Адай, Жаппас, есентемір, таз, байбақты, тана, масқар, алаша, қызылқұрт және ысық; қаракесек, шөмекей (немесе шөмен), кете, қаракесек және тағы да екі тармақ қаратамыр, шекті, төртқара, шобан; жетіру (Жеті рудан құралған) – тама, табын, жағалбайлы, рамадан, телеу, кердері және керейіт [76, 158-159 б.], - деп әрбір тайпалық бірлестіктерге жеке-жеке тоқталған.

Бұл үзіндіден көріп отырғанымыздай, Ж. Ақбаев байұлына кіретін алтын мен жаппас тайпаларын жеке бөліп көрсетсе, ал әлімұлына жататын тайпалардың ішінен Қаракесекті екі рет атаған. Біздің ойымызша, бұл баспадан кеткен қателік, яғни қарасақалдың орнына қаракесек жазылып кеткен болар. Сонымен бірге Әлімұлына тағы екі тармақ қаратамыр мен шобанды жазса, жетіру тайпалық бірлестігіне кіретін тайпаларын толық және дұрыс таратады.

Патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау мақсатымен XX ғ. басында көптеген экспедициялар жіберіп, қазақтың «артық» жерлерін орыс шаруаларына беру үшін зерттеулер жүргізгені белгілі. Осындай экспедициялардың біріне қатысқан қазақ зиялысы – Ә. Бөкейхан болып табылады. Оның еңбектерінде үш жүздің рулары мен тайпалары, олардың орналасқан жерлері, қоныстары, адам саны жазылған. Оның ішінде Қарқаралы, Павлодар, Адай уездері қазақтарының ру-тайпаларының шежірелік кестелері, қыстаулары мен орналасқан жерлері, шаруашылығы, мал саны туралы біршама мәліметтер берілген. Ол Адай уезіндегі қазақтар туралы жаза отырып, Байұлына кіретін тайпаларды кесте түрінде береді. Байұлы: 1. жаппас, 2. беріш, 3. таз, 4. адай, 5. сұлтансыйық, 5. қызылқұрт, 6. масқар, 7. алаша, 8. байбақты, 9. тана. 10. шеркеш. 11. ысық, 12. естемір [11, 146 б.].

Кердеры один из семи родов: 1. Табын, 2. Тама, 3. Кердеры, 4. Керейт, 5. Рамадан, 6. Телеу, 7. Жагалбайлы [11, с. 144].

Ә. Бөкейхан байұлы мен жетіруға кіретін тайпаларды атап жазып, олардың таралу кестесін, шаруашылығын және т.б. анықтап көрсетеді. Ал, әлімұлын тек атап кетіп, оған кіретін тайпаларды нақты жазбай, кейбір рулардың (қойсары, ожырай) қыстаулары [11, 138 б.] туралы мәлімет беріп кеткен.

Жалпы алғанда, Ә. Бөкейхан Кіші жүзге кіретін тайпалық бірлестіктер мен тайпаларды дұрыс атап жазып, олардың шежірелік кестесін жасаған. Ал, байұлына қатысты пікірімізді білдірсек, байұлына кіретін он екі тайпаны дұрыс жазғанымен, бесінші реттік санда сұлтансыйық пен қызылқұрт тайпаларын бірге береді.

Сонымен Кіші жүз қазақтарының этникалық құрамын XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының еңбектерінің негізінде талдай келе біз мынадай қорытындылар жасаймыз:

- Біз қарастырып отырған кезеңдегі қазақ зиялылары Кіші жүздің тайпалары мен руларын Ш. Құдайбердіұлы, М. Тынышпаев пен Ә. Бөкейхан сынды ғалымдар өз еңбектерінде арнайы зерттеген;

- Қазақ шежіресіне қатысты алғаш еңбек жазған Ш. Құдайбердіұлының шежірені жақсы білгені байқалады, өйткені, ол кіші жүзге кіретін тайпалық бірлестіктер мен тайпаларды дұрыс бөліп, оларды дұрыс атап көрсеткен. Дегенменде ондағы кейбір тайпалардың аттары сәл өзгерістерге ұшырағанын байқаймыз;

- Әлімұлы бірлестігіне қатысты М. Тынышпаев пен Х. Досмұхамедұлының пікірлері бірдей болып келеді, себебі, М. Тынышпаев өзі жинастырған материалдармен қатар, дәрігер Х. Досмұхамедұлының мәліметтерін де пайдаланған болатын.

Қазақ ру-тайпаларын құрылымын қарастыруда қазақ зиялыларының еңбектері маңызды рөл атқарады. Себебі, онда ауызша шежірелер мен ғылыми зерттеулердің негізінде зиялыларымыз ру-тайпалық құрылымды арнайы қарастыра отырып, үш жүз қазақтарының этникалық құрамын мүмкіндігінше нақты жазып кеткен. Зиялыларымыздың ру-тайпаларын зерттеу себебіне М. Тынышпаевтың мына пікірі дәлел болады деп ойлаймыз: «...Қырғыз (қазақ-

ред.) халқының әрбір жеке руының шығу тегін, алдын-ала зерттемей, сондай-ақ оның кіммен және қандай уақыттарда бас қосқанын анықтамай қырғыз (қазақ - ред.) халқының тарихи тағдырының жалпы көрінісін көзге елестету мүмкін емес» [105, 3 б.]. Үш жүзге кіретін рулар мен тайпалардың құрамын, орналасқан жерлерін, олардың санын, таңбалары мен ұрандарын анықтап, зерттеп білуіміз болашақ ұрпақ үшін, Қазақ елі үшін қазіргі уақытта аса маңызды. Қазақта «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген мақал бар. Жеті атасын білу руын ғана емес, ата-бабасының тарихын білу болып табылады. Сондықтанда ұрпағымыз елін, жерін, қазақ жерінің тұтастығын сақтап, аман қалуы үшін руы мен өзінің шыққан тегін білуі керек.

1.2 Қазақ ру-тайпаларының орналасуы: тарихнамалық талдау

Қазақтар көшпелі халық болғандықтан, әр ру-тайпаның өзіне тиісті жаз жайлауға, қыс қыстауға көшіп-қонатын жайылымдары болатындығы белгілі. Сондықтан ру-тайпалар да өздерінің жайылымдарына байланысты белгілі бір территорияда орналасатын болған. Ал біздің қарастырып отырған кезеңіміз - XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басында қазақ ру-тайпаларының орналасуына байланысты мәліметтерді шежірелік мәліметтер мен қазақ зиялыларының жазып кеткен еңбектерінен аламыз. Себебі, ру-тайпалардың құрылымын жазған еңбектерде, әрине, олардың орналасқан жерлері де көрсетілетін болған. Сондықтан да осы мәселені төменде қарастыру барысында алдымызға мынадай мәселелер туындайды:

- ұлы жүз қазақтарының орналасқан жерлерін анықтау;
- орта жүз тайпаларының қоныстарындағы өзгерістерді қарастыру;
- кіші жүзді құрайтын тайпалардың орналасу аумағын көрсету.

Қазақ ру-тайпаларының орналасуына байланысты жазылған ұлт зиялыларының еңбектерін қарастыруда, алғаш Ш. Уәлихановтың еңбегіне тоқталамыз. Ол «Об управлении казахами большого жуза» атты мақаласында: «Достаточно взглянуть на карту и сообразить соотносительное положение сей страны с сопредельными землями и племенами, достаточно удостовериться, что весь край за рекой Чу до самых вершин гор Кунгей Алатай, Боролдайских и Каратауских занимается кочевьями кайсаков, преимущественно дулатовцами и джалаирами, принадлежащими Большой орде... [106, с. 21], - деп дулат пен жалайыр тайпаларының XIX ғ. екінші жартысында орналасқан жерлерінен мәлімет береді.

Ал «Дневник поездки на Иссык-куль» (1856) атты жазбасында Ұлы жүз тайпаларының орналасуы туралы мәлімет береді: «Верхнее течение Чилика служат постоянным зимовьем для киргиз; в прежние времена от Карабулака до Учбайсорн занимали сарыбагши, теперь же там зимует адбановский род кизилборк» [1, 264 с.]. ...В этих горах стояли адбанские роды айтбозум [1, с. 276]. В верховьях Талгара мы видели остатки кургана... Дулаты, чапраштинцы, как и дикокаменные киргизы, при нашем появлении бросались в горы – должно быть, казаки дали им хороший урок [1, с. 278].

Место от Коксу к Уйгенташу и по долине Крунбель составляют летнее кочевье адбанов и джалаиров. Адбаны зимуют в местности от Уйгенташа до

Кульджи, платя китайцам за пользование землей в год 60 лошадей [1, с. 282-284].

Сонымен қатар ол Ұлы жүздің тайпаларының орналасуы мен саны туралы жазғанынан біз ұлы жүздің басқа да тайпалары туралы мәліметтер аламыз. Онда былай жазылған: «Заилийский край занят двумя главными родами Большой Орды: албанами и дулатами с частью чапраштов, никогда отсюда не выходивших на правый берег Или» [1, с. 180].

Ал, Ш. Құдайбердіұлы «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегінде: «Балхаш, яғни теңіз көліне құятуғын Қаратал өзенінен Сырдария һәм Шыршық өзеніне шейін қаңлы – дулат нәсілі. ...Іле өзенінің сол тұс жағында ескі үйсін нәсілінен сары үйсін бар.

...және Ұлы жүздің шапырашты, ысты дегендері Алматыға [4, 68 б.] қарайды. Сіргелі мен ошақты Сырдарияға жақын, - деп ұлы жүзді құрайтын тайпалардың мекендеген жерін жазады.

«Қазақ» газетінде З. Ғайсин: Шымкент уезіне қараған 38 болыс қазақ бар екен. Көбі ұлы жүз, дулат. Одан қала орта жүз – найман, арғын, қыпшақ. Бұлардың бұрынғы кезде көшіп-қонып жүрген жерлеріне бұ күнде мұжық орнаған [43, 180 б.], - деп Шымкент уезінде ұлы жүздің дулат тайпасы орналасқан деп атай келе, олармен қоса найман арғын, қыпшақ тайпаларының орналасқандығын жаза отырып, олардың қонысының өзгергендігін айтады.

Ал, Т. Рысқұлов: «Роды старшей орды расположены главным образом в губерниях Туркестанской части Казакстана на пространстве между Караталом, Сыр-Дарьей и Чиричиком [52, с. 13], - деп ұлы жүздің орналасу аумағын көрсеткен.

Х. Арғынбаев: «XIX ғ. басында дулат руының көптеген аталары Шымкенттен бастап, Жетісу бойына, дәлірек айтқанда, Алмалық (кейінірек Верный, қазір Алматы) қалашығына дейін қоныстанды. XIX ғ. Ұлы жүз рулары көп сапырылысқан жоқ, әсіресе, Қазақстанның бүкіл жері Ресейге қосылғаннан кейін қазақ халқы рулары өздері қоныстанған өлкелерде қоныстана бастады [65, 43-44 б.].

«Қазақ ру-тайпаларының тарихы» атты зерттеуде тарихшы-этнолог Т.Е. Қартаева: «МКЗ мәліметтері бойынша Сырдария облысының Шымкент, Әулиеата уездерінде, Жетісу облысының Верный уезінде Дулат тайпасының қауымдары тығыз орналасқан. Сондай-ақ олардың азғана бөлігі Қопал уезі мен Пішпек уезі аймақтарында қоныстанғандығын да анықтадық [107, 216 б.], - деп жазады.

Қазақ ру-тайпаларының құрылымы мен орналасуын «Материалы по киргизскому землепользованию» атты жинақ негізінде зерттеген Н.А. Тасилованың диссертациялық еңбегінде: «Әулиеата уезінде негізінен ұлы жүздер Шу өзенінің сол жақ жағалауын, Таластың төменгі ағысындағы Ашын, Аққұлтұқ, Ағашақ, Ұйық, Ұшақты болыстары мен Шудың шығыс бөлігіндегі Черняев уезінің Қаракөл, Жанасу, Жылыбұлақ болыстарында мекендейді. Ал орта жүз қазақтары Сарыөзек, Қаратау, Құршу болысының бір бөлігінде тұрақтайды. Кіші жүз қазақтары Шудың төменгі ағысында Перовск уезімен шекараласқан тұстағы Құршу болысының бір бөлігі мен Черняев уезінің Шу

болысын мекендейді. Шудың оң жақ жағалауында Шу болысында ұлы жүз, арғын болысында орта жүздер қоныстанған,- деп дерек мәліметтерін келтіре отырып, бұл мәліметтерден біз нақты уездегі ру-тайпалардың шаруашылық санын анықтап, жергілікті тұрғындардың басым көпшілігі Ұлы жүз қазақтары екендігін айқындадық [92, 90 б.], - деп ұлы жүздің ру-тайпаларының негізгі қоныстарын нақты атап өткен.

Бұл жоғарыда айтылған пікірлерден байқайтынымыз, Ұлы жүздің ру-тайпалары негізінде өз ата-қоныстарында орналасқанымен, қоныс аудару саясатына байланысты қоныс аударушылардың көптеп көшіп келуіне байланысты көші-қон аумақтары тарылып, бірқатар өзгерістерге ұшыраған.

Орта жүз тайпаларының орналасуына байланысты зиялылардың көзқарастарына тоқталсақ.

Ш. Уәлиханов: «О баянаульском округе» (Письмо из Омска. 10 марта 1857 г.): киргизы Баян-Аульского округа имеют гордость происходить от неукротимого Мейрама. У Мейрама были два сына: Куандык и Сюундук. От первого произошли роды алтайский, карпыкский, токинский, входящие в состав Акмолинского округа, а от второго произошли роды айдабульский и каржасский, состоящие с бассентейнским родом один из смиренных волостей Баян-Аульского округа, - деп арғын тайпаларының орналасу жерін көрсетеді. Сонымен бірге «Зимние кочевки волостей Каркаралинского внешнего округа» атты еңбегінде: «Книга на записку летних стоянок-кочевков, принадлежащих волостям Каркаралинского округа» деп надан-тобықты, төлеңгіт, керей, тарақты көшім-байбөрі, жағалбайлы-байбөрі, жалықпас, Нұрбике-шаншар, айбике-шаншар, кара-әйтiмбет, әлтеке-сарым, қарсенкерней, қояншы-тағай, дүйсенбай-шекшек, карауыл-қамбар, мәмбетей-тобықты, жүзбенбет-тобықты руларының қысқы және жазғы жайылымдарын жазады [1, с. 340-348].

«Волости, составляющие Аягузский, Кокбектинский и внутренний округа Семипалатинской области»: «Аягузского: 1) Чого-Уваковская, 2) Сарман-Уваковская, 3) Туминская, 4) Есенгул-Садыровская, 5) Байгубек-Сивановская, 6) Джангубек-Сивановская, 7) Джангулы Семиз-Наймановская, 8) Каракирей Семиз-Наймановская, 9) Булатчинская, 10) Тогульбай-Садыровская, 11) Аталык-Матаевская, 12) Кендже-Капчагай-Матаевская [1, с. 349 б.].

Ал, Көкпекті болысының көпшілігінде наймандар тұрса, сонымен қатар керейлер (сыбан) де қоныстанғандығын көреміз Ал Ішкі болысында ергенекті, бәсентиін, қыпшақ тайпалары қоныстанған [1, 349 б.].

Ш. Құдайбердіұлы: «Осы күнде Орта жүз қазақтары Лепсі, Қапал ояздарында, олар Жетісу облысында және Семиполат, Ақмола облыстарында түгел бар және Сырдария, Торғай облыстарында бір бөлегі бар және Қытайға қараған қызай, байжігіттер бар. Орысқа қарағанның ең күншығыс жақ шетінде керейдің көбі бар» [4, 71 б.]. Бұл Дадан Тобықты Қарқаралы уезінде екі болыс ел - өзге тобықты Семейполат кезінде бес болыс ел» [4, 85 б.], - деп Орта жүз қазақтарының орналасуын жазады.

Қазақстанда Щербинаның басшылығымен «артық жерлерді» алу үшін құрылған экспедицияны жан-жақты зерттеген белгілі қазақ зиялысы Телжан

Шонанұлы былай деп жазады: «Щербина нормасымен зерттеліп шыққап 12 уездегі 100 мыңдай қазақ үйіне 17 миллион десятина қалдырып, 18 миллион десятинадан астам ауысқан «артық жер» переселен орнатуға кесіп алыну тиіс болды. Щербина санағына сеніңкіремей, әуелгі жылдары «артық» деп көрсеткен жердің 25%-ін ғана қазақтан алуға болды. Экспедиция «артық» деп көрсеткен жер де тез арада алынып болды. Соның үшін тағы қазақ түбінен шеміршек іздеп, 1907-11 жылдар арасында переселен мекемелерінің Кузнецовтарының жер кесіп алулары шыққан.

Щербина есебі отарлау жұмысына зор қызметін тигізді. Көрсетілген артық деген жерлері тез арада алынып бітті. Отаршылдар қайтадан артық жер табуға кірісе бастады [108, 152 б.].

Бұл бөлімді қорыта келгенде, жоғарыда келтірілген мағлұматтарымызға карағанда (бұлар, әрине, түгел емес, кем мағлұмат), үкімет өткен ғасырдың 80-жылдарынан бері қарай, өз қолымен қазақтан, дөңгелек есеппен 18 миллион десятина жер кесіп алған болады. Қала, жол, ол-пұлға кескен жерлерді қоссақ, 20 миллионнан аса жер кесіп алынған. Бұған атты қазаққа тартып алынып берілген бұрынғы 10 миллион десятинадан аса жерді қоссақ, қазақтан бас-аяғы 30 миллион десятинадан аса жер отарланған деу керек. Бұл қанша жер? Бұл Ақмола, Семей губерниялары мен Қостанай, Ақтөбе барлығының жерінің шамасында. Әрине, біздің 30 миллион десятина шамасы дегеніміз анық мағлұматқа сүйеніп айтқандағымыз. Ол мағлұматтарымыз ресми есептерден алынған. Ресми есеп әрқашан да кем көрсетпесе, санды артық көрсете алмайды. Щербина санағы бойынша, рас болса, ол екі губерния мен екі уезде 35 миллион десятина шамасында жер-су бар екен [108, 170-171 б.]. Мұнда Щербина экспедициясының қазақтың «артық жерлерін» алғандығы, соның нәтижесінде қазақ ру-тайпаларының қоныстары мен жайылымдарының азайғандығын көрсетсе керек.

Қазақстанда «артық жерді» анықтау үшін жүргізілген Ф. Щербинаның экспедициясына қатысқан белгілі қазақ зиялысы Ә. Бөкейхан болатын. Олосы зерттеудің нәтижесінде Орта жүз қазақтарының ру-тайпалық құрылымын және орналасу аймақтарын арнай зерттейді. Ол өзінің еңбегінде: «Киргизы, населяющие Павлодарский уездъ, принадлежатъ главнымъ образомъ къ роду Арғынъ и отчасти къ родамъ Кипчакъ и Найманъ. Какъ видно изъ нашей карты распределенія родовъ по территории уезда, Кипчаковцы занимаютъ небольшія пространства на севере уезда по правому и левую стороны реки Иртыша, а Наймановцы встречаются отдельными аулами среди чужихъ родовъ въ разныхъ пунктахъ уезда. Остальныя пространства уезда заняты родомъ Арғынъ. Арғыновцы, распадающіеся на большое число коленъ представлены въ уезде родами Мейрамъ, Басентійн, Канжигалы и Уак-Керей. Каждый изъ этихъ родовъ занимаетъ, за малыми исключеніями, одну сплошную территорию, - обстоятельство указывающее на то чо при заселеніи уезда киргизы приходили большими родовыми группами и селились вместе, а так же на то, что и теперь еще роды избегаютъ смешенія, а держатся вместе [11, с. 125].

М.Ж. Көпейұлы «Қазақ шежіресі» атты еңбегінде «бір шеті Шу мен Сарысудың аяғы, Телі көл, Тата, Ащы көл, Саумал көлде, бір шеті Есіл бойында Атбасар дуанына қараған Наймандар» [5, 42 б.], - деп найман тайпасының негізгі орналасу аймағын көрсетіп кетеді.

Сәдуақас Шорманов «Айқап» газетінде жазған мақаласында: «Павлодар уезі бұрын екі учаскеге бөлініп бірінші учаскесі уақ, бәсентин, найман елдері еді. Кейбіреулері бұрыннан Ертістің екі жақ арнасында, ... кейбіреулері «кабинетная земля» жерінде отырып... өздерінің ата-қоныс, айырым жерлерінде отыратын еді. Бірақ соңғы жылдарда сол жерлерге қақолдар көшіп келіп, орналасу себепті бұрынғы бір учаске бұ жылы төртке бөлінеді. Кейбір учаскеде бірақ болыс ел қалғаны да бар [42, 101 б.], - деп тайпалардың қонысының өзгергендігін көрсетеді.

Материалы по киргизскому землепользованию» дерегінде: «Атбасар уезінің қырғыздары (қазақтары – авт.) негізінен Орта жүздің 2 руына – Найман мен Арғынға тиесілі. Одан басқа онда қыпшақ, және Тама руы өте аз кездеседі, сонымен қатар бірнеше сұлтандар мен төлеңгіттер де бар.

Наймандар, негізінен уездің оңтүстік бөлігін мекендейді, және екі үлкен руға бөлінеді: Бағаналы және Балталы; Балталылар Сарыой және Құшқоңыр болыстарында кездеседі.

Арғын тайпасынан – Мейрам (Теңіз, Терісаққан, Қызылқұм болыстары), Алдияр (Терісаққан, Қызылкөл болыстары), екінші ұлы Сүйіндіктен Төртуыл (Терісаққан, Қызылкөл болыстары), төртінші баласы Шегендік Атбасар болысында, 5-ші баласы Қаракесектің ұрпақтары (Терісаққан, Қызылкөл, Қарауыл-Атбасар, Жарқайың, Кентөбе болыстарында), Тобықты (Атбасар бол.) және Тарақты Кеңтөбе болысында). Қыпшақ тайпасы Атбасар болысында кездеседі [40, 43 б.]. Бұл жерден байқап отырғанымыздай, Атбасар уезінде негізінен наймандар мен арғын тайпалары, ішінара қыпшақ тайпалары да кездесіп отырады.

Ә. Марғұлан өзінің «Наймандар» атты зерттеуінде найман тайпасының шығу тегін зерттеулер негізінде салыстыра отырып, олардың орналасуы туралы да құнды мәлімет қалдырады. Онда: «Географическое местоположение найманов таково: бағаналы, балталы – живут в Атбасарском уезде Акмолинской губернии в Кызылординском, Акмечетском и Чимкентском уездах Сырдарьинской губернии, садыр – в Лепсинском, Джаркентском и Копальском уездах Джетысуйской губернии. Подгруппа матай в Устькаменагорском, Лепсинском и большей частью в Зайсанском уездах. Кроме того, матай живут и в Китае. Остальные подгруппы найманов, как тортуул, карагерей, ергенекты (саржомарт) заселяют Зайсанский, Устькаменагорский, Бухтарминский уезды Семипалатинской губернии. Таким образом, как это сразу бросается в глаза, основной территорией всех найманских подгрупп, за исключением бағаналы, балталы, является юговосточная часть Семипалатинской губернии и соседняя часть Джетысуйской Губернии [56, с. 329], - деп әрбір найман тайпасының көші-қонын сипаттап жазған.

Солтүстік-шығыс қазақтарының тұрмысын зерттеген С.И. Руденко «Очерк быта Северо-восточных казаков» (1927) атты зерттеуінде: «Казак, о быте которых идет речь в настоящем очерке, населяют горную страну южного Алтая и степные пространства к югу от Алтая до хребта Монраки Сауров, иначе говоря, Бухтарминский и Зайсанский уезды Семипалатинской губернии. Принадлежат они к племени *найман* Средней Орды, и только те, что живут в Саурах – к племени *керей*. С *найманами* мы познакомились в горах Нарымских (Сарымсакты), в долине р.Бухтармы, в южных предгорьях (расположенных к северу от нее), в горах Алтайских, в степных долинах Черного Иртыша и его притоков Алкабек и Калжыр [56, с. 1], - деп көрсетеді. Бұл 1927 жылы жүргізілген зерттеу болатын. Осы зерттеуден біз найман мен керей тайпаларының орналасуын қарастырсақ, бұл тайпалар негізгі қоныстарында отырғандығын көреміз.

«Қазақ ру-тайпаларының тарихы» атты еңбекте: «XIX ғасырдағы найман тайпасы мен оның руларының қоныстанған шекарасын нақтылап, зердеден өткізу мақсатында көптеген зерттеулер мен жазба деректерді, экспедициялық материалдар мен статистикалық мәліметтерді кеңінен қарастырдық. Наймандардың қыстаудан жайлауға көшу ұзақтығы олардың қоныстанған өңірі мен дәстүрлі мал шаруашылықтарының сипатына қарай өзгерді. Қопал, Лепсі, Жаркент уезін қоныстанған наймандар көшудің «вертикальды» бағытын ұстанды», деп наймандардың Қопал, Лепсі, Жаркент уездерінде де қоныстанғандығын көре аламыз» [109, 245 б.], - деген үзіндіні оқимыз.

Сонымен қатар Семей уезіндегі наймандардың орналасуына тоқталсақ: “Терістаңбалы наймандардың Семей уезіндегі қоныстары да айтарлықтай жерлерді қамтыды. 1900 жылы Семей уезінде жүрген ауыл шаруашылығы санағы дерегін негізге алар болсақ, Кокон болысының 8-ші әкімшілігіне қарасты терістаңбалылардың үш ауылы Жайма қыстауында отырған. Семейдегі терістаңбалылардың келесі бір қауымы Делбегетей болысының 4-ші әкімшілігіне бірігіп, 5 шаруашылық ауылды құрап, Шар өзені бойындағы Қарнауши, Қаракөмер, Қостерек, Ақтұмсық қыстауларында қыстаған. Бесқарағай болысы жерінде терістаңбалылар 7-ші әкімшілік құрамында болып, Шарбақты қыстауында ХҮІІІ ғасырдың орта кезінен бастап отырған. Ал, Аққұм болысында терістаңбалылар Қарабас және Қопа көлдерінің бойын, Терісайрық, Мамыр, Қосқарағай және Даубайағаш қыстауларында қоныстанды. Семейдегі терістаңбалылар 5 мамырдан Майтөбе жайлауына көшіп, 1 қазаннан қыстауларға қайтып оралған. Тағыл сайынан егістік жерлер, Бидайық сайынан шабындық жерлер иемденген. Сондай-ақ терістаңбалылар Семит болысы жерінде де қоныстанды.

Белағаш, Аққұм, Семит болыстарындағы терістаңбалылар қыстауда отырған кездерінде малдың қыстық жайылымы үшін 1-ші қазаннан 1-ші сәуірге дейін бірге отырып, жыл сайын Больше Владимирский поселкесіндегі шаруалар қоғамына 25 сом салық төлеген. Жайылым көлемі қыстаудан солтүстікке қарай $\frac{1}{2}$ шақырым, оңтүстікке қарай да $\frac{1}{2}$ шақырым, шығысқа қарай 1 шақырым, батысқа 2 шақырым көлемнен аспауға тиіс болды. Бұл

наймандардың өздерінің атақонысында жайылымдық жерлердің тарыла түскендігінің тағы бір дәлелі.

1910 жылы Сырдария облысының Әмудария округінде жүргізілген ауыл шаруашылығы санағы кітабын негізге алсақ Наупыр болысында ішінара терістамғалылар кездесетінін көреміз. Әмудария округіне терістанбалылар Сырдария өңірінен баруы мүмкін. Сырдария өзені маңындағы Жиреноба деген жерде Келбұғадан тараған Әлсейіт және Жансейіт ұрпақтары тұрады [109, 305-308 б.].

Атбасар жеріне ру-тайпалардың қоныстануының басталуы ХІХ ғасырдың бас кезі мен ХҮІІІ ғасырдың аяқ кезіне саятындығын экспедициялық материалдар да нақтылай түседі. 1897 жылы статистмамандарға жергілікті ру басылардың айтуы бойынша Атбасардың солтүстік бөлігі, солтүстік аңғардағы, Көкшетау уезінің оңтүстік бөлігіндегі және Шу өзені бойындағы көшпелі тайпалардың, оңтүстік бөлігі Сыр аңғарындағы көшпелілердің жайлаулары болған. Бірте-бірте жайлаудағы көшпелілер Атбасардың таулы аңғарларында қыстауға қала бастаған. Осылайша солтүстік тайпалар, Атбасардың солтүстігінен қыстаулар иемдене бастады. Қоныстанудың бұл жүйесін 1830 жылдардағы Кенесары Қасымұлының көтерілісі бұзған. Көтерілістен титықтаған бағаналылар Атбасардың оңтүстік бөлігіне Ұлытау аңғарына келіп тұрақтай бастады. Бағаналы наймандар ішінара уездің солтүстік-батыс бөлігінде Есіл өзені аңғарында қыстаған.

Бағаналылардың ХІХ ғасырда тұрақты қыстау иемденулері Әкімшілік Ережелердің жүзеге асуымен байланысты болды. 1859 жылға дейін бағаналылар Орынбор Ведомстволығының қарамағында, ал 1859 жылдардан кейін солтүстік пен шығысқа қоныс аударуына байланысты Сібір ведомствосына көшірілді. 1867-1868 жылдары Сырдария және Ақмола облыстары құрылған кезеңде бағаналылар Сарысу өзенінің оңтүстікке бұрылатын жеріне дейін, сондай-ақ Саумалкөл, Телікөл көлдері бойына дейін барды. Қыс кезінде бағаналылар мал жайылымы үшін Перовск мен Жөлек аралығындағы тоғайларға, тіпті одан әрі Қызылқұмға дейін, Шу өзені жағалауындағы құмдар мен Қаратау тауының батыс қыраттары етегіне дейін барған [109, 321-324 б.].

Жаңақорған уезінде қоныстанған (сунақ, арғын, найман, қоңырат, қыпшақ, бақтияр, сұлтан) тайпалар Құмсаба бұлақты, Бозғұт, Киікарал, Қаналы, Жалпақтал, Майызда, Шиіл, Бұқарарал Тартоғай, Қарғалы, Алакөл Бозғұл, Қарауылоймақты, Бесқазак, Ақшығанақ, Киікқырған, Төлепарық, Ерікөлқыдыр, Бабасейіт, Дижанама, Шебілді, Қыржынтөбек, Бестамақжидала, Ақсүмбе, Бисара, Бесқұлақ, Жижала, Ақжайнал, Қылталдысидыл, Қырықзиян, Зиалма, Дұсабүгіл, Кіржайың, Ақсүмбек, Арысландық жама, Орал қыстауларында қыстаған; Жайлауға Жетітөбе, Ақсүмбек, Ақмылтық, Бесқуан, Айнакөл, Тамғалы, Бұйдық, Қутан шымсен, Қатынқұм, Бақтықарын, Төс, Бұлақ арқылы көшіп Құбыла, Сарыкенгір, Қаракенгір, Құрғалжың жайлауларына барып тоқтап, Сібір ведомствалығы жеріне дейін жеткен [109, 334-346 б.].

Сырдария бойынан құмды алқаптарды кесіп өтіп Торғай бойына, солтүстік - батысқа, одан Оралға дейін созылып жатқан «Сәтбай жолы» тарихи

дәуірлерде сауда керуенінің жолын қамтамасыз етсе, кейін осы жол Сыр бойындағы жаппас, табын, арғын, найман т.б. тайпаларының көш жолын қамтамасыз етті. Сәтбай жолының топографиялық ерекшелігі, жолдың дұрыс және тура бағытпен салынып, көбінесе табиғи су көздері бар, көгалды, жайылымы кең жерлерді басып өтетіндігінде [109, 348-350 б.].

Көшпелілердің батысқа, Қостанай жайлауларына қарай бағыт алған көшпелі қауымының құрамында Қараөзектік наймандардың да болғандығын, тағы да статист мамандардың жазбалары арқылы дәлелдеп отырмыз. Сәтбай жолы, Тау жолының батысында жатыр. «Сәтбай жолы» бойынша көшу бағыты келесідегідей бағытпен жүрген: Сырдария бойы - Қарақұм-Ақжота құмы-Құрмайқ-Дариятам-Сұлутам-Мадияртам-Сортөбек-Бескемпір-Дариялық-Бөртескен-Қарой-Сайқұдық-Мыңбұлақ-Лоқылдақ-Қаракөл-Мойынқұм-Тазтемір-Ақшілік-Қожамбай-Аймырза-Ақмолалы өзек- Жыңғылөзек-Айдарлықұм-Тесене-Есенкелді-бидайық-Зорқала-Ақсай-Еңсеқопа-Баймұратөзек (Алабасқа құяр тұсы)-Қызылжар-Құрақбай-Бозінген-Бесбидайық-Уәлі Тойпақ (Торғайға өтер тұс) -Айнакөл-Қосбидайық- Сарыөзек (Қабырға өзені) -Сала сайы- Шаштыраз (Қостанай уезі) [109, 351-353 б.].

Ал, Приречная, Скобелев болыстарының наймандары солтүстік-шығыс Қаратауға қарай бағыт ала отырып, Телекөл арқылы Сарысуға қарай көшкен, Перовск уезінің Бикесары, Дариялық тақыр, Арысқұм өңірлерінде қыстаулар әкімшілік жағынан Телекөлге қараған. Скобелев, Приречная болысына қарасты наймандар ауылы бұл жердегі Тасқұдық, Қосмөнке деген жерлерге көктеу, күздеу ретінде тоқтаған. Жайлауға баратын жол осы жерден өткен. Телекөл болысындағы наймандар болса, тікелей солтүстікке бағыт алып оларда Сарысуға барып тоқтаған [109, 354-356 б.].

Перовск уезі наймандарының жоғарыда аталған қыстаулары Сырдария өзені жағалауындағы тоғайлы қамысты жерлерде қоныстанды. Қойлары мен түйелерін қыстың кей күндері Қызылқұмға қарай айдады, өздері ауыз суға қар суын пайдаланды. Жөлек, Головачев, Сарышығанақ, Сарысу болыстарындағы қазақтар жайлауға Ұлытау, Кішітау етегіне және Сарысу төңірегіндегі Қаражарға қоныстанды. Ұлытау мен Кішітаудың етегі Перовск наймандары үшін әрі қыстау, әрі жайлау болды, сол себепті де Қаражар елді мекенінен басқа көшпелілердің Сарысу жағалауына ерте көшулеріне тура келді. Сарышаған болысының түйелері өзендегі судың жылылығынан және сонаның көптігіне байланысты, Сырдария жағалауына 15 тамыздан ерте келулеріне болмады. Сыр бойындағы наймандардың көшпелі өмірінің бейнесі 1872 жылы Г.Загряжский жазған “Очерки Перовского уезда” атты мақалада көрініс тапқан. Онда: “ ... Көшпелілер қыстауға да малға ыңғайлы таза, суға жақын жерді қарастырды. Кейбір жағдайда қыста да Сыр жағалауынан ыққа, Ұлытау жаққа көшуге тура келеді. Қыстаудан кері жайлауға көшу наурыздың басынан басталады, бұл кезде қойларды Қызылқұмнан Сырдарияға қыр арқылы өткізуге болады. 25 наурызға қарай көшпелілер Сарысуды жағалап жүріп отырды. Жөлек болысының көшпелілері Шу өзені арқылы, Головачевская және Сарышаған болысының көшпелілері Телекөл және Телікөлата арқылы көшеді. Бұл жайылымдарда сәуір айында жас шөп көп болғандықтан қыстан шыққан

малдың күйін келтіру мақсатында, осы жерлерде уақытша тұрақтады. Ал, Көлтөбе жайылымы, Билек ата бейіті арқылы Шақпақ төбеге одан әрі, Жаманқорғанға жетіп бұл жерде мамырға дейін қоныстанды. Одан әрі Мойынқұм, Ақаяқ жайылымы арқылы Жырқамысқа келіп бұл жерде мамырдың аяғына дейін Қаражарды жайлап, Сырдария бойына кері қайтады да, Сарысуға Ескідария арқылы жетеді. Ал, Ұлытау және Кішітауға қарай көш бастағандар, мамыр айында Көкалажар арқылы жетеді. Ұлытау мен Кішітау жайлауларындағы қазақтар Сырдария жағалауларындағы қазақтар Сырдария жағалауына қыркүйекте қайтып оралды...”, - деп жазылған [109, 360-364 б.].

Сыр бойы тайпаларының көшпелі өмірінің 1930 жылдарға дейін жалғасқандығын жоғарыда айтып өткен, 1925 жылы Қызылорда уезінің қазақ ауылдарында Орталық Статистикалық Комитет жүргізген зерттеу материалдары дәлелдей түседі. Зерттеушілер 1926 жылы Қызылорда уезінен төрт шақырым жерде орналасқан наймандардың «Төлес» ауылында болып, ауылдың мамыр айының бас кезінде жайлауға көшкендігін, қыстауға күзде ғана оралатындығын, сондай-ақ ауыл көшінің егістік, шабындық, жайлауға тоқтағандығын жазған. Мұндағы көңіл аудартатын бір дерек «ауыл мүшелері қыстаудан көшіп, жаздық киіз үйлерін қыстаудан бірнеше шақырым жерге тікті», - деуі. Жайлаудың қашықтығы қыстаудан 4 шақырымдай болды, бұрын Сыр бойы қазақтарының көшу қашықтығы 800-1200 шақырымды құрағанын ескерсек, бұл ауыл көшпелілерінің көшу қашықтығының әлдеқайда қысқарғандығын және көшпеліліктен отырықшылыққа ауысу процесінің жүріп жатқандығын дәлелдейді [109, 368-370 б.].

Сыр бойындағы Орта жүз рулары осы жерді мекендеген Кіші жүз тайпаларынан қоныстану және көшіп-қону жағынан өзіндік ерекшелігі болды. Біріншіден, олар Шымкент уезінің солтүстік және оңтүстік батыс бөлігіне, Перовск уезінің оңтүстік-шығыс бөлігіне, яғни Сырдарияның орта ағысы тұсына қарай шоғырлана орналасты, ал, Қараөзек өңірінде ішінара қоныстанды; екіншіден жайлауға Кіші жүз тайпаларының негізгі бөлігі «Сәтбай жолы», «Тау жолы» бағыттарымен Батысқа қарай көшсе, Орта жүз тайпаларының негізгі бөлігі Қазақстанның орталық бөлігіндегі жайлауларға, бір бөлігі Қаратау бөктеріне бағыт алды, қалған бөлігі алысқа кетпей қыстауға жақын маңда көшіп-қонды, үшіншіден Кіші жүз тайпаларына қарағанда Сыр бойындағы Орта жүз ауылдарында ХІХ аяғы мен ХХ ғасырдың басында отырықшылық басым болды. Сыр бойындағы наймандарды бағаналылыармен қатар, балталы руы да құраған [109, 375 б.].

Найманның балталы, бағаналы бөлімдері бір атадан Елатадан тарайды. Балталы, бағаналы наймандардың атақоныстары да көршілес орналасты.

Балталылардың негізгі дені Атбасар уезінің оңтүстік бөлігіне қоныс тепкен. Атап айтқанда Балталы наймандар Атбасар уезінің Сарысу және Құмқоңыр болыстарында орналасқан. Атап айтқанда Атбасардағы балталы наймандар бегіс және мардан аталарынан тараған [109, 377 б.].

Атбасардың Құмқоңыр болысының 3-ші әкімшілік ауылы болығымен балталылар. Әкімшілік құрамындағы балталының қлы атасынан (балталы-мардан-тәжі-ибас-қлы) тараған әулеттердің өзі 28 шаруашылықты құрады.

1897 жылғы санақ кітабын негізге алар болсақ қлылар шаңырақ болған. Қлы ауылдары қыста Ақкөл, Керейқұйған төбе, Сарыбан Сауыт, Ұзынқамыс, Қозғанқаракүн, Аралкүн, Бесқорда, Сарықамыс, Қозғанқон, Бегерқұл, Құлыншакмола, Жиекжал, Құйғанбұлақ, Шеңгелдіқон, Аралкүн, Қызылтас деген жерлерде қыстаған [109, 380 б.]

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, қазақ зиялыларының қазақ ру-тайпаларының орналасуына байланысты айтылған пікірлері статистикалық зерттеу еңбектеріне сай келетіндігін көреміз.

Балталының мардан тармағынан өрбіген келесі қауым Сарысу болысының 3-ші әкімшілігін толығымен дерлік құраған еді. Әкімшілік құрамындағы мардан және қлы ауылдары 46 шаруашылықты құрап, 1897 жылы 139 шаңырақ болған. Қлыдан үсен, одан тестемір мен бексейіт әулеттері өрбіген. Ал таңатар атасынан кошқар, одан шебентай, одан жанұзақ, одан мұстафа, одан жанқараш әулеттері тараған. Қауым қыстаулары Қарабатыртам, Бойтеректам, Қызылтас, Көкмола, Шилікүн, Аралқон, Айдарлықамыс, Көпмола, Бегеркөл, Жалотқүн, Жанқамысмола, Еспеқұйлыс, Маралқалпақши, Батырбас мола, Суықбасмола, Құйғанбұлақ, Сымтас сияқты жерлерде салынып, жайылымдық жерлерді Шу, Сарысу өзендері аңғарынан және Шілікті бұлақ басынан иемденген [109, 382 б.].

Кіші жүздің тайпаларының орналасуына келетін болсақ, біз мұнда Ә. Бөкейханның, әсіресе Х. Досмұхамедұлының еңбектеріне баса назар аударамыз. Себебі, аталған зиялылар Кіші жүз тайпаларының орналасуын арнайы қарастырған болатын.

Ә. Бөкейхан: «Две волости, Уильская и Казыбекская из рода Байулы (Таз и Ысых), находятся в районе г. Уила. Три волости Шомышты – Табын занимают восточную часть Адаевского уезда от самой южной границы до района г. Темир (Каракамыс). Часть шомышты – Табын зиму проводят на песках Сам, а другая часть на границе с Каракалпакской Автономной Областью. Остальные 22 волости и составляют род Адай. Из них три волости: Тайсойган-Сагыз, Шыйлы-Сагыз, и Эмбы-Сагыз составлены из выходцев разных родов адай и других родов: байулы, алимулы, и табын. Волости эти находятся в бассейне рек Уил (Ойыл), Сагыз, и Эмба (Жем) [11, с. 137], - деп кіші жүздің тайпаларының орналасуын көрсетеді.

Ал Х. Досмұхамедов болса Кіші жүздің тайпаларын төмендегіше орналастырады: Кердері – Орал үйезінде, табын – Орал мен Ақтөбе үйездерінде, тама – Орал, Ақтөбе Атбасар, Түркістан үйездерінде, жағалбайлы – Қостанай мен Атбасар үйезінде, рамадан – Ташкент үйезінде, керейіт – Ақмешіт үйезінде, телеу – Ташкент үйезінде, аз-кем Әулиеатаның төңірегінде һәм Ілбішін үйезінде бар. Бөкейлікте табын, тама бар.

1) Шеркеш – Гурьев үйезі мен бөкейлікте 2) ысық – Гурьев пен Ілбішін үйезінде, Темір үйезінде де, Бөкейлікте де азын-аулақ ысық бар. 3) Тана – Ілбішін мен Бөкейлікте, Темір үйезінде де, Ақмешіт үйезінде де азын-аулақ тана бар. 4) Байбақты, қызылқұрт, масқар, алаша – Ілбішін мен Бөкейлікте. Қызылқұмда да алаша бар. 5) Адай – Маңғышлақ үйезінде тұтасымен. Темір үйезінде 3 болыс, Шағамда екі болыс, Гурьевте бір болыстай адай бар,

Бөкейлікте де адай бар. 6) Беріш – Гурьев үйезі мен Бөкейлікте. Бөкейліктегі рулардың ішіндегі ең көбі беріш. 7) Таз – Гурьев үйезінде. 8) Жаппас – Ақмешіт үйезінде, Бөкейлікте де жаппас бар. 9) Есентемір – Гурьев пен Ақмешіт үйезінде. Бөкейлікте де аздау таз бар, есентемір бар.

Әлімұлы тұтасымен Темір, Ырғыз, Қазалы үйездерінде [110, 96 б.].

Осы айтылған пікірлерімізді нақтылай түсу үшін Торғай облысы Ақтөбе, Ырғыз, Николаевск, Торғай уездеріндегі 1894 ж. қатысты ру-тайпалардың орналасуы мен шаңырақ саны туралы мұрағат мәліметтерінен құнды мәліметтер аламыз. Ол мәліметтер осы аталған уез болыстарының жинаған және мөрімен бекітілген материалдарынан тұрады. Осы мәліметтерге дәлірек тоқталсақ.

Торғай облысы қазақтарының қысқы қыстаулары мен жазғы жайлаулары туралы 1894 ж. 9 мамыр – 23 шілде аралығындағы ауыл мен болыстар саны көрсетілген уездер жайында мына 1 кестеден көруге болады [47, 1-4 пп.].

Кесте 1

Уездер мен болыстар атауы	Ауыл саны	Шаңырақ саны	
Ақтөбе уезі			
1	2	3	4
Ақтөбе болысы	6	1112	Табын 439 Жағалбайлы 376 Тама 143 Кете 91 Сұлтан – 54 Уақ – 7 Шекті - 2
Аралтөбе болысы	7	1556	Жағалбайлы – 1376 Төтқара – 172 Арғын – 5 Сұлтан - 3
Бөрті болысы	8	2218	1. Тама – 1720 2. Табын – 150 3. Шекті – 182 4. Кердері 30 5. Уақ 40 6. Байұлы – 30 7. Шөмекей 10 8. Төртқара 6
Бөрілі болысы	5	1188	Тама – 968 Кете – 160 Қаракесек - 60

1 - кестенің жалғасы

1	2	3	4
Бестамақ болысы	8	1626	Тама – 344 Шекті – 181 Кете – 380 Табын – 317 Қаракесек – 405 Телеу – 6
Қаратоғай болысы	10	2578	Тама – 1589 Табын - 989
Тұзтөбе болысы	7	2122	Табын 1602 Тама – 230 Шекті – 74 Кете – 100 Сұлтан – 23 Байұлы 20 Табын 1695 Тама 230 Шекты 74 Кете 100 Сұлтан 23 Барлығы 2122
Ойсыл Қара болысы	8	1529	Жағалбайлы – 1100 Тама – 250 Қаракесек – 50
Қобда болысы	11	2433	Табын – 2044 Шекті – 104 Уақ – 104 Кердеріы – 74 Тама 69 Кете – 23 Қаракесек – 5
Теректі болысы	9	1836	Жағалбайлы – 1820 Кете - 16
Николай уезі			
Сарыой болысы	6	1649	Қыпшақ – 1300 Жаппас – 350
Кеңарал болысы	4	1446	Қыпшақ– 1438 Сұлтан – 8
Мендіқара болысы	4	1618	Керей - 1618
Қарабалық болысы	7	1146	Қыпшақ - 6 ауыл Жаппас - 7 ауыл
Арақарагайская болысы	8	1632	Қыпшақ – 1432 Жаппас – 200
Обаған болысы	4	842	Арғын - 842
Шұбар болысы	8	2189	Қыпшақ – 1737 Жаппас – 452

1 - кестенің жалғасы

1	2	3	4
Дамбар болысы	6	1402	Қыпшақ – 797 Жаппас- 550 Жағалбайлы – 55
Аманқарағай болысы	7	1940	Арғын – 1825 Қыпшақ – 95 Керей – 20 Сұлтан - 5
2-ші Сүйіндік болысы	8	1368	Жағалбайлы - 1368
1-ші Сүйіндік болысы	6	1234	Жағалбайлы – 1233 Сұлтан - 1
Бестөбе болысы	5	930	Жаппас – 600 Жағалбайы – 32 Телеу – 311 Сұлтан – 2 Керей – 4 Байбақты – 8 Керейт – 6 Қожа - 5
Жетіқара болысы	9	1851	Жағалбайлы 1751 Серкеш – 64 Тама - 36
Құшақ болысы	6	1259	Жағалбайлы 1239 Сұлтан – 20
Ырғыз уезі			
Талдық болысы	10	1773	Төртқара 1773
Бақай болысы	6	1286	Төртқара – 1236 Шекті – 50
Аманкөл болысы	8	1367	Шөмекей - 1395
Кенжеғара болысы	7	1393	Шөмекей – 850 Жағалбайлы – 150 Алтын – 85 Телеу – 50 Жаппас - 10
Қызылжар болысы	6	1185	Төртқара - 1185
Темірастау болысы	8	1231	Шекті 435 Төртқара 480 Қаракесек – 309
Тәуіп болысы	7	1570	Шөмекей – 1150 Телеу – 75 Керейт – 35 Төртқара – 14 Сұлтан – 4 Алтын – 245 Арғын – 5

1 - кестенің жалғасы

1	2	3	4
Шеңгел болысы	4	1167	Шекті - 1167
Толағай болысы	9	1660	Төртқара - 1661
Ордақонған болысы	6	1338	Шекті – 1338
Қабырға болысы	6	1393	Шекті – 1047 Қаракесек – 400
Құланды болысы	6	1271	Шекті – 1271
Торғай уезі			
2-ші Наурызым болысы.	5	1277	Арғын - 1277
Түсіп болысы	8	2377	Арғын – 2277 Жаппас - 100
1-ші Наурызым болысы	5	1126	Арғын - 1126
Майқара б.	5	1118	Арғын - 1118
Шұбалаң б.	7	1284	Арғын – 1272 Сұлтан - 12
Қарақопа б.	5	1043	Арғын – 1043
Қарақоға б.	7	1506	Қыпшақ – 1462 Арғын - 50
Қараторғай б.	3	955	Қыпшақ – 900 Арғын – 55
Сарыторғай б.	6	1197	Қыпчак – 460 Арғын - 737
Жыланшық б.	9	1701	Қыпчак – 1654 Сұлтан – 10 Найман – 37
Қызылжангел б.	5	1281	Найман – 128

Жоғарыда келтірілген кестеге талдау жасасақ: Ақтөбе уезінде Жағалбайлылар, табындар және тамалар көптеп қоныстанғандығын көреміз.

Сонымен қатар мұрағат мәліметтеріне назар аударсақ, онда Қобда болысының ру-тайпаларының орналасуы мен олардың үй саны туралы мына мәліметтерді аламыз: № 1 ауылда 181 шаңырақ, оның 2 шаңырағы байұлы, 4 шаңырақ уақ, 5 шаңырақ қожа, 11 шаңырақ кете және 159 шаңырақ табын, Итқырылған, Ащысай, Ақсуат және Ащықұдық жайлауларында барлығы 5 ру қоныстанады;

№ 2 ауылда 326 шаңырақ бар, оның 3-і кердері, 4 шаңырақ байұлы, 6 шаңырақ кете және 303 табындар және 10 шаңырақ оқырай, Қарағанды өзені бойында, Итқырылған және Ащысайда барлығы 5 тайпа бірге қоныстанады.

№ 3 ауылда 317 шаңырақ бар, оның 2 шаңырағы кете, 16 шаңырақ тама және 299 шаңырақ табын, Қарағанды өзені бойында, Жарсай, Ақшатсай,

сегізсай, Тайпақ өткел және Үкілі сай жайлауларында 3 тайпа бірге өмір сүреді.

№4 ауылда 302 шаңырақты табын тайпасы құрайды, олар Бастайсай, Жарсай және Шаянды жайлауларында көшіп-қонады.

№5 ауылда 212 шаңырақ бар, оның 13 шаңырағы тама и 199 шаңырағы табын. Тамалар Сары және Сарымолада қоныстанса, қалғандары Қарамоласай, Ақой және Керегеде қоныстанады.

№ 6 ауылда 231 шаңырақ бар, оның 63 шаңырағы әлім, 16 шаңырағы табын, барлығы 2 тайпа өмір сүреді. Біріншілері Аққұдық пен Құмдысайда, ал соңғылары Қарақұмда, Жамансайда, Ауданқұдық және Аққұдықта қоныстайды.

№ 7 ауылда 262 шаңырақ бар, оның 14 шаңырағы тама және 248 шаңырағы табын, барлығы 2 тайпа бар, алғашқылары Жарықбас жайлауында, ал соңғылары Жарықсай, Сабынкөл, Бұғынбай және Қарабұлақта қоныстанады.

№ 8 ауылда 119 шаңырақ бар, оның ішінде 4 тшаңырақ кете, 11 шаңырақ тама, 104 шаңырақ табын, алғашқы екі тайпаның жайлаулары Қараланда болса, ал соңғысының жайлауы Шірмеген, Ақсуат және Босбайшолақта.

№ 9 ауылда 203 шаңырақ бар, оның 4 шаңырағы сұлтан, 17 шаңырағы тама, 71 шаңырағы кердері және 121 шаңырағы табын, барлығы 4 тайпа қоныстанады. Екіншілері мен үшіншілерінің қоныстары Терең құдық пен Сарықұдықта болса, біріншілері мен соңғылары Қарағандысай мен Шойқұдықта қоныстанады.

№ 10 ауылда 175 шаңырақ бар, оның 2 шаңырағы Қаракесек, 3 шаңырағы жанқылыш, 40 шаңырағы тама және 130 шаңырағы табын. Барлығы 4 тайпа қоныстанады. Бірінші, екінші және төртінші тайпалар Сүремсай, Кеңқұдық, Шұбарсайда қоныстанса, үшінші тайпа – тама Ақмоласайда қоныстанады.

№ 11 ауылда 114 шаңырақ, оның ішінде 3 шаңырақ Қаракесек, 11 шаңырақ табын, 100 шаңырақ уақ, барлығы 3 тайпа қоныстанады. Бірінші және соңғы тайпаның қоныстары Әйтенсай, Молада болса, табындар Ақсуатта., болыста барлығы 14 ру - 3 шаңырақтан тұратын жанқылыш (шекті), 4 шаңырақ Сұлтания, 5 шаңырақ қаракесек, 5 шаңырақ қожа, 9 шаңырақ байұлы, 104 шаңырақ уақ және табын 2044 шаңырақ.

Қобда болысының билеушісі Т. Ақмұрзин [47, 11-12 л.].

Яғни, бұл мәліметтен Қобда болысының негізгі бөлігін табын тайпасы құрағандығын көреміз. Сонымен бірге уақ, байұлы, қаракесек руларымен бірге, қожалар да ішінара қоныстанған.

Ал, Ақтөбе уезінің Бөрілі болысының басқарушысы М.Чунктовтың мынадай мәліметтеріне назар аударайық: «Сведение о числе родов в волости и о числе кибиток каждаго отдельнаго рода, места кочевков каждаго рода и отделения на Бурлинской волости Актюбинскаго уезда» атты 2 кестеде беріледі.

Кесте 2

Болыстың аты	Болыстықтағы рулар саны	Әрбір бөлімшенің шаңырақ саны	Әрбір ру мен ру бөлімінің қоныстары	Шаңырақ саны
1	2	3	4	5
Бөрілі болысы	екі	Тама 1028	Бөрілі өзені бойында Бөрілі Таз	30 36 9
			Қызылсайда Таз	75
			Ұзын бұлақта Таз	60
			Бөртіде Таз	100
			Алымдыда Көкі бөлімі	40
			Құсқумада Көкі бөлімі	70
			Сұйық үйлі Көкі	74
			Қызылсай көлшінінде Қарақалпақ	60
			Бөрті Тағаберген бөлімі	74
			Бөрілі өзені бойында Таға берген бөлімі	14
			Абдалда Таға берген бөлімі	24
			Үйісте Таз	60
			Кеңесащыда Таз	52
			Сынтаста Таз	40
			Айдаралыда Таз	40
			Былқылдақ жотасында Таз	22
			Қаракұдықтыда Таз	20

2 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
		Кете руы 160	Ақүңгір және Көкбұлақта Таз	50
			Бөргі жотасында Нұрытбет бөлімі	80
			Қызылсайда Нұрытбет бөлімі	40
			Қатбақұмда Нұрытбет бөлімі	40
			Барлығы	1188

Болыс басқарушысы М. Чунктов [47, 17 п.].

Ақтөбе уезінің Бестамақ болысының ру-тайпаларының орналасуы мен шаңырақ санына тоқталар болсақ, мұрағат мәліметтерінен мына жолдарды оқи аламыз: «Ақтөбе уезі Бестамақ болысының қоныстары көрсетілген рулар саны мен әрбір рудың шаңырақ саны туралы 1894 ж. мәлімет» атты 3 кестеден көреміз.

Кесте 3

Ауыл №	Ауылдағы шаңырақ саны	Рулар, ру бөлімі	Қоныстары
1	2	3	4
1-ші ауыл	180	Тама руының Сусар бөлімі	Жарық Ұзынқараған шатқалының жоғарғы бөлігі және Босаған, Таласпай жотасы
	40	Тама руының Мырзалы бөлімі	Жарықты және Шелекті шатқалында
2-ші ауыл	22	Әлім, Шекті руы	Бір жерде мынадай шатқалдарда көшіп-қонады: 1) Қаршаған, 2) Шелекті бұлақ, 3) Көкнұр, 4) Бестау және 5) Кемер Бұлақ
	324	Кете, Асан бөлімі, Шиянбай бөлімшесі	
3-ші ауыл	45	Әлім, Шекті бөлімі, Назар бөлімшесі	Қойшымоладағы Талдысай шатқалында
	93	Табын, Қоян бөлімі	Суықсу шатқалында
4-ші ауыл	44	Табын, Шөмішті бөлімі	Ақжар шатқалында
	126	Табын руының Туатай бөлімі	Қобдадағы Қарағаш шатқалынан және Ақөшер шатқалынан Елек өзеніне дейін
	20	Табын руының Туатай бөлімі	
	12	Әлім, Шекті бөлімі	
5-ші ауыл	209	Әлім, Қаракесек бөлімі, Жақау бөлімшесі	Аралтөбем-бақай шатқалы мен Шақбақтыгас бақайда
6-шы ауыл	50	Шекті, Жағатай бөлімі	Тамды өзені бойында
	49	Кете, Қаракете бөлімі	
	30	Тама, Қарашар бөлімі	

3 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
7-ші ауыл	23	Тама, Айпан бөлімі	Таскұйды
	63	Әлім, Қаракесек бөлімі	Таскүй шатқалы
	34	Табын, Әшібек бөлімі	Қарағандысай және Ұдалықұдық
	71	Тама, Сусар бөлімі	Көктөбе, Қотыртас және Қаршығалы
8-ші ауыл	133	Әлім, Қаракесек бөлімі, Жақау бөлімшесі	Есет жотасында
	46	Әлім, Шекті бөлімі Жақайым бөлімшесі	
	7	Кете, Асан бөлімі Қарабазар бөлімшесі	Батбақты шатқалында
	6	Әлім, Тілеу бөлімі Құлтума бөлімшесі	
	8	Әлім, Шекті бөлімі Баубек бөлімшесі	
Барлығы	1628		

Бестамақ болысының билеушісі А. Қосуақов [47, 10 п.].

Ақтөбе уезі Аралтөбе болысының руларының 1894 жылғы көші-қоны мен шаңырақ саны туралы мұрағат мәліметтеріне назар аударсақ, онда: «1-ші ауылда Ор өзені бойында қоныс тебетін 149 шаңырағы бар Жағалбайлы, 2-ші ауылдағы жағалбайлылар да Ор өзені бойын қоныстанып, шаңырақ саны 171, ал Төртқаралардың шаңырағы 21-ді құрайды. №3-ші ауылда Қамсақты және Айырбұтақ өзендері бойында қоныстанатын 207 шаңырағы бар Жағалбайлылар орналасқан. №4-ші ауылда Қамысақты, Киітбай, Үшқатты, Көкетік және Көшен өзендері бойында көшіп-қонатын 210 шаңырағы бар Жағалбайлылар, 5 шаңырақтан тұратын – Арғындар және 25 шаңырақтықұрайтын Төртқаралар тұрады. №5-ші ауылда Ор және Тасбөрі өзендері бойын жайлайтын 170 шаңырақты Жағалбайлымен қатар, 39 шаңырақты Төртқаралар қатар қоныстанған. Нөмірі 6-шы ауылда 178 шаңырағы бар Жағалбайлылар және 17 шаңырағы бар Төртқаралар Ор өзені мен Машытуда қоныстанады. №-7ші ауылда Ор өзені, Машыту және Күнтуда қоныстайтын Жағалбайлылардың шаңырақ саны – 238. №8-ші ауылдағы Көкетік өзені бойында қоныстанатын Сұлтандар – 13 шаңырақ, Жағалбайлылар – 53 шаңырақ және Төртқаралар – 70 шаңырақты құрайды. Ақтөбе уезінің Аралтөбе болысында барлығы 1556 шаңырақ қоныстанады, - деп жазылған. Бұл мәліметті беруші Аралтөбе болысының басқарушысы М. Беркімбаев [47, 19 п.].

Ақтөбе уезі Тұзтөбе болысының руларының орналасуы туралы мәліметке назар аударсақ: «1-ші ауылда 6 шаңырақтан тұратын сұлтан руы Есболай шатқалында, ал, 282 шаңырақты құрайтын табын руын Шеріспен және Есболай шатқалдарында тұрады.

2-ші ауылда барлығы 271 шаңырақ, оның 250-і табын руынан, 5-і байұлыдан, 1-і шектіден және 6-уы кете руынан. Бұл рулар Кіші Қобданың жоғарғы ағысы, Итқырылған және Өте өзені бойларында қоныстанады.

3-ші ауылда 319 шаңырақ тұрады, оның 300-і табын, 7-уі султан және 12-сі кете руынан, олар Итқырылған, Ақмысыр, Бектас молада орналасқан.

4-ші ауыл 250 шаңырақтан құралған, онда 110 шаңырақ табын руы, 100 шаңырақ тама руы, 25 шаңырақ байұлы. Олардың ортақ қоныстары Кіші Қобда өзені бойында, Мумырт, Айман Ибұда және Теректісайда қоныстанған.

5-ші ауыл 282 шаңырақты құрайды. Оның 10-ы сұлтан, 200-і – табын, 15-і – төлеңгіт және 57-сі кете руынан. Олар Өте өзенінде, Құрғабұтақ және Тарыбұтақ жотасында қоныстанған.

6-шы ауылда 364 шаңырақ бар. Оның ішінде табын – 200 шаңырақ, тама – 130 шаңырақ, жаумын – 10 шаңырақ, шүрен – 10 шаңырақ және шекті – 14 шаңырақ. Табын руы Өте өзені бойындағы Көкбектіде, Мақпалсайда және Мұнайлы-ашы деген жерлерде, ал қалған рулар Құрайлы өзені бойында, Базарбай, Мибулақ және Қаракұс шатқалдарында орналасқан.

7-ші ауылда 346 шаңырақ бар. Оның ішінде – табындар – 306 шаңырақ болса, шектілер – 40 шаңырақ. Олар Ақмола, Құмсай, Итшашқанда 246 шаңырақ табын руы, Шаңқа өзенінің жоғарғы ағысында, Тасмолада – 60 шаңырақ, ал шектілер Шаңқа өзенінің жоғарғы ағысы мен Тасмолада өмір сүреді.

Болыс билеушісі А.Түлшібаев» [47, 22 п.].

Бұл жоғарыда айтылғандардан көріп отырғанымыздай, Ақтөбе уезінің Тұзтөбе болысында негізінен табын рулары көптеп орналасқан. Сонымен бірге Кіші жүзге кіретін шекті, тама, кете, сұлтан, ішінара жүзге кірмейтін төлеңгіттер де орналасқан және олардың қоныстары көп жағдайда бірге, бір өзеннің бойында орналасып отырған.

Қаратоғай болысының руларының орналасуы мен шаңырақ саны туралы айтар болсақ, «Сведения о чиле родов и о числе кибиток каждого отдельного рода и отделения по Каратугайской волости» атты 4 кестеде беріледі.

Кесте 4

№ ауылы	Количество кибиток	Название рода и отделения	Наименования мест где летом кочуют
1	2	3	4
1	60	Табын рода, отдел. Маясар	По реке Шанкы, выше могилы Тас мулы
	30	Табынск. рода, отдел. Маясар	По реке Маймак-Майкы, Ур. Карабулак
	20	Тама Байбулка	По вершине р. Ак-булак
	50	Тама Байбулка	По вершине р. Данбар
	87	Тама Атантай	По вершине р. Ситембету

4 - кестенің жалғасы

1	2	3	4
2	70	Тама Курман	По Аврагу Утемыс-сай
	195	Тама Ақпаш	По оврагу Ильгенада-Божраганды баур
3	35	Тама Атантай	По вершине р. Карабутак
	203	Тама Коспак	По р. Карсакпас Байшулак
4	70	Тама Курман	Ур. Каркудук, вершина оврага Каиндысай?
	115	Тама Караш	По р. Кукпекты
	50	Тама Караш	По Ур. Туз ащи
5	124	Табын Ашибек	По р. Айас-Карагашты
	50	Табын Ашибек	По вершине р. Мортук
6	30	Тама Курман	По вершине р. Купалы Бурты
	215	Табын Маясар	По р. Аксу-Туру айгырлы, Аша-кур-аша
	40	Табын Маясар	По вершине р. Курайли
7	100	Табын Малгара	По вершине р. Купалы Бурты
	20	Тама Киршан	По р. Аксу
	70	Тама Салгай	По верш. р. Кашан-су-Жангыз ағаш
	10	Тама Салгай	По ерш. Р. Курайли
	48	Тама Салгай	По р. Купалы Бурты от устья –Карагача до вершины его
8	50	Табын Атибек	Ур. Караганды-сай
	100	Табын Маясар	По верш. р. Ащисай
	128	Табын Абыз	По устью р. Карагансай по Тагебергену
9	60	Тама Сагалай	По верш. р. Терес-бугаку
	40	Тама Сагалай	По р. Курайли, уроч. Кумыс-тубе – Тас Кудук
	30	Тама Сагалай	По верш. р. Курайли, уроч. Тас Кудук
	68	Тама Сагалай	По верт. Р. Урта-Каракудук
	50	Тама Куке	По верш. р. Жинишке, ур.Тас-Кудук
	56	Тама Куке	По верт. Р. Тересбугаку, где впадают две
10	51	Табын Атибек	По верт. р. Тересахане, уроч. Сургун
	91	Табын Атибек	По оврагу Жарыкбас-сай
во е о	2548- 989=15 89		

Управитель Каратугайской волости К.Жанабаев» [47, 24 п.].

Бұл үзіндіден Қаратоғай болысын негізінен 2 ірі ру – табын мен тамалар мекендегенін анық көреміз. Бұл осы болыстың аумағында осы екі рудың көшіп-қонып жүретінін, және олардың негізгі мекені екендігін көрсетеді.

Сонымен Кіші жүздің орналасуына келетін болсақ, олар ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. басында жүргізілген әртүрлі реформаларға байланысты қоныстарын өзгерткен болатын. Кіші жүз негізінен Батыс Қазақстан, Арал маңын қоныстанғанымен, Қазақстанның басқа да аймақтарында кездесетіндігін көреміз.

Ал, Т. Рысқұловтың еңбегінде Кіші жүздің тайпаларының орналасуын арнайы зерттегендіктен, олардың орналасуына: «Младшая орда – в Уральской и частью в Тургайской, Сыр-Дарьинской и Оренбургской губерниях [52, с. 13], - деп қысқаша тоқталған болатын.

«Қазақ ру-тайпаларының тарихы» атты зерттеуде рамадандардың орналасуын былай көрсетеді: «Рамадандар ХІХ ғасырда Орынбор өлкесінде, Қостанай уезінің Шұбар болыстығының Беріксу қыстауында, Бестөбе болыстығының Күйіккөл қыстауында, Ара-Қарағайлы болыстығының Сексенбай өткел, Тышқанбай мола, Майалан, Шаңырақ, Бақсы моласы, Сасық өткел, Қоңыр өзен, Қойсалған, Ағаш қарамай қыстауларында қоныстанған. Жазда Ұзынкөл, Тезек көл жайлауларына көшкен. Батыстағы Рамадандар жартылай көшпелі мал шаруашылығын кәсіп етіп, Барақоға, Ақсу, Талас бидайық, Молалы бидайық, Құр бидайық, Қарбай шапқан егістіктеріне егін салған. Шөп шабуды қосалқы кәсіп етті.

Қарқара уезінде Рамадандар Кент болысында қоныстанып, Сары шоқы, Теректі, Отарбай қыстауларында қыстап, жазда Ащыөзек жайлауына көшті. Сарапан, Үш арық жайлауларын жайлаған.

Ақмола уезінің Моншақты болысында қоныстанған Рамадандар Дома дұлақ, Қара бұлақ, Ақтөбе қыстауларында қыстап, Сарапан, Үш арық жайлауларын жайлаған. Ал Нұра болысындағы Рамадандар Дәулебай, Текемолда қыстауларын иемденген. Нұра өзенінің Нұра жолақ жота сағасының бойында қоныстанды.

Рамаданның бір қауымы Лепсі уезінің Ақшаулы болыстығында Ақшатау бөктерінде, Ай, Қарашеку, Үкілі бұлақ сарқырамалары бойында отырған.

Рамадан тайпасының негізгі бөлігі жаугершілік замандарда өзбек жеріне өтіп, сол жерде тұрақтап, өсіп өнген. Құрама уезі, кейіннен Ташкент уезіне қараған Майдатал, Зеңгіата, Сейітата, Үштөбе, Жаманжар, Қауыншы, Ақжар, Шарапхана, Шыназ елді мекендерінде қоныстанды. «Рамадан ауыл», «Сарай-Рамадан бекеті», «Рамадан көл», «Рамадан арық» деген жер-су аттары қалыптасты», - деп рамадандардың негізгі қоныстары көрсете отырып, жаугершілік заманда оңтүстікке көшіп кеткендігін жазса, керейіттер Петропавл уезінде ғана қоныстанды [112, 278 б.].

Қазақ зиялыларының үш жүз қазақтарының орналасуына байланысты айтқан пікірлерін қорытындылар болсақ, олар:

- Ұлы жүздің тайпаларының орналасуын көрсетіп жаза отырып, олардың ішіндегі руларының да орналасқан жерлерін көрсетіп кеткен;

- Орта жүздің тайпаларының орналасуына байланысты арнайы зерттеу Ә. Бөкейханның еңбегі болып табылса, онан біз нақты мәліметтер ала аламыз;

- Кіші жүзге қатысты Х. Досмұхамедұлы пен Ә. Бөкейханның еңбектерінің де маңызы зор, олар ру-тайпаларды қоныстанған уездеріне дейін көрсетіп жазған;

- зиялылар қазақ жеріне әр кездерде орыс қоныстанушыларының көптеп келуіне байланысты қазақ ру-тайпаларының қоныстарының өзгеріске түскендігін көрсетеді.

Қазақ ру-тайпаларының қоныстануы біршама зерттелген тақырып болғанмен, оны қазақ зиялыларының еңбектері негізінде жан-жақты қарастыру мәселенің құндылығын жоғарылатады деп есептейміз. Қазақ ру-тайпаларының белгілі бір қоныстарының болуына қарамастан, әкімшіл-әміршіл заманда жүргізілген реформаларға байланысты олардың көші-қоны, жайылымдары әртүрлі өзгерістерге ұшыраған болатын. Соның ішінде Ресейдің Қазақстандағы қоныстандыру саясатының, шұрайлы жерлердің переселендерге берілуі, XX ғ. 20-шы жылдарының соңына қарай ұжымдастыру саясаты қазақ ру-тайпаларының жайылымдарын өзгертіп, жер мәселесіне байланысты жағдайды қиындатып, күрделендіріп жіберген болатын. Дегенмен осындай өзгерістерге қарамастан, қазақтың үш жүзін құрайтын тайпалары өздерінің басты қоныстарын сақтап қалған деген тұжырымға келеміз.

2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЗИЯЛЫЛАР ЕҢБЕКТЕРІНДЕ

2.1 Денсаулық сақтау мәселелеріне ұлт зиялыларының көзқарастары

XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы Қазақстан тарихындағы күрделі кезеңдердің бірі болып табылады. Бұл кезеңде Қазақстанның, соның ішінде қазақ халқының жағдайы қиын болды десек, қателеспейміз. Бұл кезеңде жүргізілген әртүрлі саясаттың халқымыздың дамуына кері әсерлерін тигізбей қоймады. Сондай күрделі мәселелердің бірі – Қазақстандағы денсаулық сақтау ісі болып табылады. Ал біз қарастырып отырған кезеңдегі Қазақстанның денсаулық сақтау ісіндегі мәселелердің шынайылығын сол кезде өз шығармаларында арнайы жазған, зерттеген қазақ зиялыларының еңбектері негізінде біліп, анықтай аламыз. Себебі, көп жылдар бойы қазақ зиялыларының еңбектерін оқуға, зерттеуге тыйым салынып, олар зерттеушілердің назарынан тыс қалып отырғаны белгілі. Сондықтан да XIX ғ. II жартысы – XX ғ. басындағы Қазақстандағы денсаулық сақтау ісі мәселелері қазақ зиялыларының еңбектері негізінде арнайы зерттелмеді деуге де болады.

XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы Қазақстандағы денсаулық сақтау ісі мәселелерін қазақ зиялыларының еңбектері негізінде зерттеу біздің мақсатымыз болып табылады. Осы мақсатқа сәйкес мынадай міндеттер туындайды:

- XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басында Қазақстанда таралған аурулардың түрлері, олардың шығу және таралу себептерін анықтау;
- халық емшілігі және оның қазақ қоғамында алатын орнын көрсету;
- денсаулық сақтау орындары және олардың қызметіне байланысты зиялылардың пікірлерін талдау.

XIX ғ. соңы – XX ғ. басындағы Қазақстандағы және Қырғызстандағы медицинаның даму деңгейі туралы Н.Е. Бекмаханова былай деп жазады: «Аймақтың көпұлтты халқының өміріне, психологиясына, мәдени даму деңгейіне XIX ғ. соңы – XX ғ. басында осы өңірде пайда бола бастаған темір жолдар, электр жарығы, почта, телеграф, баспалар, гимназиялар, мектептер, ауруханалар, дәріханалар, театрлар, цирктар, кинематографтар, мұражайлар, ғылыми қауымдастықтар, халық оқулары, қалалар мен ауылдардың еуропалық архитектурасы әсер етпей қоймады. Мұндай дамытушы жаңашылдықтар: түрмелер, шіркеулер, банктер, сауда биржалары және Ресейдің билеуші табының халыққа қарсы идеология пункттерінің жанында орналасты; және олардың қызметі шектеулі болды, олар қаланың белгілі бір бөлігін ғана қамтып, аймақтың негізгі ауыл тұрғындарына жеткіліксіз болды [63, 218 б.].

«Ұлттық ветеринария мен медицина саласы бойынша қазақтар мен қырғыздардың көпғасырлық тәжірибесі болды. Дегенмен ғылыми медицина мен ветеринария осы аймақтың халқына Ресейдің құрамына кіргеннен кейін ғана ене бастады [63, 219 б.].

Қазақстан мен Орта Азиядағы орыс дәрігерлерінің емдеу тәжірибелері мыңдаған адамдарды қамтып, аймақ халқының ғылыми медицинаға сенімін арттыра түсті, орыс дәрігерлерінің ризашылық сезімін білдіріп, тазалық пен

гигиена туралы білімді таратуға әсер етіп, ескі қалдықтарды жоюға көмектесті. Орыс дәрігерлерінің қызметі өте ауыр жағдайда өтті, оларға мұсылман дінбасылары, білімсіз тәуіптер қарсы шығып, аймақта оба, сүзек сияқты аурулар таралып, мыңдаған адамдар өліп жатты [63, 219 б.].

Аймақтағы медициналық қызмет ең алдымен казактарға және әскери гарнизондарға, жергілікті азаматтық әкімшілік қызметкерлерінің жанұяларына көмек көрсету үшін пайда болды. Медициналық қызметкерлер ретінде әскери госпитальдардың әскери дәрігерлері, фельдшерлері және санитарлары жіберілді. XIX ғ. екінші жартысында аймақтың қала және ауыл тұрғындарына қауіп төндірген эпидемиялар кезінде азаматтық медициналық мекемелер – ауруаналар, амбулаториялар, дәріханалар пайда болды [63, 220 б.].

XIX ғ. II жартысы – XX ғ. басында Қазақстанда әртүрлі жұқпалы аурулар таралған болатын. Зиялылар еңбектерінен осы кезде көп таралатын жұқпалы ауруларды біле аламыз. Оған шума, шешек, қызылша [113, 2 б.] трахома [114, 4 б.], сары кезік [115, 4 б.], сүзек [116, 1 б.], сонымен қатар ревматизм, өкпе және сифилис [117, 13 б.] ауруларын жатқызады.

Бұл кезеңде Қазақстанда көп таралатын аурулардың бірі – сүзек болған. Ы. Алтынсариннің (1841-1889) жазбаларынан (1879) казактар арасында сүзек ауруының болғандығын көруге болады. Онда: «Биыл барлық үй-ішімнен және туған туысқандарымнан айырылып қала жаздадым. Ешкім тілемеген сүзек ауруына ұшырап, бәріміз жаппай төсек тартып жатып қалдық. Әрқайсысымыз да кемінде бір айдан жатып тұрдық. Сүзек елімізге әлі де кәрін тігіп тұр. Біз қазір кірпіш үйдің ауасынан қорқып, киіз үйге шығып алдық» [2, с. 299-300], - деп аурудан тезірек айығуға кірпіш үйге қарағанда, киіз үйдің қолайлылығын жазады.

Сонымен бірге алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі М. Қарабаевтың казактарда аурулардың таралу себептеріне байланысты білдірген пікірін келтірсек: «Санитарное состояние населенных местностей во 2-м врачебном участке местами удовлетворительно. В зимнее время санитарное состояние населения отвратительное, в землянках у всех киргиз царят сырость, грязь, вследствие чего зимою большинство киргиз страдает катаром дыхательных органов и глаз. Эти обстоятельства осложняются еще копотью от печки без трубы. На летовках санитарное состояние населения много лучше, так как по мере загрязнения почвы и истощения корма меняются стоянки на лучшие» [118, с. 147].

Бұл үзіндіден байқағанымыздай, казактарда әсіресе, қыс уақытында аурулардың таралуына, шығуына тұрғын үйлерінің қолайсыздығын көрсетеді.

Қазақстанда ең көп таралып, көп адамның өмірін алған ауру шума болып табылады. Шумадан өлгендердің саны туралы М. Дулатовтың (1885-1935) мына мәліметін келтірсек: Шума Орал губернесінде 1904-інші жыл басталды. Сол жылы Сарайшықта 406 адам өлді. 1907-інші жылы Қызыл молада 11 адам өлді. Жымпыйтыда да 1909 жыл 218 адам, 1910 жыл 5 адам, 1911-інші жыл 14 адам, 1912-інші жылы 55 адам өлді. Қыназ ауданында 1913-інші жылы 405 адам, 1914-інші жылы 17 адам өлді» 1914-інші жыл мен 1924-інші жыл арасында да

шума Орал губернесінде үзілген жоқ. Бірақ қолда анық сипр болмағандықтан, канша адам өлгенін көрсете алмай отырмыз.

Бөкей елінің жерінде шуманың алғаш білінуі – 1899-ыншы жыл.

Сонымен қазақ жерінде шуманың ұясы саналатын Орал, Бөкей еді, ол елдермен сыбайлас астыран жері еді. 1923-1924 жыл шума Қарақалпақ елінің оңтүстік шегінде де білінді. Онда жүздеген адам құрбан болды. Бұл арада білінген шума Орал-Бөкейдікімен байланысы жоқ. Мұның қайдан шыққан, қалай шыққан себебі ашылмай қалып отыр.

Ал енді жуырда Адай уезінде шума білінді. Бұ туралы «Ауыл тілі» газетінің 17-інші санында оқығанымыз мынау: «Адай уезінде шума білінген екен. Бұ туралы Адайдың төңкеріс комитеті хабарды октябрьдің бірінде ғана алған. Бір жетіден кейін Астрақаннан бастығы профессор Никоноров болып дәрігерлер шыққан. Шума Адайдың орталық қаласы Кетіктен (порт Александровск) 400 шақырым Құлғара деген жердегі 11 үйлік екі ауылда білінген екен. Бұл екі ауылдың бар адамы 68 екен, соның 38-і ауырып, бәрі де өлген. Бұл ауру ағұстың ортасында білінген екен. Шумадан шошынған ел өзі де бірімен бірі араласпай сақтанған көрінеді.

Октебрдің 24-де сол маңайдағы ауылдардан 3 адам ауырып өлген. Доктырлар тексеріп қарағанда бұл маңда тышқан қырылған екен, шуманың тарауы содан болған деседі.

Доктырлар жұмыс бітті ғой деп Сарытауға қайтқан екен, жуырда Адай төңкеріс комитетінен тағы да шума білінген жерлер бар деген телеграм алынған. Бұл жолы шума Кетік қаласынан 120 шақырым жерде білінген. 9 адам өлген. Тезірек қам қылынбаса, ауру қалаға жетіп қалу қаупі бар деген. Дәрігерлерге телеграм беріліп, тезірек қайтадан тезірек бара көріңдер деп тапсырылған».

Бұл Адай уезіндегі шуманы құртуға Астрақаннан шыққан дәрігерлер не істеп, не қойғанын, қалай жүріп, қалай зерттегенін толық көрсететін сол дәрігерлер бастығы профессор Никаноровтың Қазағыстан саулық сақтау кемесертіне жазған баяндамасы бар. Оқушыларды мұнымен таныстырудан бұрын шуманың қандай ауру екенін айтып өтелік.

Шуманың тегі – көзге көрінбейтін уақ құрт. Адамның ішкі сарайына кірумен құрт індет болып жабысады. Үлкейтіп көрсететін құралмен қарғанда шума құрты екі басы домалақтау қысқа таяқ тәрізді болады [113, 3-4 б.]. Бұдан көретініміз, тек шума ауруынан Орал губерниясында 1904-1914 жж. аралығында, яғни 10 жыл ішінде 1131 адам өлген.

Біз қарастырып отырған кезеңдегі Қазақстанда таралған аурулардың шығу себептеріне байланысты қазақ зиялылары әртүрлі көзқарас білдіреді. Қазақ зиялыларының бір тобы – Ә. Бөкейхан, Х. Досмұхамедов, Қ. Кемеңгерұлы (1894-1942) жұқпалы аурулардың қазақ арасында көп тарауына көшпеліліктен отырықшылыққа көшуінен, соның әсерінен киіз үйлердің тар, дымқыл жер үйлерге ауыстырылып, аурудың шығуына көп септігін тигізгендігін жазады.

Мысалы, Х. Досмұхамедов былай деп жазады: «Қазақтың қазір күн көріп жүргені жаз киіз үйге шығып, көшіп жүргенінен. Қазақ қала болып, көшуді тастап, осы күнгідей жер үйлерде отыратын болса, жұқпалы аурудың

құртымен айрылмайтын дос болар. Бұны құрттар кетіре алмайтын құтсыз қонақ болар, талай қысаға себеп болар. Көшуді тастап қалада отырған қазақтардың жайы бізге мағлұм, бұлардың тұрмысын құдай басқа бермесін [119, 4 б.].

Ал зиялылардың келесі бір тобы – Ә. Айтбакин, М. Дулатов және т.б. аурулардың шығуының әртүрлі себептерін көрсетеді. Оған тазалықтың жоқтығы [120-123], Орал облысындағы аурулардың шығуына жарамды ауыз суының жетіспеуі [124, 2 б.], жан-жануарлардан жұғуы [14, 11 б.], елдің аштыққа ұшырауы [113, 2 б.], шаруашылық деңгейінің төмендеуі [22, 167 б.] де әсер еткендігін айтады.

М. Дулатовтың «Шума қандай ауру. Одан қалай сақтану керек» атты еңбегінде былай деп жазады: «Тышқан, балпақ, саршұнақ, қара бауырлар шумамен ауырғыш болады. Шуманы елге жаюға осылар да себепкер» [14, 6 б.].

Ал аурудың таралу себептеріне келсек, ол аурудың халін сұрап барып, ауру жұқтыру [125, 4; 126, 4 б.], ауырып өлген адамның киімін алу [127, 4 б.] және т.б. түрлері болған.

Оған мына мысал дәлел: «Біздің қазақ халық аурулардан сақтану ғамалын білмейді. Жұқпалы аурулардың хал-қадірін сұрайды. Өлсе сүйегіне кіреді, сөйтіп бір кісі ауырса жүз кісіге жұғады [21, 186-188 б.]. Өйткені, ауырған адамның хал-жағдайын сұрау кезінде немесе олардың киімдерін киген кезде шынында да жұқпалы аурулар ауру адамнан сау адамға жұғатын болған .

«Қазақ тарихынан» (1924 ж.) атты еңбегінде Қ.Кемеңгерұлы: қазақтың денсаулығы нашарланды. Ертеде, қазақ желдей зулап, зеңгір тауды, жазық даланы еркінше кезіп жүрген замандарда, жұқпалы ауру мүлде болмаған. Ол кезде кенеттен өлу, не жаугершілікте, не ашаршылықта ғана болған. Қазақ орыстан қыс бір жерде тұрудың үлгісін алып, қыстау салды. Бірақ таза тұрудың үлгісін алған жоқ. Бұзау, қозымен аралас қараңғы тапал, дым үйлер аурудың ұясы болды; осыдан қазаққа қыспен бірге әртүрлі аурулардың қонақ болып келетіндігі. Уақытша болатын аурулар өз бетімен тұрыпты, қазаққа мәдениелерден мерез (сифилис) жиі жұқты. Мұны таратқан – 1) ел арасына шыққан татар сәудегерлері; 2) жәрменкеге, үлкен қалаларға келетін қазақ мырзалары, атқосшыларымен. 3) Елінен ұзаққа шыққан пайдашылар. Бөкейлікте 100-ден 20 кісі сифилис деп Харозин жазады. Міне, мәдени әсері.

1916-шы жылы қазақ жігіттерін қара жұмысқа алғандық жығылған үстіне жұдырық болды. Бұлардың Ресеу қалаларын армансыз шарлағандығы «сифилисті» өтекүшейтті. Қазақтың бұл күнге шейін құрымай келгендігі жаз таза һауада көшкендігінен, қымыздың қызуынан. Әр түрлі аурулар көптеп өлуге себеп болған.дықтан, қазақта өсім з болды. Қазақтың мың баладан бір жасқа жеткенше 481 бала өліп отырған. Бұл есеп, әсіресе бала тәрбиесінің нашарлығын көрсетеді.

1905-1916 жылдардың арасында төрт облыс қазақ еліне алты-ақ процент қосылған. Қазақта өлім әйел арасында көбірек. Бұл қазақ әйелінің тұрмысының өте нашарлығын көрсетеді [128, 64 б.], - деп жазады.

Қ. Кемеңгерұлы «Жол әсері» (1924) атты еңбегінде қазақ арасындағы денсаулық жағдайына байланысты Германиядан келген профессор Кучинскиймен қазақ ауылдарын аралап, оның қазақ арасындағы ауру түрлерін, көп таралатын ауруды тексеру мақсатымен келгендігін жазады. Онда: «Біздің ауру қараймыз, тегін дәрі береміз дегенімізге сенімсіз қараған жерлер де болды. «Неғылған батпан құйрық, тегіннен тегін жатқан құйрық», қазақ қазақ болғалы тегін емдейміз деген бұларды көрдік», - деп. Бірақ тоқтаған жерлерімізде ауру қаратудан тартынған қазақ болған жоқ. Бір ауылда екі күн болдық. 3-4 шақырымнан құлақтанып іздеп келетін аурулар болды. Қанша ауруларды қарағанмен уақыттың аздығынан 10-15-тен аурулар қаралмай қалып отырды. Кейбір қазақты қараған дәрігерлер қазақ әйелі ұялып ауруын көрсетпейді деген пікірде болушы еді. Ол пікір қата екен. Талай жас әйелдер қаралды. Қазақ арасында ауру түрлері: қотыр, асқазан, көз, құлақ аурулары, буын ісетін (ревматизм), сүйектен болатын құрт (туберкулез), тамақ безі (мұның да тұқымдасы болады) қазақ арасында күлапсан (ноғай қотыр) көп деген дұрыс емес көрінеді. Қанша ауру қарағанда күлапсаны ыар екі-ақ қазақ кездесті. Жоғарыда айтылған аурулардың қазақ арасында көп болуы неліктен деп профессор менен сұрады. Екінің бірі қотыр деуге сияды. Мұның себебі таза тұрмағандықтан. Құрт аурулары да төсек, ас-аяқтың бір болғаныдығынан. Ревматизмнің көп болатындығы қазақтың көшпелілігінен. Қазақ жазғытұрым да, күз де малдың ыңғайына қарап салқынға көп ұрынады. Қысқы тұрмысы да жылы, жайлы болмайды дедім. Қазақтың ауруының ең көбі асқазан аурауы екен. «Бір тойған шала байлық», «Қарын жыртылса жыртылсын», «Досыңның асын дұшпандай же» дейтін қазақ, жемпаздықты өнер көреді. Әсіресе майлы тамаққа жаны құмар. Ет пен қымызға ішін керіп ас қазанын бұзады. Бірден көп жегенге асқазана қалыптаса ламауы да бұзады. Және де қазақ етті тап жатардың алдында жеп, қарынды кептеп, іле жата қалады. Іштің тоғын қашырмау амалын істейді. Адам – машине. Бір жеріне ақау түскен мәшине жүрісінен қалады. Адамның асқазаны бұзылса, басқа мүшеге де дақ салады. Бар аурудың профессор қазақтың қолынан келетін емін айтып отырды.

Ауру қазақтың ауқаттыларының арасында кедейлерге қарағанда көбірек. Бұған себеп менің байқауымша: бұрын қазақ байлары бір-бірінің баласына қызығып қыз бен жігіттің ауру-сауына қарамай құда болысатын. Бір байдатұқым қуалаған ауру болса, басқа байлардың ұрпағына тарайтын. Құрт ауруының тарауына бас себеп ірі бай жұмыс істемейді, дене жұмысыәлсіз болады. Кедей жұмыс істейді және күннің көзіне пісіп қатады. Семей үйезінде шешектен балалар өліп жатқан көрінеді. Шешектің ұрығынан арзан нәрсе жоқ. Елдің қолына ұрық тисе, елдің өзі де егетін көрінеді. осы уақытқа шейін шешек егілмеді деп кім ойлайды. Біз ұрық алып шыққан жоқ едік. Ұрық сұрағанда губерnelік дәрігерлік бөлім үшін біз ұялдык.

Қазақтың дәрігерлерін өз орындарына қайтарып ақысын молайту керек [128, 157-159 б.], - деп әрбір аурудың шығу себептеріне тоқтала кетеді. Яғни, халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты туындаған ауруларын көрсетеді.

Ж. Аймауытов «Қара тану мен денсаулық» атты мақаласында: «Қара тану мен денсаулық біріне-біріне байлаулы нәрсе. Неғұрлым ел қара танымайтын

надан болса, соғұрлым денсаулығы да нашар болмақ. Елін ауру көбірек жайламақ. Ел сауатты болса, ауру да тұмсық сұға алмайды. Себебі қағаз танып, кітап оқыған ел тазалық сақтаудың керектігін біледі, сақтанады» [129, 201 б.], десе, тағы бір себебіне: «ескі қалалардағы, ауыл-қыстақтағы үйлер кісі тұруға, күнелтуге жарамсыз. Себебі, қараңғы, терезесі жоқ. Бар болса сығырайған бірдеме. Әрі сыз-дымқыл, қабырғалары, төбесі көк аяз, пеш жағылмайды. Әрі аласа, жермен жексен. Дем алуға ауа жетпейді. Тарлығына, аласалығына қарамай, ондай үйлерде кісі мейлінше көп тұрады. Міне сондықтан тұрушылар құрт ауруға шалдықпаса еркі жоқ [129, 201 б.], - деп аурудың көп таралуының себебін қазақтардың сауатсыздығы мен тұратын үйлерінің жарамсыздығынан көреді.

Тазалық сақтау жұмысы сауатсыздықты жою жұмысымен астасқан. Әуелі елге қара танытып алмай, тазалыққа үйрету, денсаулығын көтеру мүмкін емес. Сондықтан тазалық сақтаушы мекемелердің табан тірейтін негізі сауаттылық мектебі болу керек. Дәрігерлер «Сауатсыздық жойылсын» деген ұйымның өжет мүшесі болып қызмет істеу керек [129, 202 б.], - деп халықтың арасында аурудың көп таралуының басты себебін ол халықтың сауатсыздығынан көрсе, екінші себебіне, тазалықтың жоқтығын айтады.

Аурудың көп таралуының себебіне байланысты Ж. Аймауытовтың пікірін Ә. Бөкейхан та қолдайды. Себебі, ол С.Е. Незлиннің «Құрт ауруы» атты еңбегіне жазған пікірінде (1927): «Осы күні біздің елді аралаған доктырдың бәрі қазақтың бәрі құрт деп келеді. Мұны өзге сөзге аударса, бұ қазақтың бәрі аш, ылас деген болады. Өткен ұлы қырғын соғыста 4 жылда орыстан бір миллион жеті жүз мың кісі соғыстан өлді. Сол төрт жылда 2 миллион кісі құрттан өлді», - деп құрт ауруының соғыстан да қауіпті екендігін нақты мысалмен көрсеткен болатын [11, 369 б.], деп тазалықпен қатар аштықтың аурудың таралуына себеп болатындығын және жұқпалы аурудан халықтың көп өлетінін жазады.

XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басындағы Қазақстандағы халық емшілігіне келетін болсақ, сол кездегі тәуіптер мен бақсылар туралы қазақ зиялыларының арнайы мақалалары жарық көрген болатын.

Белгілі қазақ ағартушыларының бірі Ш. Уалиханов бақсылардың емдеу тәсілдерінің өлімге апарып соғатынын жазса [1, с. 528], Л.Мейер «Впрочем, у них есть некоторый запас эмпирических сведений. Так, они весьма удачно лечат раны и изломы костей [34, с. 64], - деп басқылардың сынық пен жарақатты жақсы емдейтінін жазады. Осыған байланысты Х. Арғынбаев: «Об искусстве казахских костоправов (сынықши) с восторгом писали многие специалисты и очевидцы [130, с. 51], - деп сынықшылардың еңбегіне жоғары баға берген.

Бұл жоғарыда айтылған пікірлерден көріп отырғанымыздай, бақсылар емінің өлімге жеткізетін кездері болғанымен, олардың сынық пен жарақатты өте сәтті емдеген.

О. Әлжанов бақсылардың бұрынғы кезде қоғамда жоғары орын алғанын, қазіргі кезде пайда табу мақсатымен шығатынын және азая бастағанын, халықтың сенімінің төмендегенін жазса [38, 325-326 б.], оған Ә. Диваевтың

мына пікіріне сәйкес келеді: «Слово «баксы» происходит от джагатайского «бахши», что означает: лекарь, шаман, ворожея, колдун и т.д. Баксы называются те киргизские лекаря, которые имеют сношения с духами и даже власть над ними. В наше время баксы уже не имеют того значения, каким они обладали прежде» [35, 231 б.], - деп бұрынғы кездегі басқылардың емінің пайдалы болса, қазір олардың емдеуінің нашарлағанын айтады.

«Түркістан уалаятының газетінде» «Сарттың ішінде ондай қу молдалардың бар екенін анда-санда естуші едім. Сарттың ішінде ондай молдалар бар болса, қазақтың ішінде сіздің молдаларға ұқсаған біздің бақсы дегеніміз бар. Біздің бақсының қылған ісі молдалардан басымырақ. Сарттың қатыны молдаға жүгірсе, біздің қазақтың қатыны бақсыны көрсе, жейтін асын тастап, бақсыға жүгіреді. Қазақтың ішінде қатынға ұқсап, бақсының қулығына иланып отырған еркек те жоқ емес, - деп бақсылардың ел арасында емдеймін деп, халықты алдап, пайда тауып жүргендігі айтылса [37, 352-353 б.], «Дала уалаятының газетіне» шыққан «Тәуіптер мен бақсылар» атты мақалада бақсылардың, қашқын ноғайлардың қазақтарды әдейі пайдаланып, байымаққа шыққандығын, докторлардың дәрісі қуатсыздығын, ауруға шипа болмайтындығын айтып, қазақтарды сендіретіндігін айтады [38, 325-326 б.].

«Қазақ» газетінде шыққан мақалада «бақсыларының, емшілерінің емінен пайдасы аз болғанда, зияны да аз болушы еді. Емшілердің орнын ноғайлардан, сарттардан, башқұрттардан, басқалардан шыққан алдауыш емшілер алды [131, 1 б.], - деп ноғай, башқұрт емшілердің зиянды әрекеттерін әшекерелесе, М. Малдыбаев: «Қазақ арасында жүрген дәрігер, балгер, құмалақшы, бақсы, үшкіргіш, түкіргіштердің бәрі дәрігер емес. Олар ... жалпаншы, халықтың түбіне жетуші, өзінің пайдасы үшін жұртты құрбан етуші. Біз ондайлардың һеш біріне дұшмандығымыз жоқ. Бірақ оларға жақсы көрінеміз деп халықтың көрген зиянын айтпауға шамамыз келмейді. Біреудің көзіне ақ түссе, сүзек болса, ревматизме, құсу, бас айналу, тері ауруы түлесе қандай ауру болсын үшкірмей семіз түбімен қақпай күшала, алмас сықылды у-дәрі бермей қалмайды. Ауырған кісінің жаны тәтті, қос аттап қара қожа, ақ молданы алдырады. Молда ... шеті жімтірленіп біткен май-май қара кітабын қолына алып аурудың жайын кітабынан қарай бастайды. «Айхай! Құдай жәрдем берсін» деп тұнжырап анда санда бір жауап беріп үйдің зәресін ұшырады. Қорқып отырған үйдің іші молдаке осы аурудан жазылса мал жанымыз аяусыз. Кітабыңызға көрінгенін айта көріңіз, деп қалбырақтай бастайды», - деп бақсы-балгерлердің, молдалардың өзінің пайдасы үшін жұртты құрбан ететіндігін, надан дәрігерге емес, доктор мен фельдшерлерге қаралу керектігін айтады. Бірақ адамдардың надан дәрігерге емделуді тоқтатпайтын болса, таусылып бітеміз [132, 221-232 б.], - деп жазады.

«Қазақ» газетінде бақсы-балгерлердің елге тигізіп жүрген зиянын, оны тоқтатуға байланысты «Қазақ» газетінен ақыл сұрастырған Торғай қазақтарына жауап жазып, бақсы-балгердің қазақ арасына тарауының себептеріне: қазақтардың надандығы мен қазақтардың арасында дәрігерлердің, фельдшерлердің және ауруханалардың жоқтығын жазса [133, 3 б.], бақсы-

балгерлерден құтылудың жолына Ғ. Қараш халықтың ұл-қызы сауаттанса, надандықпен келген ғадеттің жоғалатынын айтады [21, 186 б.].

С. Садуақасұлыов «Нужды аулы (Очерки киргизской жизни)» (1919) еңбегінде: «Обычно знахарь-лекарь соединял в себе и знахаря-предсказателя. Знахари, смотря по «специальности» носили разные названия: «кумалакши», «тамырчи», «ктаб котергиш», «жауырынчи». Лекарства, приписанные больным, представляли из себя смесь ядовитых средств, как киноварь, мышьяк, сулема и т.п. Пользуясь невежеством киргиз «табибы» обирали обильную дань за свое часто вредное лечение [134, 14 б.], -деп зиянды әрекеттерін айқын көрсеткен.

Бұл үзінділерден байқап отырғанымыздай, алғашқы кездері бақсылардың халықты жақсы емдегені айтылса, кейіннен олардың білімінің нашарлап, халықты алдап, өздерінің күнін көру үшін ноғай, башқұрт бақсы-балгерлерінің емдеумен айналысып жүргендігін, содан халықтың көптеген зардап шегіп отырғандығын жазады.

XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы Қазақстандағы ауруханалар мен дәрігерлер туралы айтатын болсақ, бұл да осы кездегі өзекті мәселелердің бірі болған. Себебі, ол уақытта дәрігерлер мен ауруханалар Қазақстанда жоқтың қасы болатын. Оған мысал ретінде бір ғана Орал облысын алатын болсақ, оған мынадай мәлімет дәлел болады: «Въ 1895 году было врачей: а) гражданского ведомств: областной врачевный инспекторъ, Уральскій городской врачъ, уездные врачи: Уральскаго, Калмыковскаго, Гурьевскаго и Темирскаго уездовъ, врачъ киргизской общественной больницы, учрежденной въ память событія М.В.Д. испр.должн.сельскаго врача, врачъ 20-го участка Рязанско-Уральской железной дороги и два врача, командированные медицинским департаментомъ въ г.Уральске для борьбы съ дифтеритомъ, одинъ съ января по май мѣсяць, а другой съ 5-го декабря 1895 г., а всего 11 врачей и б) военного ведомства: всего 13 врачей. Всехъ же врачей въ Уральской области было 24, а вместе съ вольнопрактикующею въ г.Уральске женщиной-врачемъ 25. повивальныхъ бабокъ въ отчетномъ году состояло 10; изъ нихъ гражданского ведомства 4, военного ведомства – войсковыхъ 4 и вольнопрактикующихъ 2.

Въ отношеній къ числу населенія одинъ врачъ приходится более чемъ на 20 тыс. жителей [39, с. 3].

Бұл үзіндіден байқап отырғанымыздай, қазақ жеріндегі дәрігерлер саны жоқтың қасында. 20 мың адамға бір дәрігердің келуі XIX ғ. аяғындағы Қазақстандағы денсаулық сақтау ісінің қаншалықты төмен дәрежеде дамығандығын көруге болады. Әрине, дәрігерлердің өте аз болуы, қазақ халқының бақсы-балгерлер мен молдалардың емдерін қабылдауға итермелейді.

Сонымен қатар XIX ғ. екінші жартысынан бастап қазақ жеріне айдалған революционерлердің өмірі мен қызметін жан-жақты зерттеген В.З. Галиевтің еңбегінен мына мәліметті оқимыз: «Таким образом, первая группа медиков-казахов появилась в Казахстане в 70–90-х годах XIX века. Их медицинская деятельность и формирование мировоззрения протекали в значительной

степени под воздействием представителей революционного народничества. Врачи-народники активно участвовали в оказании медицинской помощи населению Казахстана. Рисуя собственным здоровьем и жизнью, они принимали участие в борьбе с различными эпидемиями. Более того, очень часто революционные народники заведовали больницами, амбулаторными пунктами, заботились о расширении сети лечебных учреждений, о снабжении их медикаментами, увеличении количества больничных коек, улучшении медицинского обслуживания [118, с. 150].

Яғни, үзіндіден көріп отырғанымыздай, ХІХ ғ. 70-90-шы жылдарында ғана алғаш қазақ дәрігерлері жоғары оқу орындарын бітіріп, халқына қызмет ете бастаған. Медициналық көмектің өкімет тарапынан өте аз көрсетілуі, мамандармен, әсіресе қазақ дәрігерлермен қамтылмауы, оларға төленетін жалақы мөлшерінің де аздығы, осы уақыттағы халықтың денсаулық сақтау ісінің нашар дамығандығын көрсетеді.

Қазақтың тұрмыс деңгейі, шаруа жағдайы оның денсаулығына да үлкен әсер еткені белгілі. Ауылды жерлерде аурухана, маман дәрігерлер қасқалдақтың қанындай қат еді. Сол себепті халық арасында әртүрлі аурулар көп болды. Бұл үлкен әлеуметтік мәселе, мамандығы жағынан дәрігер болмаса да, табиғатында ағартушы А. Байтұрсынұлының назарынан тыс қала алмады. Осы тақырыпқа 1913 жылы жазған «Ауру жайынан» атты алғашқы мақаласында тығырықтан шығар жолды ол тәннің тазалығы, бағымның жақсы болуынан іздейді. Бағымның жақсы болуына керек нәрселер деп: жағымды тамақ, жайлы орын, таза ауаны ұсынады. Ал «Тәні саудың – жаны сау» (1922) мақаласында «Қайғысыз қара суға да семіреді», «Бір күн ашыққаннан қырық күн ақыл сұрама», «Мастық не дегізбейді, аштық не жегізбейді», «Бірінші байлық – денсаулық...» сияқты қазақ мәтелдерінің философиялық мәнін талдай отырып, ол денсаулықтың қоғамдағы орнына тоқталады. Тән мен жан сабақтас, екеуі бірінен-бірі айырғысыз. Тәнсіз жан жоқ, жансыз тән тұра алмайды. Сондай біріне-бірі байлаулы, айырғысыз нәрсе болған соң, бірінің жайына бірі қарайды, біріне келген кемшілік екіншісіне білінбей қалмайды дейді. Тәні де, жаны да сау, яғни ауырмайтын, денсаулығы мықты халық қана жақсы еңбек етеді, ғылыммен, өнермен шұғылданады деп атап көрсетеді [174, 63-64 б.].

Сонымен қатар Г.А. Митеревтің мәліметі бойынша 1913 ж. Қазақстан ауруханаларында туберкулезді емдейтін пункттер мүлдем жоқ болса, ал қалалы жердегі ауруханалардағы төсек орындарының саны 1410, ауылды жерлерде оның саны 300-ді құраған. Ал дәрігерлердің саны бар болғаны – 196 адам болған [57, с. 95-96]. Бұл жерден көріп отырғанымыздай, дәрігерлер мен ауруханалардағы төсек орындарының саны өте аз болған.

Ә. Бәкір қазақ зиялыларының әлеуметтік мәселелерге байланысты көзқарастарын зерттей келе былай дейді: «Міржақып Дулатұлы сонау 1913 жылдары-ақ қазақ елінде жаратылыс ғылымының кеңінен дамуын, ел ішінде аурудан сақтанатын жолдарды білуді, халықтың денінің сау болуын аңсады. Осы мәселеге арнап жазылған «Аурудың аз болуына не керек?» деген үш мақалада автор қазақ қауымына жаратылыстану (дүние) ғылымының

кажеттілігін насихаттайды. Ол бұл ғылым көбірек дамыса, жақсы тәртіптер орнай бастаса, сол арқылы әрбір адам жұғатын аурулардан сақтанудың жолын білсе, қараңғы жарық болып, надандықты ғылым жеңіп, біздің жұртқа да денсаулық, бақыт, байлық заманы бірте-бірте туар еді деп армандайды. Ел ішіндегі сүзек ауруының зардаптарын, ауруханалардың, докторлар мен фельдшерлердің жоқтығын айтады. Ол халықтың денсаулығы, оларды жұқпалы аурулардан сақтандыру туралы «Қазақ» газетінде тұрақты жазылғанымен, халық арасында тұрмыс мәдениетінің төмендігінен еш нәтиженің болмай отырғанына тоқталады. Сондықтан халыққа айтылған әрбір сөз осындай бос «сөз» болып, қағаз бетінде қала беретін болса, біз қашан жұрт боламыз деп налиды» [174, 79-80 б.]

Қазақ докторы Д. Күспеқалиев Самарада 1914 ж. 1-9 наурыз аралығында болған облыстық съезде баяндама жасап, онда Оралдағы ауруханың аздығы, дәрігерлердің аздығы, халықты емдеу мәселелерін көтереді. Ол баяндама бойынша: «Орал облысының жері статический комитеттің есебі бойынша 224 936 шаршы шақырым, қазағы 481067 адам. Орал облысының 4 уезінде бұрын бір-бірден ғана уездной врач (доктор) бар еді, бұлардың қасында бір фельдшер, бір кіндікші әйел һәм бір неше шешек егушілер болушы еді. Жымпитыда қазақ ақшасына салынған 25 кроватты бір аурухана бар.

1907-інші жылы Гурьевте һәм сонымен бір кезде Қаңбақтыда һәр бірі 10 кроватты аурухана ашылды. 1908 жылы 30 кроватты қазақ земский ауруханасы ашылды». Бұдан көріп отырғанымыздай, Орал облысының жерінің көлемінің үлкендігіне қарамастан, ауруханалардың тіпті аз болғаны. Ал бұл өз кезегінде халық денсаулығына көңіл бөлінбей жатқандығын көрсетеді.

Дәрі-дәрмектің өте тапшылығынан, жергілікті халықтың көбіне тамыр дәрі пайдаланатынын қазақ зиялылары өз мақалаларында жазады [135, 4 б.].

Ж. Сейдалин 1913 жылғы «Тағы да сиез һақында» атты мақаласында қазақ арасындағы аурулар туралы былай деп жазады: «Қазақты сифилис ауруы жайлаған, барлығы бұзықтыққа айналған, олардың арасында әр түрлі қотыр аурулары таралған деп айыптасады.

Иә, оларды кім емдейді? Балгерлер, бақсылар, алдауыштар школ жаман деп қайғырысады. Иә, оларды кім оқытады? Басына сәлде орауға, «шәкіртпін» деуге ерінбеген жанның бәрі оларды оқытады. Қалай оқытады? Біреу орманға, біреу отынға дегендей. Белгілі програм жоқ, тексеру жоқ, қазақтың тіршілік интересіне қорған болып кім тұр? Қазақты бөтендердің жәбір-жапасынан кім қорғайды? [136, 117 б.], - деп қазақтардың арасында таралған аурулардың себептерімен қоса, ауру адамдарды емдейтін мамандардың жоқтығын да ашып көрсетеді.

1913-1914 жж. дәрігерлердің өте аздығы мен ауруханалардың жоқтығын [135, 4 б; 137, 1 б.], дәрігерлерге берілген жалование өте аз болғандықтан дәрігерлер табу тым қиындығын, әсіресе, дәрігерлердің орны қазақ арасында бос тұратыны жазылған [113, 2 б.]. Оны мына мысалдан көруге болады: «Торғай уезінде 100 мыңнан астам жаны бар елге, 150 мың шамалы шаршы шақырым жерде, бір ғана доктор бар. Елдің шеті доктор тұрған қаладан 400-500 шақырым. Әрине бұл қазаққа жоқ доктор [131, 1 б.], - деп дәрігерлердің

аздығын айтады. Осыған байланысты М. Қойгелдиевтің Жетісу облысының дәрігерлік қызметіне байланысты айтылған пікірі жоғарыда айтылған қазақ зиялыларының пікірлерін дәлелдей түседі. Ол: «Қорыта айтқанда, өркениеттіліктің негізгі белгілерінің бірі болып табылатын дәрігерлік қызмет Жетісу облысында біз қарап отырған мезгілде бар болғаны бастапқы қалыптасу кезеңінде тұрды және негізінен қоныс аудара келген, сондай-ақ патшалық биліктің әлеуметтік тірегі болған еуропалықтарды қамтыды [138, 128 б.], - деп 1917 жылға дейін денсаулық сақтаудың басты тірегі – дәрігерлік қызметтің нашар дамығандығын жазады.

Әрине, дәрігерлік қызметтің нашар дамуының басты себебі – дәрігер мамандардың жетіспеушілігі болатын. Соның ішінде қазақтан шыққан дәрігерлер өте аз болатын. Оны біз, Б.А. Кенжетаяевтың зерттеу еңбегінен көреміз. Ол жоғарғы оқу орындарын бітірген қазақтарды жаза отырып, мынадай мәлімет береді: «Императорлық Қазан университетін бітірген қазақтардың тізімін келтіріп, 1887-1917 жж. аралығында заңгер мамандығы бойынша 14, ал медицина мамандығы бойынша – 6 адам бітіргенін, олар: «А. Алдияров, Г. Арынғазыев, И. Қашқынбаев, М. Қарабаев, М. Шомбалов, М. Шолтыров» [75, 1-қосымша], - деп алғашқы қазақ дәрігерлерін атап өтеді.

«Ескі басқару орындарын жойып, жаңа мекемелер ашу туралы редакциялық «Жаңа тәртіпке келіссіз мекемелерді жоғалту» атты мақалада: «Қазақ ішінде неше түрлі жұқпалы аурулар жайылғандықтан адам өлімі көбейіп, өсім азайды. Бұл жәйді біле тұрып, дәрігерлер қазақтың ауруларын бағып қақпады. Көріне қашып, аулақ жүрді. Дені сау халықтың рухы да сау болатынын көздеп, сиез мынандай қарау қылды:

1. Бостандық тиген жұртқа дәрігерлік көпке бірдей бос болсын. Халыққа дәрігердің жәрдемі тиген болсын.

2. Дәрігерлік орындар халықтың ішінде жоқ жерде ашылсын.

3. Әр бес облыстың ортасынан бір аурухана ашылып, 3 фельдшер тұратын орындар болсын. Ол орындарды ашылған доктор, фельдшер әйелдер қарастырып тұрсын.

4. Бір облыста 3 доктор тұратын ұйым (мекеме) ашылсын [136, 377 б.], - деп жазады.

Сонымен қатар С. Садуақасұлыұлының еңбегінен мына үзіндіні оқимыз: «В 1909 г. в Акмолинской обл. с пространством, равным 4702200 кв. верст было для всего населения (исключая казаков) 9 больниц, а к 1 января 1919 г., т.е. через 15 лет, насчитывалось уже 28 врачебных участков и 61 фельдшерский пункт. Безусловно, увеличение порядочное, но отсюда нельзя заключить, что в отношении медицинской помощи население в достаточной мере обеспечено и по прежнему ощущается острая нужда в опытных врачах и фельдшерах, а главное, в необходимых медикаментах [134, с. 14-15], - деп дәрігерлер мен дәрігердің қажеттігін жазса, Қ. Кемеңгерұлы: «Осы уақытта шейін екпінді түрде елге арналып істелген денсаулық сақтау жұмыстары болған жоқ. Ауру қарайтын көшпелі отрядтар өткен жазда ғана тұңғыш шыққандығын, уезде ашылған пункттердің бәрі орыс поселкелерінде деуге болатындығын [22, 168 б.] жазады. Бұл қазақ жерінде ауруханалардың аздық

ететіндігін, халық көшпелі өмір сүргендіктен, оларға арнайы көшпелі отрядтар шыға бастағандығын көрсетеді. Осы көшпелі отрядтарға байланысты Ұ. Құлымбетұлы: Республикада 321 адам жататын 166 бөлмесі бар. Мұның көбі қалада, ауылда өте аз. Саны едәуір болғанмен, елдің осыдан пайдалануы нашар.

Соңғы сандарға қарағанда, саулық сақтау мекемелері 1925-жылдан бастап қазақ ауылдарына бет бұрған. Бұл жөнінде Қазақстандық ден саулық комиссариатының қолданып отырған бір шарасын айтпай кетуге болмайды, ол елге экспедиция шығаруы. Біз ел еңбекшілеріне ауруынды бақсыға көрсетпе дейміз. Оны істету үшін елге шыққан экспедицияның елде көбірек болуы керек. Елді тегіс аралап үгіттеп түсіндіруі керек. Егер бұл істелмесе, ел еңбекшілері еріксіз бақсы-балгерді таппақшы [51, 12 б.], - деп жазады.

Дегенменде мұндай көшпелі отрядтар уақытша болғандықтан барлық ауылдарды толығымен қарай алмайтын, оның себебі ауылдардың шалғайда орналасқандығы себеп болса, сонымен қатар олар көшіп-қонып жүргендігі де болатын. Себебі, олар жаз жайлауға, қыс қыстауға көшкен кездерде олар ауылдарды таппай қалатын болған. Әрине, көшпелі отрядтар көшпелі өмірге лайықты болғанымен, оның да өз кемшіліктері болған. Ал көшпелі отрядтардың кейбір ауылдарға жетпеуі немесе ауруханалардың өте алыс болғандығынан халық әрине, бақсы-балгердің емін қолданбасқа шарасы қалмайды.

Сонымен бірге доктор Х. Досмұхамедов «Как бороться с чумой среди киргизского населения» (1924) қазақ жерінде оба ауруының аяқ астынан шығуына байланысты халықты осы аурудан сақтанудың жолдарын айтып арнайы еңбек жаза отырып, оба ауруымен жоспарлы түрде күрес жүргізу үшін уақытша жіберілетін мамандар емес, жергілікті халықтан шыққан тұрақты медициналық мамандардың керектігін айтады [18].

Т. Рысқұлов «Современный Казакстан» (1926) еңбегінде: «В области здравоохранения большим местом является, опять-таки, разбросанность территории. Сеть врачебных пунктов и больниц не может охватить населения и расположена больше в городах и населенных пунктах. По данным 1924 г., имеющаяся сеть в деревне могла удовлетворить только 1/5 часть потребности (нормы), а в казакской части – 1/8, тогда как городские потребности удовлетворялись нормально. Одним из бичей является малярия, составляющая 65 % все заболеваний (заразных) в КССР. Врачебных участков в КССР (в прежних границах) имелось на 1924 г. – 55, фельдшерских – 231. В городах на одного врача приходилось 1502 человека, а в аулах и селах – 60374 чел., а на одного фельдшера в городах – 1802 чел., и селах и аулах – 9212 чел., а на 1/1 1927 г. Врачебных пунктов было всего по Казакстану в сельских местностях 115, из них 80 больничные, остальные амбулаторные. Фельдшерских пунктов – 229. По кочевой части населения с делом врачебной помощи обстоит очень тяжело. Есть районы, которые совершенно не имеют возможности получить таковую помощь.

Охрана материнства и младенчества тоже охватывает почти только города, но в селах и особенно аулах еще не распространила своей деятельности.

Санитария и санитарное просвещение тоже пока являются делом городским. Дело Физкультуры развивается среди казакской части населения больше в среде учащихся» [45, 118 с.].

Ал өкіметтің Қазақстандағы ауруларды емдеуге бөлінген ақшалай көмегіне назар аударсақ. Ә. Бөкейхан «Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Ферғана, Самарқан облыстарында бұл күнде халық саны 7 миллионнан асады, осы жеті миллион жұрт шешекке қарсы қам қылғандағы шығыны 14 490 сом. Бұл кісіге бір сомнан келеді. Уфа губерниясында шешек шығыны адам басына 1 сомнан» [11, 131-132 б.], - деп жаза келе, земство құру керектігін айтса, С. Садуақасұлыұлы да халыққа көмек көрсету үшін тек земствоға үміт артуға болатынын айтады [134, 16 б.].

В.З. Галиевтің кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі Қазақстандағы денсаулық сақтау ісінің жай-күйі туралы мына пікіріне назар аударсақ: «Разительны успехи здравоохранения нашей республики. Если врачи и фельдшера еще в начале века были разбросаны на ее огромной территории единицами, а один врач приходился на 60-80 тысяч человек с радиусом обслуживания до 800 верст, то теперь в Казахстане действуют 1695 больниц и 2366 амбулаторно-поликлинических учреждений. Полностью ликвидированы такие болезни, как дифтерия, корь, дизентерия, брюшной тиф. На страже здоровья людей стоят 47776 врачей. Это в расчете на 10 тысяч жителей в сто раз больше по сравнению с дореволюционным периодом.

Охрану здоровья детей и матерей осуществляет широкая сеть женских консультаций, родильных домов, детских больниц и поликлиник. Почти во всех областных центрах созданы отделения десткой хирургии, пульмонологии, аллергологии, неврологии, патологии новорожденных и выхаживания новорожденных детей и т.д. для оказания профилактической помощи женщинам и детям, проживающим в сельской местности, созданы 142 передвижных женско-детских консультаций» [118, с.157], - деп денсаулық сақтау ісінің жақсарғандығын жазады. Әрине, кеңес өкіметі тұсында денсаулық сақтау ісіндегі жеткен жетістіктерді де айтып өту керек. Дегенмен бұл әлі де болса қазақ медицинасын дамыту қажеттігін, көңіл бөлу керектігін көрсетеді. Оған мысал ретінде Қазақстандағы денсаулық сақтау мекемелерінің жағдайы туралы Ұ. Құлымбетов жасаған баяндамасынан үзінді келтірсек: «Республикада 321 адам жататын 166 бөлне бар. Мұның көбі қалада, ауылда өте аз. Саны едәуір болғанмен, елдің осыдан пайдалануы нашар.

Соңғы сандарға қарағанда, саулық сақтау мекемелері 1925-жылдан бастап қазақ ауылдарына бет бұрған. Біздің жоспарымыз бойынша ден саулық жөніндегі жәрдемнің көбі қазақ еліне берілмекші. Денсаулық сақтау орындары көбейтілсе, қазақтар үшін көбейтілмекші.

Бұл жөнінде Қазақстандық ден саулық комиссариатының қолданып отырған бір шарасын айтпай кетуге болмайды, ол елге экспедиция шығаруы. Экспедициялардың елді зерттеп әкелген мағлұматтарын қорытсақ, бірталай жұмыс істегендігі көрініп тұр. Біз ел еңбекшілеріне ауруыңды бақсыға көрсетпе дейміз. Оны істету үшін елге шыққан экспедицияның елде көбірек болуы керек. Елді тегіс аралап үгіттеп түсіндіруі керек. Егер бұл істелмесе, ел

еңбекшілері еріксіз бақсы-балгерді таппақшы. Сондықтан бұдан былайғы біздің міндетіміз – жоспар түзеп экспедицияға елді көбірек аралатып, әр аурудың түрі туралы елге толық түсініс беру» [51, 11-12 б.].

Сонымен, бұл жерден байқап отырғанымыздай, ауруханалардың салынуына қарамастан, шалғай жерлерге, көшпелі ауылдарға экспедициялар шығару да көзделген екен. Дегенмен бұл жағдайлар денсаулық сақтау ісінің дұрыс жолға қойылмай жатқандығының айқын көрінісі болса керек.

Біздің бұл пікірімізге Н. Нұрмақовтың мына пікірі дәлел бола алады: «Бәлнесте жатып қарататын бір орынға қанша адамнан келетіндігін мынадан көруге болады: Қырымда – 414, Дағыстанда – 1900, чувашта – 782, Татарстанда – 786, Башқұртстанда – 836, Қазақстанда – 2400 адам, деп Ресей үкіметінің Қазақстанға жеткілікті көңіл бөлмей келгендігін айтады [25, 119 б.]. Бұл үзінділерден көріп отырғанымыздай, Қазақстандағы денсаулық сақтау ісіне дұрыс көңіл бөлінбегендігін көрсетеді.

Сонымен жоғарыда айтылған қазақ зиялыларының пікірлеріне қорытынды жасар болсақ:

- XX ғ. басында жарық көрген қазақ зиялыларының еңбектерінде қазақтардағы аурулардың шығуының маңызды себебі ретінде көшпеліліктен отыршылыққа көшуі мен тазалықтың аздығынан деп ашып көрсетсе, тағы басқа себептеріне халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты болатын ауруларды көрсетеді;

- Қазақтарда аурулардың таралу себептеріне жан-жануарлардан ғана емес, салт-дәстүрге де байланысты таралатындығын айқындап көрсетеді;

- Бақсы-балгерлердің емдері алғашқы кездері жақсы болғандығын жазса, кейінгі уақытта олардың емдерінен аурулардың күні бұрын қайтыс болатындығын көрсетеді. Мұның бірнеше себептерін көрсетеді, бірі – бақсы балгерлердің білімінің аздығы, тіптен жоқтығынан десе, екінші себебіне – бақсылардың татар сияқты басқа ұлттардан пайда табу мақсатымен жұртты алдап ем жүргізгендігінен деп жазады;

- халық емшілігінің зиянды жақтарымен қатар, пайдаға жарайтын жағы – бақсы-балгерлердің шебер сынықшы болғандығын, олардың шеберлігін орыс дәрігерлерінің мойындайтындығын анықтады;

- Зиянды емдеулерден құтылудың бірден-бір жолына халықтың сауатын ашып, дәрігерлер санын көбейту керектігін айқындайды;

- Зиялылар халық арасында бақсы-балгерлердің көмегіне сүйенудің азайғандығы туралы жазғанына қарамастан, денсаулық сақтау орындарының, дәрігерлер мен фельдшерлердің қазақ халқына өте тапшы болуы себепті, XX ғ. 30-шы жылына дейін бақсылар мен тәуіптердің емінің пайдаланылып отырғандығы айтылды;

- Ауруханалардың аздығынан және қазақ ауылдарының шалғайлығына байланысты 1925 жылдан бастап қана дәрігерлер мен фельдшерлерден құрылған көшпелі отрядтар ұйымдастырғандығын жазады;

- XX ғ. 20-шы жылдарының соңында да Қазақстандағы денсаулық сақтау орындары мен дәрігерлер санының, әсіресе қазақтан шыққан мамандардың

аздық ететіндігін айта келіп, Ресей үкіметінің денсаулық сақтау ісіне жеткілікті көңіл бөлмей отырғандығын ашып көрсеткен.

XIX ғ. II жартысы – XX ғ. басындағы Қазақстандағы денсаулық сақтау ісіне байланысты қазақ зиялыларының еңбектерін талдау барысында Қазақстандағы аурулардың шығу және таралуының себептеріне халықтың отырықшылыққа көшірілуі ғана емес, Ресей мен көрші елдерден шаруалардың көптеп көшіп келуі де жатты. Себебі, ол елдерден көшіп келгендер өздерімен қоса әртүрлі жұқпалы аурулар да таралатын. Сонымен қатар халықтың жеткілікті дәрежеде тазалықты дұрыс сақтамауы және әлеуметтік жағдайдың төмендігі де әртүрлі жұқпалы аурулардың таралуына әсер етті. Маман дәрігерлердің жетіспеуі салдарынан бақсы-балгерлердің емі кеңінен пайдаланылса, оның да өз кезегінде зиянды және пайдалы жақтары да болды. XX ғ. 30-шы жылына дейін де жергілікті халықтың бақсы-балгерлердің көмегін пайдаланып отыруы – қазақ дәрігерлері мен емдеу орындарының әлі де болса аз екендігін, ал ол өз кезегінде Қазақстандағы денсаулық сақтау ісінің нашар дамығандығын көрсетеді.

2.2 Қазақ зиялыларының әйел теңдігін зерттеуі

XIX ғ. екінші жартысы - XX ғ. басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік мәселелерінің біріне – қазақ қыздарының теңсіздігі жатады. Қазақтың салты бойынша ата-аналары қыздары мен ұлдарын жас кезінен атастырып, өздері қалаған адамдарымен құда болып, күйеуі қайтыс болса, жеңгесін қайын інісіне алып беретін әмеңгерлік салты болатын. Осындай ескі салт қазақ қоғамына өз зиянын тигізбей қойған жоқ. Біз қарастырып кезеңде қазақ жеріне батыс елдерінің мәдениеті тереңдей енуіне байланысты, қазақтың ата-бабасынан бері келе жатқан салттары, соның ішінде ерте жастан құдаласу және т.б. өзгеріп, жаңа өмірге бейімделе бастады. Қоғамдағы келеңсіз жайттарға халықты оятып, көзін ашқан зиялы, оқыған азаматтарымыз болғандықтан, олардың еңбектері де бізге аса маңызды дерек болып табылады. Қазақ зиялылары қазақтың зиянды ескі салттарын өздерінің шығармаларында батыл сынап, мұндай салттардың қоғамға тек кері әсерін тигізетінін кеңінен жазып, зерттеген болатын. Сондықтан да біздің зерттеуімізде ұлт зиялыларының қазақ қоғамындағы әйел теңдігіне байланысты жазған еңбектері талданады.

XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы қазақ қоғамындағы әйел теңдігіне байланысты біздің алғаш қарастыратынымыз Ш. Уәлихановтың зерттеулері болып табылады. Ш. Уәлиханов өзінің «Записка о судебной реформе» атты еңбегінде былай деп жазады: «Вероятно, причиной, побудившей правительство дела о браках и разводах предоставить муллам, был грубый обычай киргиз отдавать дочерей своих в замужество в слишком юных летах и большей частью без их согласия. Киргизы сговаривали детей своих иногда в колыбели.

Нам кажется, что обычай этот мог быть изменен и безучастия мусульманского духовенства: следовало только предписать старшим султанам и управителям, под страхом ответственности, иметь строгое наблюдение, дабы киргизы не выдавали дочерей ранее таких-то лет, дабы отцы не принуждали

своих сыновей и дочерей вступать в супружество без личного из согласия и проч.» [1, с. 522].

Бұл үзіндіден көріп отырғанымыздай, Ш. Уәлиханов қазақтардың ерте жастан құдаласатын салтын, қыздардың үйленетін жасын белгілеу қажеттігін, сол себепті де үкіметтің неке және ажырасу істерін молдаларға бермей-ақ, аға сұлтандардың жауапкершілігіне тапсыру керектігін жазады.

Сонымен бірге А. Құнанбайұлының шығармаларынан ескі әдетке, яғни қызды жастайынан атастыруға және жас қыздарды мал үшін кәрі шалдарға сатуына қарсы болғандығын көреміз. Ол «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» (1896 ж.) атты өлеңінде «біреудің қызын малға сатып алып, баяғыны іздеген құрғырларды, малдың өмірді жаңғыртпастығын» жазады [3, 237-238 б.]. Ал, «Дала уалаяты газетінде» біз қарастырып отырған тақырыпта мақала жазған О. Әлжанов: «Бірақ біз айтарымыз қазақ ұрғашыларының көрген күнінің анық қайғы, қапалықта екенін. Бұл себептен ақырында бізге өлімнен басқа еш уақытта жақсылық жоқ қой деп ойлайды [6, 52 б.].

Егер де халықтың арасында ғылым оқу көбейе бастаса, онда еркек пенен ұрғашының арасында бұрынғы болған бөлек мінездері жұмсап, жоқ болып кетер еді [6, 53 б.], - деп халық арасында оқудың жоқтығынан қазақ әйелдерінің жәбір көретіндігін айтады.

Бұл кезеңде қазақ қоғамында қазақ қыздарын көп жағдайда өз теңіне бермеу орын алғанмен, кей жағдайларда қыздарды өз теңіне беру жағдайлары да кездесетін болған. Оған Р. Мәрсековтың «Қазақ қыздары» (1900) атты мақаласы дәлел болады. Онда: «Міне, бұл қазақ орта байлығынан кедей болуға риза болған. Бірақ қызын жылатпас үшін бұ қылған оқиғасы бір сондай жақсы, келісімді, көзге, көңілге тиімді бір іс-дүр. Кімге болса да өрнек болатұғын һәм өрнек қып алуға да тиісті-дүр. Құдай-ау, шығара көр осындай қып көбірек өз балаларын жақсы көретұғын ата-аналарды [139, 104 б.]», - деп қызының еркіне көнген, яғни өз теңіне берген ата-аналардың көп болғанын қалайды.

М. Сералин (1871-1929) «Гүлқашима» (1901) атты поэмасында қазақ қыздарының теңсіздігін айта келіп, мұндай қателіктерді жасамауға шақырып [13, 44-88 б.], әйелдер теңдігін жырлаған болатын. Ал, С. Торайғыров (1893-1920) «Жан қайда әділетті іздейтұғын» (1909) атты өлеңінде қыздардың малға сатылатынын айтып [140, 26 б.], - деп қазақ қызының ауыр өмірін суреттеген болатын.

Қазақ тіліндегі тұңғыш «Бақытсыз Жамал» (1910) атты роман жазған М. Дулатов Жамал қыздың бейнесінде қазақ қыздарының мал орнына сатылатындығын, бақытсыздығын, шарифатта да әйел халқын қор етсін деген сөздің жоқ екендігін жазса, ал «Балқия» атты 4 перделі драмасында «жастан құда болу, қалың мал алу деген қазақтың оңбаған ғұрфы екендігін, бұл ғұрыфты жоғалту керектігін, жастай құда болу себепті, неше әйелдер қорлықта, күндікте жүргендігін, талай байлар үштен, төрттен қатын алып жүргенде, неше кедей қатын алуға мал таба алмай, өмірі малайлықта, сүр бойдақтықта жүргендігін» нақты жазып көрсетеді [66, 165-191 б.].

Ж. Сейдалиннің «Бас қосу» (1913) мақаласында: «Қазақ жұртында екі түрлі жаман ғадет бар. Топтан ойлап қарасақ, сол екі ғадет қазақ халқына

қояннан да жаман, сары қонақтан да жаман. Олардан құтылмай қазақ жұрты оңбайды. Дұрысы мұсылман деп те айтарға жарамас, егер де қазақ жұрты сол екі ғадетінен құтылмаса бұл екі ғадеттің бірі «ұрлық», бірі «жесір дауы – қызын сатып мал алу». Ұрының оқыған намазы қабыл болар ма? Қызын сатып тамағын тойдырған отағасының ішкен-жегені адал болар ма? Ойлап қараңыздаршы! Болыстарымыздың арасында жігіт ұстап ұрлық қылдыратұғұндары бар деп прокурорлар айтады. Бұл өсек рас болса жақсы мешіт, жақсы медресе жақсы би, жақсы ауылнай, қайтып болады?! Момын шаруа. «Алдыдағы малым өзімдікі ғой» деп қалай бағады? «Жесір дауы» әйел адамды адам есебінен шығарып мал есебіне аударып жібереді. Қалың малды төлеп болса да, қазақ жұртының 30-40 жасқа келген сақа жігіттері үйірі жоқ айғырдай азнап жүр. Жұртта жесірін ала алмаған бозбала бойдақ көбейіп барады. Қазақтың тұқымы құрып бара жатыр: ойнастық қылып, мерез ауруы жұрттың сүйегіне сіңіп, жайылып бара жатыр. Байда төрт қатын бар, жарлыда бір қатын жоқ. Қыз баланы бесіктен шығармай 60-70-тегі қалтыраған шалға береді. Кебеже қарын, кең құрсақ қатын жоғалып барады. Қаудыраған шалдан жүкті болған жұдырықтай баладан қандай батыр, қандай мырзалар тумас?

Қалың алуын қазақ қоймаса, келесі заманда жұртымыздың хохолмен араласып кетуіне толық себеп болар. Хохол қызын бос бермейді, үстіне ақша қосып береді һәм қалың мал алмайды» [136, 127-128 б.], - деп қызды малға сату, әмеңгерлік сияқты ескі әдеттеп жоғалмайынша, әйелдерге теңдік күні тумайтындығын, сол арқылы қазақтың халық ретінде дамуы, өсіп-өркендеуі кешеуілдей беретіндігін ашық жазады.

С. Дөнентаев (1894-1933) «Жәмила қыз» (1915) атты өлеңінде де қазақ қызының малға сатылғаны туралы жазады [20, 59-60 б.]. Ал, «Әйелдер мейрамына» атты өлеңінде: «Қазақ әйелдерінің кешегі күні мен бүгінгі күнін салыстыра отырып, әйелдердің теңдік алғанын айтады [20, 93 б.].

Ал, С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» және алғаш рет өлең түрінде жазылған «Кім жазықты?» атты романдарында, сонымен қатар «Ауырмай есімнен жаңылғаным» атты шығармасында да қазақ қоғамындағы сүйекке сіңген ескі салтты, яғни ұл-қызын сүймеген адамына беріп, қыздарды өзінен 20-30 жас үлкен адамдарға әйелдікке беруі, ал ұлдарына өзінен жасы үлкен қыздарды немесе әмеңгерлік салтымен жеңгелерін алып беруі, молданың да мал табу үшін немесе байдан қорыққанынан, байға жаққысы келгендіктен қыздың рұқсатынсыз, екі адам өтірік куә беріп отырса да некені қия салатыны және т.б. қазақтардың ұнамсыз қылықтары әңгімеленеді [16, 132-135 б.].

Бұл еңбектерден көріп отырғанымыздай, «өлімнен ұят күшті» демекші бір жағынан келісілген уәде, жасалынған батаны бұзбау үшін, екінші жағынан болыс болып, билігін қолында сақтап, малды, дәулетті болу үшін ұлдарының қарсы болып, қыздарының көз жасына қарамастан, құдалық уәдесінен таймайтындығы, сонымен қатар мұндай некелердің пайдасынан гөрі, оның қоғамға тигізіп жатқан зиянды жақтары жақсы ашылып көрсетілген.

Сонымен қатар осы мәселеге байланысты өз пікірін білдіріп кеткен Ғ. Қараш (1876-1921) өзінің «Әйелдер хақында» атты мақаласында: «Тас жүректерді де ерітетін, рахымсыз көздерге де жас келтіретін қайғылы

халдердің бәріне де біз Русия мұсылмандарының қатын-қыз әлемінде ұшырады [21, 212 б.]. Бір әйел екі айдан бері ерінің жоғалып кеткенін, енді екі айда келмесе айырылсатындығын, екінші күйеуге шығатындығын жазады. Мұндай мәселелерге діни заң орындарының неке хақында анық, айқын жол-жоба берер заңы жоқ. Осы мекемелер бұл іспен түбегейлі айналысуы керек. Мұндай заң болмағандықтан осылар хақында бар шындықты айтуға мәжбүр болдым» [21, 213 б.], - деп жазады. Ал, «Өтініш (Неке туралы)» атты мақаласында: баспа арқылы барлық көпшілікке, оқырман қауымға арналған неке туралы заңды қабылдау шарт. Мұндай заң болмайынша неке мәселесі дұрыс болмайды. Сондай заң болмағандықтан неке бұзушылар көріне бастады. Әсіресе, еркектер жағында көбірек кездеседі. Ашу үстінде еркектер әйелдерді жәбірлейді, осының бәрі де белгілі заңның жоқтығынан. Шын мәнінде әйелдер құқын қорғайтын әділ қазылар жоқ. Сол себептен он-он бес, тіпті жиырма жыл бірге тұрған жұбайлардың айырылысуы осы жайлардың жолға қойылмауынан. Сол үшін осындай адамдардың көз жасын ескеретін әділ шара керек. Міне, осы мәселе төңірегінде баспа бетінде сөз қозғау қажет деп білемін [21, 215 б.], - деп неке туралы заңның жоқтығынан әйелдердің құқығының қорғалмайтындығын айтады.

XX ғ. басындағы Қазақстандағы саяси және әлеуметтік мәселелер мерзімді басылымдар беттерінде кеңінен көтерілген болатын. Сондай мерзімді басылымдардың бірі – «Қазақ» газетінің 1914 жылғы санында Ә. Бөкейханның «Мұсылман сиезі» атты мақаласында съезд барысында талқыға түскен мәселелерді жазады. Сондай өзекті мәселелердің бірі – қыздың неке жасы қарастырылып, 13 жаста адам баласының өсіп-жетілмейтіні, 13-тегі баланың шаруаны басқара алмайтындығын және законда неке шартына әйел жасы 16, ер жасы 18 болып жазылғандығын айтады [11, 19 б.]. Яғни, ұл-қыздарды үйлендіруде жас ерекшеліктерін де ескеру керектігі, сол арқылы қызды жастайынан ұзатуға тыйым салынғандығы байқалады.

Сонымен бірге Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романында да ұл жағының қалың малы жетпегендіктен Ақбілектің ұзатылмағаны, соның нәтижесінде қыздың көп қиналғаны, ақырында ол қалаға кетіп, оқу оқып, ғылым-білімнің арқасында көзі ашылғандығы, әйелдердің ер адамдармен тең екендігі жазылған [19, 346 б.]. Бұл еңбекте ескі салт-сананың құрсауынан шыға алмаған қазақ қыздарының аса ауыр өмірі, оқудың ер адамдарға ғана емес, әйелдерге де керектігі насихатталады.

Ал, Ә.Бөкейхан «Овцеводство в Степном крае» атты еңбегінде: «В последнем наблюдении мы видим цифровое выражение оригинальной всем известной черты киргизского семейного быта, в котором жен покупают. Бедные, не имея средств для уплаты за невесту, подолгу остаются холостыми и семьи маломочных хозяйств обогащаются мужчинами; богатый, располагая скотом для уплаты «калыма», имеет по две, по три жены; в богатой семье много женщин; на киргизской женщине лежит вся тяжелая работа; чем беднее семья, тем доля женщины в ней горше и тем не менее она выживает...» [11, 182 б.]. Ә. Бөкейхан ғылыми талдаулардың негізінде малдың тек тұрмыста ғана емес, адам өмірінде де, яғни үйленуде де басты рөл атқаратынын, қалың малды

төлей алмағандықтан кедейлердің ұзақ уақыт үйлене алмай, кедейдің үйінде ер адамдардың санының, байларға қарағанда көп болатынын, қазақ әйелдерінің ауыр тұрмысын көрсетеді.

1917 жылы 21 шілдеде жалпы қазақ съезі болып, бағдарлама бойынша 14 мәселе қарастырылып, соның 9-шысы әйел мәселесі болатын. Ол бойынша: «әйелдердің саяси құқықтары ерлермен теңестіріліп, күйеуге тию ерік әйелдің өзіне беріліп, қалың малды жоғалтып, 16-ға толмаған қызға һәм 18-ге толмаған жігітке молданың неке оқуға рұқсаты жоқтығын, молда неке оқырлықта әйел мен еркекті қарама-қарсы қойып ризалықтарын біліп оқуы керектігін, әмеңгерім деп зорлық қылуға тоқтау салып, екінші қатын алатын адам бұрынғы қатынының разылығын алуы тиіс екендігін, бұрынғы қатыны кетемін десе, басқа байға тигенше бұрынғы байы оны бағып-қақсын және жеті атаға келмеген жерден қазақ қыз алмасын» деген қаулы шығарылады [43, 405-407 б.].

Бұл қаулыда әйелдердің саяси құқықтары ерлермен теңестіріліп, ұл-қыздардың некеге тұру жасы және жеті атаға келмеген жерден қыз алуға рұқсат берілмейтіндігі нақты жазылады. Ал, әйелдер күйеуінен басқаға кеткенше, бұрынғы күйеуі оны бағып-қағу қажеттігі міндеттеліп, бұл әйелдерге әлі де болса қамқорлық жасау керектігін көрсетеді.

Қазақ әйелдерінің теңдігін жырлаған ақындардың қатарынан Бернияз Күлеевтің де еңбектері орын алады. Оның «Әйелдер сөзі» өлеңінде:

«Жаралғаннан күң болып
Құлдық қылып келдік біз,
Хайуан көрмес азаптың
Талайларын көрдік біз.

Ханға барсақ – хан жаман,
Биге барсақ – би надан,
Болғаннан соң бәрі бір,
Ала алмадық теңдік біз.

Қашан біздер жөнделіп
Еркектермен тең болып,
Әйел атты ел болып,

Дер екенбіз: «Жеңдік біз»?» [141, 36-37 б.], - деп хан мен билердің әділетсіздігінен, надандығынан теңдікке қолы жете алмай жүрген әйелдердің жайы сөз болады.

Қ. Кемеңгерұлының «Оқу құралы» атты еңбегінің «Әйелдер тұрмысы» деген арнайы бөлімінде қазақ әйелі жағдайының «патса заманындағы, төңкерістен кейінгі кездердегі ерекшеліктеріне, Қазағыстанда қыздар арасындағы жұмыстың жайына, жаңа салт орнату жолындағы күреске» арнайы тоқталады. Онда: «Қазақ әйелі заң жүзінде өмір жүзінде де кемшіліктен көзін ашқан емес. Әйелді күндікке айналдыру бір жағынан, елдің ескілікті әдет-ғұрпы себепкер болса, екінші жағынан, патса заңы да әйелдің қол аяғын байлап берген. Патса үкіметінің жолы қалың қара бұқараның жарым-жартысы

әрі тәрбиешісі – әйелге таң атырмау үшін әдейі жүргізілген саясат еді», - деп қазақ әйелдерінің мал есебінде сатыла беретінін, туысқаны өле қалса, малын шетке жібермеу үшін «әмеңгер» деген амалды шығарғандығын, сөйтіп төңкеріске шейін қазақ қызының жылаумен күні өтіп келгендігін жазса, өктебір төңкерісінен кейін кеңес үкіметінің заңы бойынша әйел азаматтық құқықтарының бәріне ие болып, әйелдің қатыспайтын әлеумет, мемлекет жұмыстарының жоқтығын, заң бойынша қыз бала 16-ға жеткенше ғана ата-ананың қарауында болып, бұл жасқа жеткеннен кейін қыз кімге барамын десе де, ата-анасының рұқсатының керек еместігін нақтылап көрсетеді [22, 224-225 б.].

«Кеңес үкіметі қылмыс заңына қалың мал, көп қатын алу туралы ыстатиялар кіргізілгенімен, қазақ әдет-ғұрпының бірден күшін жоя қоймағандығын, яғни қалың малдың көрсетпей алынатындығын және көп қатын алғысы келгендер заңды аттап өтпесе де, айналып кетіп жүргендігін, бұрынғы қатынын айырған болып, зәкіске мәлімденеді де, екінші, иә үшінші тоқал алып жүре беретіндігін», мұндай кемшіліктің 4-5 жылда жойылып кетуінің қиындығын, әдет-ғұрыптардан туған бұл қылмыстарды жою үшін көзі ашық көсем әйелдер билер, қосшы билер, қорғаушылар көбірек болмай реті келмейтіндігін жазған [22, 225-227 б.].

Жоғарыдағы үзіндіге тоқталар болсақ, онда Қ. Кеменгерұлы патша үкіметінің қазақ әйелдеріне қатысты саясатын әшкерелеп, қазақ әйелдерінің мал есебінде сатылып, ескілікті әдет-ғұрыпты сынап, кеңес үкіметі заңының жақсы жақтарын жазып, дегенменде ертеден келе жатқан әдет-ғұрыптың 4-5 жылда жойылып кетуінің қиындығы, бұл қиындықтарды шешуге қазақ әйелдерінің өздері атсалысу керектігі, яғни оқудың, білімнің, белсенділіктің қажеттігін анықтайды.

Қ. Кеменгерұлының әйел теңдігі туралы декреттің қабылданғанына қарамастан, әдет-ғұрып бірден жойылмайтындығына мына мақала дәлел болады деп ойлаймыз. «Жизнь национальностей газетіндегі «Среди киргиз. Гримасы прошлого» атты мақалада: «С опубликованием декрета об отмене калыма у киргиз Акмолинской губ. среди киргизского населения участились случаи побега жен бедняков к богатеим. Это объясняется тем, что богатеи подстрекают родителей жены бедняка к тому, чтобы они в свою очередь, соблазнили свою дочь уйти от мужа. При этом родители получают двойную выгоду: во 1-х, по §3 декрета, калым уплаченный ранее, возврату не подлежит, а во 2-х, богатеи им тайно уплачивают за дочь второй калым.

Чтобы прекратить эту спекуляцию женами, Акмолинский губревком воспретил выходить замуж ушедшем от мужей женам, до получения разводных актов из народного суда, а также постановил вести беспощадную борьбу со «спекулянтами» и нарушителями декрета об отмене калыма» [44, с. 4], - деп жазылғандығына қарасақ, қалыңмал бермеу, қыздарды өз еркінсіз үйлендірмеу туралы декрет қабылданып, әйелдерге теңдік, еркіндік берілгенімен, қазақтардың бұл әдеті тоқтамаған болса керек.

Сонымен бірге кеңес өкіметі қазақ әйелдерінің сауатын ашып, теңдік алып береміз деп, оларды қоғамдық жұмыстарға белсенді қатыстырды. Кеңес

өкіметі құрылғаннан кейін қазақ әйелдерін социалистік құрылысқа тарту ісіне үлкен мән беріліп, мемлекеттік деңгейде үгіт-насихат жұмыстары жүрген болатын. Қазақ әйелдерін қоғамдық-саяси іске тарту саясатының қазақ қоғамының дәстүрлі жолын күйретуге бағытталғанын уақыт дәлелдеп, өз төрелігін айтты [142, 27 б.].

Кеңес өкіметі әйелдерді партияға тарту арқылы олардың қызметін өсіріп, социалистік құрылысты насихаттатқызды. Қазақ қыздарының партия мен комсомол, кәсіподақтарындағы мардымсыз саны «артта қалушылық» ретінде анықталды [142, 32 б.].

Азамат соғысы кезінде делегат әйелдер санитар отрядтарында жұмыс істеді, әскерлерге сыйлық жіберді, оларға ким тікті. Делегат әйелдер соғыстан кейінгі құрылысты қалпына келтіруде де белсенділік көрсетті, әсіресе, нан отын тиіп, түсірудегі сенбіліктер мен жексенбіліктер ұйымдастыруда ұйымшыл болды. Делегат қазақ әйелдері «Санитария мен гигиена достары» деген үйірме құрды. Олар денсаулық сақтау органдарымен бірге жаңа тұрмысты насихаттады, тұрғын үйді, киімді, азық-түлікті таза ұстау жөнінде әңгімелер өткізді. Аналарға баланы күту туралы кеңес берді, балалар өлімінің себептерін түсіндірді, түрлі наным-сенімдердің зиян жақтарын айтты [142, 44 б.].

Белсенді әйелдер осындай жаңа тәртіптің құрбаны болған оқиғалар көптеп кездесті. Үйде ұрыс-жанжалдар, әйелдерін, қыздарын ұрып-соққан көріністер көптеп кездесті. Бірін-бірі өлтіруге дейін барған оқиғалар да болды. Мысалы, Алматы аймағында Сейфутдинов деген кісі әйелі делегат әйелдер бөлімінде болып, қоғамдық жұмыспен айналысқаны үшін оны ұрып-соққан, сөйтіп әйелі үйінен кетіп қалмақшы болғанда, балтамен шапқан, ал Еңбекшіқазақ ауданындағы Байсерке поселкесінде Серікбаев деген адам әйелі Кеңес Армиясы күніне арналған спектакль қойылымына қатысқаны үшін өлтірген. Сонымен бірге ер адамдар әйелдерге жиналыс жүргізуге кедергі жасап отырған [142, 48 б.].

Өзінің аз ғұмырында артына өшпес мұра қалдырған қазақтың аяулы ақын қыздарының бірі – Шолпан Иманбаева еді. Ол өз өлеңдерінде қазақ әйелінің ауыр тұрмысын сипаттайды. «Жалшы әйелдер аузынан (1925)» атты өлеңінде «өткен күнде» өзінің ауыр тұрмыс көргенін айта келе, «бұл күннің» жақсылықтарын былайша жырлайды:

Мұңымызды басшыларға шағамыз,
Оқу оқып өнер-білім табамыз.
Өзіміздей күңшілікте жасаған,
Қараңғы елге теңдік шамын жағамыз.

Шет жерлерге білім іздеп барамыз,
Тәжірибемен оқып білім аламыз.
Тәжірибемен тапқан өнер-білімді
Шашпақшымыз жеткенінше шамамыз [31, 55-56 б.].

Бұл жолдардан әйелдерге теңдік күнінің туғанын, сол арқылы олардың оқу оқып, тапқан өнер-білімдерін қараңғы халықтың көзін ашуға жұмсайтындығын жазған болатын.

Ал, Ж. Сәдуақасов өз кезегінде жоғарыда келтірілген пікірлерді нақтылай түседі. Оның «Әйелдер азаттығы туралы» атты мақаласында: «Төменгі мекемелеріміз әйелді қорғау орнына, көбінесе төңкеріс заңын жүргізуге кедергі жасап келеді. Кейбір кеңестер қалың мал, біреу көп қатын алу, әйелді еріксіз сүймеген адамына тигізу жөніндегі қылмыстарды ашпақ түгіл, қайта пара алып, қымтап жүрген реттері де бар.

Бұл ретте сот мекемелері анықтама, тергеу орындарының да жұмысын мақтай алмаймыз. Бұлардың да оңған ісі шамалы. Бұлардың арасында да пара алушылар бар, сондықтан әйелдің қолы теңдікке жетпей келеді.

Тегінде қазіргі жазаландыру саясатының көздейтіні – жазаны біраз жеңілдету ғой, оның үстіне қалың мал беру, көп қатын алу сияқты әдет-бір-екі жылда жоғалып кететін нәрсе емес. Бұған бір талай уақыт керек және де Нағима жолдас айтқандай әйелдердің мәдениетін көтеру жолымен істеу керек» [26, 76-78 б.], - деп қалыңмал алудың осы күнге дейін жойылмай келе жатқан себептерін көрсетеді.

1925 ж. РКП (б) Өлкелік комитеті қызыл киіз үйдің негізгі мазмұнын анықтады. Енді олар мәдени-ағарту істерін кең түрде жүргізуді көздеді. Жалпы мұндай жұмыстардың мақсаты жер мәселесі, денсаулық сақтау, ағарту істеріндегі партияның саясатын уағыздау еді деп түсінуге болады. Қызыл отаулар саяси-ағарту ісінің негізгі орталығы болу керек деген міндет алға қойылғандықтан, 1925 ж. сәуірде Өлкелік комитет «Болыстық әйелдер қызыл үйі туралы ереже қабылдап, ең әуелі әйелдер арасында саяси-ағарту жұмысын жүргізіп, партияның саясатын көрсету, қазақ әйелдерін социалистік құрылысқа тарту», - деп көрсетілді [142, 46 б.].

Қалыңмал алу мен көп әйел алуды тоқтатудың және жоюдың жолдарын Алма Оразбаева әйелдердің сауатын ашу арқылы тоқтатуға болатындығын айтады. Ол: «Жастар ұйымы қазақ қыздарының арасында оқу керектігін түсіндіру керек. Қыздарға оқу үйрететін мектептер ашу керек. Жастардың ойын сауықтарын үгіт-насихат құралына айналдыру керек. Саяси тәрбие беру үшін партиядан тыс қыздардың конференциясын ұйымдастыру керек...

Қалыңмалды, көп қатын алуды, әменгерлікті түбірімен жоюға күш салу керек. Сонымен қатар оқыған сауатты қыздардың тізімін алып, оларды жастар ұйымының жұмысына қатынастырып отырған пайдалы» [33, 62 б.], - деп айтады. Қазақтың ескі әдет-ғұрыптарының бірі – көп әйел алу туралы Сара Есова «Қазақ әйелінің азаттық күні» (1927) мақаласында: «Қазақтың ескілікті жаман әдеттерінің ішінде көрнекті орын алғаны – қалыңмал мен көп қатын алу. Бұл әдеттер бүгінгі күнге дейін жойылмай келеді. Әйелі еркегі бірдей жұмысқа қатынасатын кеңесшіл мемлекеттегі бар елдің жартысы қатарға қосыла алмай күндікте, кемшілікте жүргенде әділ тұрмыс орнамақ емес. Ескі салт құрымай әлеумет жұмысының жаңа түрі де жұрт қадамы да іске аспақ емес.

Осы күні қазақ газеттерінде басылған ел тілшілері қалыңмал мен көп қатын алу жайлы жазады. Бұлардың көбі ізінше тексеріледі. Қылмыстылар жазасын алады. Бірақ ел ішінде газетке жазылып, көпке мәлім болған қылмыстылар да көп... сондықтан ғинуардың бірінен он бесіне дейін елге қалыңмал, көп қатын алуда қалдырған кеңес заңын түсіндіру науқаны жүргізілуде. Әйел азат болсын десек, алдымен қалыңмал, көп қатын алушылықты жоялық. Қалыңмал мен көп қатын алушылықты қуаттайтын азамат – азамат емес [33, 72-73 б.], - деп бұл ескі әдет-ғұрыпты жоюды насихаттайды.

Ия, шындығында да, ертеден келе жатқан әдет-ғұрыпты бір декретпен жою әрине, қиын болып, оған біраз уақыттың қажет болары сөзсіз. Дегенменде бұл істің бірте-бірте жолға қойылып, қазақ әйелдері теңдікке қол жеткізгені белгілі. Әйел теңдігі мәселесіне бірқатар мақалаларын Нағима Арықова «Қызыл Қазақстан» және «Әйел теңдігі» журналдарына шығарып тұрған болатын. Сондай мақалаларының бірінде: «Қазақстанның жалпы жұмысы алға басып недәуір игілік іс істелген болса да әйел теңдігі, әйелдер арасындағы жұмыс болса да қатарға ене алмай, елдің тұрмысында белгілі орын ала алмай, ақсап келеді.

... Қазақстанның басынан кешкен 7 – 8 жылдың ішінде недәуір ұйымдастыру ісі жарыққа шыққан іс жүзінде буыны қатпаған жас ұйым көпшілікті біржолата меңгеріп кету деген, әрине, мүмкін емес еді. Сондықтан әйел теңдігі де тұрмысқа жанаса алмай, салақтық мінездердің үзілмей келгендігі өз-өзінен белгілі болды» [77, 63 б.], - десе, «Әйел теңдігі» журналының 1928 жылғы 7-санында жарияланған «Қалың мал жойылсын қоғамы туралы» деген мақаласында: Әйел бір жағынан баласын күтетін ана болса және де үй шаруасын басқарушы. Әсіресе, әйелдің мәдениетсіздігінен ауру, науқас та, көбіне, әйел арасында жиірек болады. Зерттеген есепке қарағанда көшпелі елдердегі бір жасқа шейінгі балалардың 100-ден 25-і (25%) 3 жасқа шейінгі балалардың 10-ден 53-і (53%) өледі екен» - дейді [77, 64 б.]. Бұл мақалаларында әйелдердің мәдениетсіздігінен деп отырғаны, олардың білімінің жоқтығын көрсетіп отырған болса керек. Ал сол уақытта тазалық сақтап, денсаулықты күтуге үйрететін білім қазақ әйелдері арасында толығымен жолға қойылмағандығынан болатын.

XX ғ. басындағы әйел теңдігі мәселесін көтерген әдебиет кештерін ұйымдастырып, халқының өсіп-өркендеуіне өзінің үлесін қосқан Нәзипа Құлжанова да бар. Ол: «Біздің елдің қайсысын алсақ та өз тілегімен теңін тауып, үйленудің рақатын, қызығын көріп отырған әйел аз. Оның себебі – елдің надандығы. Надан ел салынып қалған ата жолы, әдет, ғұрыптан айыға алмайды. Онан артық жақсы жол іздемейді де, табал алмайды да. Біздің әйел затымызды сорлы қылып адамшылық қасиетіңнен айырып, көзін ашырмай келе жатқан – мал алып, қызға жастай құда түсіру ғұрпы. Сатарман мал болған соң, адам деп ешкім көңіліне қарамайды [32, 135-136 б.].

Қыз да сатылады, қатын да сатылады, байы өлген қатынды «әмеңгерім» деушілік – мал беріп сатып алған «мүлкім» деген емес пе? Ата-ана қызын қанша жақсы көргенмен, бүтін елдің ұйып отырған, атамзаманнан келе жатқан

әдет-ғұрпына қарсы келуді құдайға қарсы келгенмен бірдей көреді. Қай базарға келсе де, «әуелде жазу осылай», «нашар бала» деген алдауыш жұбанышқа сүйеніп, оларда мал алудың қызығына түсіп кетеді. Оларды айыптауға да болмайды. Ғұрып болып, сүйекке сіңген дертті бұзу бір кісінің қолынан келмейді. ...бұл дертке қазіргі уақытта біздің білетін бірақ еміміз бар, ол – оқу» [32, 136 б.], - деп жазады. 1920 жылы халықты сауаттандырудың көкейкесті мәселесі күн тәртібіне қойылған шақта, жаңадан ашылуға тиісті мектептер үшін сабақ беретін мұғалім кадрларға мұқтаждық туған еді. Осыған байланысты Қонжарда мұғалімдер даярлайтын қысқа курс ашылады. Осы курстың негізгі ұйымдастырушысы әрі ана тілі мен ана тілін оқыту методикасынан дәріс жүргізген Ж. Тілепбергенов болады. 1921 жылдан бастап Темір уездің оқу бөлімінің инспекторы, кейін бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарады [143, 247-248 б.].

Ж. Тілепбергенов (1895-1933) «Әйел оқытушы» (1928) мақаласында: «Қазақ әйелдерінің арасында қызмет ететін оқыған қазақ әйелі кем де кем-ақ қой. Оның ішінде жоғары, орта дәрежелі мектеп бітірген қазақ әйелі бармақпен санағандай.

Міне, осы кемдіктің орнын толтырған бір қазақ әйелінің орта дәрежелі кеңес мектебін бітіріп шығайын деп отырған қуанышты хабарын бергелі отырмын, - деп оқыған қазақ әйелдерінің өте аздығын тілге тиек ете отырып, «Төлегенқызы Гүлзәбираның оқыту, сауат аштыру ісімен қатар «әйелдер құқығы, аналық-балалық сақтау сияқты әйелдерге тиісті болған түрлі мәселелермен қараңғы қазақ әйелдерін таныстыратындығы» туралы насихаттайды [143, 221-222 б.].

Ал, І. Жансүгіров «Қазақ қызы» (1928) атты өлеңінде: «бұрынғы кезде қазақ қызының күндікте жүргендігін, ал, кеңес өкіметі билікті қолға алған заманда азаттық алғандығын» [144, 227-228 б.] жазса, ХХ ғ. қазақ халқының өміріне елеулі үлесін қосқан зиялылардың бірі – журналист, жазушы, қоғам қайраткері Жиенғали Тілепбергенов әйелдердің осы уақытқа теңдікке қолы жетпеуіне біріншіден әйелдерді кінәласа, екіншіден, олардың білімсіздігін айтады. Оның «Қызғалдаққа» арналған «Ашық жауабында» (1930): «Әйелдер малға сатылуына көне берсін демейміз, көнбегенін де ерсі көрмейміз. «Әйелдер, теңдігіңді ал! Малға сатылма!...» деп әйелдің оқығандары мен еркектің оқығандары бірдей зарлап келеді. бұрынғы әдетін надандықпен тастамай келе жатқан елдегі әйелді салға сатушы еркек пен сатылушы әйелдер. Олардың екі жағы бірдей кінәлі. Бұндайда «киіз иесі білектейді» деп, әйел өздері көсем болуы керек. Үкімет теңдік беріп, «малсыз қалағаныңа бар» деп отырғанда, еркектер тыңдамаса да әйелдер тыңдау керек еді. Өз жемін өзі алып жеу керек еді. Оның орнына «ақ батаңды аттай алмай, әке-шешенің белін сындыра алмай біреудің көз жасына қалмаймыз», - деп өз көздерін жасты қылып отырған әйелдердің өздері. Әйел өзіне-өзі бекем болса, еркектердің бұл заманда ештеңе қыла алмайтыны белгілі, - деп әйелдерге теңдік күнінің туғандығын ашып жазады [143, 219 б.].

Ал белгілі қазақ этнографы Х. Арғынбаевтың «Қазақ халқындағы семья мен неке» атты тарихи-этнографиялық еңбегінде революцияға дейінгі қазақ

әйелінің жағдайы туралы былай деп өз тұжырымын білдіреді: «Сондықтан революцияға дейінгі қазақ семьясындағы әйел орнын анықтауға, оның қоғамдық және үйдегі жағдайына тоқтаған уақытта әлеуметтік қатынастарды, ислам дінінің және халықтық әдет-ғұрыптың ықпалын дұрыс ескерсе ғана өткен өмірді объективті түрде көрсетуге, ол туралы дұрыс ұғымға келуге болад). Олай болса, қоғамдық мәселені шешуге араласпау революцияға дейінгі қазақ әйелдерінің ғана басындағы, яғни олардың тек әйел екендігіне байланысты теңсіздік емес, оның негізгі патриархалды-феодалдық қатынастардың салдарымен тығыз байланысты. Сөйтіп, қазақ қауымындағы патриархалды-феодалдық қарым-қатынастың салдарымен ислам дінінің әсеріне байланысты әйел атаулыны төмен санап, оларға байлар мен билер тарапынан тәкаппарлықпен қарау да орын алды. Бірақ, жалпы халық арасындағы ежелден қалыптасқан ұғым бойынша ғана еркекке бергісіз әйелдердің болғанын жоққа шығармайды [145, 80 б.]. Бұл үзіндіден байқағанымыздай, жалпы қазақ халқында әйелдің өзіндік орны болғандығын, әйелдердің теңсіздікке ұшырауын ислам діні мен патриархалдық қарым-қатынастың салдарынан деп көрсетеді. Әрине, бұл еңбек кеңес өкіметі билігі тұсында жазылғандықтан, сол заманның әсерін байқаймыз.

1897 және 1926 жылғы бүкілхалықтық санақ мәліметтері бойынша Қазақстандағы жанұя-неке қатынастарын зерттеуге арналған тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған С.К. Уалиеваның диссертациясынан төмендегі үзіндіні оқимыз: «Анализ семейно-брачных отношений по регионам Казахстана показывает зависимость характеристики семейно-брачного поведения от национального состава населения. Для казахского населения, проживавшего в основном в сельской местности, свойственны традиционные характеристики брачности – ранняя брачность, наличие многоженства среди состоятельных казахов, и вынужденное безбрачие у бедняков вплоть до средних возрастов из-за невозможности заплатить калым. Материалы переписи свидетельствуют о возрастной разнице у состоящих в браке казахов, от десяти до двадцати лет. Показатели разведенных у мужчин казахов выше, чем у женщин казашек [146, с. 142]. Региональный аспект семейно-брачных по переписи 1897 года выявил значительные отличия в брачном поведении населения северного и южного, восточного и западного регионов. Особый интерес представляет разница в поведении женщин южного региона – Семиреченская, Сыр-Дарьинская области, и северного региона – Акмолинская, Тургайская области. В национальном аспекте, в северном регионе значительно выше была доля русских, по сравнению с югом. Соответственно, как подтверждают наши расчеты по материалам переписи 1897 года, прослеживается разница в семейно-брачном поведении различных регионов Казахстана. Более традиционны и консервативны семейно-брачные отношения в южном регионе. Характеристики остальных областей зависят от национального состава регионов [146, с. 142].

В двадцатых годах закладывались государственные, правовые, идеологические основы нового строя. В сфере семейно-брачных отношений в Казахстане эти годы полны принятия новых декретов и постановлений. При

этом изменение семейных ценностей выражается в двух аспектах: социально-экономическом и социально-психологическом. В истории советской семьи изменения привели к потере традиционного типа семейно-брачных отношений.

Советская власть с самого начала исходила из необходимости переустройства существующих традиционно-правовых отношений на социалистический лад [146, с. 142]. Данные всесоюзные переписи населения 1926 года подтверждают наличие большого количества ранних браков у коренного населения. Следовательно рассмотрения половозрастной структуры ранних браков позволило сделать вывод о достоверном отражении ее в материалах переписи.

Вместе с тем, надо отметить, что показатели разводимости у казашек, хотя и ниже, чем у славянских женщин, при рассмотрении в динамике видна четкая тенденция в сторону увеличения показателя разводимости по сравнению с дореволюционным периодом.

Исследование семейно-брачных отношений в различных регионах Казахстана в 1926 году показывает: в губерниях с преобладающим казахским населением отмечена высокая доля ранней брачности у девушек, выдача замуж с 10-14 летнего возраста. Это в Сыр-Дарьинской губернии и в Адаевском уезде.

Также выявлена высокая доля холостых мужчин в сельской местности вплоть до зрелых возрастов, что связано с традицией уплаты калыма. Наличие традиционных моментов в семейном поведении увеличивается с севера на юг. Поздние браки, значительная доля холостых в молодых возрастах, высокие показатели разводимости – все эти характеристики свойственны для северных и центральных регионов страны [146, с. 144].

Проведенный сравнительный анализ семейного состояния на основе фактического материала переписи 1897, 1926 годов позволяет отметить наиболее важное в дореволюционных отношениях в обозначенном аспекте – стабильность брака. Этому явлению способствовали многие объективные и субъективные причины. Однако законодательные изменения советского времени в области семейно-брачных отношений привели к росту разводимости. Кроме того, фактическому распаду семьи способствовали исторические события (в большей степени через овдовения). Изучения этнодемографической характеристики семейно-брачного состояния населения Казахстана в 1926 году показывает значительные изменения, происходившие в двадцатые годы XX века, по сравнению с дореволюционным периодом.

Сопоставительный анализ данных переписей 1897 и 1926 годов показывает, что в динамике по регионам прослеживаются значительные изменения по всем характеристикам брачности. Отмечается трансформация семейно-брачных отношений у казахской национальности: увеличиваются показатели холостых девушек, поскольку снижаются показатели ранней брачности у казашек. Увеличилась показатели женатых мужчин казахов, что явилось следствием принятия новых декретов советской власти, запретивших уплаты калыма, и тем самым, предоставило возможность значительно раньше жениться беднякам казахам. В три-четыре раза выросли показатели разведенных мужчин и женщин казахской национальности. Причем, в 1926

году показатели разведенных женщин выше чем мужчин, по сравнению с ситуацией в 1897 году, когда выше были показатели разведенных мужчин казахов. Отмечен рост показателей вдовых, в особенности у женщин [146, с. 145]. Бұл айтылғандардан байқап отырғанымыздай, әйелдердің теңдік алуына байланысты жүргізілген шаралардың оң әсерімен қатар теріс әсерлерінің болғандығын көреміз. Сонымен қатар ажырасқан әйелдердің санының артқаны да анықталған. Мұның өзі демографиялық процестерге өз әсерін тигізбей қоймады.

Сонымен қазақ зиялыларының әйел теңдігіне байланысты пікірлерін талдай келе мынадай қорытындыға келдік:

- XIX ғ. екінші жартысындағы қазақ зиялылары өз еңбектерінде қазақ қыздарын ерте жастан ұзататын ескі салтқа қарсы екенін, осы мәселені шешу үшін неке және ажырасу ісін қатал бақылау керектігін айтады;

- еріксіз болған некенің тұрақсыз, әрі бақытсыз болатындығын, ата-аналардың мал үшін істелген істерінің кейін өздеріне теріс болып келетіндігін зиялылар еңбектерінде нақты жазады;

- XX ғ. басында әйел теңдігі мәселесі қазақ зиялылары бас қосқан съездердің күн тәртібіне қойылып, оны шешу жолдарын қарастырып, әйелдерге теңдік берген қаулылар шығарады;

- зиялылар өз еңбектерінде көп жағдайда байлардың билігінен қорқып, арын сатқан молдалардың іс-әрекеттерін де көрсеткен;

- зиялылар өз шығармаларында қазақ қыздарын оқытса бұзылады деген соқыр сенімнің де қыздардың теңдік үшін күресу жолына бөгет болғандығын анықтайды;

- біз қарастырып отырған мәселеге байланысты арнайы талдау жасаған Қ. Кеменгерұлы ескі салтқа, яғни қалың мал, әменгерлік және бірнеше әйел алуға үкімет тарапынан тыйым салынса да, оның аз жылда жойыла қоймайтынын, оны жоюға оқыған көсем әйелдердің көбірек болу керектігін, сонда ғана қазақ әйелінің жағдайы түзелетіндігін жазады;

- қазақ зиялылары әйелдердің теңдікке жетуіне басты жол – оқу деп біліп, олардың сауатын ашу жолында көп жұмыстар атқарған.

Жалпы, қазақ зиялыларының ертеден келе жатқан әдет – балаларын жастайынан атастырып қою, құдаласу, әменгерлік және көп әйел алушылық сияқты зиянды ғұрыптарға арнайы қалам тартуының себебі – бұл сол кездегі өзекті мәселелердің бірі болатын. XIX ғ. екінші жартысынан бастап зиялылар қалам тартқан бұл тақырып XX ғ. басында да өз жалғасын тапты. Ұлттық сананың оянуы барысында мұндай мәселелерді көтеріп, мерзімді басылым беттерінде жариялау және насихаттау зиялылардың міндеттерінің бірі болды. Себебі, ұлт болашағы – жас ұрпаққа тәрбие беретіндер, әйелдер болатын. Ал, басында теңдігі жоқ, сауатсыз әйелдердің дұрыс тәрбие бермейтіндігі белгілі. Сондықтан да қазақ әйелдерінің құқықтарын ерлермен теңестіріп, оларды сауаттандыру, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатыстыру ісінде зиялылардың қосқан үлесі өте зор.

3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ

3.1 Қазақ әдебиет кештері зиялылар еңбектерінде

XX ғ. басындағы Қазақстанның мәдени өміріне тоқталар болсақ, мәдениет салаларының бірі – қазақ зиялылары ұйымдастырып отырған әдебиет кештері туралы сөз қозғамау мүмкін емес. Қазақ халқы әрбір мерекелік шараларын ән-күйсіз, ақындар айтысынсыз өткізбеген болса, осы алғаш өткізіле бастаған қазақ әдебиет кештеріне халықтың рухани мұралары негіз болған. Ал біз қарастырғалы отырған әдебиет кештері туралы мәліметтерді XX ғ. басында мерзімді басылым беттерінде жарық көріп отырған қазақ зиялыларының еңбектерінен аламыз. Себебі, қазақ зиялыларының өздері алғашқы әдебиет кештерін ұйымдастырып, оған өздері белсенді қатыса отырып, өнеріміздің өркендеуіне зор үлес қосқан болатын.

Осыған байланысты біздің алдымызда мынадай мәселелер туындайды:

- әдебиет кештерінің өткізіле бастауы және оның мақсаты туралы көзқарастарды салыстыру;

- қазақ әдебиет кештеріндегі қойылымдар мен олардың авторлары туралы зерделеу;

- әдебиет кештерінің өнерпаздары туралы қазақ зиялыларының көзқарастарын қарастыру.

Қазақ әдебиет кештерінің зиялылар еңбектерінде қарастырылуына нақтырақ тоқталғанда, біз оны екі кезеңге бөліп қарастырамыз. Алғашқы кезеңге XIX ғ. соңынан – 1917 ж. дейінгі аралықты қамтыса, екінші кезеңге 1917 жылдан – 1930 ж. дейінгі аралық жатады.

Қазақстанда 1860 ж. Орал қаласында тұңғыш орыс театры ұйымдастырылып, оның негізгі мақсаты «жергілікті халыққа әсер ететін құралдың бірі ретінде» болса, жылжымалы татар труппаларының гастрольдері өнерге ұмтылған қазақ жастарына сахналық үлгі берген болатын [61, 37 б.]. Қазақ жерінде ашылған театрлардың алғашқы легі орыс театрлары болғанмен, қазақтың ұлтжанды зиялылары ана тілінде әдебиет кештерін ұйымдастыра бастаған болатын.

Ал алғашқы әдебиет кештердің қазақ жерінде қойылуына байланысты М. Дулатов «Қазақ» газетіндегі «Абай» атты мақаласынан оқимыз. Онда «қазақтың белгілі ақыны А. Құнанбаевтың опатына дәл он жыл толуына орай 26 ғинуарда Семей қаласында Географический общества ондағы оқыған қазақ жастарының жәрдемімен, Абай құрметіне әдебиет кешін өткізіп, ол кеш бірінші қазақ ақынының құрметіне жасалған бірінші әдебиет кеші», - деп жазады [147, 1 б.]. Мұнан кейін әдебиет кештері бірнеше рет Семейде, Орынбор, Омбы, Атбасар және Торғай қалаларында өткізіле бастаған болатын.

Қазақ әдебиет кештерін алғашқы кездері өткізуде жергілікті билік өкілдерінен рұқсат алу қиын болғанын көруге болады. Оған қазақ әдебиет кештерін ұйымдастырушылардың бірі Н. Құлжанованың мына пікірі дәлел болады: «Семейде 13-інші ғинуарда болған қазақша ойынның рұқсаты артықша қиындықпен алынды: ойында айтылатын өлең, сөйленетін сөздер де

драматический цензура (ойынға кіртін жазба сөздердің рұқсаты) болмағандықтан, бұл өткен әдебиет кешінде тек Ыбырайдың сөздері ғана өтіп, басқа жақсы-жақсы сөздер, таңбасыз малша бұл базарға кіре алмағандығы себеп болды [148, 1 б.]. Сонымен қатар Атбасарда өткен кештің де әкімнің рұқсатымен өткенін көруге болады [149, 2 б.]. Осыған байланысты «Қазақ театрының тарихы» еңбегінде: «қойылатын пьесаны немесе басқа шығармаларды сахнаға шығару үшін, ең алдымен, губернатордан рұқсат алу керек болған. Кейде губернатор рұқсат еткен дүниенің өзін сахнаға қойып жатқанда полиция таратып жіберіп отырған [61, 39 б.], - деп қазақ зиялыларының пікірлерін растай түседі.

Алғаш өткізілген әдебиет кештеріне халық өте көп келіп, көбіне билеттің жетпей қалғанын зиялылар мерзімді басылым беттерінде жазып кеткен болатын. Осындай кештерді өткізуден түскен қаржының әртүрлі мақсаттарға жұмсалғанын көруге болады. «Қазақ» газетінде: «Бұл кеште жиылған ақша Петербурда Русия мұсылманы атынан ашылған соғыс ауруханасы һәм мұқтаж оқушы қазақ жастары пайдасына берілмекші еді. Кеш көңілді жақсы болып, 917 сом, 69 тиын ақша жиналды» [150, 3 б.], - деп жазылған.

Хайретдин Болғанбайдың «Қазақ» газетіне жазған мақаласында: 11-ші апрель күні Орынборда шаһар театрында, 10 проценті жаралы әскерлерге берілу шартымен, Орынбордағы «оқушыларға жәрдем жамғаты» пайдасына әдебиет кеші жасалды. Кешті жасаушылар – мұндағы ноғай, қазақ жастары [151, 4 б.]. Сонымен қатар «Атбасардағы ойыннан өнген ақшаның жартысы соғыс пайдасына, жартысы мұқтаж оқушылар пайдасына берілмек еді» [149, 3 б.], - деген мәліметтерді де көреміз. Ал «Қазақ театрының тарихы» атты еңбектен «жергілікті әкімшілік орындары сол ойын-сауықтардан түскен түсімнің жартысын «жаралылар пайдасына» деген сылтаумен жинап алып отырған» [61, 39 б.] деген сөздерді оқимыз. Жоғарыда айтылғандардан көріп отырғанымыздай, қазақ әдебиет кештерінен түскен түсімнің белгілі бір бөлігі жаралы әскерлерге берілу шартымен жинап алынып отырса, қалған бөлігі оқушыларға жәрдем ретінде берілген.

Ал әдебиет кештерінің бөлімдері мен қойылымдарына келер болсақ, А. Құнанбайұлына арналған әдебиет кешінде Татьянаның хаты, «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?» [152, 4 б.], одан басқа кештерде Абайдың «Қыс», «Бұлбұл мен есек», Ыбырай Алтынсаринның «Жаз», «Қарға мен түлкі» «Өсиет сөз», «Балғожа бидің оқудағы баласына жазған хаты» оқылып, надандық жайынан сөздер айтылса, «Әридаш», «Шілде», «Ғалия» [150, 3 б.], «Ырғақты», «Толқыма», «Гауһар тас» [153, 2 б.] атты қазақ әндерімен қатар күйлер де орындалған болатын. Сонымен қатар ХХ ғ. басында көп қойылатын қойылымдарға Біржан сал мен Сараның, Жанақ пен баланың айтысы жататын [150, 3 б.]. Әдеби кештерде ақындар айтысының үзілмей қойылуы, халықтың осы өнерге деген ерекше ықыласын көрсетсе керек.

«Айқап» журналынан Семейде өткізілген әдебиет кеші туралы мынадай мәліметті оқуға болады: «17 февральда Семейдің приказчик клубында қазақша әдебиет кеші болды. Ойнаушылар қазақтың оқыған жастары, оқыған әйелдері. Ойын төрт блімге бөлініп, қазақтың бұрыннан сауықшыл, өлеңші-әнші

ақындары ескі кемеңгер билердің шешендігі әртүрлі сөздермен тақпақтап өлеңдетіп айтылды. Сөз ұсталығы бұрынғы қалыпта сауық қылу, ән салу, домбырамен күй тартулардың ең сүйкімді нәрсе жан азығы екені турасында соңырақ заманда еш ілінде қожа, молдалар көбейіп, бұл сауықтарды обал, күнә деп халықтың сауықтан көңілін қайтаруы, бертін кезде Ыбырай Алтынсарин, әсіресе Абай Құнанбаев сықылды кемеңгер ақындар шығуы, олардың өлең-әніне не жан кіргізіп, өң беруі ұлттың әуезін сақтауы жоғарылауы жалғыз әдебиеттің арқасында ғана болуы турасында доклад оқылды. Доклад ұзын жазылып, мысал үшін бұрынғы ақындар Даһи (көсем), билердің өлеңдері де айтылып өтті. Оның артынан қазір ойналатын Біржан мен Сара турасында жұртқа мағлұмат берілді. Сахнаның төріне қазақ салтынша масаты кілем төселіп, оюлы отау шатыр қойылған. Залдың бір жағына қолында үкілі домбырасы, торғын шапанды, ақ камзолды, орта бойлы, дөңгелек кішкене сақалды, кәмшат бөріктің шокпардай үкісін былғандатып айқайды сала ән шырқап Біржан шықты. Біржанның салдарша киінген бес жолдасы да жанында тұрды» [42, 264 б.], - деп алғашқы әдебиет кештерінің қойылымдары туралы білеміз.

Қазақ әдебиет кештерінің қойылымдары, тақырыптары өткізілген қаласына да тығыз байланысты болатын. Қазақстан қалаларында өткізілген әдебиет кештері қазақ тіліндегі қойылымдар мен әндерге арналса, ал Омбы, Орынбор қалаларындағы кештер ноғай, қазақ, башқұрт жастарының ұйымдастыруымен өткендіктен, осы үш ұлттың тіліндегі өлеңдер мен қойылымдар қойылған болатын [154, 3 б.].

XX ғ. басында алғаш ұйымдастырыла бастаған әдебиет кештерінің ерекшеліктерінің біріне – әр облыстардың келіншектері өз киімдерімен көрсетілгені туралы оқысақ [153, 3 б.], бақсы, шамандық ойынының да қойылғанын қазақ зиялыларының еңбектерінен көруге болады [152, 4 б.]. Мұндай әдебиет кештеріне арнайы жазылған пьесалар болмағандықтан, алғашқы кездері осындай қойылымдар көрсетілген.

Ал театр кітабының қажеттілігіне байланысты М. Дулатов: «Бұлардың бәрінде де өлең айту, ән салу, домбыра тартудан басқа нәрсе жоқ еді. Сондықтан соңғы кездерде қазақша театр кітабы болса деген тілек барлығы сезіле басталған еді. Қазақ театры, қазақ артистері болуға әлі ерте екендігі әркімге белгілі болса да, театр кітабының керектігі де ерте деуге болмайды. Әлгідей әдебиет кештерін түрлендіру, толықтыру һәм қызықтырақ қылу үшін бірер тәуір театр кітабы керек еді, - деп жазады [66, 278 б.]. Осы кезде баспаға шыға бастаған пьесаларға келетін болсақ, Көлбай Төгісовтің «Қайғы» деп аталатын мақаласында: «көп надандықтың бірер жарымын қолдан келгенінше «ойын кітабына» (пьеса) жазып қазақ жастарына арнағым келеді. Кітаптың аты «Надандық құрбаны»... Бұл кітап жақын арада басылып шығады, кітап баспаханасына берілді. Қазақтарға ойнап өз көздеріне көрсетсе мұндай надандық жолдан тартылар еді деп үміт қыламын, - деп жазады [155, 206 б.]. Бірақ, К. Төгісовтың бұл пьесасына байланысты: «Сөйтіп тұңғыш көрген театр кітабымыз өлі туды. Мұны әдебиет кештерінде қоюға жарайды деп айтуға ауыз бармайды», - деп М. Дулатов кітаптың жарамсыздығын айтқан болатын

[66, 281 б.]. Сонымен қатар «Айқап» газетіне қазақ тілінде шыққан Лихановтың «Манап» драмасына байланысты М.Дулатов мынадай пікір білдірген: «Манап» драмасы үлгілі қазақ әдебиеті қатарына қосыларлық емес, - дей келе, «Манапты» шығарушы Лихановтың қазақ жайынан еш нәрсе білмейтіндігін жаңылмай айтуға болады», - деп жазады [66, 262 б.]. Ал, екі пьесаның сахнаға қойылуы туралы жазба мәліметтерді кездестіре алмадық, - деп жазған «Қазақ театрының тарихының» авторларының айтқанына назар аударсақ, бұл еңбектердің баспаға шыққан алғашқы театр кітаптары болғанына қарамастан, сол кезде айтылған сынға төтеп бере алмағандығын байқауға болады.

Алғашқы әдебиет кештерін ұйымдастырушылар – қазақ мәдениетін өркендетуге белсене қатысып жүрген зиялыларымыз болатын. Оны М.Дулатовтың мына сөздерінен көре аламыз: «Ол кеш бірінші қазақ ақынының құрметіне жасалған бірінші әдебиет кеші болып һәм бірінші қазақ әйелі (Нәзифа ханым Құлжанов жамағатының) майданға түсіп берген өрнегі еді» [156, 1 б.], - десе, тағы бір мақаласында «бұл әдебиет кешін бас болып істеуші Назифа ханым мен Нұрғали Құлжановтар еді», - деп жазады [153, 3 б.]. Ал «Қазақ» газетіндегі мақаладан Семей қаласында өткізілген әдебиет кешін оқығандар һәм саудагерлер жасағандығы туралы оқимыз [150, 3 б.]. Яғни, қазақ әдебиет кештерін өткізуге қазақ зиялыларымен қатар оқудағы жастардың және саудагерлердің қатысқандығы белгілі болып отыр.

Ал осы кештерге қатысқан ойыншыларға тоқталар болсақ, олардың арасында оқудағы қазақ жастарымен қатар, зиялыларымыз да өз үлесін қосқан. Х. Болғанбайдың мақаласында: «...қолына сырлы домбырасын ұстап алаңға ардақты «арғын» (А.Б.) ақын шықты. Халық «арғын» ақынды көргеннен-ақ қол шапалақтап қарсы алды, - дей келе, «арғын» ақынның сахнаға 2 рет шығып өлең айтқанын жазады. Мақаланы ары қарай оқысақ: «...қазақ ханымдарынан Ғайнижамал Дулатова һәм Жаңыл ханым Кәдірбаевалар шығып, олардың екі реттен өлең айтқандығынан мәлімет береді. Ханымдар бұрын мұндай топ алдында шықпауына алаңға шықпауларына қарамай, көңілдегідей шығара алды [151, 4 б.], - деп жазуы кеште ойнаушылардың зиялылар ғана емес, халық ішінен шыққан дарынды әншілер мен өнерге бейімді адамдар екенін көрсетеді.

Ал Атбасарда өткен әдебиет кешінде 25-тей кісі ойнаған болса, оның он жетісі ер адамдар болса, қалғаны әйел адамдар болған [149, 3 б.]. Ж. Темірбековтың өзі қатысқан кештің де көпшілік ойнаушылары ер адамдар болған [157, 3 б.]. Мұның өзі алғашқы кездері әдебиет кештерінде ер адамдардың басымдығын көрсетсе, ол кездегі қазақ қоғамында әлі де қазақ әйелдері мұндай кештерге белсене қатыспағандығын анық байқай аламыз. Мұның себебін мына мәліметтен көруге болады: «Нұрғали мырза Құлжанов шығып, ақсақалдардан, қажылардан ғафу өтінді: алдыңызға келіп өлең айтатын келіндеріңізді айыпқа бұйырмассыздар, игі жұмыс үшін істелген кеш қой деп; Сара қыз бен Біржан салдың жөнін айтты» [153, 3 б.].

Сонымен жоғарыда айтылған қазақ зиялыларының пікірлерін қорытындылар болсақ:

- алғашқы әдебиет кештері Қазақстанның Семей, Торғай, Атбасар қалаларында ұйымдастырыла бастаса, ал Орынбор, Омбы сияқты оқушы қазақ жастары көп шоғырланған жерлерде ноғай, башқұрт жастарының бірігуімен де кештер өткізіліп, осы қалаларда қазақ өнерпаздары жақсы өнер көрсеткендігін жазады;

- қазақ ұйымдастырушылары әдебиет кештерін өткізуге рұқсатты әкімшіліктен қиындықпен алғанымен, кештен түскен түсімді билік орындары соғыс ауруханаларына көмек ретінде алып отырса, қалған бөлігін оқудағы қазақ жастарына көмек ретінде беріп отырғандығын айтты;

- алғашқы өткізіле бастаған әдебиет кештерінде Абай Құнанбаевтың, Ыбырай Алтынсаринның шығармалары кеңінен насихатталып, домбырада қазақ әндері мен күйлері орындалып, ақындар айтысы қойылғандығын жазады;

- баспаға шыққан алғашқы қазақ театр кітаптары сол замандағы өзекті мәселелерді негізгі өзегі етіп алса да, театр шығармаларына қойылатын талаптарға сай келе бермегендігін ашып көрсеткен;

- әдебиет кештеріндегі алғаш әртістерді халық ішінен шыққан дарынды өнерпаздар құрағандығын жазады.

Ал енді екінші кезеңге байланысты қазақ зиялыларының көзқарастарына тоқталсақ.

Бұл кезеңде әдебиет кештеріне арналып біршама пьесалар жазылып, кештер қазақ жерінде көптеп қойыла бастайды. Бұл қойылған кештерді оқудағы қазақ жастары ұйымдастырып, өздері де ойнаған болатын. «Талап» ұйымының ұйымдастыруымен әдебиет кеші өткізіліп, «бұдан жиылған ақшасын Құлжадағы аш жалаңаштар пайдасына берілмек еді» [158, 2 б.], - деп жазса, ал «Қазақ тілі» газетінде: «Осы жыл 20-шы януарда Өскемен қаласында қызыл әскердің жұмалығы үшін қазақша сауық кеші жасалды [159, 4 б.], - деп ойынның өткізілу мақсатын көрсетеді. Ал, «Театр кітаптары (пьеса) турасында» атты мақалада: «Халықты жинап, ойын көрсетуден мақсат: олардың ақшасын алу, бойын көтеру ғана емес, олардың ой көзін де ашу. Театр адамға жазусыз сабақ» [160, 2 б.], - дейді.

«Қазақ тілі» газетіндегі «Семейде сауық кеші» атты мақалада: «1923-інші жыл 4-інші октябрь күні Қазақстан хукіметінің үш жасқа толып, 4 жасқа қарай бет алғанының қуанышына еңбекшіл жастардың даярлауымен ... ақшасыз тегін сауық кеші жасалды. Ойын билеті тиісті орындар арқылы таратылып берілді.

Ойын 4-і күні Семей қаласының өзінде болып. Ойынға төрт жүз (400)-ден аса кісі жиылды. Көп адамдар клубта бос орын болмағандықтан, келіп те қайтты» [161, 2 б.], - деп кештің өткізілу мақсатын көрсетеді.

Қазақтар XX ғ. басынан өткізе бастаған әдебиет кештері алғашқы қазақ театрының ашылуына негіз қаласа, тұңғыш қазақ театры 1926 жылы ашылғаны белгілі. Осы театрдың негізін қалағандардың бірі Жұмат Шаниннің «Дарига» (1927) атты мақаласында бұл пьесадан түскен ақша театры пайдасына берілгендігін және «жаз күнінде бұл пьеса студенттер пайдасы үшін де бір рет қойылған еді», - деп жазады [55, 277 б.].

Бұл айтылғандардан көріп отырғанымыздай, әдебиет кештерінен түскен қаржы халыққа, оқушыларға ақшалай көмек ретінде берілуімен қатар, театрдың мұқтаждықтарына пайдаланылып отырған. Сонымен бірге халыққа тәрбие беру мақсатымен және мерейтойларға арналып та өткізілген болатын.

Тұңғыш қазақ театры ашылғанға дейін біршама пьесалар жазылып, олар әдебиет кештерінде қойылғанымен, оған қосымша ақындар айтыстарының, қазақ ақын-жазушыларының шығармалары насихатталғаны белгілі. Алғашқы қазақ театры онда қойылатын пьесаларды қажет етті.

Қазақ әдебиет кештерінде онда Шәкәрім Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» шығармасын театр кітабы түріне айналдырып [158, 4 б.], «Ескі тәртіппен бала оқыту», «Рабиға» [162, 3 б.], сонымен қатар Ж. Аймауытовтың 4 бөлімді «Шәрбану-Қанапия» атты драмасы [159, 4 б.], «Сылаң қыз» [163, 4 б.], Ж. Шаниннің «Арқалық батыр» және т.б. сол кездегі қазақтардың тұрмысын көрсететін шығармалар қойылған болатын. Осы қойылған пьесаларға байланысты қазақ зиялыларының көзқарастарын талдасақ.

«Театр кітаптары (пьеса) турасында» атты мақалада: «Біздің қазақ жазушылары терең пьесаларды еліктеп жазып, оны қазақ бұқарасына көрсетпек болса, алпыстағы шалдың күпісін алты жасар балаға кигізген деген болады», - деп жаза келе, «осы күнгі қазақ пьесаларының бәрі десек те болады, талпынған қазақ әйелінің бақытсыздығымен аяқтайды» [160, 2 б.], - деп жазушылардың пьеса жазудағы кемшіліктеріне тоқталады.

Қ. Кеменгерұлы «Қазақ тарихы» (1924 ж.) атты еңбегінде: «Театрдың өзі тұрсын, бір кітабын жаза алмадық» [128, 78 б.], - дейді. Бұл пікірге Ж. Аймауытовтың «Театр кітабы туралы» мақаласы дәлел болады. Онда: «Қазіргі уақытта керекке тірек қылу үшін мұқтаждық шығарса да, әуесқойлық қылса да, біреуге біреу еліктесе де, театр кітаптары ғана жазылып, әдебиеттің басқа түрлері тұйық жатқандығы байқалады. Қалам ұстауға шала-шарпы жараған жаңа талаптар алдымен өнерін сынау үшін пьеса (театр кітабын) жазудан бастайды. ...шығып жүрген пьесалардың жүзден тоқсан тоғызы шын мәнісімен пьеса шарттарына маңайласпайды [129, 140 б.], - деп сол кезде жазылып жатқан пьесалардың сапасының төмен болып жататындығын айтады.

Ал С. Садуақасұлы «Ұлт театры туралы» (1926) атты еңбегінде: «Театр өмірдің ойыны. Театр тұрмыстың ойыны. Театрдың ішінде тойды да, шілдеқананы да, қызық ойынды да көруге болады. Бірақ театр ойынының тәртібі өзгеше.

Біздің қазақтақандай театр тууы мүмкін? Театр біздеқандай болу керек, ойнаушылары кім /3 б/, ойналатындар не? – осы туралы бір аз сөйлейік.

Осы күнгі біздің көріп-біліп жүрген театрымыз көбінесе отырықшы елдерде, отырықшы елдердің ішіндегі үлкен қалалар сөзсіз театрды тілеп тұрады. Қаланың мәдениеті, қаланың тұрмысы жағдайы театрды еріксіз туғызады.

Үлкен қалаларда театрды көрушілер де көп. Бір күні беруі келсе, екінші күні біреуі келеді. Көпшілік арқасында театр күн сайын кісісіз болмайды. Мәскеудегі «Үлкен театр» Париждегі «Ұлт перларына» кезек тимей қалатын да уақыт болады. Театрға бару үшін кей кезде неше күндей шіретке де тұрады.

Әрине, біздің қазақ тұрмысында мұндай қалды әзір күтіге олмайды. Бізде бізде әлі үлкен қала жоқ. қала мәдениеті жаңа-жаңа туудың алдында. Қол ауызды ең толтырып айтқандағымыз. Қазағыстанда театр бір күнде жасалмайды осы бастан талабтанбасақ, соңырағы күні жақсы театр аспаннан келіп, түйнейді? театрды жасауға болады. Еңбектеніп істелмейтін нәрсе жоқ [54, 4 б.]

Былыр Жүсіпбек «Еңбекші қазақта» бізде театр кітабы жоқ деп жазды. Театр кітабының аздығына біз де қол қоямыз, бірақ тіпті жоқ деу қате, - деп жаза келе, «Жүсіпбектікі де дұрыс – жаңа пьесалар жазуға кірісуіміз керек», ол үшін «жақсы пьесалар жазуға бәйге тігу керек» [54, 10 б.], - деп өз пікірін білдіреді.

Осы уақытта қазақ әдебиетін өркендету үшін қазақ романдарына, пьесаларына бәйге беріліп, жақсы жазылған шығармаларға тиісті сыйлықтарымен қоса қаламақылары беріліп отырған болатын. Сондай үзіндіні «Ұлт театры туралы» атты С. Садуақасұлытың еңбегіндегі Білім ордасы атынан берілген жарнамадан оқи аламыз. Онда қазақтың тұрмысынан, саясаттан немесе тарихтан алынған пьесаға бәйге берілетіндігі жазылған [54].

Бірақ пьеса жазуға байланысты тігілген бәйгеге байланысты Ж. Аймауытов өзінің пікірін былайша білдірген болатын: «Оқу комиссариатының екі-үш айдың ішінде жүлде алатын театр кітабын жаздырып алуына сене аламыз ба? Сене алмаймыз. Театр кітаптарын қолы бос адамдар жазар да, сапасыз болса да, саны бірталай пьеса-сымақтар жиналар да; бірақ ол кітап та театрды қарқ қыла алмайды [129, 220 б.]. Бұл үзіндіден көріп отырғанымыздай, оқу комиссариатының пьесаны жазуға аз уақыт берілетіндігін, оның пьесаның сапасын төмендетпесе, жоғарылатпайтынын білдіреді. Ал театр кітаптарын көбейтудің бір амалына «Европаның үлгілі пьесаларын қазақ өміріне жанасатындарын, немесе адам баласының мінез-қылығына айна болатындарын қазақ тіліне аудару» [129, 221 б.] керектігін айтады. Бірақ қазақ зиялылары пьеса жазуға атсалысқанына қарамастан, театр кітаптарының әлі де болса аздығы байқалады. Оған Ж. Шаниннің «Қазақстан мемлекет театры» (1928 ж.) және «Қазақстан мемлекет театрының жайы» (1928) атты мақалаларында «қазақта ірі пьесаның аздығы, ал барының өзі берекесізденіп барады» [55, 284, 289 б.], - дей келе, «театрды көркейтіп, артистерді өсіреміз десек, театр кітабын сұрыптау, жөндеу – бірінші міндетіміз. Екінші басқа елдердің оңды жазылған кітаптары қазақшаға аударылсын [55, 298-299 б.], - деп жазуы айқын дәлел болады.

Әдебиет кештері мен кейіннен театрда ойналған пьесалардың тақырыптарына тоқталсақ. Бұл пьесалардың тақырыптары негізінен сол кездегі әлеуметтік мәселелер болса, соның ішінде көп жазылған тақырыптардың бірі – қазақ әйелінің теңдігі болатын. «Театр кітаптары (пьеса) турасында» атты мақалада: «осы күнгі қазақ пьесаларының бәрі десек те болады, талпынған қазақ әйелінің бақытсыздығымен аяқтайды» [160, 2 б.], - деп жазады. С. Садуақасұлы «Еңлік-Кебек», «Алтын сақина», «Арқалық батыр» атты пьесаларды театрға ойнауға жарайтындығын айта келіп, «Жүсіпбектің «Сылаң қызы» да әжептәуір пьеса. Қазақтың шала оқығанының,

«не орыс, не қазақ» еместердің өмірін сынау, олардың тұрмысының тайыздығын, нашарлығын көрсету дұрыс пікір» [54, 5-6 б.], - деп, пьесаның көрінуі кемінде бір сағатқа созылуы және қазаққа біржолата тойғыза көрсету керектігін, пьесаларды жазуда қазақтың табиғи мінездерін ескеру керектігін айтады.

Қазақ театрының негізін қалаушылардың бірі Ж. Шанин «Алпыс алтыға тең» (1930) атты мақаласында: «Өткен 4 жылдың ішінде театрымызда 60-тай пьеса ойналды. Көрген халық бұл 60-тың қандай маңызы барлығын біледі. Бұл 60 кітапта 6 тақырып қана бар. Соңғы кездегі жазылған кітаптардың мазмұнына қарасақ, 80 процент байда жүрген батырақ бай қызына ғашық болады. Аяғында байды жеңіп, барша мұрат басына жетеді [55, 298-299 б.], - деп пьесалардың сол уақыттағы мәселелерге арналғанын, бірақ пьеса жазушылардың өзекті тақырыптарды дұрыс таңдай алмағандығын жазып кеткен болатын.

Сонымен қатар осы кезеңде өткізілген сауық кештерінде пьесалармен қатар, кештің үшінші, төртінші бөлімдерінде ақындар айтысы мен халқымыздың ән-күйлері орындалған болатын.

Осыған орай Х. Досмұхамедұлының «Казакская народная литература» атты Ә. Диваевқа арналған баяндамасында: «особой отличительной формой казакской народной литературы является так. наз. *состязание импровизациями* – айтыс. Айтыс – самая любимая поэзия казаков до сих пор. Ни одно собрание, по какому бы случаю оно ни происходило, обыкновенно не проходило до самого последнего времени, чтобы не было на нем айтыса» [110, 153 б.], - деп айтыстың қазақ арасында әлі күнге дейін маңызды орын алып келе жатқанын айтса, сауық кештерінде айтыстың әрдайым қойылуы осы пікірді нақтылай түссе керек. Ал айтыс өнерінің сахнада қойылуына байланысты Мұхтар Әуезов: «рас, бұл өнер театр тарихымен ұзақ жасай бермейді. Бірақ Иса болған заманда театрдан қол үзуге, айырылуға керек емес. Сол салт традиция есебінде сақталу керек. Қолдан жасай алмайтын, оңайшылықпен қайта тумайтын сирек өнерді біз – бүгінгі заманның адамдары – мәдениетті елше кәдірлей, бағалай білуіміз керек» [55, 331-332 б.], - деп асыл өнерімізді қадірлеуге шақырады.

Кез-келген сауық кеші ән-күйсіз өтпейтіні белгілі. Соған сәйкес Ә. Бөкейхан «Ән, өлең һәм оның құралы» атты мақаласына назар аударсақ, ол «ән, өлең, сыбызғы, домбыра, қобыз – бәрі бір мағынада. Адам көңілдегісін алғаш сөзбен қияды: ән салып, өлең айтып, домбыра шертіп, қобыз ойнайды – адамның жайын, сезімін, жүрегін қозғайды, тиіп өтіп елжіретеді, бусандырады, буынын алады... қазақтың ақындары да ханның қаһары, судың зәһірінен ән салып, өлең айтып, күй тартып басын өлімнен құтқарғандар да бар» [11, 330-331 б.], - деп ән-күйдің маңызын аса жоғары бағалаған. Сондай кештердің бірі туралы «Сарыарқа» газеті: «Ән салу, күй тарту, зар айту, шебер сөйлеу (декламация), өлең айту болды. «Кекілік» күйі екі мандалина төрт домбыраға салынып тартылды. Ойын тарқарда көп кісі қосылып айтқан «Қазақ ұраны» аса көңілді болып, халық қайта-қайта шақырып айтқызды [162, 3 б.], - десе, «Семейдің Затон ауданындағы қазақ жұмысшылары хормен ән айтқанын» жазады [163, 3 б.]. Бұл айтылғандардан байқап отырғанымыздай, сауық

кештерінде қазақтың дәстүрлі әндерінің жеке дауыста айтылуымен қатар, хормен де өлең айта бастаған болатын.

Әрине, әрбір жаңа басталған істің кемшіліксіз болмайтындығы секілді, алғашқы қазақ хорының да өз кемшіліктері мен қиыншылықтары болған. Осыған байланысты Қаныш Сәтпаевтың мына пікіріне назар аударсақ: «Концерт бөліміндегі нашар шыққан – хор. Хор тенор, альт, бас сияқты әр дауыстың үндестігінен құралуы керек. Құрманбектің хорына келсек, олай емес, бір-ақ дауыстан құралған (унисон). Бұған шынында Құрманбек кінәлы емес. Қазақстанның қазіргі мәдениеті, театр күштерінің лебіз жүйесінде жалпы жастығы кінәлі [55, 320 б.], - десе, ал, Ж. Аймауытов «біздің бұрынғы «хорымыздың» аты «жамырау» болатын деп алғашқы пікірді қолдай отырып, «биылғы Жұмат жолдас ертіп келген Ковалев дейтін жолдас біздің «хорымызды» жойып, қосылу түрін Европа хорының түріне айналдырып, қазақ өмірінде жаңа хор құрғызып, бет-бетімен шулайтын дауыстарды көркемдікке, гармонияға айналдырған» [129, 223 б.], - деп хордың қазақ әндерін орындағандығын айтады. Яғни, қазақ хорының алғашқы кезде орындауында кемшіліктер болғанмен, оның бірте-бірте жолға қойылғандығын көруге болады.

Қ. Сәтпаев «қазақ труппасының жалпы бір кемшілігі – ішінде күйшілердің, музыкаға шебер күштердің мүлде жоқтығын айтса, Ж. Шанин осы мақала жазылғаннан бір жылдан кейін, «театр ісін оқып үйрену күннен-күнге көбейіп келе жатқандығын айтып, көркем ән, жақсы күй үйрететін мектептің ашылғандығын, онда ән-күйдің ілім жолындағы тетігі, әннің қағазға жазылған таңбасы, ілім жолымен ән салудың тетіктері секілді сабақтардың берілетіндігін» жазады [55, 283 б.].

Алғашқы кездері хормен ән салудың қиыншылықтары болғанымен, «көш жүре түзеледі» демекші, театрдың жанынан ән-күй үйрететін мектеп ашылғандықтан, ол да дұрыс жолға қойыла бастаған болатын. Дегенмен де ұлт театры әншілерге музыка оқуын оқыту қажеттігін де көтереді. Осыған байланысты «Қазақстанның коммунист әдебиетшіл азаматтарына» атты мақаласында Ж. Шанин: «Қазақ елі өлеңді жақсы көреді. Ән-күй, музыка мен өрелі істерді істеуге болатындығын биылғы, өткен жаздағы турне-саяхат ашық көрсетті. Сондықтан талапты жастарды тауып, қайтсе де музыка оқытатын оқудың шарасына кірісу керек. Жалпы, Қазақстаннан музыка оқуын оқып жүрген Ленинградта бір-ақ қазақтың баласы бар екен. Оның өзі де қаражат, стипендия беретін орын болмай оқудан шыққалы отыр» [55, 302 б.], - деп жазады.

Ал қазақ әдебиет кештері мен театрдың ойыншыларына келетін болсақ, олар негізінен ел арасынан шыққан өнерпаздар болатын. Олар өздерінің табиғи дарындарымен әдебиет кештерін өткізіп, алғашқы қазақ театрының негізін қалаушылар болатын. Осыған байланысты «Сарыарқа» газетінде: Оқығанның аздығынан ойнаушылардың шықпай тұрғаны болмаса, театр шеберлігіне келгенде қазақтың қара жаяу емес, жорғалаған жастарымен жасаған кеші көрсетеді. Ойын басталарда орыс-ноғайлардың: «суфлер» (тасада көрінбей отырып, ойнаушылардың аузына сөз салушы) қойыпсындар,

жаңылып, маскара боласындар» деп келемеж қылса да, табадан аман, таңданарлық болып, қаталаспай шығаруы қазақтың зейіні қандай екенін көрсетті [162, 3 б.], - деп жазылса, «Қазақ тілінде»: «Семейдің Затон ауданындағы сауық кешін оқымаған жұмысшылардың алғашқы ойыны болатын» [163, 3 б.], - деп әдебиет кештерінде ойнаушылардың ел арасынан шыққан өнерпаздар екендігін көрсетеді.

Ал С. Садуақасұлы «...біздің артистеріміздің көбі қазақтың аулынан келген, бұрын көп тәжірибе көрмеген жігіттер еді. Бір жылдық өміріміз бұл жігіттердің ішінен болашақта ірі артистер шығатынын көрсетіп отыр. Қалибек, Елубай, Серке, Әміре сықылды ойыншылардың түбінде үлкен артист болуында сөз жоқ. Бірақ оларға әлі де болса көп білім, көп тәжірибе керек [117, 287 б.] екендігін айқындайды. Сонымен бірге Ж. Шанин «Қазақстан мемлекет театры» (1928): «адамымыз тұрсын, театрға арналған дайындық бір сабақ жібіміз де жоқ еді. ...оқымысты-жігерлі жігіттерін қазақ елінің әр бұрышынан жинап әкеліп, театр ісіне кірісті. Театрға кіріп шыққан талапшылардың саны елулеп болды. Сол талапшылардың ішінен талмай, күшпен қайысты мойындарына салып соқаға жегілген өгіздей сүйреп келе жатқан аздаған жігіттеріміз бар. Оларды оқушыларымызға таныстырып кетуді борыш санадым. Олар мыналар: Қалыбек Қуанышбайұлы, Серке Қожамқұлұлы, Құрманбек Жандарбекұлы, Елубай Өмірзақұлы, Әбілқай Абдоллаұлы, Әміре Қашаубайұлы, Иса Байзақұлы, Жүсіпбек Оспанұлы, Ләтіп Әшкейұлы, Зура Жандарбек келіні. Бұларға соңынан келіп қосылып, театр жұмысына еңбек сіңіріп жүргендер: Жанбике Шана келіні, Қадиша Қожамқұл келіні, Оразке Қашаубай келіні, Шәрбан Байзақ келіні» [55, 282 б.], - деп алғашқы театр ойыншыларының халық арасынан шыққандығын жаза келіп, «Қазақстан мемлекет театрының жайы (1928) еңбегінде «Қазір де театр үмітті артистерінің алдын өнер мектептеріне жібере бастайды. Мысалы, Құрманбек Мәскеудегі театр ілімін үйрететін жоғары дәрежелі мектепке жіберіліп отыр [55, 286 б.], - деп артистердің кәсіби білім алуға жіберілгендігінен мәлімет береді.

Алғашқы өткізілген әдебиет кештерінде әйел адамдардың саны аз болса, Қазақстанның театры құрылғанда да бұл мәселенің әлі сақталғанын көруге болады. Оған байланысты Ж. Шанин: «Былырғы өткен жылы артист саны 28 кісі еді. Биыл сұрыпталып 18 кісі қалды (3 әйел, 15 еркек) [55, 273 б.], - деп жазады. Бұл жерден байқайтынымыз, театр ойыншыларының басым бөлігін ер адамдар құраған, ал әйел адамдар аз болғандықтан олардың рөлін ер әртістер ойнаған кездері де болғандығын байқаймыз.

Сонымен, біздің қарастырып отырған екінші кезеңдегі қазақ зиялыларының көзқарастарын қорытындылар болсақ, олар:

- қазақ театрына арнайы жазылған пьесалардың сапалық деңгейі нашар болғандықтан, қазақ қоғамының әлеуметтік мәселелерін нақты көрсете алатын пьесалардың қажеттігін көрсетеді;

- пьесалардың авторлары негізінен сол уақыттағы ақын-жазушылар болғандығын айтады;

- әдебиет кештерінің, кейіннен ұлттық театрдың алғашқы бөлімдерінде пьесалар, ал кейінгі бөлімдерінде ақындар айтысы, ұлттық әндер айтылып, күйлер ойналумен қатар, хормен ән айту да қойыла бастағандығын жазады;

- әдебиет кештері мен театрдың әртістерін халық арасынан шыққан дарынды өнерпаздар құрағандығын және олардың болашақ қазақ театрының белсенді актерлары болғандығын айқындайды.

Сонымен қазақ зиялыларының көзқарастарын талдай келе, мынадай қорытындыға келеміз. Қазақ жерінде алғаш ұйымдастырыла бастаған әдебиет кештерінің алғаш Семей, Торғай, Атбасар сияқты қалаларда жиі өткізілген болатын, оған осы қалаларда ұлт зиялылары мен қазақ оқушы жастарының көп шоғырланғандығы себеп болған. Әдебиет кештеріне алғаш негіз болған қазақ халқының рухани мұрасы бұл кезде де өз жалғастығын тауып, ұлт театрын қалыптастыруға зор әсер етсе, сол кештерді ұйымдастырып, өздері де белсене қатысқан зиялыларымыз бен халық арасынан шыққан дарынды өнерпаздар болатын. Кештерді ұйымдастыруда әртүрлі қиыншылықтардың болғанына карамастан, зиялыларымыз бен өнерпаздарымыз ұлтының болашағы – жастарға көмек беріп қана қоймай, қазақ өнерінің өркендеуіне зор үлес қосқан.

3.2 Қазақстандағы білім беру ісінің зиялылар еңбектерінде зерттелуі

Қазақ халқының басынан небір қилы тарихи оқиғалар өткені бәрімізге белгілі. Осындай қиын-қыстау замандардың біріне – Қазақстанның Ресейдің отары болуы жатады. XIX ғ. екінші жартысында үш жүз түгелдей Ресей құрамына кіріп, оған толықтай тәуелді болды. Осындай отарлаудың салдарынан қазақ халқының рухани және материалдық мәдениеті, өмір сүру салты, әдет-ғұрпы, тілі көптеген өзгерістерге ұшырап, соның салдары бүгінгі күні де байқалуда. Ресейге тәуелді болып отырған кезеңде қазақ елінің ұлт, халық болып қалуына жанын пиде еткен қазақ ұлтынан шыққан зиялы азаматтар болып табылады. Зиялы азаматтарымыз қанша қуғын-сүргінге ұшыраса да артына өшпес мұра қалдырып кетті. Сондай асыл мұраның бірі – ұлт зиялыларының Қазақстандағы оқыту, білім беру жүйесіне қосқан үлестері. Сондықтан да біз XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы қазақтарға білім беру ісінің қазақ зиялыларының еңбектерінің негізінде тарихнамалық талдау жасаймыз. Бұл мәселені қарастыру үшін біздің алдымызға мынандай міндеттер туындайды:

- зиялылардың қазақтарды оқытудың керектігін насихаттаған пікірлерін көрсету;

- қазақ балаларын оқытудағы қиыншылықтар мен кедергілерді анықтау;

- қазақ мұғалімдерін дайындау мәселелеріне байланысты ұлт зиялыларының пікірлерін айқындау.

Қазақстандағы білім беру ісіне байланысты мәліметтерді біз қазақтың біртуар азаматтарының бірі Ш. Уәлихановтың еңбектерінен аламыз. Оның «Собрание сочинений» 5 томдық шығармалар жинағының 3-томында: «До распространения в Большой Орде русского влияния, сколько можно заметить, знание грамоты своего языка кайсака решительно не занимало и не беспокоило. Но благодаря времени и обстоятельствам, по прибытии в орду

учрежденного управления, кайсаки начали понимать, что уметь читать и писать им чрезвычайно полезно и полезно с двух сторон: во-первых, кайсак начинает пользоваться особенным уважением полуграмотных, которые подобного человека не иначе называют как муллою, и доверчиво слушают все, что ни скажет грамотный, предполагая, что все им сказанное основано на законе пророка, чьи истины муллою уже вычитаны и постигнуты; во-вторых, научившись читать и писать, он приобретает и пользу вещественную; выписывая из своих книг молитвы, разные заговоры и талисманы, он сбывает их кайсакам, не оставаясь никогда в накладе» [164, с. 416].

Бұл үзіндіден байқап отырғанымыздай, Ш. Уәлиханов қазақтарға оқу-жаза білудің керектігін және оның күнделікті тұрмыста алатын орнын жазады.

Заңгер ғалым С. Өзбекұлы бірқатар қазақ зиялыларының саяси-құқықтық көзқарастарын зерттей келе былай дейді: «Бірақ, Салық Бабажановтың ойынша орыстың озық-ойлы, демократиялық, гуманистік идеяларын енгізу өзінен-өзі дамитын құбылыс емес. Ол мақсаттарды іске асырудың негізгі жолы – қазақ халқын білімге жаппай тарту, ағартушылықтың шамын бүкіл қазақ даласында жағу. Себебі «далалық әдет-ғұрып салдаынан және даму дәрежесінің төмендегенінен» еуропа мәдениетінен көп кейін қалған қазақ қоғамын Батыс мемлекеттерінің санатына көтеру үшін білім қажет» [165, 60-61 б.], - деп қазақ зиялысының халқының болашағына алаңдап, білімді елдің ғана дами алатындығын көрсеткен болатын.

Сонымен бірге қазақтың бас ақыны А. Құнанбаевтың да өз өлеңдерінде қазақтарды оқу-білімге шақырғаны, насихаттағаны белгілі. Оның «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» [3; 48-50, 55-57 б.] және т.б. шығармаларында жастарды оқу-білімге, ғылымға, жастық шақты босқа өткізбеуге шақырып, білім мен ғылым үйренуді насихаттайды.

XIX ғ. екінші жартысындағы Қазақстандағы оқу ісінің жайы туралы Б. Әбенаның мына пікірінен білуге болады: «Өйткені, патшалық «... Орта Азиядағы біздің саяси жағдайымызға, ондаған қымбат бекіністерден, жүздеген шала білімді чиновниктерден және мыңдаған солдаттар мен казактардан гөрі, азиаттар арасынан шыққан, білімі мен ықыласы жағынан орысқа айналған оқығандардың аз ғана бөлігінің берер пайдасы көп, - деп түсінді [166, 144 б.].

Отаршыл әкімшілік оқушыларға жалпы білім беруді мақсат етіп қойған жоқ. Орыс-қазақ мектептері таза орыс мектептеріне көшудің формасы ретінде ойластырылды. Патша үкіметі қазақтарды мектептер арқылы орыстандыру саясатын аса сақтықпен, асықпай, «қазақ халқына білім беру» ұранымен бүркемелей отырып, жүзеге асырды [166, 145 б.].

1870 жылдың 26 наурызындағы Ережелер жарияланғаннан кейін, Орал, Торғай облыстарында орыс-қазақ мектептері ашыла бастады. Мектептер екі түрде болды: 4 жыл оқытатын бір класты мектептер және 6 жыл оқытатын екі класты мектептер. Бір класты мектептер бастауыш білім берді. Ал екі класты мектептерде балалар орыс тілінен жетілдіріліп, арифметика мен жаратылыстануға және бейнелеуге оқытылды, тарих пен жағрапиядан тек қарапайым білім берілді [166, 147 б.].

Алайда, қазақтар арасында ағарту ісі кең тарай қойған жоқ. Мектептер саны көп емес еді, онда оқитын қазақтардың үлес салмағы да аз болды. Мысалы, 1892 жылы Орал облысындағы 3 орыс-қазақ училищесінде оқитын 309 баланың 87-і ғана қазақ, 222-і басқа ұлт өкілдері еді. Жылдан жылға қазақ балаларының мектепке тартылысы да айтарлықтай болмады. Егер 1885 жылы Орал облысындағы қазақ балаларының «орысша сауатын ашуға» бағытталған 10 болыстық мектептегі шәкірттердің саны барлығы 361 болса, 1892 жылы 13 болыстық мектепте олардың саны бар болғаны – 434-ке жетті. Жеті жыл ішінде мектептерге тартылған қазақ балаларының саны тек 73-ке өскен [166, 147 б.].

Мектептердің осындай орыстандыру бағытындағы шаралары қазақтар тарапынан сенбеушіліктер туғызса, шоқындыру бағытындағы шаралары оларды шошытты. Сондықтан да қазақтар балаларын орыс-қазақ мектептеріне беруге онша ынталы болмады. Тіпті кей жерлерде мектептер салуға қарсылық білдірген әрекеттер де болды. ...Әрине, бұл жағдайлар мектептердің ағарту, білім беру бағытына емес, орыстандыру және шоқындыру бағытына қарсы болып жатқан әрекеттер еді [166, 148-149 б.].

Ресейдің өлкеде жүргізген ағарту саласындағы отарлау саясаты толығымен жергілікті халықтың ұлттық ерекшеліктерін жоюға және қазақтарды орыс қылуға бағытталды. Осы мақсатқа қол жеткізу ісінде орыс-қазақ және орыс-туземдік мектептер үлкен роль атқарды. Бұл мектептердің ағарту, білім беру маңызы емес, отарлық мәні үстем болды. Отарлық әкімшілік өлкедегі мектеп жүйесіне кириллицаны енгізіп, қазақ халқының ғасырлар бойы пайдаланып келген араб графикасы негізіндегі жазуын қолданудан шығаруға тырысты. Ұлттық мектептер мен медреселер әкімшілік тарапынан қудаланды, орыс емес ұлттар өкілдеріне ана тілінде білім алуға тыйым салынды және жоғары оқу орындарында оқуға шектеулер қойылды.

Патша үкіметінің 60-90-жылдары қазақтарға «білім беруге» қатысты жүргізген шаралары қазақ халқының рухани дамуы мен оқып-білім алу талабына мүлде сәйкес келмеді және қазақтарды орыстандыру арқылы рухани отарлау мақсатына жұмсалды». [166, 154 б.]

«Зар-заман» ақындарының өкілі Дулат Бабатайұлының «Алладан сұрап иманды» атты өлеңінде:

Молдадан сабақ алыңыз,
Иманды жақсы біліңіз,
Мен есіттім кітаптан,
Ғақыл, иман нұрмен тең.
Жаманға айтқан ақылың
Кітаптан көрген нақылың
Құлағына кірмейді,
Аса соққан желмен тең.
Өсиетім байларға –
Көп қуанба малдарға?
Кетеріне келгенде,
Киімге жұққан кірмен тең.

Жақсылардың баласы
Әрбір істі біледі,
Молдадан сабақ оқиды,
Он жасында баспен тең.
Бір жаманның баласы
Оқымай-ақ қалады,
Қайырыңды білмесе,
Өзі пайда қылмаса,
Бір ақыл жоқ байғұста, - деп жазады [7, 93-96 б.].

Ал келесі бір «зар-заман» ақыны Нарманбет Орманбетұлы «Бала қайдан» (1900) атты өлеңінде баланы оқыту керектігін, оқыған бала кейіннен еліне пана болатындығын жазады [9, 71 б.]. Ал «Ескі оқу» (1900) атты өлеңінде молданың оқытуына қарсы екендігін білдіреді [9, 73-74 б.]. «Мектеп бастығына» (1905) атты өлеңінде школдың ашылып, онда балаларға ғылым, өнер үйретіп, адал кәсіппен ата-анасын асырай алатындығын айтса [9, 77 б.], Әбубәкір Кердері (1858-1912): «Жарандар кеңес жазайын» атты өлеңінде «Өнерің болса күнінде, қатарыңның алдысың» [8, 22 б.], - деп жас кезінен бастап өнер білу керектігін, өнерлі болсаң өз қатарыңның алды болатындығын айтады. «Азырақ кеңес жазайын» атты өлеңінде ердің құны мың қой болса, ал білімді жанның құнының өте жоғары екендігін жазады [8, 67-69 б.]. Сонымен қатар мұсылманша молданың еш нәрсеге жарамағандығын айта келіп, орысша білу керектігін жазады [8, 98-99 б.].

Бұл айтылғандардан байқап отырғанымыздай, жоғарыда аталған ақындар қазақ балаларын оқу-білімді үйренуді кеңінен насихаттай отырып, ескі оқуға қарсы болады. Ал сол уақыттағы қатынас тілі болған орыс тілін білуді өз өлеңдерінде кеңінен жазғандығын көруге болады.

Сонымен, XIX ғ. 60-90-шы жылдарындағы қазақ, татар және башқұрт ағартушыларын ортақ идея – туған халқының ағарту ісі мен мәдениетін дамыту негізінде ұлттық қайта өрлеу идеясы біріктірген болатын. Бұл кезеңнің ерекшелігі – ұлттық зиялылардың алғашқы легінің ағартушылық идеясын қолдаушылардың санының аздығы болды. Оған бірнеше факторлар әсер етті: ұлттық білім беру концепциясының жоқтығы, халықтардың экономикалық және мәдени дамуы деңгейінің төмендігі, XIX ғ. 60-90-шы жылдардан бастап қана оқу орындарының (орыс-түзем мектептері, гимназиялар, семинариялар) ашылып, мұғалім мамандардың дайындала бастауы; өз қаражатын ұлттық білім беру ісін дамытуға қосатын ұлттық өнеркәсіп буржуазиясының болмауы жатты [81, 163 б.]

«Зар-заман» ақындарының пікірлерін XX ғ. басындағы қазақ зиялылары да қолдаған болатын. Осыған байланысты М. Сералин «Гүлқашима» атты поэмасында қазақ жігіттерін жас күнінде оқуға шақырып, халықтың қамын ертерек ойлау керектігін айтады [13, 44-88 б.].

«Партия құру және оның мәселелері туралы конституциялық-демократиялық партия бағдарламасында» бір топ қазақ зиялылары – Б. Қаратаев, Ғ. Бердиев, М. Бақытгереев, И. Тоқбердиев, Х. Досмұхамедов, Н. Ипмағамбетов. М. Мұқанов, Ғ. Рақымбердиев, Избасаров, Ү. Дүйсембин

партияның мүшесі ретінде қазақ мектебіне байланысты мынандай мәселені қамтиды: «Нәсіліне, дініне және жынысына қарамай әркімге оқуға, білім алуға рұқсат берілсін.

Әр адамға және әр қауымға мектептер ашуға рұқсат берілсін.

Кіші дәрежелі мектепті аяқтаған соң жоғары дәрежелі мектептерге оқуға түсуге әзірлейтін әр түрлі мектептер ашылсын.

Университеттердің және басқа да оқу орындарының өзін-өзі басқаруға мүмкіндік берілсін. Студенттерге оқу арзан болсын. Студенттердің мәжілістер, жиналыстар өткізіп тұруына рұқсат етілсін. Қазақ балаларына университеттерде оқу үшін стипендиялар көбейтілсін.

Гимназия, реальды училище секілді орта дәрежелі мектептер көбейтілсін. Оларда оқу арзан болсын. Қазақ балаларына басқа тілдермен бірге міндетті түрде қазақ тілі де оқытылсын.

Кіші дәрежелі мектептердегі оқу тегін болсын. Қазақ балаларына сабақ ана тілінде жүрсін. Бұл мектептер земстволардың қарамағында болсын.

Қазақтар ішінде мұғалімдер мектебі көп болсын. Онда қазақ тілінде оқытылсын [136, 117 б.].

Орысша оқытылатын барлық дәрежедегі мектептерде қазақ балалары үшін ислам дінінің негіздерін ләзім болсын. Яғни, қазақ зиялылары мектепте ана тіліне баса мән беріп, орысша оқытатын мектептерде ислам дінінің негіздерін оқытуға көңіл бөледі.

Ал ХХ ғ. басында өзінің «Оян, қазақ!» атты өлеңі арқылы барша қазақ халқын ояту жолында аянбай тер төккен зиялыларымыздың бірі М. Дулатов өзінің шығармаларында қазақтарды оқуға, орыс білімін үйренуге, өнерлі болуға шақырады. Ол «Шығармаларында» өлеңдер жинағының алғы сөзінде былай деп жазады: «Қой, бүйтпелік, һәр халықтың күші һүнер болса, ол һүнерге аллатағала қасында һимәтіміз саясында біз қазақтар да ортақ болсақ керек, соның үшін мұсылманша ғылымдар оқып, дінімізді танып, надандардың көзін қойып, көңілін ашып, мұнымен ахиреттік файдамызды табалық. Екінші – дүниеімізде қажетті хақыларымызды алып, жерімізді, малымызды сақтау үшін, басқалардан хорлық көрмес үшін, орысша оқып һүнерлі болалық» [66, 19-20 б.]. Сонымен қатар М. Дулатов «Мұғалімдерге» атты мақаласында қазақтардағы оқу жайына байланысты: «Қазір біздің қазақ халқында оқудың жаңа дәуірі басталған кез. Біздің қазақта шын қазақша мектептің керектігін біле бастаған шақ. Бұрын бізде екі түрлі оқушы бар еді. Орысша һәм мұсылманша. Орысша оқығандар қазақша хат тани білуді ғана қанағат қылып, көбі оған да шорқақ еді. Мұсылманша оқу тәртібі ең төмен дәрежеде болып... еді. Бұрын 5-6 жыл оқып та хат тани алмай қалатындар көп болушы еді. Кісі қайда оқыса да, керек ноғайша, керек орысша, керек басқаша, асыл мақсұты білім үйреніп, асса халқына, қалса өзіне пайда келтіру» [66, 237-238 б.].

ХХ ғ. басында шыққан «Қазақ» газеті жеке жинақ болып басылып отыр. Осы жинақта қазақ зиялыларының оқу-білімге, саяси өмірге, салт-дәстүрге және т.б. өзекті тақырыптарға арналып мақалалары жарияланған. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы санында М.Д. (М. Дулатов – авт.) деген атпен «Оқушыларға жәрдем жамифаты» атпен жарияланған мақалада: «Басқалармен

тізелесуге, тартысуға, жарысуға оқу-білім керек. Надан жұрт оқымысты, білімді жұртпен қатар тіршілік ете алмайды, есігінде жүріп азып-тозып кетеді. Сондықтан осындай мезгілі өтпей тұрғанда қазақ баласына оқуға жабысудан басқа жол қалған жоқ. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниеден сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні қараң, келешегі тұман. Қазаққа орысша, мұсылманша оқудың екеуі бірдей керек. Біріне артықшылық, біріне кемшілік беру қате. Орысша оқушылар сайрап жатқан даңғыл жолға түскен секілді, орыстың тәрбие-тәртіпке қойылған школдарына кіріп оқиды, неше жыл оқитыны, алатын мағлұматы, бітіргеннен кейін нендей қызметке жарарлығы күні бұрын белгілі...» [43, 69-70 б.].

Бұл үзінділерден көріп отырғанымыздай, М. Дулатов қазақ халқын тек оқу-білімге, өнерге, басқа ұлттардың тілін білуге шақырып қоймай, өз халқына да қызмет қылып, пайда келтіру керектігін және орыс тілінің, мектептерінің қоғамда алатын орнын да жазады.

Сонымен қатар Х. Болғанбай: Жұрттың жұрттығын сақтап, ұйқысын ашатын ерлер керек. Ол ерлер бүгінгі медресе-мектепке берген балалары, соның үшін саналы қазақтың азаматтары оқу, оқыту дегенге салқын қарауға жарамайды [23, 43 б.], - деп қазақ балаларын бауырларымыздың осындай (медресе Хасение – авт.) мектептерге кіріп, пайдаланып қалуға ерінбеу керектігін айтып оқуға шақырады.

Белгілі филолог ғалым Т. Кәкішев А. Байтұрсынов туралы былай деп жазады: «Оның есімі бүкіл түркі тілдес халықтарының тарихына мәңгі өшпейтін алтын әріппен жазылып, қазақ халқының тарихына өзінің рухани сана-сезімі, парсаты және жалпы болмыс жағынан фольклорист, ақын, жазушы, қазақ тілі мен әдебиетінің негізін салушы ірі ғалым, филолог, лингвист, тюрколог-реформатор, ағартушы-демократ, гуманист, педагог, зерделі тарихшы, журналист, қазақтың тұңғыш редакторы, профессор, «Алаш» партиясын құрушы, қазақтың ғылымын ұйымдастырушы, оқулық жазудың білгір маманы, елдің толық тәуелсіздік алуы үшін жан аямай күрескен ірі қоғам қайраткері, халықтың адал перзенті ретінде танылды.

«Бұрын патша заманында қазақ мектеп, медресе һәм школ ашпақ болса патша үкіметінен тіленіп, сұранып неше жыл жүріп, зарыққан тілегін көбіне ала алмай қалушы еді. Енді кеңес үкіметі қазақ сияқты бұрынғы құлдықта жүріп оқу оқи алмаған, өнер-білім ала алмаған халыққа кең қылып оқу-ілім қақпасын ашып отыр. Бір ауылға неше мектеп, медресе, школ саламын десең ықтияр өзінде деп отыр» деп сәбидей қуанды да өзінің ең негізгі, түбегейлі тұжырымын түйіндейді [87, 191 б.].

«Қазақ» газетінің жинағында А. Байтұрсыновтың (1873-1937) қазақ балаларын оқыту, мектептер ашу, мұғалімдермен қамтамасыз ету, мектеп керектері жайынан бірнеше мақалалары жарық көрген. «Бастауыш мектеп» атты мақаласында: «Бастауыш мектептер жалғыз үкімет пайдасы үшін болмай, халық пайдасы үшін де боларға керек. Үкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі өз діні, тілі жазуын сақтау. Солай болған соң бастауыш мектеп, әуелі миссионерлік пікірден,

политикадан алыс боларға керек яғни қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек» [43, 99-100 б.], - деп жазады.

А. Байтұрсынов бұл мақаласында бастауыш мектептің ауадай қажеттігін айта отырып, оның саясаттан, миссионерлік пікірден аулақ болуын және білімді мұғалімдерге аса мұқтаждығын айқындай түседі.

Қазақ ұлтының дамуына, өркендеуіне үлес қосқан зиялыларымыздың ішінде С. Торайғыров ерекше тоқталуды қажет етеді. Оның «Қазақ ішінде оқу жолы қалай?» атты мақаласында: «Қазақтың қай жерінде болса да молда таралмаған, аз-аздап болса да төте оқу жайылмаған жер жоқ есебінде. Сол молда атанған адамдарымыз мейлі ескі жолдың қу мүйізді, құлқын өңештілері болсын, мейлі жаңа жолдың жарып салма, жарық ойлы, ғылым, педагогиканы судай ағызатын аузы алты қарыс атақтылары болсын қазіргі қалпында қазақ ұлтына пайда тигізіп ғылым, өнер шашудың қиындығы іштен тума соқырдың көзін ашу орайы жоқ өткелсіздеу көрінеді. ... Менің түсінуімше қазақ ішіне оқудың таралмауы, таралса да ілгері баспауының бірінші себебі: молдалардың үйрете білмегендігінен емес, үйрету тізгінінің қолдарына берілмей, осындай бәлелерге ұшырауларынан деп білемін», - деп жаза келіп, қазақ мырзаларының 15-20 баланы жиып әкеліп беретінін, ол балаларды сабақты меңгеру қабілетіне қарай оқытудың қажеттігін және олардың ата-аналарының разы болмағандығынан, я бір уақытта жиналмағандығынан екі-үш бөлім қылып оқытуға тура келетіндігі себептерін нақты көрсетеді [140, 128-129 б.].

Бұл мақаласында С. Торайғыров қазақ балаларын оқытудың кемшіліктері мен қиындықтарын нақты жаза отырып, сол кемшіліктерді жоюдың жолдарын және аса қажеттігін айтады.

Жазушы І. Жансүгіровтің «Жастар ұраны», «Жас бұлбұлдарға» атты өлеңдерінде қазақ жастарын оқу, білімге шақырғандығын оқимыз [144, 33-36 б.].

XX ғ. басында көптеген ғылыми мақалалары жарық көріп, «Педагогика» атты арнайы еңбек жазған М. Жұмабаев (1893-1938) та қазақ балаларын оқытуға, білім беріп, тәрбиелеуге баса көңіл бөледі. Ол «Сорлы қазақ», «Өнер-білім қайтсе табылар?», «Қазағым», «Қарағым!» [167; 41-42, 46-47, 51-52 б.], «Педагогика», «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз» [15; 223-314, 318-321 б.] атты өлеңдері мен зерттеулерінде өнер-білімнің қажеттігін, қазақ балаларына білім беру, мектептердегі оқу құралдары жайы талданады. «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз» атты мақаласында: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізге құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, сау, берік һәм өз жанымызға (қазақ жанына) қабысатын, үйлесетін негізге берік құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізге құра алмасак келешегіміз күңгірт.

Мектебіміз белгілі бір берік негізге құрыла алмады. Бір жақтан – әліпби һәм ғылым – ол, екінші жақтан – ұлт тілі, жаратылыс, үшінші жақтан – орталық һәм машина (социальный индустриализм) негізіне құрылған еңбек мектебі. Міне, қазақ мектебі осы күні осы үш оттың ортасында отыр.

Дұрыс, бізге жақын жерден үлгі болатын – орыс мектебі. Бірақ орыс мектебінің өзі осы күнде тоғыз жолдың торабында тұр.

Кең қазақ мектебіне негіз іздегенде, таза пән кезінен, яғни мектеп құрылысының қазақ жанына қабысуы жағынан келу дұрыс болар еді деген ой» [15, 318-321 бб.], - деп өз пікірін нақты дәлелдермен білдіреді.

Үзіндіден байқап отырғанымыздай, М. Жұмабаев мектептің қазақ халқының болашақ тағдырында алатын орнына баса мән беріп, үлгі алуға болатын орыс мектебінің өзі де тоғыз жолдың торабында тұрғандығын жазады.

Ахмет Байұрсынұлының мектеп жөніндегі ойлары бүгінгі күнге дейін мәнін әсте жойған жоқ. Ол мектептің тәуелсіздігін, оқу үдерісі мәселелерін өзі шешіп, өзін-өзі басқаруын қалады. Мұғалімдердің жоғарыдан тағайындалмай, сайлау жолымен орналасуын ұсынды. Сол уақытта оқу-тәрбие үдерісі нәтижелі болмақ. Оның бастауыш мектептерде оқу ана тілінде жүргізілуі керек деген пікірі тіліміздің қазіргідей жағдайында аса өзекті мәселеге айналып отырғаны даусыз [174, 55 б.].

1922-1925 жылдары А. Байұрсынұлы Қазақстан Халық Комиссариаты жанындағы Ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы болып істеді. Сондықтан Қазақ республикасының алғашқы жылдарында қаржының тапшылығынан оқу-білімді ұйымдастыруда орын алған қиыншылықтарды жақсы білді. Патшалық заманда бірнеше жыл ізденіп, шығынданып ашатын мектепті Кеңес үкіметі кезінде ашу мәселесі шешілгенімен, қаржы жетімсіз болды. Ал оқуға деген сұраныс көп. Бұдан шығар жалғыз амал – халықтың өзінің мектеп ашуға қаржы жинауы [174, 56 б.]

Республикада әртүрлі мектептер мен басқа оқу орындарында, кітапханаларда 2616 кісі істеген еді. Ал балаларды тегіс оқытуға 20 мыңнан артық адам керек. Оны үкіметтің толық қаржыландыруға мүмкіндігі жоқ. Сол себепті автор халықтың өзі ел болып бірігіп, байға байша, кедейге кедейше үй басына салық салып, бұрын молда ұстап оқытуда жиналатын қаржыны мектеп ашуға жұмсауды ұсынады. Бұл жұмысқа әртүрлі мекемелерді жұмылдырудың керектігін атап көрсетеді. Сонымен қатар осындай жолмен ашылған мектептердің оқыту, балаларға тәрбие беру тәртіптерін оқу бөлімдерінің сырттан бақылап отыруын қажет деп есептейді. Ауылы шалғай балалар үшін мектеп жанынан жатақхана не интернат ашудың қажеттігін айтады. Бұл жұмыстардың барлығына елдегі азаматтардың, халықтың өзінің батыл кірісуі керек екендігін атап көрсетеді [174, 57 б.]

Қазақ әдебиеті мен тіл ғылымын зерттеуші алғашқы ғалымдардың бірі, Ахмет Байұрсынұлының шәкірті Т. Шонанов «Ахмет Байұрсынұлы Байұрсынұлы – халық ағарту және әдебиет саласында» (1923) атты А.Байұрсынұлының 50 жасқа толғанына арнап жазған мақаласында: «Міне, осындай мүсәпір қиын кезеңде Ахмет алғашқы болып дауыс көтеріп, қазақ мектептерін бір жағынан дүмше молдалардың дым білместігі, екінші жағынан, патша миссионерлердің ықпалынан құтқару үшін Ахаң жалғыз күресті. Бұл жолда Ахаң жалғыз да алғашқы ағартушы болды.

Бұған дейін бізде өз әліппеміз болған емес, дүмше молдалар әліппе жасай алмай, баллардың «әліп-би» шартымен қағаз жүзінде оқытса, ал миссионерлер

Васильев, Алектров, Рожинский және басқалар қазақ әліппесін орыс транскрипциясымен берді [108, 241 б.] .

Октябрь төңкерісінен бұрынғы программалар мен оқыту әдістері жайында әңгімені көп созбасақ та болады. Қазақстанда Октябрьден бұрынғы мектептер әр түрлі болатын:

1. Дін мектептері.

2. Дүние мектебі.

Дін мектептерінің программасы – иман шарт, құран, мұқтасар оқыту еді. Намаз оқығанда, ораза тұтқанда, дәрет алғанда, тамақ жегенде жаттайтын дұғаларды жаттау еді.

Дүние мектептерінің көбінде орыс тілінде, иазында қазақ тілінде оқытатындар Ғалия, Құсаиния сияқты нәрселерден шыққан мұғалімдер еді.

Кешкі мектептердің кіндігін кескендер Ильминский, Победоносков, Бабробников, сықылды миссионерлер еді. Школдар негізіне 1972 жылдың ережесі салынған еді. Ол ереженің бірінші статьясы «бұратаналарды орыс жұртшылығы, христиан мәдениетімен араластыру үшін школдар ашылды» дейтін. Анықтап айтқанда: «бұратаналарды орыс байларының малайы қылу үшін школ ашылды» деген болады. Ондай школдардың программыда түпкі мақсатына сай болады. Ана тілінде сабақ беру, ана тілін үйрену програмнан қуылды. Оның орнына патшаны сүю, отанды жақтау, дінді демеуге үйрететін программа құрғызылды. Сондықтан қазақ школдарында христиан дінін ұғындыратын үгіт, ертегі кітаптар болатын еді. Әрине, ол кітаптар көбінесе оқылмайтын еді. Программа тұрмысымызға жанаспайтын еді. Тұрмыс оқылмай кітап оқылатын еді. Әдіс орнына кітап жаттау болатын еді. Ол кездегі программа мақсаты – оқи, жаза білетін, шығара білетін қызметкер шығару еді.

Октябрь төңкерісі болған соң алдымен дін, патша, отан сүю деген сияқты нәрселер программадан қуылды. Білім жолына қарсы нәрселер мектептен алыстап шығарылды.

Бұл – Октябрьдің бізге берген бір жемісі болды.

Тұрмыстың түрлі тараулары орнығып, өркендей бастаған соң, программа әдісі жұмысыда өркендей бастады. Еңбек мектебіне, техникумдарға арнап жаңа программалар шығарылды. Бұл программалардың мақсаты – негізі бар. Бұл күндегі мектепке беріп отырған программаларымыздың негізі:

1. Баланы тұрмысқа жарақты адам қылып шығару;

2. Баланың белсеніп, өз бетімен ұйымдасып жұмыс қылуын күшейту;

3. Мектептерді қоғамға пайда оны жұмыс қылатын орын қылып шығару;

4. Баланы ұйымшыл, социалдық тұрмыстың ұстасы қылып тәрбиелеу [108, 263 б.], - деп дін мектептерінен гөрі дүние мектептерінің пайдасының көптігін насихаттаған болатын.

XX ғ. басында қазақ тарихына байланысты еңбек жазған Қ. Кемеңгерұлы «Қазақ тарихынан» (1924 ж.) атты зерттеуінде қазақтардағы «Оқу жайына» арнайы тоқталып кетеді. Онда: «Орыс тілін білсін, яки шен алсын» деген мақсұтпен болсын хандар, аға сұлтандар, «жақсылар» орыс школдарына балаларын бере бастады.

20-ғасырдың басында ауылнай школдар ашылды. Үстірт қарағанда үкімет те қазақ үшін тырысқан сияқты. Бірақ үкімет ісінің ішін ақтарсаң, арамдығы аңқып шыға келеді. Хүкімет қазақ баласын оқытқанда білім алсын, елін ағартсын деп ойлаған жоқ. Қазақтың жас баласын елінен айырып, орыстың рухын сіндіріп, қазаққа орыстың идеясын тарататын үндеуші қылу мақсұтында болды.

Қазақтың балдырғандары – жас баласын ана тілінен айырып, орыс тілімен оқытатын қылды. Қазақтар ауылнай школдарын ашқызғанда, үйге беретін 10 сомына қызығып ашқызды. Онда оқытушылардың көбі 2 класты бітірген, рухани ұлт тәрбиесін, жалпы адамшылық тәрбиесін алмаған қазақ жігіттері және татарша білетін крешіндер болды. Оқытушылар өте идеалсыз болғандықтан, школ пайдалы жеміс бермеді [168, 48-49 б.], - деп орыс үкіметінің негізгі мақсатын әшкерелесе, тағы бір жерінде: оқудың арқасында мінез, шаруа кемшіліктерін жоғалтуға болады» [128, 81 б.], - деп, оқудың аса қажеттігін жазады.

Сонымен қазақ зиялыларының Қазақстандағы оқыту, білім алу істерін насихаттаған пікірлерін талдай келе мынадай тұжырымдарға келдік:

- XIX ғ. екінші жартысында еңбектері жарық көрген қазақ зиялыларының – Ш. Уәлиханов пен А. Құнанбаевтың еңбектерінде қазақ балаларын оқыту, орыс тілін үйрету, оқу-жаза білудің пайдасы насихатталды;

- қазақ зиялыларының барлығы да қазақ халқын тек оқу-білімге, өнерге, басқа ұлттардың тілін білуге шақырып қоймай, өз халқына да қызмет қылып, пайда келтіру керектігін жазған;

- А. Байтұрсынов, С. Торайғыров және М. Жұмабаев еңбектерінде қазақтардың білімді болуының аса қажеттігін және қазақ мектептеріндегі оқытудың кемшіліктерін айқындай отырып, оны шешудің жолдарын көрсетеді;

- Қ. Кемеңгерұлы орыс үкіметінің қазақтарға мектеп ашудағы басты мақсатын, яғни орыстандыру саясатын көрсеткенімен, білім беру орындарының аса қажеттігі туралы қорытынды жасайды.

XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы Қазақстанда білім беру ісі күрделі мәселелердің бірі болатын. Себебі, қазақ балалары көбінесе жергілікті ауыл молдаларынан сауатын ашып, көрші елдерге барып оқитындар санаулы болатын деп айтуға болады. Ал, алғаш ашылған мектептер қазақ балаларына орыс тілін үйретіп, орыс дінін уағыздап, тек жергілікті шенеуніктер дайындау мақсатында ашылған болатын. Мұндай өзекті мәселелерді қазақ зиялылары өз еңбектеріне қарастырып, өз пікірлерін білдіріп отырған болатын. Сондықтан да ұлт зиялылары еңбектерін біз көтеріп отырған тақырыптың маңызды дерегі деп білеміз.

Бұл кезеңде қазақ мектептерінде оқушыларды оқыту тіліне байланысты зиялылар арасында әрқилы көзқарастар орын алған болатын. Қазақстандағы білім беру ісіне сүбелі үлесін қосқан ағартушы, педагог Ы. Алтынсарин болатын. Ол мектепте оқытудың бағдарламасын жасап, тек қана жазу-сызуға үйретумен шектелмей, оқушыларға орыс тілін, жаратылыстану пәндерін де оқытуға көңіл бөлген болатын [2, 273 б.]. Ал, М. Дулатов: «Қазаққа орысша,

мұсылманша оқудың екеуі бірдей керек. Біріне артықшылық, біріне кемшілік беру қате [43, 69-70 б.], - деп екі тілді де оқыту керектігін айтса, А. Байтұрсынов бастауыш мектептен оқығандар ең әуелі қазақша толық хат білетін дәрежеде болуы керек, - дей отырып, әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқу керек, соңғы екі жылда кілең орысша оқу керек [12, 245 б.], - деп ана тілді оқытуға көп уақыт бөлуді жазады.

Қызылжар уезіне қараған учительдер съезі оқытуға байланысты бірқатар мәселелер қарап, мынадай қаулы шығарады: «Бұратаналар школында оқу ана тілінде болсын; орыс тілі 3 жылдан бұрын кіргізілмесін, ер балалар мен әйел балалар бірге оқытылсын, бұратаналар школында курс алты жылдық болсын, бастауыш школдардан басқа бұратаналарға арналып орта һәм жоғарғы дәрежелі школдар ашылсын, барлық бұратаналар школдарына міндетті оқу болып орыс тілі кіргізілсін, Бұратаналарға ашылатын школдар қазына күшімен ашылсын [43, 389 б.], - деген қаулылары А. Байтұрсыновтың әуелгі үш жыл қазақ тілінде болсын деген пікірімен сай келеді.

Ал, «Қазақ» газетіндегі қазақ съезі атты мақалада: «Жалпы міндетті оқуды съез аса қажет көргеннен кейін қазіргі бастауыш мектептерді көбейтуге қаулы қылды, 100 үйге бір мектептен кем болмасын делінді. Оқу ана тілінде болсын һәм әйел-еркек балалар бірге оқысын. Мектептер земский һәм мемлекет ақшасына ашылсын [43, 376 б.], - деп мектептің ана тілінде болуын қаласа, Жалпықазақ қазақ съезінің қаулысы бойынша: жалпы міндетті бастауыш оқу аса қажет, бастапқы екі жылда оқу баланың ана тілінде болсын. Мектеп кітаптары болсын, өзге баспасөздер болсын, бәрі де «Қазақ» емлесімен жазылсын [43, 406 б.], - деп ана тіліне басымдық береді.

Бұл жоғарыда айтылған пікірлерден байқап отырғанымыздай, зиялы қауым өкілдері қазақ мектептерінде орыс тілін оқытуды қолдағанымен, алғашқы екі-үш жыл ана тілінде болуын міндеттейді. Себебі, ана тілін білмеген жас ұрпақтың мәңгүрттеніп, өз тілі мен мәдениетін жоғалтып алуынан сақтанған болса керек.

Ал, Ораз Жандосовтың мектептерде қазақ тілінде сабақ беруге байланысты пікірін білсек: «Переходя к национальному языку, т.Джандосов отмечает, что на своем национальном языке Казакстан еще не может создать школу. Нет необходимого кадра преподавателей, поэтому почти все учебные заведения повышенного типа работают на русском языке» [24, с. 97], - деп қазақ тілінде оқытатын мұғалімдердің жетіспеушілігі салдарынан оқыту көбінесе орыс тілінде жүргізілгендігін көреміз.

Бұл 1920-шы жылдардың соңына дейін де мектептерде қазақ тілінде оқыту мәселесінің шешілмегендігін көрсетеді. Бұның басты себебі – қазақ тілінде білім беретін мұғалімдердің аздығынан болып табылады.

Мектепте оқылатын пәндерге байланысты А. Байтұрсынов: «Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайлы [43, 98-100 б.], - болуы дұрыс деп жазады.

Ж. Аймауытов «Білімдендіру көбінесе, екі мақсұт көздейді – білім көбейту, яғни затты мақсұт, ақыл күшейту, яғни қалыпты мақсұт.

Әуелгі мақсұтты жақтаушылар балаға неғұрлым түрлі тараулы білімдер, мағлұматтар, тілдер, өнерлер көп үйретілуін, яғни баланың білім заттары көп болуын тілейді. Екінші мақсұтты қуаттаушылар мектепте балаға білімді көп үйрету қажет емес, көбінесе ақылды машықтандырып күшейтетін жұмыстар берілсін, ақыл жұмысы күшейген адам келешекте білімді өзі де тауып алады дейді.

Бұл екі пікірдің екеуін де, яғни біреулер затты мақсұтты, біреулер қалыпты мақсұтты жақтау – тым ұшқары, асқақ пікір, екеуінің де тірелетін мықты негізі жоқ.

Балаға жалаң білім үйрету, басқаша айтқанда, баланың басын түрлі көп мағлұматпен тығындап толтыра беру ақылын күшейтуге себеп болады деу – қате. Бүйтіп білім үйреткенде баланың басы неше түрлі білімді жинап, сақтап қоятын бір қойма іспетті болады.

Ондай мектеп, ондай оқыту, тек ақылды олай-бұлай қозғап, созылғаннан басқа, балаға ешбір тәрбие бере алмайды.

Құдай, дін, шарифат жайынан мәселе етіп, бақас құрып, фәлсафа сатып ми шіріткен, өмірде бір тиын пайдасы жоқ ескі оқу – ақылды жынды қылып, әлсіреткеннен басқа, түк пайда бере алмай, өзінен-өзі тозып, жоғалып барады. Міне, бұл ақылдың қалпын сырлаудың мағынасыз әурешілік екеніне айқын дәлел.

Сондықтан мектеп балаға пайдалы білімдерге негіз салып, келешекте ол білімін өркендету үшін ақылын күшейту жағын ескеру керек; екінші түрлі айтқанда, білім көбейту мен ақыл күшейту мақсұты қатар көзделу керек.

Ақылды күшейтуге жалпы мағлұмат ретінде жаратылыс пәнінің маңызын алсақ, өзге пәндердегі керекті қасиеттер жаратылыс пәнінен түгел табылады. Тәрбие ықпалы жағынан қарасақ, жаратылыс пәні ана тілі мен шама тілі қатарлы пайдасы барлығында талас жоқ. Жаратылыс пәнінің бір қасиеті қандай жеңілдеп, шағындап, ұғымды түрде үйретем десең де, қолайлы келеді. Сондықтан жаратылысты бастауыш мектептерде оқытуға болады. Басқа пәндерді жабайы, сәл түрден бастап, жүре-жүре тереңдетуге болса, жаратылыс пәнін де солай ету мүмкін нәрсе.

Тілді, есепті оқытқанда дағдыландыру, машықтандыру жұмысы қандай әжет болса, жартылысты оқытқанда да сондай әжет. Бұл сол машықтанудың, онымен бірге білім табудың ең қолайлы дұрыс жолы.

Оқудың мақсұтына ең пайдалы пән болғандықтан, шама тілі пәні ілгері орынға қоюға үлгілі жүйені жақтаушылар да сөз айтпай қол қойды, жаратылыс пәнінің маңызына да талас ете алмайтын болды. Деректі жүйені қуаттаушылар тіл оқытудың маңызына таласуын қояйын деді. Бірақ оқылатын тек жат жұрттардікі һәм ескі тілдер болмай, туған тілі болмақ [169, 299-301, 305-309 б.].

Тілді өзге пәннен бөлек оқыту баланың тілін де, білімін де жетілдіре алмайтындығын сезіп, бұрынғы мектептер басқа да пәндерді көбейтуге тырысқан. Ондай шара жүкті бұрынғыдан да ауырлатқаннан басқа түк пайда берген жоқ. Бұдан шығатын қорытынды мынау: білім тану жолы мен тіл

үйрену жолын айыру дұрыс емес. Сондықтан ана тілін өз алдына пән ретінде оқыту ақылға да, табиғатқа да жанаспайды» [169, 215 б.], - деп мектеп пәндерін үйретуде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру керектігін айтады.

Мұсылманша оқуға байланысты Ы. Алтынсарин өз жазбаларында «мен кейбір оқытудан бос уақыттарымда оларға ресми түрде молда да болып қоям; сөйтіп, оларға дін тарихынан білгенімді айтып, оған басқа да пайдалы және түсінікті әңгімелерді де қосып айтамын [2, 274 б.], деп оның себептерін де көрсетіп өтеді: «біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін ал, екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алуына жол бермеу үшін мен соңғы кезде Мұхамбет шарифатын үйрене бастап, осыған қоса жіберіліп отырған оқу құралын құрастыруға кірістім. Менің бұл іске кірісуіме тағы бір себеп болған нәрсе – қазақ молдаларының өздері де қолдарындағы кітаптарының қолайсыз екендігін мойындайды [2, 323-324 б.].

Бұл жерден байқап отырғанымыздай, Ы. Алтынсарин қазақтардың діни сауатын ашып, теріс жолға түсіп кетпеуін де ойластырып, арнайы кітап жазады. Бірақ та кейінгі жазбаларынан байқағанымыздай, ол кітабына 3-4 рет сұрау салса да кітабының қайтарылмай, не дұрыс жауап ала алмай, кітабының бекімегендігін көреді. Ол мұнымен тоқтап қалмай, көлемі аздау болса да қазақ балаларына мұсылман дінінен хабар беретін кітапшасын жазған болатын.

Патша өкіметі ислам дінінен сабақ беруге қарсы болғаны белгілі. Оның дәлелі ретінде мұрағаттың мына мәліметтерін келтіруге болады: «Копия секретного продолжения Семиреченского областного Правления от 18 февраля 1912 г. За №294 Верненскому Полицмейстеру.

Областное правление предлагает доставить заведующему Розыскным пунктом вг Г.Верном сведения – 1) о существующих в городе новометодных мусульманских школах, лицах, преподающих в них и учебниках, по которым ведется преподавание, с указанием времени и места их издания;

2) об имеющихся на лицо мусульманских обществах просветительного, благотворительного и т.д. характера и о лицах, входящих в состав таковых;

3) о наличных книжных лавках, торгующих мусульманской литературой и о личностях книгонош, получивших разрешение вести торговлю этими книгами.

Для немедленного доставления самых точных и подробных сведений 23 февраля 1912 г. Плиц. Поротиков. Секретарь Нарезнев.

Копия секретного циркуляра Воен. Губ. Семир. Обл. От 12 февраля 1912 г. За №282. уездным начальником Семиреченской обл. И Верненскому Полицмейстеру.

В дополнение указаний, данных мною на на происходившим в январе с.г. съезд уездных нач-ов и в виду циркулярного предложения Туркестанского ген.-губ-ра, от 25 января с.г. за №844, - по инспекции народных училищ Туркестанского края предполагая принять к неуклонному и точному применению следующие основные правила о мусульманских школах. В отношении так называемых «новометодных» туземных школах (циркуляр за №844).

1) открытие новометодных мактабов с начатками общеобразовательных знаний допускается с разрешения инспекции народных училищ.

2) необходимо наблюдать, чтобы в ново открываемые школы назначались учителями туземцами одного племени с учащимся в открываемых школах детьми.

2.3 учителями в сих школах могут быть лишь туземцы одного с учащимися племени, туземные учителя другого племени с учащимися подлежат увольнению [170, 105 л.].

Бұл ХХ ғ. басында қазақ жерінде мектеп ашуға үлкен рұқсат керек екендігін көрсетсе, ал ашылған мектептердің өзі, ондағы оқу бағдарламалары патшалық Ресейдің қатаң бақылауында болғандығын анық байқаймыз. Сонымен қатар назар аударатын тағы бір мәселе – мектеп мұғалімдерінің шығу-тегіне де үлкен көп көңіл бөлінген тәрізді. Құжат мәліметінде айтылғандай, мұғалімдер мен оқышулардың рулары бірдей болуы керек, ол сақталмаған жағдайда мұғалім жұмыстан шығарылған.

«Алаш қозғалысы» құжаттар мен материалдар жинағында Ішкі Істер Министріне қазақтардың құқықтарын кеңейту туралы петицияны бекіту туралы өтінішінде: «В школах было бы обязательным условием: сначала преподаванием киргизским ученикам магометанского духовного молитвенного урока, пяти главных обязательных уроков для богослужения до совершеннолетия учеников, а затем уже преподавались русские грамоты с тем, чтобы преподавание мусульманских духовных уроков не оставалось до оставления учеником школы.

В школах не преподавались бы христианские духовные уроки [136, с. 41-42], - деп ислам діні негіздерін оқытуға мән берген.

Өз кезегінде М. Дулатұлы: «Мұсылманша оқушыларға шаһарларда қазаққа арнаулы медреселер жоқ. Қазақтан оқушы талапкерлердің көптігі соңғы жылдарда көріне бастады. Школдарға қазақ балаларының 10-нан тоғызы орын жоқтықтан кіре алмай, қайда барарын білмей, қаңғырып жүр» [43, 69-70 б.], - деп мектептердің аздығын сөз қыла отырып, мұндай мектептердің керектігін жазады. Бұл қазақтарға мұсылманша оқудың керектігін көрсетіп, басқа дінге немесе теріс жолға түсіп кетпеуіне жасалған шаралар болатын.

Кезінде Жетісу өңірінде белгілі болған, кейінгі қазақ зиялылары білім алған оқу ордасы «Мамания» медресесі және онда оқылған пәндерге тоқталсақ: «Оқушыларға берілген білім дәрежесімен танысу үшін оның мұрағатта сақталған оқу жоспарын келтірейік:

Мәселен, онда мынадай пәндер оқытылған:

1. Қазақ тілі («оқу, жазу») – 1-ші кластан бастап оқытылады.
2. Есеп (арифметика) – 1-ші кластан бастап оқытылады.
3. Иман-шарт – 2-ші кластан бастап оқытылады.
4. Құран – 2-ші кластан бастап оқытылады.
5. Орыс тілі 3-ші кластан бастап оқытылады.
6. Пайғамбарлар тарихы – тек 3-ші кластан бастап оқытылады.
7. жағрапия – 3-ші кластап бастап оқытылады.
8. Зоология – 4-ш кластан бастап оқытылады.

9. Ислам діні тарихы – 5-ші кластан бастап оқытылады.
10. Татар тарихы – 5-ші кластан бастап оқытылады.
11. Хадис (Пайғамбардың өсиеті) – 5-ші кластан бастап оқытылады [171, 70-71 б.].

Яғни, сол уақыттың әртүрлі тиымдарына қарамастан, қазақ тілін бірінші сыныптан бастап оқытуды қолға алып, ислам діні тарихы, хадис сияқты пәндер «Мамания» медресесінде оқытылғандығын көреміз.

Белгілі тарихшы М. Қойгелдиевтің мына пікіріне назар аударсақ: «Отарлық билік орындары мұсылмандық оқу орындарға соққы беру арқылы өлкеде орыс оқу орындары жүйесінің қанатын жаюды көздеді. Патша өкіметі орыс оқу орындарына жергілікті халық балаларын тартқанда, оларды сауаттандырып, ғылым-білімге тарту үшін емес, өздерінің күнделікті саяси-әлеуметтік мұқтажына қызмет ететін төменгі дәрежедегі қызметкерлер даярлауды мақсат етті. XX ғасырға сауатсыздықтан айырылмаған күйде жеткен елдердің бірі Ресей мен оның құрамындағы отар елдер болатын» [138, 171 б.], - деп патша үкіметінің оқытудағы саясатын әшкерелейді.

Бұл уақыттағы мектепте оқытудың қиындықтары туралы А. Байтұрсынов: Олар оқырлық орындар шамалы, учительский школа, семинария, адам фельдшері я мал фельдшерінің школалары. Торғай мен Орал облысында фельдшерлік школалар жоқ. Семинарияларда қазақ стипендиясы я тіпті жоқ, я бар болса аз, жоқ есебінде киргизский учительский школада қазына орны алпыс, оның жартысы қазаққа, жартысы орысқа деп ол жағынан да үлкен ауыл үлкендігін қылатын көрінеді. ...оқимын деген жастарыңды бүйтіп қаңғыртып қоймас үшін әр жердегі оқитын орындарда көбірек стипендия ашу керек, оны ашу қиын да емес, қымбат та емес. Баланы оқыту ата-анасына ауыр болғанмен, жұртқа жеңіл. Екінші стипендияларды түрлі школаларда ашу керек [49, 59-60 б.], - деп стипендия ашуды насихаттайды.

Осы мәселеге байланысты М. Дулатов «алаш ұранды қазақ-қырғыз болып мұқтаж оқушыларымызға жәрдем беретін ортамызға пұл жиялық, оның үшін «Оқушы мұқтаж қазақ балаларына жәрдем жамиғатын» ашалық [43, 69-70 б.], - десе «Айқапта»: Мінеки, қазақтан бітіргендердің саны орыстан бітіргендерден үш рет аз. Үш жүз қырық мың қазағы бар Торғай облысы жиырма бала оқытып жүргенінде, осындай халқы бар орыс губернасының бір жылғы оқушылары екі мыңнан аса түседі. ...өнерлі, білікті кісі қазақ арасында жоқпен бірдей, олардың көбейгені халыққа пайда һәм күш. Орта дәрежелі школдарды толық бітірмегенде оқуын закон қоспайды. Осылай болған соң гимназия мен реальный училищелердегі оқитын балалардың санын көбейтіп, оларға жеткілікті жаңадан стипендиялар ашып беруіміз – мойнымыздағы бір мықты парыз [42, 135-136 б.], - деп қазақ балаларының стипендияға мұқтаж екендігін көрсетеді.

Бұл кезде стипендиялардың қазақ оқушыларының оқуына көп көмек тигізері сөзсіз еді. Себебі, кейбір балалар алғашында өз қаражаттармен оқуға барғанымен, кейіннен оның жетіспейтіндігі байқалып, оқуды тастауға мәжбүр болатын.

Мұндай жәрдем жамиғаттарына басқа осы кезде өткізілетін әдебиет кештерінен түскен қаржыны да оқушыларға бергендігі туралы төмендегідей мәліметті оқимыз: қазақ жастарының пайдасына жасалған қазақша әдебиет кешінен барлық расходтар шығарылғанда таза пайда 640 сом, мұны екіге бөліп, жартысын ауруханаға, қалған жартысын Семей облысынан мұқтаж 12 қазақ жастарына бөлдік [43, 163 б.], - деп жазады.

Ал «Ақмола съезінде Ғалия, Усние, Расулие, Мухтие һәм Ғұсмание медреселерінде оқушы шәкірттерге 50 стипендия ашуға қаулы қылынып, мұны іске асыру Ақмола облысының қазақ комитетіне тапсырылған еді. Халықтан ақша жиылу шабанырақ болғандықтан бұл күнге дейін жария қыла алмай тұрдық.

Өз керегін өзі біле бастағанына жұртқа мың-мың рахмет, жасағанға сансыз шүкір. Соңғы кезде аздап болса да, стипендияға арнадған ақшакомитетке келе бастады, қалғаны халықтың тез жиып жіберуіне сеніп медреселерде оқу уақыты таянып қалғанын есепке алып, Ақмола облысының қазақ комитеті білдіреді: 1-съез қаулысы стипендия мен пайдаланатын шәкірттер Ақмола облысының қазағы болуы тиіс.

2-стипендиямен пайдаланған шәкірттер медресе бітірген соң, неше жыл пайдаланса, сонша жыл Ақмола облысында қызмет етуге міндетті болмақ.

3-аталған 5 медресенің бірінде бұрыннан оқып жүрген Ақмолалық шәкірттердің стипендия аламын дегені тезірек областной комитетке арыз берсін; уезн болыс һәм ауылын көрсетіп, қай сыныпта оқып жүргендігін айтып, һәм уезной яки волосной комитетінің мұқтаждығына берген куәлік қағазын қосып.

4-биыл түсіп, стипендия алсам деген шәкірттер аталған бес медресенің біріне барып түссін де, жоғарыда 3-інші пунктте айтылған нәрселердің үстіне медресе басқармасынан түскендігіне қағаз алып, комитетке арыз берсін.

5-бұрын оқып жүрген болсын, жаңа түскен болсын, стипендия сұраған шәкірттер арыздарына қосып. Медресе бітірген соң стипендиямен пайдаланған жылының санынша Ақмола облысында қызмет етуге міндеттімін деп, қолдарынан қағаз беруге тиісті. Бұл қағаздағы қолдың дұрыстығын арыз берушінің уезной яки волосной комитеті, болмаса түскен медресенің басқармасы бекітуі керек. Комитет бастығы А.Тұрлыбаев. Ағзасы М.Жұмабаев. Хатшысы Х.Сыдықов [172, 3 б.], - деп қазақ балаларының оқуына қаржылай көмек беріп, олардың білімін жалғастыруына мүмкіндіктер беріп отырған.

Сонымен қатар қазақ байлары да мектептер ашып, оқуда жүрген қазақ жастарына жәрдем беріп отырған болатын. Соның біріне «Мамания» мектебінің негізін салған Мамановтар жатады. Ол туралы «Айқапта»: «Мектеп-медресе салдырып, шамалары келгенше халыққа пайдаларын тигізіп тұрған атақты Маман Тұрысбековтердің ішінде ең үлкені, ең ақсақалы болған Сейітбәттал қажы Маманов. Бұл кісінің өзі тірі уақытында халық пайдасы үшін істеп қалдырған түпкілікті, негізді істері бар. Істері мынау: ең әуел ол кісі өздерінің мекені Қарағашта алты-жеті мың сомға түсіріп мешіт салдырған. ...өзінің жас інілері жаңа тәртіппен оқытатын мұғалім алдырып, жаңа мектеп

салдыралық дегенде ол кісі «құп болады» деп Қарағашта он бір мың сом жұмсалып, осы күнгі жаңа салынған мектепке көп жәрдем еткен. Сол мектеп пайдасына бес жылдан бері жыл сайын мың жарым сом беріп келді. ...ол кісінің сөзімен биыл Қарағашта қыздар мектебі ашылды. Уфада оқыған Фәтма ханым Есенгелдина осы күнде сол мектепте отыздай қазақ қыздарын жаңа тәртіппен оқытып, һәм қол ісін үйретіп жатыр [42, 178-179 б.], - деген сөздерді оқимыз. Сондай-ақ, «Құрметті Ахметжан қажы Амандасовтың жәрдемі қыздар мектебі ашылып, елуден артығырақ қыз балалар екі сыныпқа айырылып оқып жатыр» [42, 178-179 б.], - деп қажылардың да мектеп ашып жатқандығы жазылған.

«Сарыарқа» газетінде (1917 ж.): «Бұрын Көкбекті қаласындағы жұрт оқу уақыты жеткенде ғана бізге мағлұм керек алты ай бала оқыды деп, 300 сом шығым қылып, бала басы отын салып, ақша жинап оқытып жүруші еді. Мұның кемшілік екенін біліп, көріп жүрсек те, бабы болмай сүйретіліп осы күнге шейін келіп едік. Енді қай жерде болса да құдайға шүкір, мұсылмандар қарманып жатқанын көріп, медресемізді жақсы жөнге саламыз деп Көкпектідегі мұсылман комитеті жәрдем жиып қолға ала бастады, қалаға үш кісі сайлап, 3 күнде бір мың сом жидырды. Жаңа да біздің бұл медресемізді басында ерлік, жомарттық қылып, салған Сыдық қажы жетпеген жері болса, қарасатындығын білдірді. Биыл үш мұғалім ұстап оқуды бір өлшеулі жолменен оқытатын болып, медресе тәрбиесіне ұсталатын ақшаны 4000 сом есептеп комитет ақша табатын болып іске кірісті» [173, 3 б.], - деп мұсылман комитетінің, сонымен бірге қазақ қажыларының да жәрдемін сөз қылады.

М. Тынышпаев (1917 ж.): «В 1876 г. генералом Колпаковским открыта в г. Верном мужская с пансионом для киргизских детей (в этом пансионе учился в последствии и я); около того же времени генералом фон Кауфманом открыта мужская гимназия в г. Ташкенте и тоже с пансионом для киргизских детей; этот пансион содержавшийся на собранные с киргизов суммы, был впоследствии (после смерти генерала Кауфмана) закрыт, благодаря влиянию известного миссионера Ильминского и Остроумова, проживающего ныне в г. Ташкенте; на оставшуюся сумму построена учительская семинария с пансионом, куда и стали поступать киргизские мальчики, как это хотелось сторонникам семинарии [136, с. 192.].

Наконец, считаю необходимым сказать о просвещении киргизов. Покойный генерал Колпаковский для открытых им гимназий (в начале прогимназии) и пансиона дал такой педагогический персонал, подобно которому (с точки зрения просвещения киргизов) теперь нигде не встречаем. Отеческие заботы о киргизских мальчиках первого директора – покойного Новака и высокогуманное отношение всего преподавательского персонала к киргизским мальчикам памятны всем бывшим воспитанникам этих незаметных, но поистине великих людей; о втором директоре гимназии М.В. Вахрухшеве, моем воспитателе, проживающем сейчас в г. Верном, вспоминают не иначе как с величайшей благодарностью. Этот просвещенный идеалист, оказывается, под старость лет собирает летом вокруг себя случайных киргизских мальчиков, учит грамоте, русскому языку и т.д., об этом официально никому не известно.

Помню, как теперешний инспектор гимназии, перестарелый А.Д. Юрашкевич по целым дням просиживал с вновь поступившими киргизскими мальчиками, чтобы к концу учебного года научить их говорить и писать.

Такое отношение круто изменилось в 1908 г., когда благодаря чисто случайному обстоятельству ушел совершенно безвинный, благородный М.В. Вахрушев и директором гимназии сделался г-н Дейнеко. Достаточно сказать только одно – около 5-6 человек киргизов не были выпущены из 8-го класса гимназии (один из них – мой родственник); 4 стипендии в высших учебных заведениях для киргизов (одной из них пользовался я) теперь потеряны для киргизов – ими пользуются русские студенты и курсистки, а мой родственник, оканчивающий ныне юридический факультет, жил и учился без всяких личных средств. В таком положении были дела в области, когда разразилась нынешняя война [136, с. 200], - деп мектептердің жергілікті қазақ байларының қаржысына ашылып отырғанын, сонымен қатар генерал-губернаторлардың да өз мақсат-мүддесі тұрғысынан мектептер ашқанын, онда қазақ балаларына орынның аз бөлінетіндігін анық көрсетеді.

1922-1925 жылдары А. Байтұрсынұлы Қазақстан Халық Комиссариаты жанындағы Ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы болып істеді. Сондықтан Қазақ республикасының алғашқы жылдарында қаржының тапшылығынан оқу-білімді ұйымдастыруда орын алған қиыншылықтарды жақсы білді. Патшалық заманда бірнеше жыл ізденіп, шығынданып ашатын мектепті Кеңес үкіметі кезінде ашу мәселесі шешілгенімен, қаржы жетімсіз болды. Ал оқуға деген сұраныс көп. Бұдан шығар жалғыз амал – халықтың өзінің мектеп ашуға қаржы жинауы [174, 56 б.].

Қазақ мерзімді басылымдарындағы білім беру мәселесін зерттеуші А.Қ. Шорманованың мына тұжырымы біздің пікірімізді қуаттай түседі. Онда: «Сонымен «Айқап» пен «Қазақ» материалдарына талдау жасау мектеп, медресе салу және ашу мәселесінің Қазан төңкерісі қарсаңындағы қазақтар үшін ең өзекті мәселелердің бірі болғандығын көрсетеді. Аталған мерзімді басылымдар оқу-ағарту тарихының дерек көздері ретінде біріншіден, ХХ ғ. екінші онжылдығында мектеп пен медреселердің Қазақстанның барлық аймақтарында, қалалары мен ауылдарда салынып, ашыла бастағандығын, екіншіден, олардың көбіне мешіттер жанынан ашылғандығын, үшіншіден, мектеп салу ісіне қазақ байларының, саудагерлерінің, қажылардың, мұғалімдердің, ақсақалдардың т.б. қатысқандығын, бесіншіден, дүниеден өткен адамның мектеп не медресе салдырып, балалардың оқуына мүмкіндіктер жасауларын тіршілігінде атқарған қасиетті жақсылық ісі ретінде бағалағандығын көрсетеді. Келтірілген нақты мысалдар мен деректер кеңестік тарихнаманың «қазақтар тек кеңес өкіметінің арқасында ғана оқуға мүмкіндік алды» деген, қасаң тұжырымның негізсіз екендігін толығымен дәлелдейді [89, 79-80 б.], - деп жазады.

Сонымен Қазақстандағы білім беру ісіне байланысты ұлт зиялыларының көзқарастарын қорытындылар болсақ:

- өз ұлтының болашағы жолында аянбай қызмет еткен ұлт зиялылары ана тілінің болашағына алаңдап, мектептегі оқу тілінің алғашқы екі-үш жылын міндетті түрде қазақ тілінде болуын насихаттады;

- мектепте жаратылыстану пәндерін оқытуды оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай оқытуды жазды;

- мектепте қазақ балаларына, әсіресе, орыс тілді мектепте оқитындарға ислам діні негіздерінен жалпы мәлімет беру мақсатын көздеген зиялылардың ұсыныстары билік тарапынан қолдау таппағандығын көрсетті;

- ұлт зиялылары қазақ балаларына білім беру үшін стипендиялар ашуды кеңінен насихаттап, әртүрлі іс-шаралардан түскен қаражаттың беріліп отырғандығын жазды;

- сонымен бірге зиялылар қазақ меценаттары мен қажыларының да мектептер мен әртүрлі жоғары оқу орындарындағы оқушы жастарға ақшалай көмек беріп, медресе, жаңаәдісті мектептер ашқандығын мерзімді басылымдарға жазып, халық арасында насихаттап отырды.

XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. алғашқы онжылдықтарындағы қазақтарға білім беру мәселесіне байланысты қазақ зиялыларының білдірген көзқарастарын талдау барысында, алғаш ашыла бастаған мектептерде орыс тілін оқытуға баса назар аударылса, кейіннен, яғни XX ғ. басына қарай зиялылардың бастауыш мектептердің алғашқы екі-үш жылы міндетті түрде қазақ тілінде болуын насихаттады. Ал мектептерде оқытудың қарапайым халыққа қиындық тудыратынына байланысты қазақ байлары мен қажылары, жергілікті мекемелер қаржы жинап, қазақ балаларының оқып, білім алуына жәрдемін тигізіп отырған. Мұның барлығы қазақ оқығандарының болашақ ұрпақтың білімді болуы, халқының дамуы жолында қосқан ерекше үлесі деп білеміз.

Біздің қарастырып отырған кезеңімізде қазақ балаларын оқытудың аса маңызды орын алғандығы белгілі. XIX ғ. екінші жартысында қазақ жерінде медреселер мен ауыл молдаларынан білім алған қазақ балаларын тек молдалыққа үйрету ғана болатын. Білімін жалғастырғысы келгендері шет елдерге, әсіресе, Самарқанд пен Бұхараға және т.б. жерлерге барып білім алып келетін. XIX ғ. екінші жартысында Қазақстан толығымен Ресейдің құрамына кіруіне байланысты, қазақ жерін отарлаудың белсенді түрде жүргізіле бастағаны белгілі. Осыған байланысты Ресей патшалығы қазақтардың тілі, діні және мәдениетіне ықпал етіп, өзгерткісі келгендігі белгілі. Қазақ жерінде оқу орындарының жоқтығына байланысты, қазақ балалары Ресейге барып оқуына тура келді. Қазақтардың тілі мен дінін өзгерту үшін қазақ жерінде орыс тілінде білім беретін мектептер аша бастайды. Ол мектептерде жергілікті халықтан шыққан оқытушылардың жоқтығына байланысты, онда орыс мұғалімдер сабақ беретін.

Осыған байланысты «Дала уалаятының газетіндегі Х. Бекхожиннің мақаласында: «К сожалению, эти случайные педагоги сами крайне малосведущи и имеют самое смутное представление о действительном образовании. И дело пошло бы еще лучше, если-бы учителями в школах грамотности были-бы сами киргизы, получившие образование в русских

училищах. Это сделать очень легко, если со стороны правительства будет поддержка. Эта поддержка могла бы выразиться хотя бы в виде причина открытия в степи школ в подготовке учителей из киргизов [175, с.2.], - деп қазақ мұғалімдерді дайындау қажеттігін айтады.

Қазақ жерінде алғаш мектеп ашып, оның дамып, өркендеуіне, үлкен үлес қосқан көрнекті ағартушыларымыздың бірі Ы. Алтынсарин болатын. Біз, Ы. Алтынсариннің Н.И. Ильминскийге жазған хаттарынан мектептердің ашылуы мен ондағы туындаған қиыншылықтар туралы көптеген маңызды мәліметтер ала аламыз. Ол 1860 ж. жазған хатында «Мұнда мектеп, келесі көктемге дейін болатын да емес. Мұндағы қазақтардың балаларын маған оқытқысы келетін жақсы көңілін суытып алмау үшін мектеп ашылғанша оқып жатқан балаларға бір пәтер бергіңіз деп Баронға ресми түрде өтініш жасадым. Бірақ, амал не, ол өтінішімнен жақсы нәтиже шықпады» [2, с. 261], - деп жазса, 1861 ж. хатында «қазақтардың менен күтіп жүрген үміті зор; әсіресе, құрметті адамдар маған мектепке балаларын беруге ынталы екендерін көрсетіп отыр, оларға ең алдымен мемлекеттің заңын үйрет деп өтініш жасап жүр, сондағы ойлары кейін олардан зақуншіктер, демек, өсекшілер шықсын дегені ғой. Міне, олардың көздегені осы» [2, с. 262], - деп Ресейдің қазақ балаларын оқытудағы саясатының бір қырын ашады.

Бұл кезеңде мектептерге қажетті оқытушылар туралы қазақ зиялыларының еңбектеріне келетін болсақ, оған байланысты түрлі көзқарастар орын алған. Ы. Алтынсарин 1879 ж. жазған хатында: «болыстық мектептерді ашуға асығудың әзірге қажеті жоқ, өйткені оларға лайықты оқытушы жоқ, оларды ешқайдан таба алмайсың... Ал егер, бұл мектептерге оқытушы етіп не бір өсекші қазақтарды немесе бүкіл Россиядан орын таба алмай келген маскүнем бір чиновниктерді жіберетін болсақ, ...біз ілкі кезден бастап-ақ орысша мектептерге халықтың көңілін мүлдем суытып алуымыз мүмкін. Қазақтардың өз арасынан жергілікті жағдайлардың бәрін жақсы білетін, оқыған адамдар көбірек шыққан кезде, болыстық мектептерді ашу керек те және ол мектептер күмәнсіз пайдалы да болады [2, с. 295], - десе, «Туркестанский сборнике»: «Составъ учителей по прежнему пополняется людьми съ «домашнимъ образованіемъ» и выдержавшими установленное испытаніе, курсистами, пробывшими при городскихъ уч. въ качестве слушателей полгода, прогимназистиками – въ лучшемъ случае гимназистиками, прослушавшими курсъ педагогическихъ наукъ въ дополнительномъ классе; и замыкають шествіе люди съ спеціальной, но убогой семинарской подготовкой [36, с. 132-133], - деп мұғалімдердің тапшылығын, болған мұғалімдердің қысқаша курстарда білім алғандар болып табылатынын жазады.

Жалпы аталған кезеңде мұғалімдер тапшы болса, қазақ мұғалімдері жоқтың қасы болатын. Оның себебі, мектептердің аздығы және онда қазақ балаларына орысша білім беруді көздеген болатын. Қазақтар өз орысша оқытуға қарсы болмаса да, мұғалімдердің қазақ болуын қалаған. Осыған байланысты О. Әлжанов: «К декабрю месяцу прошедшего года в селении Аккульско-Кызылагачском по своей доброй воле киргизы и татары открыли

одну школу грамотности, где дети должны учиться тюркскому наречию и русскому языку. Надо заметить, что эта школа – первая магометанская школа в Семипалатинской области, где вводится преподавание и русского языка. Им желательно, как они сами неоднократно пишут в «Степ. Кир. Газете» («Степная Киргизская газета» – авт.), чтобы учителя, которые им нужны, владели и русским и киргизскими языками, и ее лучше, если они были бы из самих киргизов.

Действительно, что нет и нет учителей. Остается только пожелать киргизам, чтобы об отыскивании им просветителей озаботилось правительство. Для этого должно бы открыт доступ молодым киргизам в Омскую Учительскую Семинарию. Желаящие поступить в семинарию найдутся, если при ней для киргизов, на средства киргизских обществ, были бы открыты стипендии [176, с. 2], - деп қазақ мұғалімге қарсы емес екендігін көреміз. Сонымен бірге «Қазақ» газетіндегі мына мақала да оны дәлелдей түседі: 1914 ж. Қызылжар уезінің Жамантұз ауылнай школын ел азаматтары ашып, мұғалімдікке Омбы семинариясын бітірген Ахмет Баржақсыұлы сайланғандықтан, орысша оқуға теріс қарайтындар мұғалім қазақтан шыққан, әрі білімді жігіт екендігін көріп, 7-8 жасар балаларын оқыта бастаған [43, 163 б.].

А. Байтұрсынов та қазақ мұғалімдерінің тапшылығын айтып, «орысша оқығандарымыздан пайда жоқ деп, қазақ өкпелейді. Сондағы оқығандарымыз дейтіні шолақ оқушылар болса, оларға өкпе жүрер ме? [43, 59-60 б.] - деп қазақ мұғалімдерінің әлі де болса білімдерінің төмендігін көрсетеді.

Қазақ оқытушыларының білім деңгейі төмен болуының себебіне байланысты «Сарыарқа» газетіндегі мына мақаладан көреміз: «Павлодарда «Ғылым ұйымы» 5-сентябрьде мұғалімдік курс ашылды. Мұғалімдік курс деген аты құлаққа жақсы естімді. Қазіргі жайында пайдасын зиян жағы басып кете ме деп қорқамын. Себебі: курс екі айлық, одан оқыған кісіге мұғалім болуына куәлік қағаз беретін көрінеді. Бұл екі айдың 20 күні оқушылардың жиылуына, оны-мұнының жайғастырылуына өткізеді. Қалған 40 күннің ішінде ел арасындағы етелеп хат танитын соқырша дүмше «молаларды» мұғалім қылып шығар оқымақ. Оқытушы біреу ақ мұны тәжірибе-ғылым жасы да, сезім жасы да қабылдамастық біріс. Мұндайда «жылымжан сатам, ем болмайтын ауруы жоқ» деп ағлан бастырудың сүрлеуі деп ұғуға жарамаса, ғылым ұйымын басқаратын кісілердің балалығын көрсетеді. Курс екі жылдық болуға керек еді. Онан беріде елдің баласын оқытуға куәлік қағаз берілмесе керек еді. Жайшылықта өзін-өзі бояп мұғалім қылып жүретіндер 40 күнде ... оларға құдайдың мұнан артық бергені не? Қысқасы бұл курс бұл қалыпта халық пайдасынан гөрі, елді қортық, қойды шартық болып бүлдіретіндер де пайдасына жақын. Тағы біреулердің пайдасына жақын демеуге де дәлел аз» [177, 4 б.], - деп жазады.

Ал, А. Кенжин халықтың 97 пайызының сауатсыздығы туралы пікір білдіріп, мұны патшалық колонизаторлық саясаттың нәтижесі деп көрсетеді. Сондықтан да ол Бас саяси ағарту комитетінің жұмысын жүргізуге қажетті сауатты қыметкерлердің жетіспейтіндігін айтады. Кеңестің және партия

қызметкерлерін дайындау үшін комитет Орынбор қаласында дайындық бөлімі, 2 айлық курсы және негізі оқу бөлімі, 6 айлық курсы, кеңестік және партиялық бөлімшелері бар 300 адамдық Қазақ обылыстық кеңестік партия мектебін ашуға кіріскендігін баяндайды [178, 110 б.].

Т. Рысқұловтың мына пікірінен қазақ мұғалімдерінің жағдайын білуге болады: «Вопрос о просвещении в Казакстане занимает одно из главных мест в строительстве. Вначале в Казакстане насаждались школы или татарскими или сартовскими муллами, или самой царской администрацией.

Русская школа в Казакстане возникает с самого начала завоевания края, сперва для обслуживания исключительно русского населения, потом ужесоздаются русские школы и для туземцев (русско-туземные начальные училища), где казакские дети воспитываются в духе защиты царского строя и выработки в будущем из казаков чиновников царской администрации, и даже в эти школа проводятся миссионерская политика.

В 1900 г. В прежней КССР было все школ – 797, а к 1911 г. Насчитывалось 1 246. в сравнении с 1911 г. К 1921 г. Количество школ увеличилось на 200% с лишним. Русско-туземные школы особенное распространение имели в Туркестане. Например, в Сыр-Дарьинской губернии, по данным 1912 г. Имелось 56 русско-уземных училищ, где (включая городские училища) обучалось 3 033 детей туземцев. Всего в школах обучалось 95% русского населения и лишь 2,02% детей туземцев. Такая же картина наблюдалась и в Джетысуйской губернии.

В данное время положение просвещения рисуется в Казакстане в следующем виде. В 1924/25 году на дело народного просвещения было отпущено 3 768 389 рублей по госбюджету и 2 762 662 руб. По местному бюджету, а в текущем 1926/27 году по госбюджету отпущено 8 872 513 руб. И по местному бюджету 4 007 351 руб.

В 1924/25 году расходы по народному просвещению на каждого жителя КССР составляли 1 руб. 10 коп., а в 1926/27 году эти расходы равняются уже 1 руб. 95 коп. Расходы, в среднем на одного ученика в год, в том же 1924/25 году, равнялись 19 руб., а в 1926/27 году – 40 руб. 70 коп.

Рост школ первой ступени также идет вперед. По сравнению с 1924/25 годом количество их увеличилось на 724 школы и 3406 учащихся, а всего насчитывается в этом году 3475 школ с 206949 учащимися. Чисто казакских школ насчитывается до 1600 с 80000 учащихся. Школ повышенного типа в текущем году насчитывается 78 с 18807 учаимися, детдомов – 143, дошкольных учреждений – 137.

В школьном деле среди казакского населения все более завоевывает себе место школы-коммуны (интернаты), дащие возможность детям кочевого населения скопляться в определенные оседлые места, где школа может обосноваться и развиваться в будущем. В 1924/25 г. В прежней КССР было таки школ около 20» [52, с. 85]. Сонымен қатар Ұ. Құлымбетов те: «Бұл жөнінде мектеп саны артып, оқушылардың көбейіп келе жатқанын көреміз. ...менің бұл жерде айтайын дегенім ағарту жұмысында ілгері бастық десек те, басқаларға карағанда артта қалып отырмыз.

Ағарту комиссариатының жоспарынша орындарда оқу жасындағы балалардың 25 процент мектепке алынды десек, соның ішінде мектеп жасындағы қазақ балалар 13-14 процент. Ең көбейткенде ақ 15 процент.

Бұлай болуға негізгі себеп не, соған келейік: оқушыларға мұның себебі айтпай да белгілі. Мұның бірінші себебі берілген қаржының аздығы. Бердік ақ деп отырсақ та, аздық қыла береді. Мәселен: 24-25-жылы мәден жұмысқа деп 36% шығарған екеміз, қазірде жалпы бюджетімізден 41% шығарып отырмыз. Осының 35%-і ағарту комиссариатына беріледі. Бірақ осы жетіп отырған жоқ.

Екінші жағынан – мектептің жаны деп саналатын оқытушылар аздық қылып жатыр. Ескі оқытушылардың көбі, оның ішінде өзім де бармын, кеңес қызметіне шығып кеткен. Жаңа оқытушыларды асықтырып, қысқа уақытты курстерден шығарып жатырмыз. Бұдан былайға біздің алдымызда тұрған бір мәселе – оқытушылар әзірлейтін мектептердің санын өсіру, мәдени-ағарту жұмысына күш салып, оқытушыларды даярлау жұмысын қолға алу. Бізде кәзірде 14 педтехникум, 4 ағарту институты, бір жоғарғы дәрежелі мектеп, бұл Тәшкендегі педвуз, бар, оқу жұмысының қай торауында болса да жоғарғы дәрежелі мектептің жоғын, әсіресе оқытушыларды әзірлейтін мектептің жоғын еске алып, өкмет өзінің аз бюджетінен жырып беріп ысылған оқытушылар даярлауға кірісіп отыр. Бұл біздің бірінші қолға алып отырған жұмысымыз, ауыл мектептерінің көркеюі осының жемісті болуына байлаулы. Ағарту жөнінде өкіметтің тағы бір қолданған шарасы – жарлы студенттерге жәрдем беру туралы. Бұған өкімет бұрыннан да назарын аударып келе жатыр еді, әсіресе биыл өте жіті кірісіп отыр. Өткен жылы 20 адамға стипендия берілсе, биыл 400 адамға беріліп отыр. Бұл студенттерімізге, әсіресе кедей орташалардан шыққан студенттерімізге оқуын бітіруге мүмкіндік береді.

Ағарту жөнінен кемшілігіміз көп. Мен бұл жерде мектептің аздығын, оқу жасындағы балалардың, әсіресе қазақ алаларының аз алынғандығын, оқытушылардың әзірлігінің шамалы екендігін айтып өттім. Одан басқалары да толып жатыр [51, 10-11 б.].

Ұ. Құлымбетовтың бұл пікіріне белгілі тарихшы Т. Омарбековтың мына пікірі дәлел болады: «Сондықтан да білім берудің алғашқы сатысы болып табылатын «ауыл мектептері түгелдей жалғыз ғана, ішінара екі сықсқан терезелері бар бір бөлмелі жеркепелерге орналасты; көп жағдайда осы жеркепеде мектеппен бірге жеркепе иесінің жанұясы да тұрып жатты. Көптеген мектептерде парталар атымен болған жоқ, балалар жер еденде немесе жыртық төсеніште (киізде) отырды. Сынып тақтасының орнына тот басқан темірдің немесе т.с.с. беті пайдаланылды. Көптеген мұғалімдердің қажетті педагогтік даярлықтары болмады. Олардың арасында тіптен төмен сауаттылар кездесті [72, 101 б.].

Ауыл мектептерінде 1927-28-ші оқу жылында оқу жасындағы балалардың бестен бірі ғана қамтылды. Әсіресе «қыз баланың жолы тар» деген кертартпа көзқарасты ұстанған қазақ ауылында оқу жасындағы қыздарды мектепке тарту аса күрделі болды. Мысалы, көрсетілген оқу жылында қазақ ұл балалары оқушылардың 89 процентін құраса, ал қазақ қыздары мұнда 11 процент қана үлес алды [72, 102 б.].

Сауат ашу науқанының тағы бір осал тұсы – оқулықтардың жетіспеуі еді. Ресми мәліметтер бойынша 1928 жылы қазақ тілінде 22 оқулық атауы (жалпы данасы 732.000) бар болатын. Бірақ бұл негізінен араб тілінде болғандықтан жаңа әріпке сәйкес келетін жаңа оқулықтар дайындау қажет бола бастады.

Солай бола тұрса да, алаш қайраткерлерін жазықсыз 1928-29-шы жылдары жаппай тұтқындау және жер аудару бұл жұмыспен олардың кеңінен айналысуларына мүмкіндік бермеді [72, 108 б.].

Иә, сауатты ашудың негізгі көзі – оқулықтардың жазылу жағдайы, міне осындай еді. Тарихи шындық осылай бола тұрса да, осы жылдары оқулықтарды көптеп, көп даналармен басылғаны туралы көп жылдар бойы біздер әртүрлі дақпырт әңгімелер таратып келдік.

1940 жылы жаңа әліпбиге – кириллицаға көшу – жағдайды күрделендіре түсті. Бұл сауат ашудың және орыстана түсудің жаңа кезеңі еді. Қазақ халқының толық сауаттануы осылайша соғыстан кейінгі онжылдықтар еншісіне қалды. Большевиктік сауаттандыру науқандарының ащы ақиқаты қаласақ та, қаламасақ та, міне, осындай! [72, 109 б.]

Мектептердің оқу жоспарлары мен пәндерді оқыту бағдарламалары түбегейлі қайта қаралып, 1918-1919 оқу жылының соңына қарай Ж. Аймауытовтың жасаған бағдарламасы мен жұмыс жоспары жергілікті халыққа білім беру саласын толық қамтамасыз етті. Түркістан Республикасының үкіметіне қызмет атқарған қазақ зиялылары мектептерде оқытудың ана тілінде жүргізілуіне шешуші маңыз берді. Өйткені Түркістандағы жергілікті ұлт зиялылары ана тілді көтеру арқылы ұлттық мәдениетті көтеруге тырысты [179, 11 б.].

Осы Ережені басшылыққа ала отырып, 1918 жылы 12 желтоқсанда Халық Ағарту комиссариаты «Ұлт мектептерінде оқитын балаларға ана тілінде білім алу құқығын беру туралы» қаулы шығарды.

Әсіресе, Халық Ағарту комиссары болған Сұлтанбек Қожанов оқу-ағарту саласында білім беруді жергілікті халықтар тілінде жүргізу мәселесін үнемі көтеріп, өз деңгейінде жүзеге асуын бақылауға алды [179, 12 б.].

Жалпы алғанда, 1918 жылдың тамызында Халық ағарту комиссариатының алдында тұрған ең маңызды міндет мектептер үшін мұғалімдер дайындау мәселесі еді. Өйткені халыққа қажетті білім беруді қамтамасыз ету үшін 3 мыңнан аса мұғалім жетіспеді. Орын алған мәселені Түркістан республикасының үкіметі өлкенің ірі қалаларында қысқа мерзімді курстар ұйымдастыру арқылы шешуді көздеді. Аталмыш курстарды ұйымдастыруға Түркістанның көрнекті мемлекет қайраткерлерінің бірі Т. Рысқұлов ұсыныс жасады [179, 13 б.].

Нәтижесінде, Түркістан Республикасының үкіметінде қызмет атқарған қазақ зиялылары мектептерде оқытудың ана тілінде жүргізілуіне шешуші маңыз беріп, осы бағыт арқылы ұлттық мәдениетті көтеруге тырысты. Сонымен қатар қазақ зиялыларының күшімен Түркістан Автономиялық Республикасында халықтың сауатсыздығын жоюға бағытталған жұмыстар жүргізіліп, жалпы білім беретін мектептер, курстар, клубтар, кітапханалар және басқа да оқу және мәдени-ағарту мекемелерінің жүйелері құрылады [179, 23 б.].

Т. Жүргенов «Мектептің түрі, тілі туралы (1927) атты мақаласында: «Біздің оқу жұмыстарымыздың өткен өмірі мынандай: 1. Әйтеуір аты оқу дегенге ақша шығара бердік, ол оқудың қалай ашылып, қай жерде, қандай түрде орындалып жатқанымен ісіміз болмады. Қазақстан мектептерінің, әсіресе, қазаққа арналып ашылғандарының оқуы атына қарағанда аз білім береді. Бітіріп шыққан балалардың қолынан берекелі жұмыс келмей жүр. Әрине, бұрынғы үшкелдерден де аз білім беріп отырсақ, біз елді ілгері бастыра алмаймыз. Сондықтан пәлен үшкел бар, түгел техникум бар деп санына қызығып, желбуаз болып жүре бергеннен гөрі, аз да маңызды болуын қарастыру керек көрінеді.

Енді тіл жағына келсек мынадай: осы күнгі ауылдық мектептер техникум сықылды орындарда, қай оқу қай тілде оқылатынын құдай білмесе, әлі де ешкім аңғара алмайды. Өйткені, қай оқу, қай жерде, қай тілде оқылатыны дұрыс жобаланбағандықтан әр жерде әртүрлі болып келеді.

Біздің ауылда көріп отырған мұғалімдеріміз баяғы дүмше молда.

Қазақша кітаптар жоқ. Сондықтан оқушылар естігендерін кітаптан қарап оқып тиянақтай алмайды. Әрине, өстіп отырып ешкім де білім ала алмайды.

Ал ілгері барып оқығысы келгендерге, ондай аралас тілде оқу, я қазақша оқу қазіргі заманда үлкен кедергі, оңайлықпен ілгері аттатпайды. Өйткені қазір жоғарғы оқуды орысша арқылы ғана үйренуге, жоғарғы оқу орнына түсу үшін орта дәрежелі оқулы екендігін анықтап, орысша емтихан беру қажет [180, 68-69 б.]. Әлгі сықылды аралас оқығандар оған әлі келмейтіндігін жыл сайын көзіміз көріп отыр.

Мектептің түрі, тілі деген мәселе Қазақстандағы қай оқу орындарының да осы күні алдында тұр. Біздің оқу жолында көздеген нысанымыз – қазақ еңбекшілерін жалпы мәдениетке жеткізу. Мұнан Қазақстанда жалпы оқу жұмысы қалай қойылуы керек деген сауал туады. Қазақ еңбекшілерін жалпы мәдениетке жеткізу деген не?

Ол барлық жер жүзіндегі өнер-білімді қазақ тілінде оқитын қылып халыққа білгізу деген сөз.

Олай болса, бізде бастауыш та, орта да, жоғары да оқу орындары өз тілімізде болуы керек. Осылардың бәрінде де оқу қазақша болғанда барып жер жүзінің өнер-біліміне қазақтың қолы жетеді [180, 69 б.], - деп қазақ тілінің болашағымен қатар қазақ балаларының білім алу мәселесіне де үлкен көңіл бөлген.

Бұл жоғарыда айтылғандардан байқап отырғанымыздай, 10 жыл бойы, 1917 жылдан 1927 жылға дейін Қазақстанда мұғалімдерді әлі де қысқаша курстарда дайындап отырған. Бұл Қазақстанда осы уақытқа дейін білім беру ісінің бір жолға қойылмағандығын, артта қалғандығын көрсетсе керек. Сонымен қатар Ағарту халық комиссары О.Қ. Жандосовтың еңбегінен: «Считать особо насущной задачей организацию годичных курсов по переподготовке учительства при педтехникумах и организацию в ряде городов 9-летних интернатов для детей батраков и аульно-деревенской бедноты в целях вовлечения их в означенные школы соцвоста» [24, с. 74], - деген мәліметпен танысамыз. Бұл айтылғандардан байқап отырғанымыздай, 1928-1929 жылдары

да ауыл кедейлері мен батырақтарға арналған мектептердің мұғалімдері бір жылдық курстарда қайта даярлаудан өткізген.

Бұл айтылған пікірді қуаттай түсу үшін белгілі тарихшы Т. Омарбековтың пікіріне назар аударсақ, онда: «Иә, көріп отырмыз, большевиктік партия басшылары елдің алдында сөйлеген сөзінде сауаттылардың санын мейлінше азайтып көрсетуге тырысса, ал өздерінің тек партия мүшелеріне арналған құпия деректерінде оларды бірнеше есе көбейтіп көрсетеді. Қазақстандық ғалымдардың зерттеулеріне жүгінсек, Қазан төңкерісінің қарсаңындағы қазақтарды сауаттылары халықтың 8-10 процентке жуығы болғанын байқаймыз [72, 97 б.].

Соңғы кезеңде, Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты ұлтымыздың рухани құндылықтарын ұнамды түрде көрсетушілік орын алғаны, әрине, құптауға тұрады. Солай дей алсақ та, ұлттық сезім жетегіне ілесіп тарихи шындықты бұрмалауға хақымыз бар. Осы тұрғыдан қарағанда, большевиктердің біз жоғарыда келтірген 1928 жылы қазақтардың сауаттылары халықтың 9 процентінен асқан жоқ деген тек өздеріне арналған құпия дерегін теріске шығарар нақты айғақтар біздің қолымызда жоқ. Сондықтан да осы мәліметтері тарихи шындық ретінде қабылдағанымыз жөн болар деген ойдамыз. Кейбір зерттеушілер мұнымызбен келіспей, «1917-20-шы жылдардан бері сауаттылық өсті емес пе?» деулері мүмкін. Оларға айтарымыз: кеңес өкіметінің бұл бағытта жүзеге асырған шаралары шамалы. 1925 жылға дейін кеңес өкіметі қазақтардың сауатын ашуға ешқандай да көңіл бөлмеген. Ал енді одан кейінгі жылдары, яғни, 1929 жылға дейін бар болғаны республика бойынша сауатын ашқан қазақтар 97.975 адам ғана, оның үстіне бұл жағдай қазақстандық орыстарда да мәз емес. Рас сауат ашу орындарынан (ликпункт) басқа аз сауаттыларға, ересектерге арналған мектептер мен клубтарда, ересектерге арналған мектептер мен клубтарда, нұсқаушылық, саяси сауаттылық-советтік-партиялық және кешкі мектептерде, қызыл бұрыштарда, халық үйлерінде, оқу үйлерінде, шаруа үйлерінде, қызыл отауларда, кітапханаларда, театрлар, қызыл шайханаларда 1920-28 жылдары тағы да 75000 адам сауаттарын ашты. Бірақ аталғандардың көбісі үстірт және жалаң жұмыс істеді. Оларда оқығандардың көпшілігі өзінің есімдерін тежіктеп жазудан арыға бара алмады. Мұндайларды, әрине, сауатты деп айтуға болмайтын еді. Бірақ, солай бола тұрса да, қағаз жүзіндегі ресми есептерде бұлар сауаттыларға жатқызылды» [72, 98-100 б.], - деп ХХ ғ. басында қазақтардың сауатының төмендігін нақты дәлелдеп көрсетеді.

Сонымен біздің қарастырып отырған мәселеміз – қазақ мұғалімдерін дайындауға байланысты қазақ зиялыларының көзқарастарын қорытындыласақ, олардың басты пікірлері мынадай:

- қазақ халқын дамытудың негізгі жолдарының бірі – білім беру болғандықтан, ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. басында қазақ мұғалімдерін дайындауды қазақ зиялылары өте бір өзекті мәселелердің бірі ретінде көтерген;

- қазақ мұғалімдерін дайындайтын мектептер мен училищелердің санының аз болып, мұғалімдер қысқаша курстарда аз уақыттың ішінде

дайындалғандығын, ал оның өз кезегінде оқытушылардың сапалық деңгейінің төмен болатындығын көрсетіп жазған;

- Қазақстандағы білім беру орындарының дұрыс жолға қойылмауының салдарынан XX ғ. 30-шы жылдарына дейін қазақ мұғалімдерінің басым көпшілігі қысқаша курстарда дайындалғандығын көрсетеді.

Бұл айтылғандардан қорытынды жасасақ, XX ғ. 30-шы жылына дейін қазақ мұғалімдері өте қысқа мерзімде дайындық курстарында дайындалғандығы, олардың білім сапасының төмендігін көрсетеді. Ал, мұның өзі осы уақытқа дейін қазақ халқының сауаттылығының нашарлығын және білім беру саласының өте ақырын дамып жатқандығын білдіреді.

Сонымен XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. алғашқы онжылдықтарындағы қазақтарға білім беру мәселесіне байланысты қазақ зиялыларының көзқарастары мен негізгі тұжырымдарын талдау барысында, патша өкіметі қазақ жерінде алғаш ашыла бастаған мектептерде тек орыс тілінде оқытып, тек шенеуніктерді дайындағанымен, қазақ зиялылары орыс тілінің өмірде өте қажеттігін насихаттаған болатын. Кейіннен, яғни XX ғ. басына қарай зиялылар қазақ тіліне өте қатты назар аударып, бастауыш мектептердің алғашқы екі-үш жылы міндетті түрде қазақ тілінің оқытылуы қажеттігін көрсетті. Ал, мектептерде оқытудың қарапайым халыққа қиындық тудыратынына байланысты қазақ байлары мен қажылары, меценаттары және жергілікті мекемелер қаржы жинап, қазақ балаларының оқып, білім алуына жәрдемін тигізіп отырған және зиялылар мұндай көмектерді қызу қолдап, өздері де қазақ жастарының білім алуына көмектескен. Мектеп санының аздығы, оның ішінде қазақ тілінде сабақ беретін оқытушылардың аздығы оқыту ісі мен мамандар дайындауға зор кедергілер келтірді. Себебі, болашақ мұғалімдерді аз уақытта, қысқаша дайындық курстарында оқып шығуы, олардың кәсіби біліктілігінің төмен болуына алып келді. Мұның өзі Қазақстандағы білім беру ісінің дамуына кері әсерін тигізген. Жалпы, Қазақстандағы білім беру ісінің қазақ зиялылары еңбектерінде қарастырылуы, олардың халқының болашағы жарқын болуы үшін күрескендігін, аянбай еңбек еткендігін көрсетеді. Дегенмен бұл көтеріліп отырған мәселе бірден шешімін тауып кетпесе де, зиялылардың белсенді қызметінің нәтижесінде білімді қазақ жастарының көбейгендігі байқалады.

ҚОРЫТЫНДЫ

XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. алғашқы онжылдықтарындағы Қазақстандағы этноәлеуметтік және этномәдени мәселелерге қазақ зиялыларының көзқарастарын зерттей келе төмендегідей қорытындылар жасаймыз.

Жалпы қазақ зиялыларының көзқарастары, әсіресе, қазақ ының әлеуметтік және мәдени мәселелерге көзқарастарының тарихымызда алатын орны зор. Себебі, ұлттық зиялыларымыз аталған кезеңдегі мәселелерді шешуде белсенді араласып, қазақ халқының мәдени және әлеуметтік жағдайларын көтеруге өздерінің белгілі бір үлесін қосқан еді. Сонымен қатар олар өз мамандықтары бойынша қызметтер атқара отырып, мерзімді басылым беттерінде өз мақалаларын жариялап, зерттеу еңбектерін де жазған. Осы еңбектер арқылы біз қазақ қоғамының әлеуметтік және мәдени мәселелерін жан-жақты талдап, белгілі бір тарихи шындыққа қол жеткізуге тырыстық.

Қазақ ру-тайпаларын құрылымын қарастыруда қазақ зиялыларының еңбектері маңызды рөл атқарады. Себебі, онда ауызша шежірелер мен ғылыми зерттеулердің негізінде зиялыларымыз ру-тайпалық құрылымды арнайы қарастыра отырып, үш жүз қазақтарының этникалық құрамын негізінен дұрыс талдап, нақты жазып кеткен болатын.

Ұлт зиялыларының ру-тайпаларын зерттеу себебіне М.Тынышпаевтың мына пікірі дәлел болады деп ойлаймыз: «...Қырғыз (қазақ-ред.) халқының әрбір жеке руының шығу тегін, алдын-ала зерттемей, сондай-ақ оның кіммен және қандай уақыттарда бас қосқанын анықтамай қырғыз (қазақ - ред.) халқының тарихи тағдырының жалпы көрінісін көзге елестету мүмкін емес» [105, 5 б.].

Үш жүзге кіретін рулар мен тайпалардың құрамын, орналасқан жерлерін, олардың санын, таңбалары мен ұрандарын анықтап, зерттеп білуіміз болашақ ұрпақ үшін, Қазақ елі үшін қазіргі уақытта аса маңызды. Қазақта «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген мақал бар. Жеті атасын білу руын ғана емес, ата-бабасының тарихын білу болып табылады. Сондықтанда ұрпағымыз елін, жерін, қазақ жерінің тұтастығын сақтап, аман қалуы үшін руы мен өзінің шыққан тегін білуі керек.

Қазақ ру-тайпаларының қоныстануы біршама зерттелген тақырып болғанмен, оны қазақ зиялыларының еңбектері негізінде жан-жақты қарастыру мәселенің құндылығын жоғарылатады деп есептейміз. Қазақ ру-тайпаларының белгілі бір қоныстарының болуына қарамастан, әкімшіл-әміршіл заманда жүргізілген реформаларға байланысты олардың көші-қоны біршама өзгерістерге ұшыраған болатын. Дегенмен қазақтың үш жүзін құрайтын тайпалары өздерінің басты қоныстарын сақтап қалғандығын байқаймыз.

XIX ғ. II жартысы – XX ғ. басындағы Қазақстандағы денсаулық сақтау ісіне байланысты қазақ зиялыларының еңбектерін талдау барысында Қазақстандағы аурулардың шығу және таралуының себептеріне халықтың отырықшылыққа көшірілуі ғана емес, Ресей мен көрші елдерден шаруалардың көптеп көшіп келуі де жатты. Себебі, ол елдерден көшіп келгендер өздерімен

қоса әртүрлі жұқпалы аурулар да таралатын. Сонымен қатар халықтың жеткілікті дәрежеде тазалықты дұрыс сақтамауы және әлеуметтік жағдайдың төмендігі де әртүрлі жұқпалы аурулардың таралуына әсер етті. Қазақстанда маман дәрігерлердің жетіспеуі салдарынан ХІХ ғ. екінші жартысында бақсы-балгерлердің емі кеңінен пайдаланылса, оның да өз кезегінде зиянды және пайдалы жақтары да болды. ХХ ғ. 30-шы жылына дейін де жергілікті халықтың бақсы-балгерлердің көмегін пайдаланып отыруы – дәрі-дәрмектің, дәрігерлердің, соның ішінде қазақ дәрігерлерінің және ауруханалардың әлі де болса өте аз екендігін, ал ол өз кезегінде Қазақстандағы денсаулық сақтау ісі деңгейінің төмендігін көрсетеді.

Жалпы, қазақ зиялыларының ертеден келе жатқан әдет – балаларын жастайынан атастырып қою, құдаласу, әмеңгерлік және көп әйел алушылық сияқты зиянды ғұрыптарға арнайы қалам тартуының себебі – бұл сол кездегі өзекті мәселелердің бірі болатын. ХІХ ғ. екінші жартысынан бастап зиялылар қалам тартқан бұл тақырып ХХ ғ. басында да өз жалғасын тапты. Ұлттық сананың оянуы барысында мұндай мәселелерді көтеріп, мерзімді басылым беттерінде жариялау және насихаттау зиялылардың міндеттерінің бірі болды. Себебі, ұлт болашағы – жас ұрпаққа тәрбие беретіндер, әйелдер болатын. Ал, басында теңдігі жоқ, сауатсыз әйелдердің дұрыс тәрбие бермейтіндігі белгілі. Сондықтан да қазақ әйелдеріне теңдік әперу, олардың құқықтарын ерлермен теңестіріп, сауатын ашу, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатыстыру ісінде зиялылардың қосқан үлесі өте зор.

Сонымен әдебиет кештеріне байланысты қазақ зиялыларының көзқарастарын талдай келе, мынадай қорытындыға келеміз. Қазақ жерінде алғаш ұйымдастырыла бастаған әдебиет кештері бастапқы кезде Семей, Торғай, Атбасар сияқты қалаларда жиі өткізілген болатын, оған осы қалаларда ұлт зиялылары мен қазақ оқушы жастарының көп шоғырланғандығы себеп болған. Өйткені, мұндай кештерді ұйымдастырушылар қазақ зиялылары мен білімді және оқудағы қазақ жастары болды. Әдебиет кештеріне алғаш негіз болған қазақ халқының рухани мұрасы бұл кезде де өз жалғастығын тауып, ұлт театрын қалыптастыруға зор әсер етсе, сол кештерді ұйымдастырып, өздері де белсене қатысқан зиялыларымыз бен халық арасынан шыққан дарынды өнерпаздар болатын. Қазақ әдебиет кештерінің алғашқы өнерпаздары кейіннен ұлттық театрдың алғашқы әртістерін құрады. Әдебиет кештерін ұйымдастыруда әкімшілік тарапынан немесе қаржылай қиыншылықтардың болғанына қарамастан, зиялыларымыз бен өнерпаздарымыз ұлтының болашағы – өнерлі жастарға көмек беріп қана қоймай, қазақ өнерінің өркендеуіне зор үлес қосқан.

ХІХ ғ. екінші жартысы – ХХ ғ. алғашқы онжылдықтарындағы қазақтарға білім беру мәселесіне байланысты қазақ зиялыларының айтқан көзқарастарын талдау барысында, алғаш ашыла бастаған мектептерде тек орыс тілінде оқытуды көздесе, кейіннен, яғни ХХ ғ. басына қарай зиялыларымыздың бастауыш мектептердің алғашқы екі-үш жылы міндетті түрде қазақ тілін оқыту қажеттігін көрсетті. Ал, мектептерде оқытудың қарапайым халыққа қиындық тудыратынына байланысты қазақ байлары мен қажылары, жергілікті

мекемелер қаржы жинап, қазақ балаларының оқып, білім алуына жәрдемін тигізіп отырған. Мектеп санының аздығы, оның ішінде қазақ тілінде сабақ беретін оқытушылардың аздығы оқыту ісі мен мамандар дайындауға зор кедергілер келтірді. Себебі, болашақ мұғалімдерді аз уақытта, қысқаша дайындық курстарында оқытып шығу, олардың кәсіби біліктілігінің төмен болуына алып келді. Жалпы, Қазақстандағы білім беру ісінің қазақ зиялылары еңбектерінде қарастырылуы, олардың халқының болашағы жарқын болуы үшін күрескендігін, аянбай еңбек еткендігін көрсетеді. Дегенмен бұл көтеріліп отырған мәселе бірден шешімін тауып кетпесе де, зиялылардың белсенді қызметінің нәтижесінде белгілі бір нәтижелерге қол жеткендігін байқатады.

Жалпы алғанда, XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. алғашқы онжылдықтарындағы Қазақстандағы этноәлеуметтік және этномәдени мәселелер ұлт зиялылары еңбектерінде әрдайым көтеріліп, оларды шешудің жолдары қарастырылып отырған болатын. Соның нәтижесінде қазақ халқының әлеуметтік және мәдени мәселелері бір жолға қойылып, дами түсті. Бұл тақырып аясында мен мынадай ұсыныстар жасаймын:

- ұлт зиялыларының қазақ ру-тайпаларының ұрандары мен таңбалары мәселелеріне байланысты көзқарастары зерттелсе;
- қазақ ру-тайпаларының этноним мәселелеріне байланысты пікірлері;
- зиялылардың қазақ өнеріне байланысты көзқарастары зерттелсе, Қазақстан тарихы ғылымының әлеуметтік және мәдени мәселелері кеңінен ашылар еді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Алма-Ата: КазСовЭнциклопедия, 1984. – Т.1. – 432 с.
- 2 Алтынсарин И. Избранные сочинения. – Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 1995. – 414 с.
- 3 Құнанбаев А. Шығармалар. Екі томдық. – Алматы, 1968. – Т.1. – 156 б.
- 4 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 80 б.
- 5 Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы: Жалын, 1993. – 76 б.
- 6 Әлжанов О. Шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2004. – 296 б.
- 7 Бабатайұлы Д. Өсиетнама. – Алматы: Ғылым, 2001. – 132 б.
- 8 Кердері Әбубәкір. Қазағым: Өлең, толғаулар, айтыс, жырлар / құраст. Б. (Ордабай) Сандыбайұлы. – Алматы: Жазушы, 1993. – 288 б.
- 9 Орманбетұлы Н. Кер заман: өлеңдер. – Алматы: Алаш, 2004. – 320 б.
- 10 Бабажанов С. Этнографиялық мақалалар. – Алматы, 1993. – 80 б.
- 11 Бөкейхан Ә. Таңдамалы (избранное) / гл. ред. Р. Нургалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 478 б.
- 12 Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер / құраст. Ә. Шәріпов, С. Дәуітов). – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
- 13 Сералин М. Топжарған: Шығармалары / құраст. Т. Әбдірахманов. – Алматы: Жазушы, 1985. – 168 б.
- 14 Дулатов М. Шума қандай ауру. Одан қалай сақтану керек. – Қызылорда, 1927. – 11 б.
- 15 Жұмабаев М. Шығармалар. – Алматы: Білім, 1996. – Т. 2-3. – 512 б.
- 16 Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1993. – Т.1. – 280 б.
- 17 Майлин Б. Повестер және әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1977. – 544 б.
- 18 Досмухамедов Х. Как бороться с чумой среди киргизского населения. Практическое руководство для работающих на чумной эпидемии (Издание 2-е неофициальное). – Кызылорда, 1923. – 83 с.
- 19 Аймауытов Ж. Шығармалары: Романдар, повесть, әңгімелер, пьесалар / құраст. М. Атымұлов, Қ. Керейқұлов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 560 б.
- 20 Дөнентаев С. Бозторғай. – Алматы: Мектеп, 1989. – 144 б.
- 21 Ғұмар Қараш. Замана. – Алматы: Ғылым, 1994. – 240 б.
- 22 Кеменгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы / оқу құралы. – Алматы: Алаш, 2005. – Т.2. – 336 б.
- 23 Болғанбай Х. Иман күші / құрастырып және жалпы редакциясын басқарған проф. Д. Қамзабекұлы. – Алматы: Арыс, 2009. – 288 б.
- 24 Джандосов У. Документы и публицистика (1918-1937 гг.): в 2 т. – Алматы: Қазақстан, 1999. – Т.2. – 304 с.
- 25 Нұрмақов Н. Шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2005. – 280 б.
- 26 Сәдуақасов Ж. Таңдамалы шығармалар жинағы. – Астана: Елорда, 2009. – 192 б.

- 27 Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. 2-ші басылуы. – Алматы: Санат, 1995. – 224 б.
- 28 Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы, 1998. – Т.1. – 512 б.
- 29 Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры / құраст.: Б. Серікбайұлы Қошым-Ноғай. – Алматы: Жалын, 1992. – 184 б.
- 30 Чокаев М. Отрывки из воспоминаний о 1917 г. – Токио; М., 2001. – 64 с.
- 31 Иманбаева Ш. Өлеңдері. – Алматы: Қазақтың көркем әдебиет баспасы, 1950. – 93 б.
- 32 Құлжанова Н. Халқыма деп іс қылдым. – Алматы: Рауан, 1993. – 168 б.
- 33 Қасабекова А.И. Әйелдер қозғалысының алғашқы қайраткерлері. Көмекші оқу құралы. – Тараз университеті, 2003. – 81 б.
- 34 Мейер Л. Орынбор ведомствосындағы қазақ даласы. 2-ші бас. толық. – Астана: Алтын кітап, 2007. – Т.17. – 193 б.
- 35 Диваев Ә. Қазақ халық шығармашылығы. 2-ші бас. толық. – Астана: Алтын кітап, 2007. – 317 б.
- 36 Туркестанский сборникъ. Статьи и заметки изъ русскихъ и иностранныхъ газетъ // Сборникъ составляется по порученію Туркестанскаго Генераль-Губернатора. – Ташкент, 1908. – Т. 458. - 354 с.
- 37 Түркістан уалаятының газеті. Әдебиет, тарих, мәдениет, саясат. 1870-1882. – Алматы: Ғылым, 2003. – 602 б.
- 38 Дала уалаятының газеті: Адам, қоғам, табиғат (1888-1902) / құраст.: Ү. Субханбердина. – Алматы: Ғылым, 1994. - 816 б.
- 39 Памятная книжа и адресъ-календарь Уральской области на 1897 годъ. Изданіе Уральскаго Областнаго Статистическаго Комитета. – Саратовъ: Паровая скоропечатня Губернскаго Правленія, 1897. – 200 с.
- 40 Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Акмолинская область. 2. Атбасарский уезд. Родословные схемы. – Воронеж: Типо-Литография В.И. Исаева, 1902. –Т.2. – С.43-54.
- 41 Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулиеатинского уездов Сыр-Дарьинской области. – Ташкент: Типо-Литографи В.М. Ильина, 1915. – 118 с.
- 42 Энциклопедия «Айкап» / құраст. Ү. Субханбердина, С. Дәуітов. Бас редактор Р. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 368 б.
- 43 «Қазақ» газеті / құраст. Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов. Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
- 44 Среди киргиз // Жизнь национальностей. – 1921, октябрь - 1. - №21 (19).– С. 4.
- 45 Рыскулов Т. Современный Казакстан // Новый восток. - 1926. - № 12. – 118 с.
- 46 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты. Сводка расходов лечебно-эпидемической организации. Сметы расходов на содержание медицинских учреждений. 796-к., 1-тізімдеме, 1-іс. - 24 л.
- 47 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (ары қарай ҚР ОММ). 796-қор, 1-т, 4-іс.

- 48 ҚР ОММ. Тургайского Областного правления первого отделения. Описание сведений подразделения на роды жительствовавших на территории Тургайской области киргизов, с указанием их летних и зимних кочевий. 9 мая 1894 г. – 23 июля 1894 г. Ф. 25. Оп. 1. Д.498. 33 л.
- 49 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 50 Тынышпаев М. История Казахского народа. – Алматы, 1998. – 224 с.
- 51 Құлымбетұлы Ұ. Қазақстанның мәдениет шаруа құрылысы. Қазақстан оқытушыларының бірінші съезіндегі баяндама. – Қызылорда: Ағарту комиссариаты, 1927. – 20 б.
- 52 Рыскулов Т.Р. Казакстан. – М.; Ленинград: Государственное издательство, 1927. – 96 с.
- 53 Төрекұлов Н. Көп томдық шығармалар жинағы. Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – Т.1. – 256 б.
- 54 Сәдуақасұлы С. Ұлт театры туралы. – Қызылорда, 1926. – 30 б.
- 55 Шанин Ж. Арқалық батыр: пьесалар мен мақалалар / құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Өнер, 1988. – 400 б.
- 56 Маргуланов А. Найманы // Казаки. Сборник статей антропологического отряда Казакстанской экспедиции Академии Наук СССР. Исследование 1927 г. – Л. : Изд. АН СССР. – 334 с.
- 57 Митерев Г.А. Народное здравоохранение за 25 лет Советской власти. – М.: Медгиз, 1942. – 97 с.
- 58 Масанов Э.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. – Алма-Ата: Наука, 1966. – 322 с.
- 59 Востров В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX вв.). – Алма-Ата: Наука, 1968. – 256 с.
- 60 Сисекенов М. Дәрігер Мұхамеджан Қарабаев. – Алматы: Қазақстан, 1972. – 40 б.
- 61 Қазақ театрының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1975. – Т.1. – 398 б.
- 62 Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1984. – 272 с.
- 63 Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX века – 1917 год). – М.: Наука, 1986. – 248 с.
- 64 Артыкбаев Ж.О. Этносоциальная структура казахов северного и центрального Казахстана во второй половине XIX века: автореф. ... канд. ист. наук. – Алма-Ата, 1989. – 23 с.
- 65 Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында / құраст.: Ә.Пірманов. – Алматы: Атамұра, 2000. – 463 .
- 66 Дулатов М. Шығармалары – Алматы: Жазушы, 1991. – 381 б.
- 67 Әбжанов Х., Әлпейісов Ә. Қазақ интеллигенциясы мен мәдениеті туралы (құжатты тарихи зерттеу). – Алматы, 1992. – 127 б.
- 68 Субханбердина Ү. «Қазақ», «Алаш», «Сары арқа». – Алматы: Ғылым, 1993. – 200 бет.
- 69 Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаша (1905-1920). – М.: Россия молодая, 1994. – 216 с.

- 70 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
- 71 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы, 1995. – 368 б.
- 72 Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. – Алматы: Санат, 1997. – 320 б.
- 73 Маданов Х.М. Қазақ мәдениетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: Қаржы-Қаражат, 1995. – 200 б.
- 74 Атабаев Қ.М. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918). – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 358 б.
- 75 Кенжетаев Б.А. Казанские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции в сер. XIX – нач. XX вв. – Казань, 1996. – 85 с.
- 76 Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері. Ж.Ақбаевтың саяси-құқықтық көзқарастары. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 224 б.
- 77 Сағыбаева З. Нағима Арықова // Қазақ тарихы. - 1997. - № 6. – Б. 63-64.
- 78 Смағұлова С.О. Ұлттық интеллигенция және XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы аграрлық мәселе: тар. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1999. – 144 б.
- 79 Жүгенбаева Г. Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірі мен қызметі (1879-1938). – Алматы: ҚазККА, 2000. – 228 б.
- 80 Балгозина Р.О. Эмансипация женщин в Казахстане: исторический опыт и политические уроки. 1917-1941 гг.: учебное пособие для вузов / под ред. Е.Б. Сыдыкова. – Семипалатинск, 2001. – 174 с.
- 81 Султанғалиева Г.С. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (XVIII-начало XX вв.). – Уфа: РИО РУНМЦ Госкомнауки РБ, 2002. – 262 с.
- 82 Дүкенбаева З.О. Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941 жж.). – Алматы: Ғылым, 2003. – 330 б.
- 83 Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.
- 84 Сафонов Д.А. Очерки историографии Оренбургской истории. – Оренбург: Оренбургская губерния, 2005. – 364 с.
- 85 Садвокасова З.Т. Духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии (II половина XIX – начало XX веков). – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 277 с.
- 86 Өзбекұлы С., Исмаилов А. Ғ. Қарашевтың қоғамдық-саяси және құқықтық көзқарастары. – Алматы, 2005. – 94 б.
- 87 Кәкішев Т. Қазақ зиялылары. – Алматы: Қазығұрт, 2011. – 416 б.
- 88 Койшигарина Г.М. Роль учебных заведений Южного Урала в формировании национальной интеллигенции Северо-Западного Казахстана (XIX – нач. XX вв.): дис. ... канд. ист. наук. – Уральск, 2006. – 159 с.
- 89 Шорманова А.Қ. Қазақ баспасөзі Қазақстандағы оқу-ағарту және білім беру тарихының дерек көзі (XIX ғ. соңы мен XX ғ. басы): тар. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2007. – 130 б.
- 90 Нуртазина Н.Д. Народы Туркестана: Проблемы ислама, интеграции, модернизации и деколонизации (на рубеже XIX-XX веков). – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 166 с.

91 Есеналина Ж.С. Взаимодействие научных обществ Западного Казахстана и Волго-Уральского региона во второй половине XIX – 30-е годы XX веков. – Актобе, 2008. – 274 с.

92 Тасилова Н.А. «Қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану материалдары...» - қазақ қоғамының рулық-тайпалық құрылымы тарихының дерек көзі (XIX ғ. соңы – XX ғ. басы): тар. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2009. – 146 б.

93 Азмұханова А.М. Ұлт зиялылары еңбектеріндегі рухани-мәдени құндылықтардың зерттелуі (XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басы): тар. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2009. – 155 б.

94 Аманжолова Д.А. Форматирование советскости: национальные меньшинства в этнополитическом ландшафте СССР. 1920-1930-е гг. – М.: Собрание, 2010. – 247 с.

95 Қара Ә. Мұстафа Шоқай. Өмірі. Күресі. Шығармашылығы / түрік тілінен аударған Г. Шадиева. – Алматы: Арыс, 2004. – 320 б.

96 Уяма Т. Взгляды казахской интеллигенции на суд биев, русский суд и шариат (конец XIX – начало XX вв.) // Мына кітапта: Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. Древний мир казахов: материалы, документы и исследования. 10 томдық / Бағдарламаның жетекшісі Зиманов С.З. – Алматы: Жеті жарғы, 2009. – Т.10. – С. 296-301.

97 Уяма Т. Взгляды царских генералов на кочевников и их воинственность (по поводу неосуществленного плана о формировании конной милиции в Туркестане) // Материалы международной конференции «Урбанизация и номадизм в Центральной Азии: история и проблемы». – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – С. 194-208.

98 Michaels Paula A. Curative powers: medicine and empire in Stalin's Central Asia. – Pittsburgh: University of Pittsburgh Press, 2003. – 239 p.

99 Халид Қ. Тауарих хамса: (Бес тарих) / ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б.

100 Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Дулат. Бірінші кітап. – Алматы: Алаш, 2008. – Т.11. – 466 б.

100 Валиханов Ч.Ч. Собрание соч.: в 5 т. – Алма-Ата, 1985. – Т.2. – 416 с.

101 Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Керейт. – Алматы: Алаш, 2008. – Т.4. – 408 б.

102 Досмұхамедұлы Х. Аламан / құрастырушылар, алғы сөзін және түсініктемелерін жазған Ғ. Әнесов, А. Мектепов, Ш. Керімов. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.

103 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 1998. – Т.1. – 720 б.

104 Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Қаракесек бірлестігі (Әлім, Кете, Шөмекей). 4-кітап. – Алматы: Алаш, 2010. – Т.13. – 550 б.

105 Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Табын. Бірінші кітап. – Алматы: Алаш, 2006. – Т.2. – 424 б.

106 Валиханов Ч.Ч. Собрание соч.: в 5 т. – Алма-Ата, 1968. – Т.4. – 782 с.

107 Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Дулат. Екінші кітап. – Алматы: 2009. – Т.11. – 576 б.

- 108 Телжан Шонанұлы мұралары. Шығармалар, зерттеулер және мақалалар. – Алматы: Ел-шежіре, 2011. – 368 б.
- 109 Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Найман. Үшінші кітап. – Алматы: Алаш, 2009. – Т.10. – 458 б.
- 110 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
- 112 Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Рамадан. – Алматы: Алаш, 2006. – Т.7. – 444 б.
- 113 Дулатов М (М.Д.). Чума съезі (Доктор Д.Күсепқалиевтың докладынан) // Қазақ. – 1914, наурыз - 23. - № 55.– Б. 2.
- 114 Қыр баласы (Ә. Бөкейханов). Трахома // Қазақ. – 1914, наурыз - 30. - №56.– Б. 4.
- 115 Қасаболатов Е. Көз ауру (Трахома) // Қазақ. – 1915, сәуір - 4. - №116. – Б. 3-4.
- 116 Досмұхамедов Х. Сары кезік – сүзек // Қазақ. - 1914. - №64. – Б. 4.
- 117 Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2003. – Т.2.– 289 б.
- 118 Галиев В.З. Медицинская деятельность ссыльных революционеров в Казахстане (вторая половина XIX века). – Алма-Ата, 1982. – 160 с.
- 119 Досмұхамедов Х. Жұқпалы аурулар хақында // Қазақ. - 1914. - №62. – Б. 4.
- 120 Айтбакин А. Чума // Киргизская степная газета. – 1900, январь - 9. - №2. – 3 с.
- 121 Айтбакин А. Чума // Киргизская степная газета. – 1900, январь - 23. - №3. – 3 с.
- 122 Айтбакин А. Чума // Киргизская степная газета. – 1900, январь - 30. - №4. – С.3-4.
- 123 Айтбакин А. Чума // Киргизская степная газета. – 1900, февраль - 6. - №5. – С. 2-3.
- 124 Дулатов М. Чума съезі (Доктор Д. Күсепқалиевтың докладынан) // Қазақ. – 1914, сәуір - 4. - № 57.– Б. 2.
- 125 Досмұхамедов Х. Жұқпалы аурулар хақында // Қазақ. - 1914. - № 60. – Б. 4.
- 126 Досмұхамедов Х. Жұқпалы аурулар хақында // Қазақ. - 1914. - № 63. – Б. 4.
- 127 Кісбеліұғлы Д. Жұқпалы аурулар хақында // Қазақ. - 1913. - № 8. – Б. 4.
- 128 Кеменгерұлы Қ. Таңдамалы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 296 б.
- 129 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы.– Алматы: Ғылым, 1999. – Т.5. – 302 б.
- 130 Аргынбаев Х. О народной медицине у казахов // Культура кочевников на рубежах веков (XIX-XX, XX-XXI вв.): Проблемы генезиса и трансформации: тез. докл. междунар. конф. – Алматы, 1995, июнь 5-7. – С. 21-24.
- 131 Алдау // Қазақ. – 1915, ақпан - 15. - № 104.– Б. 1.
- 132 Малдыбаев М. Денсаулық // Ай-қап. - 1914. - № 23. – Б. 321-232.
- 133 Ішкі хабарлар // Қазақ. – 1914, желтоқсан - 10. - № 89.– Б. 3.

- 134 Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы.– Алматы: Алаш, 2003. – Т.2. – 287 б.
- 135 Досмұхамедұлы Х. Тамыр дәрі хақында // Қазақ. - 1913. - № 13, мамыр 8. – Б. 4.
- 136 Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж. – Алматы: Алаш, 2004. – Т.1. – 552 б.
- 137 Дулатов М. Оренбург, 8 июнь // Қазақ. – 1914, маусым - 8. - № 65. - Б. 1.
- 138 Қойгелдиев М. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ. – 1917 ж.). – Астана: Елорда, 2004. – 216 б.
- 139 Мәрсекұлы Р. Қазақ қайда бара жатыр? – Алматы: Арыс, 2001. – 180 б.
- 140 Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1993. – Т.2. – 208 б.
- 141 Күлеев Б. Айтшы, ақ қайың. Таңдамалы шығармалары / құрастырғандар: М. Бегімбетова, К. Шәменов. – Алма-Аты: Жазушы, 1969. – 324 б.
- 142 Қожабекова А.Д. Кеңес өкіметінің әйелдерді қоғамдық-саяси қызметке тарту тәжірибесі: нақтылы тарихи зерттеу (Қазақстан мысалында 1917-1990 жж.): тар. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2007. – 135 б.
- 143 Тілепбергенов Ж. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2006. – Т.2. – 256 б.
- 144 Жансүгіров І. Шығармалар. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958. – 630 б.
- 145 Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). – Алматы: Ғылым, 1973. -327 б.
- 146 Уалиева С.К. Семейно-брачные отношения в Казахстане в конце XIX – первой четверти XX века (по мериалам переписей 1897 1926 гг): дис. ... канд. ист. наук. – Усть-Каменогорск, 2003. – 154 с.
- 147 Дулатов М. Абай // Қазақ. - 1914. - №67. – Б. 1.
- 148 Құлжанова Н. Бір керек іс // Қазақ. – 1915, мамыр - 9. - № 125.– Б. 1.
- 149 Шопауов Д. Атбасарда театр // Қазақ. – 1916, қаңтар - 24. - № 166.– Б. 2.
- 150 Ішкі хабарлар // Қазақ. – 1915, наурыз - 9. - № 110.– Б. 3.
- 151 Болғанбаев Х. Әдебиет кеші // Қазақ. – 1915, сәуір - 15. - № 119. –Б. 4.
- 152 Тілші. Семейде әдебиет кеші // Қазақ. – 1914, ақпан - 21. - № 51. –Б. 4.
- 153 Дулатов М. Қазақ әдебиет кеші // Қазақ. – 1915, наурыз - 28. - № 114. – Б. 3.
- 154 Серкебайұлы Б. Омбыда әдебиет кеші // Қазақ. – 1915, сәуір - 26. - № 122. – Б. 3.
- 155 Төгісов К. Қайғы // Ай-қап. - 1915. - № 14. – 206 б.
- 156 Дулатов М. Абай // Қазақ. - 1914. - № 67. – Б. 1.
- 157 Темірбеков Ж. Торғайда әдебиет кеші // Қазақ. – 1916, қаңтар - 24. - № 166.– Б. 3.
- 158 «Талап» азаматы. Игілік іс // Сарыарқа. – 1917, шілде 19. - № 2.– Б. 4.
- 159 Тілші. Сауық кеші // Қазақ тілі. – 1923, наурыз - 18. - № 21 (291).– Б. 4.

- 160 Қарлығаш. Театр кітаптары (пьеса) турасында // Қазақ тілі. - 1923, мамыр – 12. - № 37 (307). – Б. 2.
- 161 Тұзақшы. Семейде сауық кеші // Қазақ тілі. – 1923, қазан - 18. - № 99 (369). – Б. 4.
- 162 Тілшілерден. Әдебиет кеші // Сарыарқа. - 1917, желтоқсан - 26. - № 26. – Б. 3.
- 163 Теңізбаев Ә. Затонда сауық кеші // Қазақ тілі. – 1923, мамыр - 27. - № 40 (310). – Б. 3.
- 164 Валиханов Ч.Ч. Собрание соч.: в 5 т. – Алма-Ата, 1964. – Т.3. – 597 с.
- 165 Өзбекұлы С. Қазақстанның саяси-құқықтық ой-пікір тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: Білім, 2004. – 128 б.
- 166 Әбенова Б. 1868 жылғы әкімшілік реформа және Орынбор өлкесі. – Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2006. – 295 б.
- 167 Жұмабаев М. Шығармалар. – Алматы: Білім, 1995. – Т. 1. – 342 б.
- 168 Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы / оқу құралы. – Алматы: Алаш, 2005. – Т.1. – 311 б.
- 169 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы.– Алматы: Ғылым, 1998. – Т.4. – 316 б.
- 170 ҚР ОМА. Ф.73. оп.2. д.2. л.105.
- 171 Мамания. Тарихи деректер, естеліктер, өлеңдер, құжаттар, пікірлер / құраст.: Ж. Қалиұлы. – Алматы: Атамұра, 1999. – 272 б.
- 172 Шәкірттерге стипендия // Сарыарқа. - 1917. - № 13. – Б. 3.
- 173 Жанболова А. Көңілді іс // Сарыарқа. - 1917. - № 11. – Б. 3.
- 174 Бәкір Ә.Қ. Алаш қозғалысы саяси топ басшыларының әлеуметтік көзқарастары. – Астана: Сарыарқа, 2008. – 156 б.
- 175 Дала уалаятының газеті. - 1895. - № 47. - Б. 2.
- 176 Альджанов О. Еще шаг к просвещению // Степная Киргизская газета. - 1896. - № 3. - С.2.
- 177 Сүйіндік баласы. Керекудегі мұғалімдік курсы туралы // Сарыарқа. - 1917. - № 15. – Б. 4.
- 178 Сүлейменова Ә.Т. XX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының қызметі: А. Кенжиннің жарияланымдары негізінде // XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ зиялылары және ұлттық мемлекеттілік: мұрағаттар, келелі мәселелері, келешегі. Республикалық ғылыми-тәжірибиелік конференция материалдары. – Алматы, 2008, мамыр - 30. – Б. 109-115.
- 179 Рашева Г.У. Түркістан Кеңестік Автономиялық Республикасындағы қазақ зиялыларының ағартушылық қызметі (1918-1925жж.): тар. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2010. – 25 б.
- 180 Жүргенов Т. Таңдамалы. – Алматы: Арыс, 2001. – 275 б.